

**Тұрышев Айтмұхамет
Қасымбайұлы**

**М -Ж. КӨПЕЕВ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЛЕКСИКАСЫ**

**Монографияға
қосымша**

II ТОМ.

ПАВЛОДАР – 2004

**Тұрышев Айтмұхамет
Қасымбайұлы**

**М-Ж. КӨПЕЕВ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЛЕКСИКАСЫ**

**Монографияға
қосымша**

II ТОМ.

ПАВЛОДАР – 2004

УДК 809.434.3-2

ББК-84 (5 кыз) 5

Г 31

Тұрышев А.Қ.

«М-Ж. Көпеев шығармаларының лексикасы»

МОНОГРАФИЯҒА ҚОСЫМША ІІ ТОМ. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Мәшһүртіану РПО - Павлодар: 2004. – 214 б.

4703020100

T
00 – (05) – 04

ISBN 9965-6512-75-3

М-Ж. Көпеев шығармаларының 30 томдығын зерттеу үшін толық бір ғылыми зерттеу орталығы қажет екендігі монография жазу барысында айқын болды. М-Ж. Көпеев шығармаларының тілі тың жатқан қалына. Мұның алдында М-Ж. Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы зерттеу нысаны болды. Бұл – зерттелім сол монографияның қосымшасы. Этнолингвистика мен лексикология ғылымы қаншалықты бір – бірімен байланысты болса, соншалықты бір – бірінен айрылып тұрады. Ол заңды құбылыс. О баста екеуі бір тіл білімінің нысаны сияқты болғанымен отандық лингвистиканың жан – жақты дамуының арқасында бірқыдару жаңалықтарға ие болдық. Тіл білімі де өз ішінде жеке отаулар тікті. М-Ж. Көпеев шығармасы осы айтылған жайттарға толық жауап бере алатын болған соң, лексикасына да зерттеу жасап, тың мәліметтерге ие болдық. М-Ж. Көпеевтің тілі арылмайған қалына іспетті. Сөздердің кез келген мағынасына байланысты тілдік деректер мол кездеседі. Оның кейбірі этномәдениетпен де тығыз байланысты. Демек, бұл – зерттеу алдыңғы монографияның айтылмаған, өтпей - ай деген тұстарын толықтырады анық. Докторлық диссертацияның I, II томы да М-Ж. Көпеев шығармаларының тілін зерттеуге құрылғаны оқыманға ө десеңде түсінікті болған шығар. Аталмыш зерттеу еңбек, болашақ мәшһүр – жүсіптанушыларға бағыт – бағдар болатымы да айдан анық. Магистранттар мен бакалаврларға, салағы мамандық таңдаған студенттерге нақты қолдануға болатын оқу құралы да бола алады деп нық сеніммен айта аламыз. Жалпы еңбектің өміршеңдігі осынысымен де бағалы. Олай болса, болашақ мұтталп иелеріне табыс тілейміз. «Мәдени мұра» бағдарламасына орай қосқан үлесіміз болсын. М-Ж. Көпеевтің аруағы қолдап жүрсей. Әмін!

Ғылыми кеңесші: А. Байтұрсыннов атындағы Тіл білімі институтының Бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов

Шеңер жазғандар:

1. Сүтжанов Сейфеден Назымбекұлы – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.
2. Жүсіп Ертай Қуандықұлы – Мәшһүртіану ғылыми практикалық орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

УДК 809.434.3-2

ББК-84 (5 кыз) 5

ISBN 9965-6512-75-3

Г 31

©Тұрышев А.Қ.

Қысқартылған атаулар

- | | | |
|-----|-----------------------|--|
| 1. | «Қаз.тар» 95, №6 | «Қазақстан тарихы» 1995 №6, «Мәшһүр Жүсіптің адам мен жұлдыздар арақатынасы» |
| 2. | «Сар» 95 №5 | «Сарыарқа» Ақмола к. 1995 №5 Доңыз жылы М-Ж.К. «Бір әйелдің қарғысы туралы» |
| 3. | «С-С» 92 №118 | «Сарыарқа самалы» 1992 №118 М-Ж.К. «Отжабай батыр» |
| 4. | «С-С» 92 №119 | «Сарыарқа самалы» 1992 №118 М-Ж.К. «Отжабай батыр» |
| 5. | «Жұлдыз» 92 №8 | «Жұлдыз» 1992 №8 К.М-Ж «Едіге» М-Ж.К. «Қазақ билері» |
| 6. | «С-С» 2000 № 93 | «Сарыарқа самалы» 2000 №93 М-Ж.К. «Кудайым жексенбі күні жаратты» |
| 7. | «Қаз тар» 95 №2 | «Қазақстан тарихы» 1995 №2 М-Ж.К «Адам, жер және аспан жаратылысы туралы» |
| 8. | «Жалын» 99 №5-6 | «Жалын» 1999 №5-6 М-Ж.К «Абақтыдағы ишанға» өлеңі туралы |
| 9. | «Жалын» 99 №5-6 | «Жалын» 1999 №5-6 Н.Ж.Қуандықұлы «Боран батыр» |
| 10. | «Қаз.мең» 94 №4-5 | «Қазақстан мектебі» 1994 №4-5 М-Ж.К. «Нұх пайғамбар мен бір кемпір туралы» |
| 11. | «Дауа» 90 №2 | «Дауа» 1990 №2 М-Ж.К. «Бес намаз» |
| 12. | «Қаз тар» 97 №1 | «Қазақстан тарихы» 1997 №1 М-Ж.К. «Бұхар, Қоқан хандары туралы» |
| 13. | «Қызыл ту» 89 №65 | «Қызыл ту» 1989 №65 «Мәшһүр Жүсіп пен Молдағалидың айтысы» |
| 14. | «Егемен Қаз» 94 12.07 | «Егемен Қазақстан» 12.07.94 М-Ж.К. «Үлден қалған ұлағат» |
| 15. | «Ақ орда» 1993 | М-Ж.К. «Атасының аты білімбей өз аты шыққан ерлер» |
| 16. | «Ертіс диңгезі» №6 | М-Ж.К. «Бір үйге» өлең туралы |
| 17. | «Қаз тар» 93 №2 | «Қазақстан тарихы» 1993 №2 М-Ж.К. «Бұл қазақ хай уақытта үш жүз атанған» |
| 18. | «С-с» 2001 №33,40 | «Сарыарқа самалы» 2001 №33,40 М-Ж.К. |
| 19. | «С-с» 2001 №67,68 | «Сарыарқа самалы» 2001 № 67,68 «Таным», «Мұса Шорманов», «Ізбас Қажы» |
| 20. | «Соң Қаз» 90 №102 | «Социалистік Қазақстан» 1990, №102 Жүсіпбек «Ризамын өзіне де, сөзіде де» |
| 21. | «Зерде» 1995 №1 | М-Ж.К.М-Ж.К. «Дуаның пайдасы туралы» |
| 22. | «Ақиқат» 1992 №7 | М-Ж.К. «Асан қайғы туралы» |
| 23. | «С-с» 2002 №52 | «Сарыарқа самалы» 2002, № 52 М-Ж.К. «Қажымұқан» |
| 24. | «С-с» 90 №3 | «Сарыарқа самалы» 1990, №3 «Мәшһүр-Жүсіп айтқан сөзі» |
| 25. | «Абай» жур. | 1999 №1 М-Ж.К. «Шәбдар атпен айтыс» |
| 26. | «Қаз.олд» 85 №23 | «Қазақстан әдебиеті» 1985 №23 М-Ж.К. «Сөзің, саныңау, жалаңаш хикаясы» |
| 27. | «Парасат» жур. | 1991 №2 М-Ж.К. «Шерият» өңірісі |

- | | | |
|-----|--------------------------------|--|
| 28. | «С-с» 2000 №24 | «Сарыарқа самалы» 2000 №24 М-Ж.К., «Дүниеге жарасалы Күн мен Ай» |
| 29. | «Жұлдыз» 1994 №11,12 | М-Ж.К. Тарихи өңгіме «Есім хан» «Майлықожа», «Кенесары-Наурызбай өлімі» туралы |
| 30. | «С-с» 2000 №81 | «Сарыарқа самалы» 2000 №81 М-Ж.К. «Басының артық елі парасаты» жоқтауы |
| 31. | «Дауа» 1991 №14 | М-Ж.К. «Қиямет күні» №1 |
| 32. | «Дауа» 1991 № 16 | М-Ж.К. «Қиямет күні» №2 |
| 33. | «Қаз.т. мен өд.» 94 №4 | «Қазақ тілі мен әдебиеті» 1994 №4 М-Ж.К. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» |
| 34. | «Қаз.өд.» 90 №27 | «Қазақстан әдебиеті»1990 ,27 М-Ж.К. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» |
| 35. | «С-с» 2000 №139 | «Сарыарқа самалы» 2000 №139 М-Ж.К. «Исабек жоқтау», «Илши» |
| 36. | «Ал.ақш» 90.10.10 | «Алматы ақшамы» 90.10.10 М-Ж.К. «Мәшһүрдің сөзі кіндіріп, жұрт көзіне түсіндіргені», «Дүниеге көңілі қалғалдықтан сөйлеген сөз». |
| 37. | «Дауа» 1993 №6 | М-Ж.К. «Өзгеше бір заман болар» |
| 38. | «С-с» №62 | «Сарыарқа самалы» №62 (12854) М-Ж.К. «Жалқаулар туралы» |
| 39. | «Жұлдыз» 1996 №2 | М-Ж.К. «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы» |
| 40. | «Зерде» 1992 №6 | М-Ж.К. «Тамма Сарыбас мерген ертегісі» |
| 41. | «Аз.Транз» 2000 №7 | «Азия Транзит» 2000 №7 М-Ж.К. «Бұрынғы заманның адамдары қандай екенін таңытуға сөйлеген сөз». |
| 42. | М-Ж.К. 1907 «Хал ахуал» | |
| 43. | «Зерде» 1993 №7 М-Ж.К. | «Сахарада – лала, бақтарда – райхан» |
| 44. | «Ақиқат» 1994 №4 М-Ж.К. | «Ай мен күндей: һәммага бірдей» - демегінің мағынасы. |
| 45. | «Сарыарқа» газ. 1997 №3 М-Ж.К. | «Мәшһүр-Жүсіптің Абылай туралы жазғандары» |
| 46. | «Жұлдыз» 1995 №11-12 М-Ж.К. | «Шоңтыбай қажы» |
| 47. | «Сарыарқа» Жур. 1995 №5 М-Ж.К. | «Екі жігіт пен бір шадның өңгімесі» |
| 48. | «Сарыарқа» 1999 №6 М-Ж.К. | «Жантемір қажы» |
| 49. | «Абай» Жур. 1995 №3 М-Ж.К. | «Әдһам диуана және Ибраһим» |
| 50. | М-Ж.К. 1907 | М-Ж.К.-тің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» Қазақтың осы күнгі өңгімесі, 1907 жыл |

Қосымша қысқартулар

- М-Ж.К. - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев
М-Ж.К. Г:пен.Ш. - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев «Гүлшат пен Шеризат»
Омбы м. Қисса Ш. - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев «Қисса Шеризат»
Ө.Н. Ш. Нүс - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев «Шеризат нұсқасы»
К.Ә. Ш.пенГ. - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев «Шеризат пен Гүлшат»
Ныс-ү Қ-т - Нысанбайұлы «Қарқабат»
Ыш.с. - Ышқышбан сапары
Е.-А.өңг. - Ғали – Арыстан өңгімесі
Ж.мен К. – Жер мен Көк
Х-б - Мәшһүр – Жүсіп Көпеев Хаятбақшы
Қаз.шеж. – Қазақ шежіресі

I. М-Жүсіп шығармаларының лексикалық мағыналары

1.1. Көп мағыналық және сөздердің лексикалық мағыналарының түрлері (типтері)

Полисемантизм негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әр түрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді. Әр түрлі мағынасы бар сөз полисемантизмді (көп мағыналы) сөз деп аталады. Ал, жалпы көп мағыналық құбылысы полисемия¹ құбылысы деп аталады. ¹Полисемия-грек тілінің *polis* – «көп» және *sema* «белгі» деген сөздерінен жасалған термин; көп мағыналық дегенді білдіреді (Аханов-96). Келтірілген мысалдардың әр түрлі мағыналары бір-бірінен семантикалық әр тектестік жағынан ғана емес, қолданылуы, басқа сөздермен тіркесіп жұмсалуды жағынан да ажыратылады. Бұл сөздер негіз тұлғада алуан түрлі сөздермен тіркесіп жұмсала береді. Сөйтіп сөздің негізгі мағынасының үстіне қосымша мағына үстеледі. Сөздің белгілі бір сөздермен тіркесуінен туған қосымша мағынасы оның негізгі мағынасынан басқаша сипатқа ие болады. Негізгі мағына туынды мағынаға ие болып, әр түрлі мағынада қолданылуға икем болады. *Мағыналарының арасында байланыс сақталып, аңғарылып тұрса, онда ол мағыналар бір ғана полисемантизмді сөздің әр түрлі мағыналары ретінде танылады* (Аханов-114).

Құрамында дене мүшелерінің атаулары бар тұрақты сөз тіркестерін соматикалық фразеологизмдер деп атайды (Сұмағұлова-60). Соматикалық фразеологизмдердің көп мағыналығы сөз таптарының қатысына байланысты да ашылады. Ауыз, тіл, көз, іш сөздері өзі байланысқа түскен сөзбен тұрақты тіркес құрайды. Ал, тұрақты тіркестер белгілі бір морфологиялық қатынасқа түседі де, жалпы айтылар ойдың фразеологиялық полисемантизмін құрайды. Ішпей жасалған тұрақты тіркестің әсерінен фразеологиялық полисемантизмнің сыртқы формасы жасалады. Мұндай мағыналас полисемантизмдер бірі - бірінен әртүрлі мағыналарымен ажыратылады, әйтпесе сөздердің көп мағыналығы деп аталмас та еді. Бір сөздің көп мағыналығы арқылы жасалған тұрақты тіркес сыртқы жамылғыштың сыры мен сипатын айқындамаса онда көп мағыналы сөз бола алмайды. Сонымен, полисемантикалық фразеологизм құраған көп мағыналы сөздің морфологиялық қарым - қатынасы мынандай: Ауыз сөзі өзі тіркескен сөзбен қиыса байланысады: *Ұлыққа кімнің аузы жете берер; Ақша үшін аузы ашылған жүзқараның; Зат есімді, тәуелдеулі ауыз сөзі етістікпен тіркесіп, III*

жақ І жақтың алдында әдептілік, сыпайгершілік дәстүрін көрсетеді: (Ол менің) *Көзімше аузы ашылып шашылмайды*; Полисемантизмді ауыз сөзі табыс септігінде ашық жасырын келіп, етістікпен тіркесіп менгеріле байланысады: *Талай қарға - құзғындар ауыз салған*; *Дарнияда жатып садеф аузын ашар*; *Сайрайсың түні бойы ауыз жаппай*; *Аузыңды ақылың болса жабар едің*; *Ақылды аузын жауып ділін ашқан*; *Түйғынға күшігендер ауыз салып*; *Өлгенше жеуден ауызын тыймас болды*; Барыс септікті: *Ауызға алынған жай көрінбейді*; *Аузыма сөздің шынын аллам салған*; Шығыс септікті: *Аузымнан шыға қалды-ау асығыста*; Тура мағынадағы ауыз сөзінің қолданысы: *Бет-аузы кетеді де болып жара*; *Аузына не тисе де балдай татыр*; Сын есімнен болған полисемантизм: *Ауыз жарыр еті жоқ бір қу сүйек*; *Жерге ет жоқ ауыз жарыр, ал кемірді*; Сан есіммен күрделі тіркес жасап байланысады, кейбір сан есімдер халықтық тұрғыдағы мәселені қозғайды, мұндай тұрақты тіркестер жиі қолданылады олар татулықты, бірлік, ынтымақтастықты уағыздайды. Мысалы: *бір ауызды, алты ауыз ауыз бірлік* т.б: *Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға*; *Іліп ал бес-алты ауыз айтқан сөзін*; *Бәрі де бір ауызды болып жатыр*; *Болғанда алты ауызды ынтымақсыз*; *Бас қосты бір ауызды боп тұруға*; *Қылуға ауыз бірлік бас-басына*; *Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін*; *Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім*; *Болғанда алты ауызды ынтымақсыз*.

Тіл: *Япырм-ай, кесем бе екен мен тілімді ?!* Сөйлеуден тиылмаған қызыл тілім! *Мен жүрмін құтыла алмай тілден жазып*; *Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға*; *Көзсізге – көз, тілсізге – тіл болады*; *Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр гой*; *Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң*; *Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол*; *Көп сөйлеп қызыл тілім болып тұр іні*; *Болып тұр мұны айтудан тілім кесік*; *Жүрген соң өз тілімді өзім алмай*; *Айта алмай переводттап қызыл тілім*; *Шеберлеп келтіре алмай жатыр тілім*; *Аузы баста болғанмен, тіл жоқ болды*.

«Көз» сөзін қолданып соны тіркес жасау үлгісі Мәшһүр-Жүсіпте де бар (Жүсіпов-75). *Көз: Көзсізге - көз, тілсізге – тіл болады*; *Көкірегім –қан, жаспенен толған көзім*; *Жүзіме көрінгендер көз салсын деп*; *Көзімше аузы ашылып, шашылмайды*; *Көз тігіп қарағанмен көңіл бермес*; *Көз салмас жақсы ниет жубайына*; *Залымдар көзімізді алар ойып*; *Хакімдер атып тастар көзін жойып*; *Сүзілтіп жүргенімен екі көзін*; *Молданың жаудыратып қойып көзін*; *Көз жасы жылаулының болар қабыл*; *Жас ағып жүре бердік көзімізден* дегенде *көзімізден* тура мағынада қолданылып тұрса, *Көрместен кетсек арман көзімізден* дегенде *көзімізден* ауыспалы

мағынасы, көз алдымыздан кетсе арман жоқ деген тұрақты тіркестің авторлық өңдеуден өткен түрі. *Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә; Көз жасы көп жылаумен сел болады; Бұл жүргеннен құлақ пен көз табылмас; Көз салмас жақсы ниет жұбайына; Сиқырына неше түрлі көз жетпейді; Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас; Дүрбіден біреуінің өткір көзі; Бұлардың не қылғанын көзбен көрдім; Елсізде көріп көзім тоймасын ба; Көрініп екеуі де тұр көзіме; Тұрсын ба көзі барың көрмей соны; «Өлім жолы иенің көзіндей»,-деп; Бірі дүние қоңыз еді, көзі соқыр; Жалған дүние кеткен соң көзді жауып; Тегістер кем - кетігін салған көзін; Қызғанып күннің көзін мұңлы бізден; Көруге жақсы ұлықтың көзі жетпей; Жас ағып, бейшара боп екі көзден; Көз жасы жылаулының қабыл болды; Көруге көзің арман мекемеге; Халқына мархамат көз салған болса; Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер; Көп болды көз жасына қалған жандар: Күр жылап екі көзге әлің жетті; Күн көзі бұлт жоқ боп ашылса деп; Қорлықтан ақлап па еді көзден жасың; Көз жасын жылаған соң тәңірімизен; Ешкімге жүрмейін деп көзім сүзіп; Қарайсың жақсы сөзге көзді сүзіп; Дүниенің көз салмаңдар бар – жоғына.*

Іш: *Ішіне ақымақтықтың сизге алмай; Ішім от, сыртым жалын қайнағаным; Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып; Жатқан зарлап іштегі шықты сыртқа.*

Ми: Адамның негізгі ойлау жүйесі ми болып табылады. Ми сөзі М-Жүсіп шығармаларында сұраулы мағыналы сөзбен тіркесіп, жауабы дайын тұрады:

*Денмеңдер: «Миы неге ашымайды?»
Миы өсіп жастағыдай тасымайды?!
Емес пе миы ашыған, алжығандық;
Деп айтпас миы бар жан бұрыс екен;
Жоламай кетуші еді миы кісі;*

Сөз: *Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім; Дүниеде жақсы, жаман сөз болыпты; Сөзі бар заманның теріс қақпай; Данышпан өтпей сөзі шаһбазлардың; «Жау қайда жар астында» деген сөз бар; Сөз жөнін құрбыларға айта қалсаң; Ходқа алып тексермейді қазақ сөзін; Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға; Халқына мархаматты сөзін айтып; Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді; Өлген құнсыз, айтқан сөз пұлсыз болып; Сөзі бар екеу - екеу сыбырлаған; Құпиялап бір-бірінен сөз ұрлаған; Ұзақ күн біткен сөз жоқ керіс-тартыс; Әркімнің талас шерті сөз болғанша; Сөз аяғы ортүрлі шарға соғар; Дұрыс айтып бітіп қалған сөз табылмас; Алды-арты айтқан сөздің білмейтіндер; Сөйлеген хат сызғандар сөздің шынын; Бү сөзім алты алашқа таныс болсын; Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі; Сыбырлап*

жасырап айтқан құпия сөзді; Бұлар түр даурығып осы сөзде; Барда-жоқтан сөз сөйлеп шартемін күй; «Аш атасын танымас» деген сөз бар; Сүйсініп құлақ салсын кім сөзіме; Соқыр деп салдым соны сөз басына; Бұл сөзімнің бала бар бар уы аралас; Түзетер шебер жамап қалған сөзін; Өз сөзіме түсе алмай өзім оқып; Бір тарау сөз жібердім Поштаевқа; Октябрь он жетінші деген сөзден; Іліп ап бес-алты айтқан сөзден; Сөзі жоқ айтар түзу турасынан; Халқынан мархабатты сөзін естіп; Сөз шықты біздің қазақ баласына; Айтқан сөз гақылға сал, жалған болса; Сөйлеген бір сөз жоқ боп ел ішінде; Сөйленіп өзімізден шыққан сөзге; Әр түрлі өнерпаздар шығарса сөз; Деуші мынау сөзің жарамайды; Кеңес қып мұндай сөзді біздің өрен; Есі бүтін кісінде сөз болмайды; Сөйлеген қара сөзді жүндей түтіп; Кетеді қара сөзге желдей есіп; Көрінер , түсіп көзге, сөйлер сөзден; Кем де емес кейбір сөзім жанған шоқтан; Сөз осал бола қалды не қылғанда; Болмайды сөз болғанмен, бәрі тегіс; Келтірер иесіне кей сөз сөгіс; Шешендер - мәуелі ағаш, сөз - бір жеміс; Әр нәрсе тауып орнын сөйлер сөзден; Бұл сөзде ойламаңыз бар деп жалған; Көңілді, тірілтер сөз, өліп қалған; Қуанғандай құлақ құршы сөз сөйлесең; Кейбір сөз елжіретіп кетеді езіп; Болғанмен арнасы жоқ кей сөз жалған; Сөз болып, шынға өтірік араласып; Біреудің тоқтата алмас біреу сөзін; Жан сүйсінер бір сөз жоқ, бәрі бір пәс; Сөз аяғын ұзартпай, тауыспалық.

Атап айтқанда мұнда «ұзын» сөзі кеңістік, не зат сипатын ашарлық (ұзын жол, ұзын ағаш) өлшемге сыймай, одан көп кең уақыт ұзақтығын қоса камтып түр (Жүсіпов Қ - 72).

Ұзын түн: Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп азып; Ұзын түн, зығырланам қайнауменен; Зарлаймын ұзын түні көрермін деп; Зарланған ұзын түндер мүнәжатым; М-Ж.Көпеев ұзын сөзінің синонимі ретінде ұзақ сөзін де қолданады: Ұзақ күн біткен сөз жоқ керіс-тартыс; Ұзақ деген күс атауы да бар: Жем болып қарға – ұзаққа қоңыр қазы; Сықылды ұзақ - қарға шу-шу етіп; Болмайды ұзақ күнге омырауға; Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде; Ұзын шыбық, ұзын ағаш ұғымындағы заттың сынын көрсететін ұзынын сөзін қолданады: Ұзынын қоймайды гої алмай кесіп; Таусылмайтын үші жоқ ұзын ойын; Ұзын деумен етегім өтті өмірің; Құса боп түсіп кеттім ұзын ойға; Түсе берме жалғанда ұзын ойға; Қойсыз кісі кенелмек терең ойға (ХБ); Ұзын ойға түскенмен, ешнәрсе өнбес; Ой түбіне жан жетіп бойламайды; Бабасы да жөнелді ұзын жолға; Түсе берме қиял боп ұзын ойға;

Көңіл: Жалғаннан суып көңілім тоқырадым; Қыран құс-көңіл ашар, жүйрік тазы; Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді; Көз тігіп

қарағанмен көңіл бермес; Жүздеген мұңлылардың көңілін ашқан;
Білімге жабысайық көңіл қойып; Көңілден кетіруге әрбір кірді;
Аңдыған арам көңіл екі досты; Ақ болсын хаққа көңілің бұл сықылды;
Газетпен көңіліндегі мұңын айтып; Көңілдің бұл сыймайды аласына;
Жетеді көңіліне алған арман болса; Жан-жаққа салған ашып көңіл
көзін; Көңілдің дариясында сөз-бір гауһар; Көңілді, тірілтер сөз, өліп
қалған.

Кір: Жатқаным алтын жерде кір болмайды; Барады бір
ашылмай ішкі кірім; Көңілден кетіруге әрбір кірді; Кір болып өне
бойы сегіз батпан.

Дүр: Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды; Садәфқа төгілмесе
дүр болмайды; Күнінде шықпас па едім дүрге толып; Онда саңырау
дүрілдеп келді жетіп; Басқадан құны артылған дүрдің
тасы; Қалдырған су түбіне дүрдің тасын;

Көр:

*Зарлаймын ұзын түнді көрермін деп,
Көре алмай ашылғанын қасіретім көп,
Ғұмырымда бір ашылған уақытын көрмей,
Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп.*

көр сөзінің есімше, көсемше етістіктің болымсыз түрін, жіктік жалғауында қолданылып, түрлі реңктегі мағынада жұмсалғанын көреміз. *Көрсетіп* көбі азына қуат - күшін; *Көремін* деп қызыл гүлдің ашылғанын; *Ұзын тун ұйқы көрмей, жүдеп, азып; Жақсының өзі болған көре алмаған; Шаһбазлар ақ - қараны көріп тұрған; «Бар құдай іс ақырын оңдай көр», - деп; Халайық көрмен не едің неше түрді; Тексеріп жұмыс қылды көрді - жерді; Жапаны тартып едің гой көр мен жерден; Кірсек те өліп көрге дәмесі бар; Жан сақтап жалтаңдаймыз қазған көрде;* Бұл өлең жолындағы (көрге) көрді-жерді күрделі тіркестегі көр етістігі емес, қазылған адамды жерлейтін жерді айтады. Көрді - жерді тіркесі барлық жерді, түк қоймай қарады деген ұғымдағы сөз болса, екіншісінде, көр мен жерден тіркесі әркімнен, кім көрінгеннен деген мағынада жұмсалады. Бірақ, көрдей қараңғы тіркесімен судай қараңғы мағынасы жағынан жуық сөздер. Көрдей қараңғы түк көрінбейтін жер, судай қараңғы сол мағыналас тіркес ал, су қараңғы (ештеңе көрмейді) тіркесі соқыр (көзі көрмейді) ұғымын береді. Осы жағынан келгенде жанама мағынасы жуықтайды. Демек, бұл екі сөз бірі - бірінен негізгі мағынасы жағынан ажырап тұрған таза омоним болады. Омонимдерден: омоформалар мен омофондар, омографтар жасалып оларды каламбур дейді. Мысалы, көр (қара) мен көр (кабір) каламбур бола алмайды. Каламбур тек қана әзілге құрылады.

Көрінбей жарық, сәуле бір таң атқан; Теңдікті бір көре алмай ұлықтардан; Көрген соң дінімізді қорлаганын; Көрместен кетсек арман көзімізден; Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы; Қысымдық талай жаннан көріп едік; Көрініс екі жақтан топ көбейтін; Көрініс етістіктен субстантивтену тәсілі арқылы заттық ұғымды білдіреді. М-Ж. Көпеев: екі жақтан да топ көбейіп ұрыс - жанжал болды деген ойды айтайын деген еді. Жақсыны өзі болған көре алмаған; Кем - кетік, нашарлар күн көре алмаған деген жыр жолындағы көре алмаған тіркесінің көр сөзімен семантикалық мағына жағынан жақындасып, көзі көре алмай қалды деген сияқты мағынаға жуықтау қызғаныш нышанындағы ұғымын жамап алған. Бірінші, көре алмау мен екінші тіркестегі көре алмаудың арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Біріншіде, қызғаныш ұғымы бой берсе, екіншісінде, өмір сүре алмаған деген ұғымды береді. Мұндай тұтас сөйлемдердің ауыспалы мағынасы омонимдік мағына құрайды. Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын; Абақтыны көреді өз үйінде; Дегенмен жұрт көрмеген бір іс көрдім; Көрмейді дәнемені сөйтседе өзі; Мүлтік жоқ құмырсқаны көруінде; Онан басқа нәрседен түк көрмейді; Бұл үшеуін көрген соң қалдым таңға; Елсізде көріп көзім тоймасын ба; Соқыр тұр, көрдім мен деп, міне келді; Бір талай таныс болды көріп жерді; Бірінен айдалада бірі көрді; «Бірің көрдім, біреуің естідім» - деп; Жалаңаш екеніңді жұрт көріп тұр; Көрініп екеуі де тұр көзіме; Тұрсың ба көзі барың көрмей соны; Халықтың гайыбын көруге бек қырағы; Керек істі көрмейді өз басына; Дәнеме өз көзі көрмеген соң; Күн ашылып, көрінер енді бойың; Талай көрдің дәнеңе жоқ құры қалғанды; Көріппіз туып сонда жалған жүзін; Кететін көрінген ит бір кеміріп; Көрінгеннен қызғанып алып қашып; тіркесіндегі көрінген сөзі де көр түбірінен өрбіген, көрінген сөзі кім көрінген тіркесінің сыңары. Семантикалық мағынасы көзге көрінген, көз түсу, көзбен көру ұғымымен тығыз байланысты тіркесінен барып жұғынған ауыспалы мағынасы. Демек, кім көрінген сөзінің мағынасы көзге көрінгеннен тіркесіне әсер еткен. Бас салды көрген соң-ақ бұл үш сорлы; Көрісіп бір жемтікке жұрт пен елдей; Белгіні көріп едің әрбір түрден; Көресің жақсылықты көрмесең де; Көруге көзің арман мекемеге; Осындай әркім барын көрсетуге; Ауызға алынған жай көрінбейді; Көр соқырлар танымай тез екенін;

Алла: Алланың ақ жолымен жүретұғын; Ерік алла екенін білетұғын; Аузыма сөздің шынын аллам салған;

Құдай: Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне; Елсізде кез ғып құдай душар еткен; Бата қылып айтысып әруақ, құдай; «Бар құдай іс ақырын оңдай көр көр», - деп; Алғайды бізіді құдай панасына; Сол

құдай бәрімізге бірдей құдай; Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне; Нашарлар бір құдайға асылмаса; Бүлінді өз-өзінен құдай ұрып; Қолыңа сондай ерді құдай берген; Құдайдың жақсылығын көтере алмай; Құдайдың жақсылығы басыңда тұр; Бір құдай дан басқадан күдер үзіп; Қасық қып құдай дескен жолдасына; Құдайдың бергенімен күніңді көр;

Мұсылман: Бас қосқан мұсылманның білімдісі; Бас қосқан Макаржеде мұсылмандар; Бірлігі-мұсылманның ынтымағы; Кітабы мұсылманның жиган-терген; Бәріне мұсылманның бауыр болып; Бұл тілге мұсылмандар нанған болса; Дем айтышы кәне өтірік мұсылмандар; Мұсылман баласына тиді тізгін; Мұсылман мұнан былай сақтаныңдар; Болып тұр мұсылманға Қазан басшы;

Дін мұсылман: Сағынды дін мұсылман шаригатты; Баласы дін мұсылмандар ояныңдар; Баласы дін-мұсылман ұрандасып; Тілек қыл дін-мұсылман бірлігіне; Империяға қараған дін мұсылман;

Дін ислам: Ғалым дін исламды жете білген; Ұнайды дін исламға мұфти қазы; Деген бар жан бұрмасын ислам дінін; Ғалым бар дін исламды жете білген; Бір дүкен дін ислам боп құрса екен; Ұнайды дін исламға мұфти қазы; Дін исламның бір болып ынтымағы; Деген бар жан бұрмасын ислам дінін; Бір дүкен дін ислам боп құрса екен деп; Ғалым бар дін исламды жете білген;

Дін сөзі де жеке қолданылады: Екінші ие болсын дін мен жерге; Дін көркейіп көзге бір көрінсе деп; Дін мен жалғыз жер емес сұраулары; Ойлай ма дін жолына болыстым деп; Қуаттап әркім дінін алғандығы; Кірігізіп дін жолына партиясын; Дін үшін жан кешетін ерлер болсын; Бір ниет дін қамы үшін бастаңыздар; Дініңді кім қорласа—сол өш қасың; Қуаттап алпы жүрсе әркім дінін; Қуаттап әркім дінін алғандығы; Көрген соң дінімізді қорлағаның; Бас азат , дін мен жерге ерік беріп; Көрген соң дінімізді қорлағаның; Дінімізді кемітіп қорламасың; Азаттық бәріне бар, дінде болса; Дін көркейіп көзге бір көрінсе деп; Дін мен жалғыз жер емес сұраулары; Бір ниет дін қамы үшін бастаңыздар; Дініңді кім қорласа—сол өш қасың;

Бір сөзі құдай сөзімен ғана тіркеседі: Жаратқан бір құдайға жетер датым; Болмас бір құдайдан үміт-қуат; Бір құдай болысқанға дұшман оңай; «Құдай» деп бір жанның қамын ойлап; Нашарлар бір құдайға асылмаса; Шара не бір құдайдан пәрман болса; Жаратқан бір құдайға жетер датым; Болмаса бір құдайдан үміт-қуат; Болысар анық аққа бір құдайы; Құранды қор, моланы бордай қылып;

Бір сөзінің қолданыс өрісі: бір тамшы, бір қызыл гүл, бір көре алмай, бір ашылған уақытын көрмей, бір ашылған ішкі кір, бір ақымақ, бір гүлге пайдасы жоқ, бір мұрат, бір гүл үшін, бір күнде, бір құдай, бір қазақ, бір - біріне, бір - екі елі, бір-екі ауыз, бір өзінен басқалары, әрбір кірді, бір қараңғы ұзын түн, бір таң атқан, бір көре алмай, біреуі жоқ, төрттің бірі, берілер ақыр бір күн басыңа, бір отагасы, бір бұзық, бір партия жаназы, бір үйде, бір жерде, бір-біріне жүдә шықты, бір-бірін сүйеймін деп, бірін-бірі жсеуде болып, бір начальник, бір құдайға асылмаса, бір іс көрдім, бір сайын, бір қуылса, бір үш ақымақ, бір мүжілген жемтік, бір жемтік, бір-біріне қойындары, бір күн базар, бір күн мазар, бір қайрылып тілге келмей, бір күн ұйқыңды қи, бір сапар жол, бір іске жарамас, бір жерге үйіп, бір ұшырамай айт пен тойға, біреуі — ақ кем, бір жарылақар, бір басқанда, бір сөз жоқ, бір ауызды болып, бір боп шығар; бір жерден шықса; қылайын қайсы бірін жарапазан, бір ісіміз, бір тілім қуны, бір жете алмай, бір жарыққа айналды, бір кем отыз, бір гауһар, бір жеміс, бір домалақ тас; бір атты өңгермеймін, бірін - бір жеймін деп, бір тышқан, бір-ақ соғар, бір алған соң, бірін-бірі көре алмай, бірі айтылды, бірі қалды, бірін - бірі сөзбен ұрып, кейбіреулер құбылады, кейбіреулер арсалақтап, кейбіреудің сырты шұбар, кейбіреулер қолға тұрмас, бір сөз жоқ, бәрі бір пәс, бір басыңды көтер.

Зындан: Зынданда не шаһбаздар наһақ жатыр; Зынданда қарая ма салғанменен; Зындан жаман жер емес ақ кісіге; Зынданда он екі жыл жатпады ма;

Абақты: Абақтыны көреді өз үйінде; Абақты бұйырылады даяр бізге;

Қ М-Жүсіп «Көп» ұғымында мәніс көп» - деген мақаласында «көп» сөзінің поэтикалық мағынасын ашада (209).

Көп: Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр гой; Көптен көп іздегені бүліншілік; Көбі әркімнің аузында, өзінде азы; Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан; Көп заман газеттерде жазылып жүр; Көбейді зорлықшылға өшті, қасты; Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә; Көз жасы көп жылаумен сел болады; Көп басын қосуменен жасын төксе; Атарға бір мылтық жоқ оқ көбейтін; Көп болып гүлдесе байлауы жоқ; Көп деген сөз антонимдік мағынаның бір сыңарын құрайды: Айрылып азды-көпті қарасынан; Көрсетіп көбі азына қуат-күшін; Өңешін жылтыратып көп кедейлер; Көптігі қонадағы қамыс болсын; Параны көп жейтұғын сол өнерде; Біз болып тұрсақтағы көптің азы; Көбейтін байлар тобын тыраңдаған; Байға дос, көп кедейге бәрі дұшпан; Байлардың бас қосады көп буазы; Хажы мен хожя-молда көбейген соң; Көп сөздің

зиян табар қаймасынан; Госпа деп тағы айтады көптің бойын; Көп сөзі ақшасыздың жолсыз болды; Көп дұға шаһымыздың хузырына; Бай адам малым көп деп теңгермейді; Айтқаным көп соқырға кім нанады; Көп сөйлеп қызыл тілім болып тұр іу; Кошуінен көп керуен берді белгі; Поштай еді көп жұртқа болған қорған; Көп жұртты Кенесары жаралаған; Жылаған алым үшін нашарлар көп; Шыққан сөз көпке бірдей отыз тістен; Кімменен көптікте бар кімнің ісі; Қолына көптен бері тимеген соң; Осы күнде көп болды оқып-білген; Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген; Көп көрген жақсылардың құрмет сыйын; Бұл заманда көп болып бас қосқанмен; Мұндайларды көп көрдік адамнан біз;

М-Ж. Көпеев шығармаларында тіл мен сөз, көп пен көз, дін мен діл, жер мен су сөздері қатар жұмсалады. Әсіресе, жер мен су сөздері тіршіліктің көзі ретінде алынып, қазақтың негізгі байлығы деп есептеледі. Бұл сөздер мен жалғаулық шылауы арқылы байланысады, кей уақытта мен жалғаулы түсіп қалып қолданылады. Жер мен су барлық септік жалғауын жасырын да ашық қабылдайды. Мысалы: *Кемдік жоқ жер-су басып жүруінде; Жер - су басып жүрмін тұрақты тіркеске айналған өмір сүріп жүрмін*, я болмаса *тірімін* деген ұғымда қолданылып жүргенін байқаймыз. *Айрылып қалып едік су мен жерден; Жер мен су басқа азаттық мешіт-азан; Жер мен су қайтса екен деп өзімізге; Су сөзі жеке өзі түбінде, болады, бойын, көзін сөздерімен морфологиялық қатынасқа түсіп, белгілі мағыналы тіркес құрайды. Жатпадым су түбінде садәф болып; Үстім су болады деп надан қашар; Жағалай қонып алып судың бойын; Булақ деп судың көзін ешкім ашпас;*

Нұр: М-Ж. Көпеевтің «Жер мен көк» қиссасында «нұр» сөзі өзі тіркескен сөзбен тәуелденіп, септеліп жұмсалады: *әуел нұрын, қылды нұрды, канадил нұрдан, айна нұрдан, сол нұрдан, иман (ның) нұры* (матаса байланысады), *нұрғалы нұр, алла нұр, болғуш нұр, менің нұрым, ақ нұр, нұрға жанас, өз нұрымен, нұры оның, бес нұр, сол нұрдың, әуел нұрды, ені нұр, он екі нұрға, нұр толыпты*, «Нұр» сөзі морфологиялық қатынасқа түсіп, әртүрлі мағына береді: *Жаңбыры абрахмет нұр болады; Ғаламға абрахмет нұрын шашар; Не пайда нұр сипатты сүмбіл шаштан; Тырысты сөндіруге ислам нұрын; Кемі ме күн мен айдың онан нұры; Ер остига елгиз кириб нұрға тулдим (ҚАЯ); Муножоти кухи тур, олгонлари икки нур (ҚАЯ); Бала күнде толумен кеудең нұрға; Шын болса, толғандығы кеудең нұрға;*

Қызыл гүл: *Тікенге кетсе тамып, гүл болады; -Жалғанда ынтызарым-бір қызыл гүл!; Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын; Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды; Гүл үшін, тікен болды,*

жатқан жерім; Бір гүлге пайдасы жоқ болған гашық; Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып; Табылыр іздегенге бір қызыл гүл; Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан;

Сор: Түлкінің қызылдығы өзіне сор; Тамғаны тақыр жерге сор болады; Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды;

Үрген: Үрген қуық – бүгінгі жұрттың басы; Өңшең үрген қарыңға душар болдық;

Мұрат: Табылған әрбір құстан мұрадыңыз; Жетпестен бір мұратқа мың сөйлейсің; Сол үшін қалып тұрсың мұрат таппай! Болмаған мұныменен еш мұратым; Бір күні мың мұратты табар едің; Бір күнде мың мұратым болар хасил; Табарым мылқау болып, мұрат болса; Болмаған хасил мұрат кете берсін; Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын; Мұратым бітпесе де көңіліме тоқ;

Хакімдер: Хакімдер атып тастар көзін жойып; Қазаққа әділ хакім қылған болып; Құрметті ел билеген хакімдер де; Қайласы хакімдердің асып жатыр; Хакімдер залымдық қып басып жатыр; Хакімде хукіметшіл гаділдік жоқ; Қол күшпен ел билеген хакімдерге; Шаригат хакім жүрсе турасы бар; Тамағы хакімдердің тоқ болған соң; Шаригат қылса хакім қандай қатты;

Стражник: Боқтайды стражник түйреп бізін; Хайлакер стражник бейшараны; Боқтайды стражник тұрып төрде;

Ауылнайлар: Алады неке ақысын ауылнайлар; Би-болыс, ауылнай боп басқарғанда; Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар; Артылмас жалаңдаған ауылнайдан;

Болыс: Кузетші үшеу, болысың артында тұр; Қайқияр сонда басы болыснайдың; Жоғалса болыс сайлау халық тынышталар; М-Ж. Көпеев би сөзін болыстан жеке бөліп алып қолданады. Мысалы, **Би шықты қозы қарын пормы жоқтан; Би – болыс, баймен ұры біріккен соң; Би-болыс, баймен ұры біріккен соң** деген жолдарда би мен болыс қосарлана пайдаланылған. **Болысной** оязбенен жемтіктес боп;

Партия сөзі ХІХ бірінші жартысында Абай лексиконында одан кейін М-Ж. Көпеев шығармасында кеңінен қолданыс тапқан. Бұл кездің тарихи сипаты әркімге аян. Қазақ елін орыс империясымен қатар келген дау - жанжал, өсек - өтірік ауылнай, болыс, би, аға сұлтан сайлау сияқты толып жатқан әкімшіл ел билеу саясаты қазақ еліне жақсылық әкелмеді. Мінекей, М-Ж. Көпеев осы сөздің мағынасын түсіне отырып, сол дәуірдің ащы бейнесін суреттеу үшін де **партия** сөзін қолданды. **Партия** кірме сөзі көбіне септеліп жұмсалады. **Партия** сөзі заттық мағынада да кездеседі. Үшін шылауымен тіркесте қолданылады. Қысқасы, қазақ сөзі сияқты

морфологиялық қарым - қатынасқа түседі. М-Ж. Көпеев партия сөзін тек қана қазақ халқының мүддесін қолдай отырып, жарқын болашағын аңсай отырып пайдаланған. Басқа ойда болмаған.

Партия: *Жетіліп партия мен дәрежесі; Шақырса бір партия жаназаса; Қудалық бұл заманда партия үшін; Шығыны партияның суға аққандай Кірігізіп дін жолына партиясын; Партия турасымен ұрласа да; Жақындық партия үшін қуда шықты; Ынтымақ партиясыз болып жүрсең; Өзді-өзі партия боп шашылмаса; Жұмысы партияның қуаттанды; Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын; Тастасып партия мен араздығы; Партия болысуды қоймадың ба;*

Сөздің заттар мен құбылыстардың және олардың белгілерінің бейнесімен тікелей байланысты лексикалық мағынасы тура мағына немесе номинативті мағына деп аталады (Аханов-99).

Сөзін тура немесе номинативті мағынасы: *су түбі; дүрге толып; садаф болып; үйрендім өнер; көп білімді; кессем тілімді; болдым қарға; биік шың; ұзын түн; нұр болады; қор болады; сор болады; гул болады; тіл болады; сел болады; жай тас; дүрдің құны; биік тау; жібек ау; су болады; жүйірік пырақ; жүрегін жеп; қымбат баға; шығып жолға; тікен болды; жатқан жер; түні бойы; мың сөйлейсің; көңіл ашар; жүйірік тазы; құлап жарға; қор болып; өнері жоқ жігіт; түгел айтып; нұр сипаты; ізеп басын; атып тастар; малша сойып; екі көзін; мылтығы ұзын; ақша алмаққа; қазық қағып; жел болады; сел болады; көл болады; шаруасы бар; саудасы бар; төмен қарай; дәмін алып; жүрдай болды; саумал ішіп; атиша жаран; кешке тарап; талас шертті; жалғыз тиын; күнде жиын; тас салғанда; тұрып төрде; өңкей малай; білімі жоқ; жаны жоқ; араз болып; ат сатып; майға піскен; тілмаш айтады; ақыл сурап; қор болмас; үй сыртында; алаш болып; мұрнын тескен; үй басынын; мұрасы бар; екі қыс; жынысы жоқ; шудасы бар; үш түлік; сойып қойын; қалың той; асберген; жуан мойын; жиырма бас сом; түйе мұрнын; дыбыс жоқ; рахат кетіп; желсіз болды; ұры қайдан; ағаш үй; жақсы жайдан; қара шайдан; тиын сурап; қол асты; мұңын айтып; ат қосып; бауыр басып; құпия сөз; тұттай жалаңаш; жау жетті; қара тартқан; тап берді, шап берді; бас салды; жер - су басып жүрмін; құба жон, құла түз; түбіме жеттің; ауыр тиді; басы жұмыр пенде; балдай татыр; тақыр тиді; үйдің тесігінен; биттей тесігінен; тілге келмей; тілім кесік; құлақ салсын; ажал тұр; үш ұйықтаса; ұйқы басып; қол ұстасып; көзі соқыр; итше қауып; күн ашылды; тұттай жалаңаш; зоресі жоқ; түсіріп қара терге; құса*

боп; үйір болған; жедім опық; шаршы топқа; бір тарау сөз; іш қайнайды; тұзу заман; екі есе ақша; жапаны тартып; ұшына бұлт; мұсылман баласы; егін салып; қалам тартқан; арман жоқ; ізі жетпей; пейілі тар; естіп құлақ қанған; ел іші; көз салған; алты ауызды, патшаның мархабаты; татпай қорлық; тұман түспей; есікке тентіреумен; тұман басты; жұлдыз қылып; молда сасып; құты қашып; күн болар; бұлақ болдым; дүние жүзі; көңіл көзін; өткен күнге; көзін жой; құран кітіп; рахат тауып; жарық сәуле; күнде айт пен той; әр түрлі өнерпаздар; асыл жүзік; үлкен қоян; ақ жол; мың шірік; елдің қамы; қара наннан; тегіс қорлық; қар кетіп; құтырған ит; ақ кісі; тұзу ағаш; қисық ағаш; тойса қарыны; күнін көрген; қара сөз; өнер қайнап; қалақ оқ; су арнасынан асып; түсіп көзге; мәуелі ағаш; тұрған жанып; құлақ салған; жер түбі; жұрт көзіне; күміс теңге; дүние жүзі; тот басып; уақ ақша; сөзбен ұрып; билер сорып; ақ арман; аузы баста болғанмен, ін түбінде; су ішпейді, дария көлден; көзі қимай; жұмыр бас; жылым қой; қарын ашты; асқа тойды; дастархан бай; мың бұлақ; ел қонбаған; бетпақ шөл; қонақ асы; ұшан теңіз; құлақ шулай;

Фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің басқа сөздермен тіркесіп жұмсалы мүмкіндігі шектеулі (Аханов-176).

Фразеологиялық байлаулы мағына: мидай дала; тас жастанып; жұтқан кұман; қайран күнім; тақыр жер; оң қолында; аузы ашылып; ішкі кірім; кеткен шер; аузы жаппай; сабыр қылып; тілі жоқ; жапа тартып; ұзын түндер; дастан болған; көңіліме тоқ; жемеймін боқ; тіл алсаң; қаңлар жұтып; торға түскен; мылқау болсаң; жел береді; көз тігіп; опық жеп; көзін жойып; арыз айтып; құрған тезін; жала жауып; ауыз салып; зәрін төгіп; көз салып; ауызы жете берер; құрғақ тіл; қырын қарап; жарым көңіл; өңі сынып; іші зарлы; қан сорпа гып; жем болып; қалың топ; ант беріп; шыбын жан; ата қоныс; шын көңіл; теріс жақ; мойын біткен; қол күш; көр мен жер; сыныққа сылтау; оңға бас; тіл алмаған; теңгеретін жоқ таразы; жырақ жүр; күл төбе; ата-баба; екі қыс арқасынан бірдей қысып; шекең қызып; құр дала; құр ат; қалың майдан; тоқ болған соң; жақсы жай; құлақ құрышы қанғанша; түбіне сол арманның жетемін деп; бас тартып; қол астында; көңілдегі мұңы; жан рахаты; ішкі өнер; бауыр басып; үйір болмас; судың көзі; далаға үрдім; көп соқыр; мидай тақыр; жер-су басып жүр; құлағы тарс бекіген; құдай соқсын; саңырауға ұрын; құпия сөз; көзім тоймасын; жалғыз қара; тұттай жалаңаш; жаман қорықты; оң жоқ, түс жоқ; сыбағасын ашық берді; зәремді алып түбіме жеттің; аш атасын танымас; ұшқан құс, жүгірген аң; қарыны

қайғысыздық тоқ; етек-жеңім ұзын; аш атасын танымас; үшқан құс жүгірген аң; бір қу сүйек; бір ит құрлы; бір күн базар; бір күн мазар; иненің жасуындай; тілге келмей, тілім кесік; салса өзіме; өз тілімді өзім алмай; құлақ салсын; тастай жорып; иненің көзіндеі; үш ұйықтаса; қалыңдық ойнарсың; қол ұстар; дүние қоңыз; көзді жауып; үші жоқ ұзын ойын; бір сапар жол; үш қат бөз; қоян қуған тазыдай; бейшара боп екі көзі; тиді тізгін; ат пен тоны жетпей; ұлықтың көзі жетпей; қалмаңыз басқа жұрттың таңбасына; сабыр түбі сары алтын; жүрек жарып; естіп құлақ қанған; көз салған болса; ауыр батпан; құлақ пен көз болған; алты ауыз; бір ауызды; дін мұсылман баласы; сегіз құлаш; құран құны; моланы бордай қылып; жұлдыз қылып; көзді жастап; құты қашып; тұл болды; қайран жұрттым; қара шекпен; нақақ жала жабысып; алты ауызды; бір ауызды; сексен құлаш қазған орын; нақақ жала жабысып; бір дәурен; халқың сүйгенді тәңірі сүйді; құр шықпаған қалды-ау жандар; түсіне үш ұйықтасаң кірмейтуғын; иттей қор қылып; көз боп; көз жасына қалған жандар; қол астында; ат шылбырды; жұртты отқа сала берді; басы қатып; қылдан тайып; ұсындық мойынды; алтын жатса алмайды; тауып ісін; тәңірім иген; көз болмайды; тез болмайды; танымай тез екенін; болдым жоқтай; ағашты қылады оқтай; тойса қарыны сонда тоқтап; алты ауызды ынтымақсыз; бір дауасыз ауру; кетпес пейіл; қара сөз; көп көрген; жүндеі түтіп; дүниені былықтырар; көзім сүзіп; түсер көзге; маңдайында жұлдызы; ауыма сөздің шынын алам; қанған құлақ құрышы; төрт аяғы үйлескен соң; әуелеп аспанға ұшыф көзге түсті; ұйлыққан қойдай болып; зәрін төгіп жыландай; қасқырдай күнде талап; қан жұтып қайғыменен; татулықтың жібін үзіп; шебер-қолын, шешендер сатып сөзін; тіл жоқ болды; құлақ құрышы; жұртқа көзін салатын; ой түбіне жете алмай; сөз аяғы; ми қалмастан; кетеді көзі қимай; ұшқыр боп; көз көрген; үрген қуық, қопалы көл; үрген қарын; түнде жортқан; нарқы бөлек; шабан тартып; ұшып жүр; ұйқы басып; асыл тектік; көңілім тоқ; ат терлетіп; дауа жоқ, көңіл өсіп; көзіңнің бір қарап қой ұшыменен; жұлдыздай ағып шаптым; төскейде мал, төсекте жан; түзден ырзық; ұзын жол; жал үзіп; қара қоңға таянып; көңіл аулар; миды ашытып; жол жасатып; көз ашып; су қараңғы; ақ пейіл; алла разы; көз сүздірме; кетті күйім; теріс айналып; көзі ағып; төбесімен тіке тұрып; кілтін аштым; отым сөніп; аузына тілі сыймай; жаудай алысып; жаттай салысып; шыбын жан; нысанаға байлап; иесіз жатқан жер; оққа ұшып; қақ жарып кіріп; жау қолында қалды; көрі құлақ; атамның құны; алжәй болып; қоныссыз жүріп; ішім күйіп; жападан жалғыз; сүттен ақ;

айдай жарық; күннен роушән; шаһар тілі; өлгені өліп қалғаны қалып; жалғыз жарым тірісі; тұмсығын сұқтырмай; ат жетер, құлақ естір жер; неше саққа жүгіртін; тұлпар мініп, ту ұстап; бет моншағы үзіліп; ақ патша; су түбіне кете бастады;

Сөздің сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруына байланысты туған лексикалық мағынасы синтаксистік шартты мағына деп аталады (Аханов-103).

Синтаксистік шартты мағына –дай, -дей жұрнағы арқылы да жасалады. Оның бір мағынасы теңеуді болғанымен екінші мағынасы істің екінші шартын білдіріп тұрады.

Синтаксистік шартты мағына: *түлкі (қу): Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай (байыз тауып жату, тыныштық); Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным (жағыну, көңілін табу); Данышпан өтпей сөзі шаһбазлардың (өте білгір адам); Мүшелер терімізді малша сойып (жазалау); Нахақтан құсаменен қан жұтқызып (өкініш, қайғыру); Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан (қулық); Қасқырша ауыз салып жулып жатқан (қорқаулық); Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған (қулық); Тауықтың қоразындай қоқиланып (менсінбеу), Айтақтап әркім қосқан бір қу тазы (өтірікші); Ауыз жарар еті жоқ бір қу сүйек (арық); Құспене жоқлыз ба деп бір ит құрлы (кісі құрлы көрмеу); Жан - жағың қу болмасын жалмайтуғын (өтірікші, екі жүзді адам); Түлкідей тышқан аулап (қулық); Арсалап тазыға ұқсап (алып, шалып жіберу); Маймылдай құбылады (сайқалсу), Жыландай сырты шұбар (нашар адам); Қасқырдай арсалақтап (бір істі тындырғандай); Сауысқанша шықылықтап (қыр соңынан қалмау); Шыбынды қазір көрсең қантқа қонған (бар болса қолыңда жақын жүретін адамдар);*

1.2. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылу тәсілдері

Оқиғаның, іс - әрекеттің бірте - бірте өсуі, дамуы. Мағынасы идиомаланып келуі жиі кездеседі кей жағдайда нақыл сөзге ұқсап келетін жағы да жоқ емес. Көркем әдебиеттегі оқиғаның дамуымен салыстыруға келмейді, көркем әдебиетте оқиғаның сюжеті бірте-бірте дамыса, жеке алынған сөйлем түріндегі мысалдардағы дамыту мағынаның ілгерілеуімен анықталып, өлшенеді.

Дамыту: шығарманың тіліне бірсыпыра бояу қосады. Оқиға іс-әрекетінің төменнен жоғары қарай өсуі. Сөйлемнің мағыналық бойында оқиғаның, іс - әрекеттің сәл де болса ілгерілеуі көрінеді: *Бұл мәжіліс қызыл қия шың болады, Ескі қалып, жап - жаңа тың болады;*

Сарт демей, ногай демей, қазақ демей, Тілек қыл дін мұсылман бірлігіне; Тарту деп медаль, наград ала берді, Өз басы аман, жұртты отқа сала берді; Бас та азат, орын да азат, порым да азат; Ойлаған халықтың қамын білімді сол, Қамы үшін ел - жұртының отқа кірген; Самарқанта, Бухар, Ташкент-бәрін кезген, Жасында қойылған ат адам Жүсіп; Аспанда күн қоректен, ай айырлап, Алмастан ешбір дамыл ол байырлап; Бас та азат, орын да азат, порым да азат, Еркімен жүрсе әркім деп пайдасына; Ат-арық, көңіл жарық, жолымыз-шол (эпитетті); Бухар, Ташкент, Самарқант, Түркістанды, Бір түгіз, үш-төрт барып тамаша еттім; Құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер;

Тұрақты ұлғайту: *Сай - сайдан ағып дария сел болады; Дауласып үш сыпырып аққан терді; Атам деп қорқытады мылтығы ұзын; Көз жасы көп жылаумен сел болады; Сай-сайдан ағып дария көл болады; Сабылтып ат-айғырды қан сорпа гып; Екпіндеп өзі тасып шашылмаса; Түйе болса, кетеді сыйып деген; Поштайға өмірінде бата алмаған; Сол бөксең ауыр батпан шойындағы; Тоздырып, иттей қор гып, быт-шыт етті; Қараңыз, бұлбұлдардың сайрасына, Бұлақтай тастан аққан қайнасына; Құлақпен естіуімнен бұлақ болдым; Кезгендер үйде отырып дүние жүзін; Ағада күндіз-түні көзден жасым; Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие (теңеулі ұлғайту); Мәшһүрден келе жатыр жатыр өнер қайнап; Сау жылқының арқасын еріксіз тесіп (жауыр ат); Жан-жағын бермей дамыл талап жатыр; Он шынжырмен бір итті байлай алмай, Өмір бойы әуре боп біз барамыз.*

Мына шумақта:

*Айтқаны үйде отырып жел болады,
Көз жасы көп жылаумен сел болады.
Көп басын қосуменен жасын төксе,
Сай - сайдан ағып дария көл болады*

ұлғайту үдей түскені байқалады. Өлім жолы иненің жасуындай, Түйе болса, кетеді сыйып деген; Бәрі де келген жанның кетіп жатыр, Не пайда бұл жалғанына өтіп жатты; Үш ұйықтаса ойда жоқ бір тесіктен, Қаниша керуен шұбырып өтіп жатыр. Мен ішсем көл таусылып қалады деп; Жер ойылып кетер деп басқанына; Түйден - нарды, жылқыдан - айғырды, сиырдан - өгізді, қойдан - қошқарды алып, тәңірімнен ұл сұрап барайық (Шора батыр); Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды, Жемісінен дүние жүзі Баһра алады. Коздей тесік болады саған көлдей; Қасқырдай қақпандағы ызаланып, Жатырмын өз аяғымды өзім шайнап; Сөйлесем, көрген жапам ұшан-теңіз; Арыстанның ауызынан асадым жем; Жасыбай оққа ұшқан

жолы ер Олжабай бас болып аттанып, қалмақ сол жерде қойдай қамап, иіріп қойып қырып, сонан «Қалмақ қырған» атанған (САКЕ). Сорғалатты маңдайынан ащы терді (ӘДЖИ); Көл болды бір түс көріп қайғы дағым; Көзінен ағып жасы жетіп келді; Көзінен аққан жасы кетті сел болп (ПДӨТ); Тастарды жалаң аяқ басып жүрдің, Үстіне тастаған ет пісіп қалған (Шонтыбай);

Литота: шығарманың тіліне өзгеше реңк қосады, жоғарыдан төменге қарай кішірейеді.

Тұрақты литота: Жаңбырдың абрахмет тамшысындай; Жағында жапырақ ет жоқ ашаң құдың; «Өлім жолы иненің көзіндей» - деп; Үмітті болса да жасың кіші; Түйіліп тамағымнан ішкен асым; Қойдың бір құлағынан жүрек кіші (1 том); Отындықтан шықты оқтық мүсін; Оң емшегім бұрынан құрап кеткен (ХБ); Ортеніп іш-бауырым жана берді (М-Ж.);

Тұрақты теңеу: иненің жасуындай, тоты құстай сылаңдаған, қалың қаудай, сұр жыландай, қырағы құмырсқадай нәрселер, тұттай жалаңаш, балдай татыр болып пілдей, арыстандай серпіліп, бордақы иттей, биттей тесік, түстей жорып, қоянды қуған тазыдай, үйтқып соққан борандай, баладай алданбаңыз, тарыдай болып; құлардай шекпен киіп, бұлақтай тастан аққан, ит сықылды жетекке еретуғын, қасқырдай өз күшігін талаған, бұлақтай саулып тұрған сүтті бие, бұлбұлдай қапастағы, шақлақтай от шығады, шамдай тұрған жанып, қанғандай құлақ құрышы, түлкідей тышқан аулап, маймылдай кейбіреулер құбылады, жалындай, кейбіреудің сырты шұбар, қабыршағы жоқ балықтай, үймелеген қарғадай, көбелектей барып жатыр, қасқырдай арсалаңдап, шырылдаған бақадай, зәрін төгіп жыландай, ел билеуші қасқырдай, ұйлыққан қойдай, құлын жастай, айт пен тойдай болып, жүндей түтіп, құстай боп, атқан таңдай, өрттей лаулап, үңгіріндей аюдың, ай мен күндей, бидайдай желге ұшырып, салдым гой шар мен қояндай, шырадай бір ашылсын көзім, оқлақтай күндіз ұшсам, қояншықтай бір ауру ұстамалы; суырдың айғырындай шықылдайды, сүйреткен шанадай гып сүйреп басын, байғыздай жұрттан қашып, қойшыдай қорғандық; қардай боран; малдай жүрген; желдей есіп; жаңбырдай себелеген; киіктей оқыраған; жер тезектей; айдай қасқа; жамыратқан қозыдай; ұшқан құстай; айналдың Байтолланы көбелектей; қалмайды зәредей; Серкедей жұртты бастап;

Тұрақты эпитет: Ұзын түн зығырланам, қайнауменен; Табылар іздегенге бір қызыл гүл! Ерртеуді күнде жүйрік пырағыңыз; Болмаған хасил мұрат кете берсін! Өткіздім мен әр түнді сайрауменеен; Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп азып; Көрем деп қызыл

гүлдің ашылғанын; Қызыл гүл мен ұйқтамай ашылмайды; Зарлаймын ұзын түні көремін деп; Зарланған ұзын түндер мұнаджатым; - Жалғанда ынтазарым - бір қызыл гүл! Қыран құс-көңіл ашар, жүйрік тазы; Не пайда нұр сипатты сүмбіл шаштан; Бір өрттен қалмайтуғын; Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны, Қор болдық айырылып қап ақ шаригат, Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы, Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде, Жүзіне ақ қағазды тартып қалам; Аңдыған арам көңіл екі досты; Ұзақ күн біткен сөз жоқ керіс - тартыс; Болмайды ұзақ күнге омырауға; Халық-жұрт өзі құмар қалың дауға; Жалаңдап әждаһадай ауылнайлар; Бү сөзім алты алашқа танас болсын; Шын жүйрік қызған сайын көтерілер; Шабынып көбікті ауыз бура шықты; Би шықты қозы қарын нормы жоқтан; Қымызы қара саба, сары қазы; Ақ болсын хаққа көңілің бұл сықылды; Арықтан семіз құр ат қалың майдан; Қанағат қанып ішсе қара шайдан; Құдайдың құба жоны, құла түзде; Кең сарай үй; Жұмыр пенде; Мүжілген жемтік; Бір алуға бетіңнен итше қауып; Естір болса, жүріс бар - бір сапар жол; Ақ қағазды қаралап ыластаған; Кигізген қара сөзге киім пішіп; Сонда бір түзу заман болып тұрған; Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің; Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден; Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді; Базылы - бай, Поштай-аға сұлтан; Уақытында болған Поштай мыйлы кісі; Ұлы әруақ орнын құр тастамас; Сол бөксең ауыр батпан шойындағы; Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ; «Сары алтын - сабыр түбі» деген сөз бар; Болғанда алты ауызды ынтымақсыз; Бәрі де бір ауызды болып жатыр; Бар құдай бізге жарық таңыңды атыр; Қазағым, қайран жұртым, халқым, елім; Зерлі шекпен, медальға жұртын сатып; Түзу ағаш болады үйге тіреу; Бұл мәжіліс қызыл қия шың болады; Дер едік жарық сәуле таң жаңа атты; Сол кісінің болсын асыл жүзік қасы; Үлкен қоян терісін тұлып қылып; Қазағы империяның асыл затым; Бір тілім құны аса алмай қара наннан; Көре алмай жарық сәуле таңды көзім; Кетеді қара сөзге желдей есіп; Сөйлеген қара сөзді жүндей түтіп; Ағарып атқан таңдай түсер көзге; Әркімге ауыр тиер қалақ оқтан; Шешендер-мәуелі ағаш, сөз - бір жеміс; Жай жатса бір домалақ тас есепті; Жалғанда жеке қара озған жаман; Барады құтыла алмай ақ арманнан; Арсалаң тазыға ұқсап жүрген жан көп; Жыландай, кейбіреудің сырты шұбар; Өсек сөзге гүлесіп желдей есіп; Кісі ақысын, адал ас, біліп несіп; Өтірік өртте лаулап жанып жатыр; Жайнап тұрған ол өзі қып-қызыл шоқ; Ескі жолдас айрылмай жүр қасымда; Піскен егін сықылды аспан жасыл; Үрген қуық-бүгінгі жұрттың басы; Өңшең үрген қарыңға душар болдық; Сұмырай құс

су ішпейді дария көлден; Қопалы көл – жекен мен құрағы жоқ; Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды; Көк кептер ұшып кетсе, қайда жетпес; Жылы жаздың соңында бір қысы бар; Жылтыраған екі тас орнатылды; Бұрынғы қайран сәуле көз орнына; Қопалы көл-жекен мен құрағы жоқ; Ай өтіп, отыз алты Һаным күндей; Сұм дүние әуре қылған жұрттың көбін; Есіме бәйге кердей түскен күні; Қу ағаш мәуесі жоқ жараспайды; Жатады су түбінде шын асыл тас; Тұрмайды дәнемеге зор қара тас; Бар әлінше аямай аппақ майын; Өгізтаулық сарттарды қожжа дейсің; Ащы су, сүті жоқ шай жүрек кесіп; Күн ыстық, қанбай сусын сағынып-ақ; Көп екен шоқынған жұрт хайуан малға; Ақ түйе көзі шағыр, ат торы тай; Ауыр айғыр үйірлі жылқы болды; Самардай қақсағаным бар жазығым; Осындай алтын сарай үйге лайық; Дәндеген қара құлым және келді; Қасқайып күрек тісім күліп келдім; Астына алтын сарай қойдым өртті; Көп жасап не пайда бар ұзын жастан; Отырған алтын тәжді жұрт төрінде; Жолаушы ұзын сапар жүрермін мен; Сусыз шөл, жапан кезіп, таудан астың.

Метафора: Жыланға – у, араға – бал, тасқа – қына; Көзсізге – көз, тілсізге – тіл болады; Ішім от, сыртым жалын қайнағыным; Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім; Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға; Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын; есім сөзден болған метафора: Болса да дәррия сия, аспан қағаз; Айналдым бұлт болып биік тауға; Іліндім шортан болып жібек ауга; Сықылды болдым қарға, ұшып қонып; Сөйлеуден тиылмаған қызыл тілім; Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын! - Құссың да сен бір ақымақ, ақылың жоқ; Болса да дәррия сия, аспан қағаз; Құс та сұңқар, болмаса аң да арыстан; Тауық боп бидай - тары термесең де; Асқынды болып жара-жауырларым; Тіпті жоқ жазулы істі ауырладым; Қазағым, қайран халқым, бауырларым !. Көңілдің дариясында сөз-бір гауһар; Шешендер - мәуелі ағаш, сөз - бір жеміс; Кем емес кейбір сөзім жанған шоқтан; Сауысқанша шықылықтап жүрген жан көп; Күйкентайдың орнында кейбіреу жүр (1 том); Мен - түйең, мен - қайық, мен жылқың деп (ҒА); Мысқа-жез, күміске алтын, іске жарап (УШШ); Тілім балға, тісім төс, аузым көрік (ХБ); Сырты бүтін болғанмен, іші-жалған (ХБ); Айналасын көңілдің кетір шаңды (ХБ); Бірі-алтын, кіршіксіз, бірі-күміс (ХБ); -Ей ата, көзіміз қан, көңіліміз жас (ПДӨ); Астың су, үстің аспан, ортасынан (ЫШҚ); Дарбаза-ауыз, сөз – самал, тоқтау бар ма? Ай-орағы егінді оратуғын; Жезде-мыс, күміске алтын үйлеседі; Құла түзде қу ілген мен-бидайық; Сөз асыл жауһар сондай кеннен шыққан; Болғанда ақыл-дария, ауыз – садап; Сөз - гауһар, сол садаптан алған жарып (1 том); Кірпіш болып

қаланған алтын күміс; Тілім - балға, тісім-төс, аузым-көрік; Бірің-болат, бірің - құрыш; көп абзал иек; Астың - су, үстің - аспан, ортасынан; Мен-түйең, мен-қойың, мен-жылқың деп (ҒА); Тілім-балға, тісім-төс, аузым-көрік (Қаж); Ей, ата көзіміз-қан, көңіліміз-жас (ПДӨТ); Аспанда-құс, дарияда-балық, бақа (ПДӨТ); Келдің бе есен-аман данышпаным; Дін үшін қайрат қылған арыстаным (ПДӨТ);

Метонимия: Бойыма алтынымды сақтай алмай; Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай; Мұрыныңды шошайтасың мақтағанға; Жүруші ең келемеж боп көп тағанға; Қолында көрінгеннің болып тұтқын; Ақылшы шықты бізге үй басынан; Сүрініп ат аяғы кетер болса; Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр ғой; Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр; Өгіздер тамағынан қаламыз деп; Залымдар көзімізді алар ойып, Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға, Шұлғытып тұрғанымен қаниа басты; Айрылып азды – көпті қарасынан; Бір бұзық шыға ма деп арасынан; Мырзасы қасына ерген нашырына; Бармайды туысқанының өлігіне; Дау болса, екі ит шығар ырылдауға; Жемтігін өлексенің қоршап алып; Жиылып қара құстай билер отыр; Бір құдай болысқанға дұшман оңай; Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр; Шайтан да намағайтшы болып жатыр; Таңдатып ұрыларға қалың топтан; Байлардың бас қосады көп буазы; Байға дос, көп кедейге бәрі дұшпан; Түлкінің басыңды тарт қайласынан; Жарақ жүр сұмның айтқан пайдасынан; Біз түйе тартынар деп мұрнын тескен; Қазақтың кісі алатын бурасы бар; Начальник әрне қылса мінсіз болды; Түн болса, рахат кетер жарлы байдан; Ашылып көрініп тұр ұят жері; Әне екеуі айтқан соң жау жетті деп; Бір қуылса, соңымызға бұл жау түсіп; Менің құрғыр қызығып етегіме; Айрылдым етегімнен мен деп енді; Не көрді дәнеме жоқ үш албасты; Үшеуі шығып кетті елден безіп; Әуре боп бір үш ақымақ қаңғып жүр деп; Ауыз жарыр еті жоқ бір қу сүйек; Құс пенен жоқпыз ба деп бір ит құрлы; Бас салды көрген соң-ақ бұл үш сөрлы; Жалаңаш айтты: «екі ит неттір», - дейді; Бұл үйге кіріп келсе бұл үш батыр; Жолаушы жатқан өтіп, бұл бір тесік; Жылағын алым үшін нашарлар көп; Пайдасын ұрым-бұтақ ойламады; Мәнифис берді басыңа ерік; Жаның қалмас талай ит талағанды; Арызын былтыр айтқан түгел Қазан; Болып тұр мұсылманға Қазан басшы (Қазан қаласы); Жасаған программа «Қазан» сөзін; Ие болар табыншы бір табынға; Қайтейін, барым осы, азаматым!; Құл қылып бауырлары сатпады ма; Егініңінің өгізі болып жүрген; Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген; Қасқырға қарай үркіп қаишқаныңнан; Жібектен құны артылып кеткен өтіп;

Көп көрген жақсылардың құрмет - сыйын; Есек айтпас шаба алмай мен қалдым деп; Бірін төрғай, біреуін бөдене қып; Алары жоқ бір тышқан, текке төніп; Жан пайдасын білмеген жүзқарамыз; Он шынжырмен бір итті байлай алмай; Надандықтың машығы айыға алмай; Бара жатыр айтылмай тау іс қылып; Қарай қойшы тырнаның сасқанына; Ешкіден туганменен лақ емес; Жорғалар қайқаңдатып қарға басын; Иттің кетпес ойынан жерік асы; Қалқайып қарайғанмен құлақ емес; Қырық қаңтар – у кедейдің еріншегі; Ит мойнына гауһарды таққанменен; Кемпір, шал, екі аяқты, жолдас боп мал; Бақылдасты текелер жоғары өтіп;

Синекдоха: Бір тамшы сонан маған тама ма деп; Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсаң; Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Бұл жүргеннен құлақ пен көз табылмас; Қисайып мойын біткен бұзықтыққа; Таяққа біздің қазақ көніп тұр ғой; Құлағы біздей болған алыс жұрттың; Өлі емес, дене сап - сау өзі тірі; Естиді құлақтыдан әбден бұрын; Етегі сүйретіліп келе жатыр; Жаға - жең жоқ болса да ол өңірі; Негімнің астында өш пен қасым; Басшың тұр өзі жеткен алдыңда ірі; Есепті санды алтаудың болдың бірі; Ие болар табынашы бір табынга; Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай; Қайда тойса қарыны сонда тоқтап; Бір күн өкше көтерді шаһар жаққа (ХБ); Айтқан ауыз жиылмай жетіп келді (ХБ); Кебісіне өкшесі, Бұхардың гауһар тасындай (ҚЖ); Болдық малай қарынга бір парамыз; Ойлайды бізді алам деп бармагына; Семіртіп әр мүшесін жуандатқан; Бір уыс қанмен толған оның іші; Сен саудама сақалым, аузыңды ашпа! (ХБ); Анандайдан көрініп айдай қасқа (ХБ); Бір күн өкше көтерді шаһар жаққа;

Параллелизм: Жау қайда жар астында екінші сыңары жазылмаған; Бөрі қайда деме бөрік астында деген нақыл сөз жарыса, қатарласып қолданылып тұр. Таң атса дүние жүзі қыбырлаған, Сөзі бар екеу-екеу сыбырлаған; Арасы ағайынның алыс болды, Таласып дамыл жоқ жарыс болды; Бұрынғы қисықпенен шалыс болсын, Шын жүйрік қызған сайын көтерілер, Таласып әр уалаят жарыс болсын (шын жүйрік қызған сайын шабады, уалаят болыстыққа таласады); Түлкінің басыңды тарт қайласынан, Жырақ жүр сұмның айтқан пайдасынан (қудан алыс жүр, жаман адамның айтқан ақылынан аулақ жүр); Кеңшілік мемлекетке патша берді, Қарақшы бас қосуга қылды жерді (кеңшілік берілді, қаракшылыр бас көтерді); Жігіттер, өнер алды ғылым - білім, Деген бар жан бұрмасын ислам дінін (өнер-білім бар, сонымен қатар дін де бар); Жер жыртып жазғытұрым тұқым шашпай, Күз болса, қаптың аузын қалдық ашпай (Жазда жер жыртып егін салмады, күзде егін алмады); Қырық күн шілде, қыс қалды, жаз

орнында. Қоразының, тауықтың қызылы бар, Әркімнің басында тәж орнында (жыл мезгілдері орнында, әркімнің тағы орнында). Туіе оркештен айырылып, аттар-жалдан (екі кере қар құбылыстың қатарласа айтылуы);

Омонимдер: Кісі жоқ қой дейтуғын жұртты басқан; Аман жетсе, аманат осы «қойға» (тойға сойылатын қой, той ұғымында алынып отыр); Дау - жанжал жанып тұрған шоқ көб ейтін; «Қарыны қайғысыздың тоқ»-деген бар (электр тогі - ток); Қалың жұрттың жаман ырым жорасынан (жолдас-жора); Дыбысталуы бірдей, мағынасы әр басқа сөздерге негізделген сөз әзілі (Каламбур): Тағы (дики), тағы (қайыра келу); қуат (керісіне тауық).

Антонимдер: Дүниеде жақсы, жаман сөз болыпты; Душпан түгіл, досың да табаласқан; Анау озық мен кейін қаламын деп; Шаһбазлар ақ-қараны көріп тұрған; Жете алмай ақ-қараның анығына; Өмірін өткізеді жазы-қысы; Ақ, қараны айырып тексеретін; Көрсетіп көбі азына қуат-күшін; Жақсы жат, жаман адам таныс болды; Алды-артын айтқан сөздің білмейтіндер; Сапырылып ертеңді - кеш жүр кете алмай; Бұл заман айтушы бар, тыңдаушы жоқ; Біз болып тұрсақтағы көптің азы; Күшейді өштік - қастық ел аразы; Тұрқын жан көрмедім қысы-жазы; Аз айтып ақша берсе содан ауып, Көп сөзі ақшасыздың жолсыз болды; Дарнияды жатып садеф аузын ашар; Ақылды аузын жауып ділін ашқан; Көзімше аузы ашылып шашылмайды; Сайрайсың түні бойы ауыз жаппай; Құдайдың соқтықса да көк пен жері; Өлі емес, дене сап-сау өзі тірі; Бардан-жоқтан сөз сөйлеп шертемін күй; Қылуға ортақ қымайды қас пен досқа; Есіктің бар жоғын да байқай алмай; Иегімнің астында өш пен қасым; Жаманды жақсылардан саралаған; Барды - жоқты сөйлейді жынды шашып; Бар болсам да дүниеде болдым жоқтай; Көңілді тірілтер сөз, өліп қалған; Сөз болып шыңға өтірік араласып; Базарға жақсы-жаман жатыр барып; Жамандық жақсылықтан жоғары асып; Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман; Жақсы-жаман теп-тегіс жанын сатып; Жоқты-барды жатырмын сөйлеп, шатып;

Бірдей бол шамаң келсе аш-тоғына; Ашылған арт неменен жабылады (ТТ); Біреудің кеш, біреудің ерте бақытын; Дүниенің опазысы кетпек, келмек; Бү түн өтіп, ертең күн таң атуға; Көзің сал басқаларға жақсы, жаман; Келер менен кетерді қылмайды есеп; Үйде, түзде күн кештім жалғыздықпен; Үйде отырып жаоимын өш пен қасқа;

Тіл біліміндегі философиялық мағыналы антонимдер. М-Ж. Көпесев антоним сөздерді жай ғана қолдана салмай үлкен мән беріп,

философиялық ой беретіндей, тәлім - тәрбиесі бар мағынада қолданады:

*Былғарының орнына көн мен сірі,
Теріс қарасар ұнатпай бірін-бірі.
«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,
«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі.
Екі сөз: бірі айтылды, бірі қалды,
Уақ ақша таусылды, ірі қалды.
«Бар» деген сөз аты өшіп тып-типыл боп,
Бұл күнде «жоқ» деген сөз тірі қалды (М-Жүсіп).
«Бар» мен «Жоқ», «Ал» менен «Бер» бірге туган,
«Ал» мен «Бар» ажал жетіп өлген удан.
«Жоқ» пен «Бер» жұрт біткенді жұр аралап,
Жанында жолдас ертіп ылғи қудан.
«Жоқ-жоқ» деп жұрттан асқан байлар дағы,
Құтылар қолға түспей қалың дудан.
«Бер бер!» деп бір пара қу бойыңды ертіп,
Май алар ас қатықтық ұрттам судан
(Тұрмағамбет).*

Синоним мәндес сөздерге (көн мен сір) М-Ж. Көпеев өз атынан антонимдік қарама-қарсы мағына беріп (*Теріс қарасар ұнатпай бірін-бірі*) деп, ағайынды екі адамның (метонимиялық құбылыс көн мен сір) өзара алты бақан ала ауыз болғанын өткір тілмен суреттейді. Бұрын аулы аралас, қойы қоралас қазақ жұрты ал деп мырзалақ танытатын бірақ, қашан бересің деп сұрамайтын. Ешуақытта жоқ деген сөзді айтпайтын. Бұйырғаны бар ғой, болады дейтін. Осындай «былғары» сияқты бір тұтас қазақ халқын орыс империясы әкелген жаман әдет: іріткі, өсек, өтірік, мақтаншақтық, парақорлық жайлап алды деген терең ой айтылады. Өлең өрісін халықтық тұрғыда көтеріп, халық атынан сөйлейді. Ақын, Т. Ізтілеуов М-Жүсіп тағылымын әрі жалғастырады. Ақын немересі ф.ғ.д; профессор Қ. Пазылұлы: «Өлу мен тірі қалудың бұл қарама-қарсы қойылуы киындық деңгейін белгілеуде шешуші роль атқарып тұр» - дейді (158); (90). М-Ж. Көпеевте мұндай философиялық ойлар өте көп. Мысалы: *Оқу бар, ұғушы жоқ, құдай атып; Бұл заманда көп қалды аз орнында; Бардан, жоқтан қанағат тегіс қашып* т.б.. Сондықтан да академик Ә. Марғұлан М-Ж. Көпеев философ деп бекерге айтпаған.

Поэзияда антонимдер шендестірудің (антитеза) бір тәсілі ретінде қолданылады. Антонимдерді шебер қолданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық-айқын, мейлінше мәнерлі болып бейнеленеді (Аханов-134).

Шендестіру: (Жігіттің) сөзі жасырын түр. *Қыран құс - көңіл ашар, жүйрік тазы, Жігітті мұңайтады малдың азы* (қыран құс пен жүйрік тазы көңілді ашса, малдың жоқтығы жігітті мұңайтады) кереғар екі құбылыс, оқиға бір ғана адамның жігіттің басында өтеді. *Бұл заман айтушы бар, тыңдаушы жоқ, Сөйлеген хат сызғандар сөздің шынын* (сөздің шынын айтушы бар да тыңдаушы жоқ); *Көрігеннің бәрі жау, ел жоқ болды* (жау бар, дос жоқ); *Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды* (сор бар, көл жоқ); Афоризмдердің құрамы антоним сөздер арқылы шендестіру болады. Шендестіру жасайтын мағыналы сөздің бір сыңары түсіп қалып та қолданылады: *Сеңгір-сеңгір таулар бар, бұлағы жоқ; Қопалы көл (бар)-жөкен мен құрағы жоқ; Жоқ-тын, бар* деген бір сыңары ықшамдалып пайдаланылған. **Оксюморон** мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер өзара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді: пышақсыз бауыздау, базар жоқ (айтты бітті уәде істеледі), жаман – жақсы көремін; Мәтін ішіндегі антонимдер мәтіннің мағынасын айқындайды. *Хакімдер атып тастар көзін жойып* (күрту); *Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын* (күш көрсету); *Біз айтқан пәрменіне қойдық мойын* (күптау, бой ұсыну); *Ойлайды бізді алам деп бармағына* (қолға түсіру, қарамағына алу); *Сүйсініп құлақ салсын кім сөзіме* (тыңдау); *Түзу ағаш болады үйге тіреу* (шаңырақтың несі); *Оқу бар, ұғушы жоқ, құдай атып* (ойға алған ісі жүзеге аспау);

Антонимнің грамматикалық тәсіл арқылы жасалған болымды-болымсыздық мағынасы: *Көресің жақсылықты көрмесең де, Жүресің, кел, жет десе жүрмесең де; Әркімге ғылым - білім керек дейді, Білерсің бұрын байқап білмесең де; Сүйінші жүрек жарып сұрап жатыр, Күлерсің езу тартып күлмесең де; Бү жолға қажет үшін беру керек, Пейілің тар бұрын сараң бермесең де; Соңынан жүрген ердің бәрің шұбап, Бұрынғы арсыздықпен ермесеңде; Құнына түйгын құстың бағаң жетті, Тауық боп бидай-тары термесең де; Көруге көзің арман мекемеге, Кіресің бұрын барып кірмесең де; Бұрынғы қысымшылық қапасынан, Өлуге жақын едің өлмесең де; Данышпан, ақылы дана керек дейді, Жиылып бәрің бірдей жүрмесең де; Арманда алмаған да, алғандығы; Антонимнің грамматикалық мағынасы тұрақты тіркесі бар әр түрлі сөйлемдерде анықталады: *Көз салмас жақсы ниет жұбайына; Жүзіме көрінгендер көз салсын деп; М-Ж. Көпеев көз салып пен көз тігіп және сүзілтіп жүргенімен екі көзін тұрақты тіркесін жарыстыра қолданған көз тігіп, сүзілтіп жүргенімен екі көзін тіркесі де көз салмас тіркесіне антонимнің грамматикалық мағынасын құрайды. Мысалы: Көз тігіп қарағанмен көңіл бермес; Сүзілтіп жүргенімен екі көзін; Әркім-ақ**

жамандыққа көңіл берді; Көз тігіп қарағанмен көңіл бермес; Дегенмен жұрт көрмеген бір іс көрдім; «Көрінбеген нәрсені көрдім» деумен; Көрінбеген нәрсені көрдім деумен; Көрмесем де көрдім деп жеңіп жүрген; Білгенмен, білмегеннен отер бір іс; Дөңеңе жоқ білмегенге, білгенге аза; Мәлімі жоқ көреме, көрмей ме көз?! Айтты не, айтпады не, кетті күйім;

Антоним тіркестер арқылы тұтас сөйлем мағынасы қарама-қарсы болады: Сөзі бар заманның теріс қақпай; Сөзі бар екеу-екеу сыбырлаған // Ұзақ күн біткен сөз жоқ керіс-тартыс; Баламаға дастан қылып айтқан сөзім // Құпиялап бір-бірінен сөз ұрлаған;

Синонимдер: Өткіздім қасірет пенен қапалықта; Ішім от, сыртым жалын қайнағаным; Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп, азып; Өтірік, ұрлық, өсек араласқан; Көбейді зорлықшылға өшті, қасты; Табылар мұңлы - зарлы саған серік; Көрсетіп көбі азына қуат-күшін; Суытып илікпейді өңі-түсін; Сұраусыз, ықтиярсыз соя бер де; Кем - кетік, нашарлар күн көре алмаған; Пайда жоқ өтіріктен жалғандығы; Әр жерде әңгіме гып, кеңес құрдым; Болдырып тұрып қалды шаппай, желмей; Данышпан, ақыл дана керек дейді; Қылмаңыздар жанжал, талас бұған ереу; Айлас, мұңдас сол көптен табылады; Надандық, білместіктен көндік кімге; Халақ ықыласы бек ұнап, жараса деп; Бірлігі-мұсылманның ынтымағы; Қызылшыл, жемтікішілді жібермеңдер; Айдалып, атылудан қашипаңыздар; Дініңді кім қорласа-сол өш қасың; Ағайын егіз туган ұрлық, зорлық; Көп көрген жақсылардың құрмет-сыйын; Осы боп ендігі арман қайғы-мұңы; Ішпей-жемей дүниені текке жиып; Жаман гоі арамнан да өтірік-өсек; Жалғыз-ақ маған керек ажар, көрік;

Фразеологиялық синонимдер: Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып; Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерін, Барады бір ашылмай ішкі кірім; Тарқамай бұ жалғаннан кеткен шерім, Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса; Газетпен көңіліндегі мұңын айтып; Көкірегім — қан, жаспенен толған көзім; Көз жасы жылаулының болар қабыл; Жас ағып жүре бердік көзімізден; Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә; Көз жасы көп жылаумен сел болады; Жүзіме көрінгендер көз салсын деп; Көз салып бірін-бірі шамаласқан; Залымдар көзімізді алар ойып; Хакімдер атып тастар көзін жойып; Данышпан өтпей сөзі шаһбазлардың; Өлген құнсыз, айтқан сөз пұлсыз болып; Халқына мархаматты сөзін айтып; Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді; Көз салмас жақсы ниет жұбайына; Сиқырына неше түрлі көз жетпейді; Қыран құс-көңіл ашар, жүйрік тазы; Жүздеген мұңлылардың көңілін ашқан; Япырм-ай, кессем бе екен мен тілімді?! Мен жұрмін қутыла алмай тілден жазып; М-Ж. Көпеев Иненің

жасуындай шықты жерден қолданысынан басқа «Өлім жолы иненің көзіндеі» - деп, *Өлім жолы иненің жасуындай* синонимдік мағынада пайдаланады. *Ынтымақ, ауыз бірлік қылу үшін;*

Мағаналас философиялық «мен», «мен» синоним жасайды да адамдардың бірыңғай кеуде соққан, тәкәнар мінезін ашады: *Неше «Мен!», «Мен!» дегеннің көңілін бастық;*

Фразеологиялық синонимдерге плеоназмдар мен перифразалар да жатады: Плеоназмдар: *Болгандай болдың маған өнер-білім; Ұзын тун ұйқы көрмей, жүдеп азып; Жазым боп жазатайым туссең торға; Болмаса бір құдайдан үміт-қуат; Мейірі патша (ның) ағызам тасып жатыр (ілік септігін қосып айтса, мағыналы сөз екі рет қайталаанады патшаның деп те, ағызам деп те айта беруге болады); Көбейді зорлықшылға өшті, қасты; Бас салып мұңлы-зарлы кем-кетікті; Шарасыз амалсыздан жүріп едік; Талабы өркімнің-ақ биік өрде; Еркінлік бұл халыққа деген публик; Пайда жоқ өтіріктен жалғандығы; Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі; Аулаққа бойын тартып қашырмаса; Көрместен кетсек арман көзімізден; Бұрынғы қисықпенен шалыс болсын; Жұмысы біте қалар тез оңайдан; Қанағат қанып ішсе қара шайдан; Плеоназмдар кейде мағыналас екі сөзден болғанмен бір сыңыры кірме сөз де болуы мүмкін: Мысалы, *Еркіндік бұл халыққа деген публик; Публик сөзі қазіргі кезде көрермен деген мағынада қолданылып жүр. Бірақ, зрителей* деген сөздің балмасы көрермен қоса қолданылады. *Болғаннан дүние-дүние әуел ақыр; Онан үлкен зорлардан жоқ боп сөзі; Жұмысы біте қалар тез оңайлан; Жуандан күжірейісіп болып пілдей; Сатусыз табылған соң бостан-босқа; Керең саңырау дегенім құлағы жоқ; Күнде, күнде түсіріп қара терге; Шарасыз, амалсыздан жүрген сорлы; Бостандық болмақ болып әр ұруға; Дініңді кім қорласа - сол өш қасың; Қарап тұрып зорықтым, шаппай, желмей; Не дейді екен, тыңдайық, тұра тұршы; Жұрттың тынышын алады: «тұршы-тұр!» Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып; Жігіттер жаманнан қаш, қаш; Отырған Жиделіде ата шалға; Әрқашан бабаңызды жоқтап дайым; Еткенім менің мұндай не қылғаным?!;**

Перифразаның ерекше бір түрі – эвфемизм: *Бұл қазақ тек сөйлесе жалдамаға* (күшін сатып күн көретін адам); Перифразалар жалпы ұғымда әлеуметтік - саяси мән - мағынада қолданылады: *Ынтымақ алаш болып қосылмаса* (түрік жұрты болып басыңды біріктіріп «Орхон-Енесей» ескерткішіндегі айтылған ой қайталаанады); *Қоймассың деген сөз бар, ал көзін жой* (өлтіру); *Кісендеп неге бекітпедім тілді* (өкіну); *Сұмырай құс су ішпейді дария көлден* (дария

монғол тілінде өзен, су); *Жолдасым су қараңғы алған үйден* (соқыр); *Жақсы-жаз, жаман адам-зымыстан* (ку);

Табу мен эвфемизмдер: Ауыстыру амалдарының тіл білімі мен тығыз келетін тұстары өте көп. Әсіресе, сөздердің лексика-семантикалық мағыналарын олардың бір - бірімен грамматикалық байланысын зерттейтін ғылым осы лингвистика. Эвфемизм, табу болсын лексикалық құрамы көмескіленген фразеологизмдер мен сөз тіркестерінен, сөздерден тұрады. Олардың мағыналық жағынан өрістеуіне мүмкіндіктер зор. Сол екінші мағынасын тілдік тұрғыдан ашу тіл білімінің еншісіне тиеді. Әдебиет теориясы екінші мағынаның ішкі құрылымына бара бермейді (Жұмалиев, Қабдолов-242). Сөздердің этнографиясы мен этнолингвистикасына зерттеу жасамайды. Осы жағынан келгенде тіл біліміне жақындайды. Демек, эвфемизм мен табу тіл білімінің де зерттеу объектісі болып табылады екен. Енді, тікелей зерттеу жұмысына тоқталайық. Мұсылман болмай тұрғандағы Тәңір ұғымы бір құдайды білмей тұрғандағы түрік дүниесінің табиғаттан тыс күш иесі. Тәңірге жалынған, табынған. Отты, суды, ағашты т.б. тәңір жаратты деп ұққан (В. Томсен, М. Аджи, Қасқабасов т.б. - қараңыз). Бұл ұғым бертінге дейін үзілмей сақталған. Кейіннен, бұл ұғым ислам дінінің енуімен алла, құдай мағынасына ауысқан. Мұсылман дінінің қағидасын білмейтін кей қазақ әдеттегі дәстүр қалпымен алла, құдай есімін ауыздарына ала береді. Бұл ұғымдар қазақ салт-дәстүрінің бөлінбес құрамдас бөлігіне айналды. Сол себепті де, ауыз әдебиетінде болсын (мұсылман дініне дейінгі дүниелерге бертіңгі өңдеуші енгізген) жазба дүниелерде болсын сақталып, жетіп отырған. М-Жүсіп шығармаларынан орын алған: *Жасында бір кем отыз тәңірім айтып; Бір құдайдан басқадан күдер үзіп; Оқу бар, ұғушы жоқ, құдай атып;* Содан бірте – бірте сатылап келіп үлкенді сыйлау қастерлеу ұғымы қалыптасқан. Оның сыртында билік, үстемдік мағынасы қылаң берген. Қоғамдағы саналы адамдар беделді, халық арасында сөзі өтетін кісілерді байқап отырған. Жиренше, Аяз би (Жаман) солай пайда болған. Үстем тап өкілдері өздерінің билігін нығайту мақсатында халық арасында таяныш, тірек іздеген. Әу бастағы табиғаттан тыс болып жатқан құбылыстар жүре-келе, уақыт өте келе ұмытыла бастап, үйреншікті әдетке айналған. Сірінке, оттық солай пайда болған. Мысалы, үйленген жастар *отқа май* салады бірақ, қолданыстағы заттық мәдениетпен өзі қолымен жасап жатқан істің, көнеден келе жатқан ішкі мән - мазмұнын өзі білмейді. *Отың өшпесінің* сыртқы формасына мәз болып жүре береді. Бұрын отты қайта өңдеп алу өте қиынға соққан, содан зәтте болған ерте дүние адамдары отты өшірмей сақтап отырған. Көне

заман көрініс кішірейіп сандық белгі ретінде ғана сақталған. Отпен аластау, шырақ жағу, хрестиян дінің отнашуы, свечкаларды жағуы - бәрі көне түркі дүниесінің этнографиялық құндылығы болып есептеледі. Адамдар өз бойындағы жоқ қасиетті басқа біреуден көргенде таң қалған, бұрынғы бойға сіңген тәңір, алла, құдай ұғымындағы наным-сенімдер өз жемісін анда-санда беріп қап жүрген. Адам психологиясында орын алған бұл дәстүрлер сол ерекше кісі алдындағы табыну сияқты, қазір сыйлау ұғымына ауысты. «Адам адамға жолдас және бауыр», «Адам адамнан қорықпайды, сыйлайды» деген сөз аясына әкеліп сыйдырды. Олардың орнын тірі құдай есебіндегі үлкен кісілер орын алды. Сөйтіп, кісі атына мағынасы жағынан жуықтаған жанама аттарды теліді. Мысалы: *Қарадан хан боп өткен бабаң Поштай; Атаның мекен салған мұрысынан; Атаның отын қылған мұрасы бар; Ие боп жанбасқа бір отагасы; Болмаңыз алты ауызды, бауырларым, Білмесең өз пайдаңды, бауырларым; Сәйгелде ойнайтұғын құрдасы бар; Сөз жөнін құрбыларға айта қалсаң; Қойыңда құшақтаған жесірінен; Көз салмас жақсы ниет жұбайына; Қалмайды ұрғашыдай сол қиялап;* Өлі алдындағы құрмет (онгон) аруақтарды құрметтеу ұғымы жатыр (Уәлиханов-173). «Өліні сыйламай, тірі байымайды» деген мақалдың аясында: *Тұрғызып омақаны әрбір жерге; Жау гоһ деп қараңғыда омақаны; Әр төбеде оба боп үйілген тас* деген сияқты дәстүр пайда болды. Қазақтарда содан қалған мұра ретінде биік жерлерге тастан үйіп оба тұрғызу әдеті сақталған. Оба тұрғызу құбылысы әдетте жаугершілік заманда өлген жауынгерді қатарласып кеп таспен үю дағдысынан келіп туған сияқты. Жер қатты кезде, жердің тоңы қатқан кезде өлген жауынгерді жерлеуге мүмкін болмағанда ит пен құстан сақтанып оба тұрғызған. Заман өте ол кәдуескідей дәстүрлі салтқа айналған. Қазір оба деп саз кірпіштен өрген моланы, зиратты да айтады. Обаның жетілген түрі байлық пен қолы жеткеннің ісі ретінде дін, күмбез сияқты түрлері де пайда болды. М-Жүсіп лексикасында ұшырасатын: *Қызбайтын көрінсе де жерік асы; Шешендер-мәуелі ағаш, сөз-бір жеміс* деген мысалдардағы *жерік ас* екі қабат болған әйелдердің тәбетті тамағы жирену, жеркену сөздерінің антонимі болса, *шешен* сөзі тілді, сөзі өткір адамдарға айтылады. Қазақ ұғымындағы үлкенді сыйлау, кішіге құрмет үнемі белгілі бір заттық ұғыммен есте қалу үшін қайталанып, тиянақталып отырған. Мұндай құрмет әруақытта үздіксіз үлкен мен кіші алдында тәрбиелік мән беруден шығып отырған. Тәрбиелік мәнді көріністер қай жерде болсын ұмытылмай жас балалар алдында қайталанып жүрген. Сондықтан да әдет-дәстүр ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа

жетіп отырған. Сондай салт - ғұрыптың жақсы ғұрпы жазба әдебиетте сақталып этнолингвистика түрінде ғана жетті. Демек, жазба түрде бар да, іс жүзінде ұмытыла бастаған құбылыстар. Олар белгілі бір термин атауға эвфемизм мен табуға ие болды. Бірақ, сол әдетті қазіргі жастардың кейбірі саналы түрде істесе, кейбірі қарызданған сияқты соның есебінде жүзеге асырады. Оның арғы түп-төркініне онша мән беріп жатпайды. М-Жүсіптің шығармаларында мұндай этнографизмдер ұшырасады. *Бас жегізіп, бас қылып, орын босагадан, бір шалды, төрге отыртып, бас жегізіп, басың төрде, ие болып бір жамбасқа, бір отағасы, еркелеткен бар баласы, жілікті ұсынды, атаның баласы, май жағасы т.б.* Құрметті адамдарға сойылған малдың *басы тартылып, бас жегізген* себебі адам ең әуелі өз басын ойлаған, ішінде миы бар, бассыз жүру мүмкін емес, оның үстіне өзеннің, тұманың, бұлақтың *басы бастау көзі* болған, таудың *басы*, теректің *басы* биіктікке аспан әлеміне бір табан жақындатқан. Биіктік пен шексіздік ұғымы түркі әлеміне жат болмаған. Ойлау философиясын кеңіткен. Олар өз мүмкіншілігінен ары ойлауға дағдыланған. Солай бас ұғымына байланысты *бас болып, басың төрде* тіркесі қалыптасқан: *Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп, Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Барсаң да қай орыңа басың төрде, Басқа орын босагадан тимейтінді* дәлел бола алады. *Босаға* мен *төр* мағынасы жағынан антоним сөздер. *Босану* (бос ана) бала табу ұғымына байланысты ма дейміз. Ана босанғанда аяқ жағын есікке қаратып босанады. Бала бостандыққа кеңістікке былайша айтқанда дүниеге келеді. Ана құрсағынан босанады. *Төр* сөзі тағы *төр* сөзінің ықшамдалған варианты. *Өрлеу, жоғарлау* сөздерінің негізінде *жоғарлатыңыз, төрлетіңіз // өрлетіңіз* сөздері қалыптасқан сыңайлы. Мұсылман дініне байланысты құбыла, теріскей ұғымдары қалыптасты. Киіз үйдің есігін қазақтар еш уақытта күн батысқа қаратпайды, күн шығысқа қаратады. Оның мәнісі, күн жазғы уақытта ерте атады, күннің шығуымен ерте тұрады «*Ерте тұрған еркектің бір ісі артық, ерте тұрған әйелдің ырыс артық*» дегендей малын өргізеді, батуымен малын қотанға әкеліп қамайды. Қора ұғымы кейін пайда болған. Төмен етектерінің төмен отырып, еркектер жоғары отыратын әдет қалыптасқан. *Отағасы* сөзі от анасы ұғымынан келіп туған. *Жанбас, жілік ұстату, еркелету, атаның баласы, май жағасы* сөздерінің лексика-семантикалық мағынасын айтпаса да түсінікті. Терілген кортотекада мынандай мысалдар бар:

Ие болып жанбасқа бір отағасы;

Қасында еркелеткен бар баласы.

Жілікті «мә» деп соған ұстатады,

Атаның баласы бар, май жағасы;

Төресі қисық жаққа бұза шықты; Боқтайды стражник тұрып төрде деген мысалдардағы **төре** сөзі қазақ ұғымына лайықталып: жеңгелері қайнысын не қайнағасын төрем дейтін дәстүр жаңғырығына әкелсе, *стражниктің тұрып төрде боқтауы* қазақ дәстүріндегі құрметтеп төрге шығару ұғымынан басқа монархиялық билік символы (Е. Жұбанов-95) болып табылады. *Ширекке төрттің бірі болдық деңіз, Айырылып бұрынғы аршын кезімізден* деген өлең жолдары үлкеннің жасын сұрамаудан, сақалын сыйлауынан келіп туған дәстүр. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романынан алынған: «*Үлкен кісі, жүзден жиыrmасы кем аулының жігіттері қайда жатады екен? Білсеңіз, жөн сілтеп жіберіңізші?*» - деді. Әйелдің сұрап тұрғаны *Сексен аулының жігіттері екенін аңғармай қалған Байшегір: -Шырағым, ондай оспағыңа шарқақ едім... Пайғамбардың аулы болса да атын аташы!* - деді. Әйел біреу естіп қалмас па екен дегендей, айнала бір қаранып алды да: *-Тәңірі деген, жүзге жиыrmасы жетпесе, сексен болмайтын ба еді!... Сексен аулының жігіттерін сұраймын,* - деді енді турасынан тартып» (288-289); **Талақ, сыбағасы, маңдайында жұлдызы** деген сөздердің әрқайсысының үлкен мән-мағынасы бар. Мұсылман дінінің қазақ ұғымындағы шаригаты араласып келген өзінің әдет-салты бойында, ырым-жора арқылы астыртын екінші мағынасы айқындалып келетін сөздер. Бұл сөздер орын алған мысал мынандай: *Неке, талақ, қамшыға қолында бол; Неке, талақ, мұрастың ау-жанжалы; Бұлардың сыбағасын аштық берді; Кез болды маңдайына жұлдыз оны; Балалар, жалқау болма шабан тартып; Өмірімде жоқ маған аға, жеңге; Тастамай нағашысын қолына алды; Шөметейі ауырады деп, кестірмеген екен (ААБӨАШЕ); Немере інісі Сапақтың Байсақал қызы келінін Муса мырза әдейі көріп сөйлескен екен (АҚАМ); Сенен үзбен, шырағым, - деп күдерді (ХБ); ... не сұлу алған, не тоқал алған қожә-молламен үйір-шүйір болып соған береді (САКЕ); Баласының қайыны қырғызда бір бай екен; Біз қырғыздан жесір алып келе алмаймыз (Боран); Өзіммен және тату құрдас еді; Немере, шөберенің ортасында.*

Аллитерация мен ассонанстық құбылыстардың жарыса қолданылуы: Төрт аллитерациялық сөз, сегіз ассонанстық сөз бірыңғайлы антропонимді сөздерден жасалған. Сарыарқа сын + зат = зат жасалған. Арқа сөзі тұлғасы зат есімді сын есімге айналған сөздермен тіркескен: **бал, бел, сай, бай, мал, төл;**

Салтанатты Сарыарқа,

Сәулеленген Сарыарқа.

*Кең қойның кең Сарыарқа,
Сан жеткізсіз Сарыарқа,
Суың шекер бал Арқа,
Майда шөбің бал Арқа,
Күрделі биік бел Арқа,
Малы-басың сай Арқа,
Төрт түлікке бай Арқа,
Маңырап тұрған мал Арқа,
Тоңірегі төл Арқа.*

Бірыңғай ассонансқа құрылған «Ағайын» өлеңі –йын омоним тұлғалы қосымшаға қабылдап, өлеңнің эмоционалды-экспрессивті ажарын аша түседі: Ағайын сөзі жиырма жеті рет қайталанған ассонанс. Есімше тұлғасы –тын, -тін және да, де шылауы арқылы мынандай етістіктермен байланысқан: *мақтайын, жақтайын, жоқтайын, қақпайтын, тақпайтын, сақтайтын, жүретін, білетін, бөлейтін, жөнейтін, ерітетін, түртетін, көретін, сенетін, жоқтайтын, тоқтайтын, ұқпайтын, ұқсайтын, жүретін, беретін, көретін, күлетін, беретін, жүретін, үркетін, сүртетін*. Бұл етістіктердің бәрі де қазақ мінез құлқын дәл ашатын сөздер. Осы келтірілген мысалдар арқылы М-Ж. Көпеевтің тілінің қаншалықты бай екендігіне көзіміз жетеді. Жоғарыдағы етістіктер ағайынның қамқорлығын білдіретін сөздер. Сол қамқорлықты бейнелейтін, ағайынның образын ашатын сөздер мен сөз тіркестері: *елжіреп, айналып, ауруыңды жеңіл гып, еркелетіп, жаман атақ, ашыққанда рақым гып, сағынып, есіне алып, мамыққа бөлейтін, алаңсыз сұрап, сыбырлап ерітетін, жыланды түртетін, аяқ тайса алдымен көретін; тұрақты тіркестер: ауруыңды жеңіл гып, жаман атақ, сабыры қалмай, алаңсыз сұрап, сылдыр сөз, ұйықтап жатқан жылан, аяқ тайса, маңдайдағы күн, басыңдағы бағың, кем кетікті бүтіндейтін, қылға тізіп, жолы болып жортқанда, жан қысылса, аңдамай тартып, түсіне түйткіл, улы тілмен, өскен ордам, қараңғы еді маңайым т.б.*

*Аманыңда елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып жақтайтын да ағайын.
Ауруыңды жеңіл гып жоқтайтын да ағайын,
Еркелетіп бетіңнен қақпайтын да ағайын,
Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,
Ашыққанда рақым гып сақтайтын да ағайын,
Сабыры қалмай сағынып жүретін де ағайын,
Есіне алып елжірей білетін де ағайын.
Мақтанғанда мамыққа бөлейтін де ағайын,*

*Алаңсыз сұрап алыстан жөнейтін де ағайын,
Сылдыр сөзбен сыбырлап ерітетін де ағайын,
Ұйықтап жатқан жыланды түртетін де ағайын,
Аяқ тайса алдымен көретін де ағайын,
Айтқаныңа қалтқысыз сенетін де ағайын,
Маңдайдағы күніңді жоқтайтын да ағайын,
Басыңдағы бағыңа тоқтайтын да ағайын,
Адал айтқан ақылды ұқпайтын да ағайын,
Жаяу жүріп аттыға ұқсайтын да ағайын,
Кем кетікті бүтіндей жүретін де ағайын,
Адасқанда аттарын беретін де ағайын,
Туысқансып түрлі істі көретін де ағайын,
Қылға тізіп қимылды кулетін де ағайын,
Еріксіз ұстап қолыңнан беретін де ағайын,
Жолы болып жортқанда жүретін де ағайын,
Жан қысылса жатырқап үркетін де ағайын,
Көлгірсініп көз жасын сүртетін де ағайын,
Әуел баста аңдамай тартып жүрме ағайын,
Толып жатыр түрлі сөз қайсібірін айтайын,
Түсінсе түйткіл сөзімді улы тілмен шағайын,
Өскен ордам жамандап жақсыны қайдан*

табайын?

*Өкпелерге орын жоқ, қараңғы еді маңайым,
Өлмеген ер табады өзгерістің талайын.*

II. М-Жүсіп шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданысы

2. 1. М-Жүсіптің өзінің қаламынан шыққан туынды фразеологизмдер

Отындықтан шықты оқтық мүсін, Тышқанышы иттей лағып жүрген түзде, Сырты түтін (бүтін) болған мен іші-жалған (жалын), Көтін жу да есектің, мал табыңдар, Бейнет көрмей, рақат (зейнет көрмейді) жоқ, Томағасын бүркінің сыпырғаны (ХБ); Денсаулық - тірі адамға үлкен байлық (зор байлық) (ЫШ); Ішім от, сыртым жалын қайнағаным (1 том); Жақсыны өзі болған көре алмаған; Жыртылды байға ерумен кедей таңы; Жылқы осал қыс болғанда жалы жоқтан; Ант беріп ағартады жаны жоқтан; Қалмайды нашарлақпен малы жоқтан; Біреуді күндемесе жүре алмаған; Ол өзі жөн-жобаны біле алмаған; түлкінің басыңды тарт қайласынан; Жырыақ жүр сұмның айтқан пайдасынан; Зәремді алып түбіме

жеттің (Зәремнің зәр түбіне жеттің); Жұқтырар соқырлығын жолдасына (сынықтан басқа бәрі жұғады); Жігіттің үйде жатпас өнерпазы; Айта алмай переводтап қызыл тілім; Қолына жұрт билігін туган ұстай; Халқына бақташы боп болған қорған; Шарықтап ағып түскен қыран құстай; Сонда бір түзу заман болып тұрған; Поштай еді көп жұртқа болған қорған; Арманы жоқ жалғаннан мұңсыз байды; Жыртылып тарта берсе кетер перде; Жатқаның жақсы емес пе өліп көрде; Қутырған ит аспанға қарап үргенменен; Болысар анық аққа бір құдайы; Басы сол күнәсі жоқ аққа күйген; Түзу ағаш әрқайда тез болмайды; Тура алмайды ақындар ауыз бағып; Көр соқырлар танымай тез екенін; Талай қисық ағашты қылады оқтай; Тапақ үшін құл болып көрінгенге; Дүниенің көз салмаңдар бар-жоғына; Тоқтай алмай көргеннен жерік асын; Жұрт күлер алақанын шапалақтап; Емкі туганменен лақ емес; Қызыл тілім бұлбұлдай сайрағанда, Талай жанның көкейін кесіп едім; Алты алаш түгел білген дабысымды; Қызыл тілді қылыштай сермеп жайқап; Жарқырап топқа көзге түсіп едім; тіңіліп мен жолдасымнан күдер үздім; Ыбырай-сұмырай, диуана-суаналар; Кемпірулы-көр ұлы; Құйғанмен түпсіз ыдыс бір толмаған; Жынысы әйелге-ит тиген арам асын; Бай үш түрлі болады: Бір бай-парақор, бір бай бар-жалақор, бір бай бар-зинақор; Ғалым үш түрлі: нан ғалым, тән ғалым, жан ғалым (САКЕ);

2.2. М-Жүсіптің тұрақты тіркесті образды түрде қолдануы

Жатпадым су түбінде садәф болып; Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай; Мерт болдым айға шауып арыстандай; Шықылдап көзге түстім сауысқандай; Сөйлеуден тиылмаған қызыл тілім; Өттің бе зарланумен, қайран күнім; Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным; Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным; Сайрауға дәрменім жоқ тұрмын қажып; Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп, азып; Мен жұрмін қутыла алмай, тілден жазып; Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш жатыр гої; Қызыл тіл, сен басымды салдың дауга; Ақылды аузын жауып, ділін ашқан; Алтынды пұлын білмей жерге шашқан; Тамғаны тақыр жерге сор болдады; Көкірегім-қан, жаспенен толған көзім; Жалғаннан суып көңілім тоқырадым; Бұл күнде алтын азып жез болыпты; Бектердің оң қолында тұрағыңыз; Жазым боп жазатайым түссең торға; Барады бір ашылмай ішкі кірім; Зарығып бу қайғыдан қанлар жұтып; Тарқамай бұ жалғаннан кеткен шерім; Сайрайсың түні бойы ауыз жаппай; Үндемей сабыр қылып бағар едің; Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып; Мәз болып

жүріңсің де сақтағанға; Мұратым бітпесе де көңілім тоқ; Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол; Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді; Сөзі бар заманың теріс қақпай; Түйгынға күшігендер ауыз салып; Ғақылсыз аңқылдама құлап жарға; Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып; Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан; Аяқты баспа қадам байқамастан; Көз тігіп қарағанмен көңіл бермес; Өзіңді жұтып қояр шайнамастан; Жігіттер, жақсы қайда үлгі шашқан; Жүдеген мұңлылардың көңілін ашқан; Көз салып бірін-бірі шамаласқан; білімге жабысайық көңіл қойып; Ерлердің жұмысына жүрмін тойып; Залымдар көзімізді алар ойып; Хакімдер атап тастар көзін жойып; шығарған манифесті басын жиып; Әдейі қиыстырар құрған тезін; Молданың жаудыратып қойып көзін; Боқтайды стражник түйреп бізін; Манифест әрбір жұртқа шашып жатыр; Шаһбаздар ақ-қараны көріп тұрған; Біздерге әбден жаны ашып жатыр; Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді; Көңілден кетіруді әрбір кірді; Нахақтан құсаменен қан жұтқызып; Тексеріп жұмыс қылды көрді-жерді; Нахақтан бір-біріне жала жауып, Жете алмай ақ-қараның анығыны; Жыландай зәрін төгіп сорып жатқан; Жүзіме көрінгендер көз салсын деп; Таба алмай кедей ақша жапа тартқан; Маңына жан жолатпай бауыр басты; Тыңдайтын мұның сөзін құлақ қайда; Рәсуа боп, өз абыройын өзі шашты; Қор болды айырылып қап ақ шаригат; Көрместен кетсек арман көзімізден; Жатқандай тәтті үйқыда қазақ халқы; Ойлайды бізді аламын деп бармағына; Жақсы емес түсе берсең қармағына; Берілер ақыр бір күн басыңа ерік; Жер-суды алып кетті гоі қазық қағып; Жел болып жаққан шамға дамыл бермей; Таусылмай толып жатыр арманымыз; Болмаңыз алты ауызды бауырларым; Жүіне ақ қағаздың тартып қалам; Таң атса дүние жүзі қыбырлаған; Күпиялап бір – бірінен сөз ұрлаған; Басқа орын босағадан тимейтінді; Бас қылып бас жегізіп тәрбиелеп; Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Атаның баласы бар, май жағасы; Күн бұрын алас ұрып әуренерер; Аузының дәмін алып тамсауымен; Аңдыған арам көңіл екі досты; Айрылып ат-тонынан жүрдай болып; шығынды басқа салар сырттан пішіп; Жиылса сәлемдеспей қырын қарап; Құда түсер, бата оқыр сықылданып, Бул жүргенмен құлақ пен көз табылмас; Жұмысын құрғақ тілмен реттейді; Халық-жұрт өзі құмар қалың дауға; Секірген шайтанымен көңілі тынып; Бозарған сұр жыландай іші зарлы; Сүзектен тұрған жандай өңі сынып; Бәрі де пана іздейді жұлынғанның; Майы үшін, үшін жинап ақша, ат пен тайдың; Кедейдің хат білмеген соры қайнар; Мойнына сары жезден қарғы салып; Осылай арам тамақ жеген бәрі; Бір

құдай болысқанға душман оңай; Бу сөзім алты алашқа танысы болсын; Боқтайды стражник тұрып төрде; Би шықты қозы қарын пормы жоқтан; Шыбын жаны болысқанға пида шықты; Іргеңнен ата-қоныс мұра шықты; Жұмысын теріс жаққа айналдырып; Айтса оңға бас деп тіл алмаған; Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған; Болысной оязбенен жемтіктес боп; Ұрыға тыю-тоқтау қылы алмаған; Қисайып мойын біткен бұзықтыққа; Бул күнде жан қалмады сыналмаған; Ұнайды дін исламға мүфти қазы; Қол күшпен ел билеген хакімдерге; Алаш боп басты қоссақ қор болмаспыз; Біз болып тұрсақтағы көптің зары; Күжілдеп, шекең қызып, лыга сөйлеп; Сыбырлап екеу-екеу үй сыртында; айтақтап әркім қосқан бір қу тазы; Күшейді өштік-қастық ел аразы; Ақ болсын хаққа көңілің бұл сықылды; Біз түйе, тартынар деп мұрнын тескен; Екі қыс арқасынан бірдей қысып; Түйеге ноқта қалай бұйырық болды; Мінуге үш түліктің пайдасы бар; Көшпелі үй тігетін болғаннан соң; Бұл жұрттың қойдырам деп айт пен тойын; біз айтқан пәрменіне қойдық мойын; Ас берген ұмытып тұр қалың тойын; Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын; Дыбыс жоқ қорқуменен үнсіз болды; Айтқаным құр далаға желсіз болды; Тамағы хакімдердің тоқ болған соң; Аяқты қыбырлатса тиын сұрап; шығып тұр елге зәбір осындайдан, Жалғанға құлақ құрышы қанғандағы; Түбіне сол арманның жетемін деп; Ойлайма дін жолына болыстым деп; Бас тартып бұл кеңестен қалғандығы; Бәйгіге әркім баптап ат қосып тұр; Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса; Бәріне мұсылманның бауыр болып; Жылқы мал үйір болмас қасынбаса; Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас; Болғанмен жүрген жерің мидай тақыр; Кемдік жоқ жер-су басып жүруінде; Құлағы тарс бекіген саңырау бірі; Өзіңде өшің болса саңырауға ұрын; Елсізде көріп көзім тоймасын ба; Бой бағып мен анадай алыс тұрдым; Бүлінді өз-өзінен құдай ұрып; Жалаңаш тұр, жан қоярға жер таба алмай; Құдайдың құба жоны құла түзде; Ес көріп осыларды қара тартқан; Жол берсе кірер еді жердің асты; Түңіліп тірліктен күдер үзіп; Көп сөйлеп қызыл тілім болып тұр ій; Бір жемтік тақыр тиді болып қалған; Талай қарға-құзғындар ауыз салған; Ауыз жарыр еті жоқ бір қу сүйек; Үш ұйықтаса ойда жоқ бір тесіктен; Бір қалыңдық ойнарсың қол ұстасып; Бірі дүние қоңыз еді, көзі соқыр; Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса; Шаригаттың тізгіні қолымызда; Салушы болса құлақ сөзімізге; Күн көзі бұлт жоқ боп ашылса деп; Тірідей тықласа екен бізді көрге; Патшаға біз бағындық ұсындық мойын; Жерінен суырып алып көрде жатқан; Ініге алғыза алмас аға тілін; Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген; Қамы үшін ел-жұртының отқа кірген; Көбелек

түседі отқа тұрған жанып; Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым;
 Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз; Ешкімге жүрмейді көзін
 сүзіп; Кез болса маңдайында жұлдыз оны; Қанғандай құлақ құрышы
 сөз сөйлесең; Жақсылар жалған демеі құлақ салған; Жете алмай
 жер түбінде қалған шабан; Зәріп төгіп жыландай, билер сорып; Қан
 жұтып қайғыменен не шаһбаздар; Ағайын татулықтың жібін үзін;
 Қызыл көрсе шабады айлық жерден; Шыға боқтап есіктен, кіре
 күліп; Сөз аяғын ұзартпай тауыспалық; Иненің жасуындай қасиет
 жоқ; Ішпей-жемеі дүниені текке жиып; Кейбіреулер кетеді көзі
 қимай; Тамақ үшін құл болып көрінгенге; Шыбынды қазір көрсең
 қантқа қонған; Үрген қуық-бүгінгі жұрттың басы; Өңісең үрген
 қарыңға душар болды; Ер жігіт шешен болып, малсыз болса;
 Безерленер кедейлік белдеу ұстап; Ағыздым мен бір бұлақ көзін
 тауып; Ауыр жүк асқар таудай мойныға артпа; Шатар боп қырық
 жамаулы баспана үйім; Жыртық тон қырық жамаулы, ескі болды;
 Жанаттай жайлы болды Бетпақ шөлі; Сырты-сау, алай-түлей іші-
 түтін; Ыстық боп іңкәрланып көрген жас төл; Бажайлап кутуші
 еді бас-басына; Осы шіркін темірден жаралған ба?; Бордан
 жаралған ба?; Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл: өлсең, өлесің,
 өлмесең, кісі болып шығасың!; Өлді құдайын тапсын; Шіркін өзі
 сәулесіз, санасыз неме гоі! Ес кетті, жан шықты; Қатықтай
 қатып, сүттей ұйып; Тірліктің қадірін өліп көрде жатқанда
 білерсің; Қаны бұзылған шіркін гоі; Бір дем-әрі, бір дем бері; Осы
 шіркіннің тарыдай ақылы жоқ; Ақылды өзің білмесең сатып ал дейді;
 Ақ қағаздың жүзінен қара танып, ақ пенен қараны айырып халәл¹
 ниетпен тұрған бір қожжа-молла жоқ. Сияның қаралығы қандай
 болса, ішін сондай қаралықпен толтырып алып, партия басы болып,
 өсек жүргізуге әбден жетік. Халәл¹-араб сөзі: «заңды, рұқсат
 етілген» (САКЕ); «Мың сөзден – бір сөз». Ата-бабасының қаны
 қойдың қанындай ағып, алып берген жерінен үрім-бұтақ балалары
 көзінің жасын төге-төге қаңғып кете берді де, бет-аузы, басы
 құлақтай бүріскен, көті ешкінің құйрығындай шүршиген бір жұрт
 иесі жатқан жердей иелене берді (САКЕ); Мөлтілдеп домалапты
 көзінен жас (ЕКІ, БІР); Астында тіреуі жоқ ағаш көпір, Солқылдар
 жалғаз аттың басқанына (ЫШ); Қарайды базар барған қалтасына,
 Сүйсінер тоғай барған балтасына; Түлеген аққу құстың қанатындай,
 Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған (ЫШ); Болаттан ағып түскен,
 мен-бір қурыш (ПДӨТ);

2.3. Еркіндік, теңдік, егемендік мәселесіне байланысты жасалған фразеологизмдер

Күнде үрейі ұшады, зәресі жоқ; Қоян қуған тазыдай шалмай жүрген; Бармағымды тістеумен жедім опық; Қалмаңыз басқа жұрттың табасына; Орынды қақ жарып кеп алды төрден; Мұсылман баласына тиді тізгін; Ақша үшін ашылған жүзқараның; Қалың жұрттың жаман ырым жорасынан; Қор болған біздің қазақ қолы жетпей; Ұлықтың қузырына қалам тартқан; Ұлыққа бізден барып арыз айту; Айта алсаң болар ердің сиясынан; Қазақтан баса-көктеп жер алуды; Баруға басқа ұлыққа құны жетпей; Есіктен кіре алмайтын қарашекпен; Қол қойып, ақ қағазға басқан мөрден; Жыл сайын жат бұйырықтыр зәрені алып; Жүре бер жақсылықпен күдер үзген; Әркім-ақ жылып көшті ұясынан; Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей; Баруға басып қадам ізі жетпей; Тілектің жүрген екен көзі жетпей; Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ; Самұрық қарлықты гой үні жетпей; Сүйінші жүрек жарып сұрап жатыр; Немене естіп құлақ қанған болса; Ояанбай әлі күнге қазақ жатыр; Жетеді көңіліне алған арман болса; Халқына мархабат көз салған болса; Сол бөксең ауыр батпан шойындағы, Тиеді құлағыма еміс-еміс; Түңілді естіген жұрт мұнан таза; Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер; Дем едік бізге де бір дәурен тиді; Болған алты ауызды ынтымақсыз; Бас қосты бір ауызды боп тұруға; Бәрі де бір ауызды болып жатыр; Баласы дін мұсылман ұрандасып; Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты; Шыңырау ғып сексен құлаш қазған орын; Құранды қор, моланы бордай қылып; Тырысты сөндіруге ислам нурын; Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып; Жылағын күндер болды-ау көзі жастап; Көрген соң чиновникті құты қашып; Тұл болды ерік алумен қыз бен қатын; Байланып қорыққандықтан жүрді тілім; Қазағым, қайран жұрттым, халқым, елім; Мұжық кеп қара шекпен крестьян; Нахақ жала жабысып басың кетіп; Тоздырып, иттей қор ғып, быт-шыт етті, Өз басы аман, жұртты отқа сала берді; Пайдасын ұрым-бұтақ ойламады; Жұрт қамын түптеп тартып қозғайтуғын; Қылуға ауыз бірлік бас-басына; Патшаның қол астында бір жарасшы; Ашылған арт немен жабылады; Шыққан сөз көпке бірдей отыз тістен; «Біздің бұл Сарыарқадағы қазаққа: «Қазақ, бізге бағын, қара!»-деп, ақ патшадан жарлық алып шықтым деп, Иван Семенович деген полковой келді. Сонда оныменен талас Қытайдан да елші келді: «Қазақ саған қарамайды, маған қарайды»,-деп. Ол екеуін басқа қазақтың өз ішінен Кенесары, Наурызбай деген шықты. Онда олар айтты:

Бағынба, қазақ, орысқа,
Бағынсаң, қазақ, орысқа...
Көрінісі орыстың
Текеметтің түріндей,
Ойлағаны-жамандық
Жарадан аққан іріңдей,
Абақты деген үйі бар
Қазулы даяр көріндей...

Сол замандағы қазақ жақсылары кеңесті де, Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады және Қытай елшісіне сөйлеспеді. Жерімізге тимесең, солдат алмасаң, саған қараймыз деп, әділетшілдігі бар деп, ақ патшаға өз ықтиярымен қарап бағынды. Теріге жаздырып уағда хат алды. Қазақтың жер, суына залал қылмаймыз, солдат алмаймыз дегенін жаздырып, Баянаула тауына Шоң биден сұрап қала салды, Көкшетауға ұлы ханның тоқалы Айғаным ханымнан сұрап қала салды. Әлхисса Сарыарқаның пайдалы жерінің бәріне де қала сала бастады. **Бостандық, теңдік ұғымындағы сөздер:** құл болғанына, көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын, бостандық, ынтымақтастық, береке, мереке, теңдік, бас қосыңдар, оянбай әлі күнге қазақ жатыр, азат, бірлік, бас азат, дін мен жерге ерік, жер-судан айырылған соң, тәтті ұйқыда қазақ халқы, баласы дін мұсылман ояныңдар, ынтымақ, Қазақтың берекесі ортасында, Еркіндік бұл халыққа деген публик; Бостандық алдым мен деп оянайды; Мұсылман баласына тиді тізгін; Ынтымақ, кеңеспенен болған істің; Оянбай әлі күнге қазақ жатыр; Оянып бізден басқа халықтың бәрі; Бостандық болмақ болып әр ұруға; Баласы дін мұсылман ұрандасып, Қосыл кісі санына, қос басыңды; Орысша тіл білгенлі жұлдыз қылып; Бас қосты бір ауызды болып тұруға; Ерлердің күш қосыңдар ерлігіен; Бостандық боп қағусыз берілсе деп; Оқытсын деп орысша зорламасын; Бірлігі-мұсылманның ынтымағы; Азаттық бәрінде бар, дінде болса; Тоқтаусыз бостандық боп берілсе ерік; Бас азат, сүрсең дәурен жұртпен бірле; Айдалып, атылудан қашпаңыздар;

М-Жүсіп орыс империясының саясатын ашық түрде әшкерелейді:

Қалмақтан қазақ алды қанын шашып,
Бостан-бос ие болды орыс басып,
Біз жүрміз зорлық пенен зомбылықта
Асудан асқан сайын жылап асып.

Біздің қазақты үшке бөлсе, екі есесі жоқ есебінде, ал қалайша жоқ десең, жер - су учаске деп алды, войско деп бір алды. Бұл екі алыспен

ағашты, шабындылы жерден қазақ айрылды, суырша жонға шығып, жан сақтап жүр еді. Егінге лайықты деп, ол жан сақтап жүрген жерлерін мүжық келіп және алды.

Жер-судан айырылып қалған соң,
Өз қонысынан ауган соң,
Еркекте ақыл қала ма?
Біреуден сауын сауған соң,
Ұрғашыда ақыл қала ма? (САКЕ).

М-Жүсіп -іп, -ып тұлғалы көсемшелі етістікті шебер қолдана білген. Есімше тұлғалы *-ған соң* (шылау) форманты да афоризмдік форма құрайды.

2.4. М-Жүсіп шағармаларындағы мақал-мәтелдер

Шынжыр балақ, шұбар төс (ХБ); Ескі қыстау – малдың құты, ескі қатын – ердің құты (АКҺБ); Жегені желім, ішкенің ірің болып, Шынжыр балақ, шұбар төс (ХБ); Түлкінің қызылдығы өзіне сор (I том); Жау қайда жар астында; Қойнында өлген сарттың наны бар деп; Аш атасын танымас; Қарыны қайғысыздың тоқ; Бір күн базар, бір күн мазар; Иненің жасуындай шықты жерден; Жөнелді бір қайрылып тілге келмей; Болып тұр мұны айтудан тілім кесік; Сүйсініп құлақ салсын кім сөзіме; «Біз үйден кетпейміз», -деп отырғанмен; Ажал тұр алдымызда бізді күтіп; Өлім жолы иненің көзінде; Өлім жолы иненің жасуындай; Сары алтын-сабыр түбі; Халық сүйгенді, тәңірі сүйеді; Зер танитын, зергердің; Шебер-қолын, шешендер сатып сөзін; Сақал шықты, өкпелеп жүрсек мұртқа; Құдай салды, мен көндім; Мың сіз-бізден бір шыж-мыжды; Ай кірсіз. Құдай мінсіз, Еккен орар-деген сөз, -берген алар; Досқа күлкі, дұшпанға таба болып; Жоқтық ұят емес қой, барлық – мұрат; Қатын-жолда, бала-белде; Ұрып таяқ, айтқанмен сөз өте ме; Ешкі егіз, ит сегізді; Атадан ұл туса игі, ата жолын құса игі, ата жолын құмаса, барынан да жоғы игі (ААБӨАШЕ); Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін; Маңғыт, аузыңа саңғыт (БЗАҚЕТСС); Жаман құдайшыл келеді; Пұшағы қанамаған, құдайы қаламаған; Жорға жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады (АМЖА); Бұрынғыны айтпай, соңғы сөз ойға түспейді; Су анасы-булақ, сөз анасы-құлақ; Жердің кені қазса шығады, адам кені жүрсе шығады; Үйде өскен бұзау өгіз болмайды; Арық пен семіздің басы бір ме, жақсы менен жаманның жаны бір ме?; Мына шіркіннің салы суға кетіп, ығы түсіп, жүдеп тұрғаны; Барлық дәнемені білдірмейді, жоқтық өзі үйретеді; Ақыл-ауыс, ырыс-жұғыс; Ақылсыз бас-аятың

әлегі; Ақылдың тұрағы бас-ау, баста болса мида болады; Төрде дұрыс осы деме, үй менікі деме, үй артында кісі бар; Шапқанда байдың ұлы тоқтағанда есіңе түседі; Зереклікті сат, надандықты сатып ал, зерекілік-зәһір, наданлық-қант; Асыққан қалар ұятқа; Сабыр түбі-сары алтын; Сарғая сақтаған қызара жетер мұратқа (АЖЖАЖТ); Бейнет көрмей, рақат жоқ; Мал болса –«ит те, құс та» қатынаға бай; Көтін жу да есектің, мал табыңдар; Сырты бүтін болған мен іші түтін; Елу жылда ел жаңа; Қой үстіне торғай жұмыртқалаған заман; Туган тойсыз болмасын, өлген ассыз болмасын; Ас адамның арқауы; Тұлпардың тасқа басқан тұяғы (САКЕ); Кат олжа емес, сөз олжа (Шаб); Өнер алды қызыл тіл (Ис.иш); Қолда барда алтынның қадірі жоқ (Ис иш); Аз сөз –алтын болғанда, көп сөз-күміс; Теңізден - тамшы, күннен бір зәррә (Ис иш); Құл құтырса құдыққа қармақ салар (ЕКІ,БІР); Аш атасын танымас (ССЖХ); Бай бір жұттық, батыр бір оқтық; Өзім үшін туыппын, халқым үшін күйіппін; Ел намысы-ер намысы; Алдына келсе, атаңның құнын кеш; Қашқан жауға-қатын ер (Боран); Қызыл тіл-бозбалалар-өнер алды; Ойында озған-шында озар (Шонтыбай); Аз сөз-алтын, көп сөз –көмір (Шонтыбай);

2.5. Экспрессивті бояуы білініп тұратын сөздер

Сан атаулары: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз, мың тоғыз жүз алпыс тоғыз, мың тоғыз жүз бес, жиырма бес, он бес, жиырма, он жеті, миллион, жүз, тоқсан, сексен, мың тоғыз жүз

жылдан асты бес, алты жүз, сексен мың, екі жүз мың, отыз мың, қырық бір, жарты жүз, бір төрт;

Архаизм мен тарихи сөздер деп кенестер дәуірінде айтылып келген діни лексикалар және қазақтың өз төл сөздері қазір әдеби норма ретінде халықтың күнделікті қолданылып жүрген сөзіне айналды. Мұсылмандар деген қазақ халқының арасынан шыққан жеке ұлт емес. Демек, діни лексикалық сөздерді де архаизмнен алып, әдеби нормадағы сөздер тобына қосатын уақыт жетті. Діни лексикалық сөздер болғанымен қазақ әдеби тілінің шеңберіндегі сөздер екендігін мойындайтын кез келді. Келтірілген мысалдағы кейбір сөздер халықтың қолданып жүрген сөздері екендігін айтуға тиістіміз.

Архаизм сөздер: *Қамшыға қолында боп; Низамға тура келмес ісі сиып; Таласып күзек, құдық, шабындыға; Сабылтып жалғыз атын тулақ қылып; Ынтымақ мүшәурә әрбір жерде; Бу жұртқа осындай бір жора шықты, Халықтың я болмаса жорасы бар; Қылмаңдар жанжал, талас бұған ереу, Тұл қылып жібереді қатын, қызын; Алады неке ақысын ауылнайлар; Жоқ қылды шаригаттың соқпақ ізін; Ақырар мойыңға сап сары жезін; Шаригат бұлайша емес, десе молда; Мырзасы қасына ерген нашарына (жаңарым тапқан сөз); Би-болыс, ауылнай боп басқарғанда; Қайқияр сонда басы болыснайдың; Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар; Проток жасаймын деп тілмаш айтар; Қазақта от арба мен от қайық жоқ; Жаназа, некеқияр деген жұмыс (қолданысқа ештеп енген сөз); Абақтыны көреді өз үйіндеі; Зынданда не шаһбаздар нахақ жатыр; Патшаны жұрт тастамас дұғасынан; Хузырына патша ағызам рұқсат берді; Алаштың ұраны үш жүз баласына; Көрген соң чиновникті құты қашып; Империяға қараған дін мұсылман; Қазағы империяның асыл затым; Әркімдердің басында тәж орнында; Таққа мініп басына тәж қойғанмен; Патшалардың ұрлаганы тәж бен тақтың; Жылым-қой, тауық жылы мен үш жастамын; Баянтау қаласына болып жатақ; Тауық жылы жұтығып жұрт тұрғанда; Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен; ...бір кебежеде екі еркек бала бар екен; ...құмыраша сықылды, аяқ сықылды, білезік, сырға ат тұрмандар шығып жүрді (САКЕ); -Мен едім, білсең, балам, қорған саған, Сауыт, қалқан, дулыға болған саған (ПДӨТ);*

Тарихи сөздер: *Таласып әр уалаят жарыс болсын; Пайдасын милләтінің түгел ойлап; Манифис әрбір жұртқа шашып жатыр; Боқтайды стражник түйреп бізін; Әдейі қиыстырар құрған тезін; Мейірі патша ағызам тасып жатыр; Хайлакер стражник бейшараны; «Мың сегіз кеше алпыс тоғыздан соң», - деп М-Ж. Көпеев 1968 жылғы патшаның реформасынан кейінгі жылды айтып отыр.*

Реформаның тарихи маңызы барлығын жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да күрделі сан есімді тіркес өзінің мағынасы мен мазмұны жағынан тарихи мағыналы көнерген күрделі тіркеске жатады. *Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты* деген күрделі сан есім 1905 жылғы патша өкіметінің жұмысшыларды аяусыз басып - жаншыған қаңтар қанды жексенбіні еске түсіреді. М-Ж. Көпеев осы мәселеге байланысты ой қозғайды. Олай болса, бұл жылда тарихи маңызы бар болып есептеледі. Демек, тарихи мазмұнды сөздер сөзбен ғана емес, санмен де беріледі екен. *Мойнына сары жезден қарғы салып; Күл төбе қыраң жерге аударылды (Күл төбенің басында күнде жиын); Манифисі император берілген соң; Думаға государиын баргандағы; Қарадан хан боп өткен бабаң Поштай; Наурызбай, Кенесары толқынында; бұл сөздерді тарихи фразеологизмге жатқызудың өзіндік себептері де жоқ емес, қарадан хан тіркесінің өзіндік қалыптасу тарихы болса, Поштай аты алты алашқа мәлім С. Торайғыровтың «Таныстыру», «Айтыс» поэмаларының негізгі кейіпкерлерінің бірі. Ал, тарихта ізі қалған Наурызбай мен Кенесары көтерілісі азаттықтың жарқын көрінісі бола білді. М-Ж. Көпеев тыңнан түрен салып, басқа сөз қосып тұрақты тіркес құраған. Жылаған алым үшін нашарлар көп; Ресей билігінен кейін жерге алым, малдан алым, егінен алым сияқты түрі көбейді. Ұлықтың қылған зорлық кесімімен; Коруге жақсы ұлықты көзі жетпей; Баруға басқа ұлыққа қуны жетпей; Ұлық (оқалы ұлық) деп көбіне поғоны бар, әкімшілік (қарғысы бар) шалбарының қызыл жолақ сызығы бар, етігінің шпоры бар, киген қалпағы бар, жанында алты атары мен кылышы, жанбасында боқшасы (сөмкесі) бар генерал-губернаторды айтқан. Жылына бір келетін ұлыққа шағым жасаған, әділдік күткен С. Мұқановтың «Ботакөз» романы, М. Әуезовтің «Абай жолы» ұлықтардың бет-пердесін өте жақсы суреттеген. Қазақтың ауыл арасындағы атқа мінерлерін ұлық демеген. Кіші шендегі ресейлік чиновниктерді сот, адвокат, жер бөлуге, т.б. шаруамен келгендерді де ара-тұра ұлық екен деп қалған. Оларды бір жағдайда патшаның уәкілі, өкілі деп атаған. Өкіл сөзі бертінге дейін қазақ арасында қолданылды. Қазір оларды президенттің аппаратынан, облыстық әкімшіліктен кісі келді (сотрудник) қызметкері сөзі алмастырды. 1905 жылғы 17 октябрьде болған манифесті тарихшылар өте жақсы біледі бұл жылды М-Ж. Көпеев өзінің жырына қосқан. Қазақ тарихшыларын да бұл жыл бей-жай қалдыра алмасы белгілі. Демек, сан есімді тарихи историзм ретінде тіл білімінен де орын алатын жөні бар. Мысалы, *Бір мың тоғыз жүз жылдан асты бес, Бес түгіл көрді алтыншы тірі кісі. Тиеді құлағымға еміс-еміс, Октябрь он жетінші манифесі* деп*

жырлайды ақын. *Жақлайсың жалбақтаумен қауым көпке* (алғашқы қауымдық құрылыс); *Асында ғушыр малында зекеті жоқ* (ҒА); Ғушыр-араб сөзі: үшр: 1. Десятина (налог); 2. Десятая часть-ист. Десятина-подать, налог в размере одной десятой всего урожая в пользу государства, духовенства (Рүстемов-83).

Фразеологиялық тіркестің бір сыңары историзм болып табылады: *Партия күнде кеңес сайлауы жоқ; Жетіліп партия мен дәрежесі; Шақырса бір партия жаназаға; Жыртылды байға ерумен кедей таңы; Бай, жарлы, төре, қара тең талғамас; Қудалық бұл заманда партия үшін; Кедейдің хат білмеген соры қайнар; Басына бостандық жоқ, дамыл алмай; Мойнына сары жезден қарғы салып; Бү сөзім алты алашқа таныс болсын; Бір жерге сход үшін талас; Болысной оязбенен жемтіктес боп; Жақындық партия үшін құда шықты; Өзді - өзі партия болып шашылмаса; Жұмысы депутаттың жұрт пайдасы; Патшаның қол астында поляк, жебірей; Бір жерге сход үшін талас болып; Аїта алмай переводтап қызыл тілім; Келді деп сот қорқытады; Есіктен кіре алмайтын қарашекпен; Қарашекпен сөзі М-Ж. Көпеев те мужық сөзімен қатар қолданылады. Мысалы. Есіктен кіре алмайтын қарашекпен; Жер жыртып мужық қалмас кәсібінен; Қарашекпен сөзімен мужық сөзі жарыса қолданылған. Бұл орайда (Р. Сыздықова-185) қараңыз айтылған. Патшаның мархабаты жұртына бар; Деп айтам шахбаздарың неден күйді; Жұрты үшін жорықта өлсе арманы не; Таққа мініп басына таяж қойғанмен; ...бір тоғын несие ақшаға еркек қой болып, он теңеге сатылды; Себебі қазаққа шаһарлы жердің іслері шикілілі; Орыс жұртының гараднише төресі шикілілі бір мәуехыттасып керек; ...жер-су учаске деп алды, войско деп бір алды; ...жалдап мінген аттарының майын төлей алмай қаңғып кетіп; Патшаға оқ атып, қылыш суырған бір қазақ жоқ; Петропавловскі шаһарына шаһар тілі болып атағы шыққан Танты мырза екі жыл жарым бір жаз войскі айдалып барып; ...ортасына машиналы заводтар орнаса; ...өлішеп бәрін алып тұратұғын смотрительдер болса;*

3.2. Кірме сөздер

Араб - парсы тілінен енген сөздер

Араб тілінен енген сөздердің лексикалық мағыналары: **Абрахмет:** *Жаңбыры абрахмет жауғанменен; Ғаламға абрахмет нурын шашар; Жаңбырдың абрахмет тамшысындай; Садәф:* *Жатпадым су түбінде садәф болып; Дарнияда жатып садеф аузын*

ашар; Садәфтың дариядағы болды асы; Ай өтіп, отыз алты һапыт күндей; Жемісінен дүние жүзі баһра алады; Бісімілла-сөздің басы, хақтың аты; Нақылият, қара сөзден өлең қылып; Жақсылық, қайыр, ихсан қылған ісі; Адамның қымбат баһа сол жұмысы; Табылмас көзге тотия ем дәрідей; Қайырсыз болсаң бәһил болдың терек; Ғибадат, қанша қылған құлшылықтан; Насиқат, көркем айтқан жақсы сөзбен; Нәпсінің кім құтылар хайласынан; Және тағы нияз деп даярлайды; әлхири, хызыр, несие, Әл-сафар бір қитпа боп мәйна лашқыр; Ғафурым нәхтли әр кез бермеді кер; Шарабан Тәшүрадай көрінетін; ырзық, нәсіп; Мубәйттай шайыр болдым заманымда; Албарақат фи алмарақат мазмұнымен; Азажад әл-қаста гүми әлджәр; Охаза-албылды аламин дүр; Фалһим ажсырғыр момынын; Күнпаякун түржагүн; «Бұл судайы болған, арабша-мәлихология, орыс тілінде сумаш», -дейді; Ғылым нәжүммен гәміл қылғандар; ...хошылық дәззәттықты гәм уәлімге айырбастаған Мәрих пен Ғытардтің; ...аммарад қиянұс тигытны тақ жасап алып (АМЖА); Уәлиден иртун алғыр дос Нәм фиһа калдун; Бірі-құдай сөзі құран «қалам алла» бірі-хыжсыра ласуд, бірі-көзі ұрмақтан шыққан бесөзен (АҚАМ); Медресе, нәпсі, гибрат, рабигүл, нгаубатына, абад, зиярат, сахаба, имам, мейман, сырбазы, мәжіліс, ахыр, абрахмет, һураган, пір, гибрат, Намаз, руза, зекетпен жұмысы жоқ; насихат, михнат, рахмат, «Әлужүл лайд хіл әлжінте лүкән заһида»-деп (ҒА); Сұмырай құс су ішпейді дария көлден; Коңілім дария болғанда, қолым қайық;

Орыс тілінен енген сөздер

Орыс сөздеріне қосымша қосып қазақ сөздері сияқты үлгіде пайдаланады: Ходқа алып тексермейді қазақ сөзін; Көп заман газеттерде жазылып жүр; Қолыңа повеска деп қағаз берді; Сырғытып қоныс-жайдан поселкелер; Үлгісі чиновниктер осы болды; Әр түрлі бұл қазаққа шықты порым; Бөлініп жұрт екі жақ партиялап; Шайтан да помпгайтшы болып жатыр; Күмәнін шөп шабарда агүс ашқан; Отырып пәрмен айтып о да үстелде, Айта алмай переводтап қызыл тілім, Жер жыртып, мүжық қалмас кәсібінен; Зерлі шекпен, медалға жұртын сатып; Семипалат қазағы облысының; Империяға қараған дін мұсылман; Қулардай шекпен киіп наград алған; Оқып көр, программа қылған хатын; Жұлдыздың агүст деген он бесінде; Жиылыс, дума деген хабар шықты; Думаға анық болды сайлау бары; Кітапты чиновниктер жинап алып; Көрген соң

чиновникті құты қашып; Миллонга табылмайтын гақыл-кеңес; Октябрь он жетінші манифесі; Отырмыз, міне марттың он бесінде; Сонда біз асып-тасып ходтан астық; Құдай өзі берген соң ни как нельзя; «Маған дүние не шот?!» -деп алмай (счет); Жаман-жуман нәшәндік, шенеуліктер; Енді өлең жіберіпсің редакторге; Кірістім бос тұрмасқа редакторге; Айтып тұр газаттерге сөз жазмақтық; Көпеев фамилиясы-Мәшіһур Жүсіп; Ступай, пошел, қарға, басқа жаққа!; Банкам даяр бойда қан алатуғын; Ничего, банкаң маған түк қылмайды; Закон жоқ мұны жерде қалдыруға; Посөлкенің қадірлі аюанының (1 том); жіберді музыкантқа басып-басып; Рапорт жасап үстімнен қып жүрме арыз; Өзі теңдес баладан формы басқа; Бір бай қатын миллионшік жүрт асып тұр; Бәрі-соның піркәншік малайлары; Тамам жүртқа естіртіп публигін шаш!; Малайлардың есебін шотқа қағып; Қылған іскерлік те жүрмес ходқа, Алмады оны есептеп расчетқа; «Отказ», -деп кәрілікте қылған істі; Дүниеде патшалар да алмас шотқа (ХБ); Даланың воздухы ауасы демалыс жолымен ішке қарай кіреді (АМЖА); ...көңілім миыма телеграмма соғып, телефон қақты; ...ми бұзылып паралич деген ауруға ұшырайды; ...отырба. От пароходтарды жасаған; ...күзетші солдаттар алады екен (АМЖА); Карантин қылған жерден тоқталса өтпей (АҚАМ); Әр краймен поптары неке қиды (ХБ); Числосы көдуілгі декабрьдің (Шонтабай);

Іс-оқиғаны орыс сөздерімен салыстыра сипаттайды: Жоқ, жоқ бұлар – ісмерлер, шеберлер; Бұл будың қайнауының қызулы, күштілігінен электр сықылды жарық сәуле болуға жарайтыны – мига қарай барып ақыл атанады; Бұл ақ тамыр телеграмма, телефон есепті: ...ақ тамыр – почта: хабар қатынастырып тұратуғын жол; Осы айтылғандар машина жасап, сол машиналармен пенделері өзіндеі бір пендені жасатып шығаратұғын қылды; Жүрек – үккішті машинаның түп тұрағы; Мәріх деген жұлдыз - әскербасы, комендант, қылыш ұстайтын батыры; Зүхәл дейтұғын жұлдыз-казначейі; Қара күреш (грош) тиынсыз қалғандары; Ішінде өзге жанның формы бөлек (Шонтыбай);

Орыс отаршылдығымен қатар келген сөздер: күзетші, штраф, повестқа, стражник, манифест, құзырына, ауылнай, патша ағызам, тұтқын, тексеріс, қапас, құпия, жала жауып, болыс-би, мөр, боқтық, сары жез, чиновниктер, поселке, ұлық, партиялап, ходқа алып, оқ көбейіп, газеттер, болыснайдың, цифырын, протокол, тілмаш, сход, пормы, партиясын, крестьян, оязбенен, начальник, от арба, от қайық, депутаттар, абақты, публик, манифесі император, дума, государиын, сот, алым, тұтқын; переводтап, помагайтшы,

фамилиясы; октябрь он жетінші манифест, манифест бар, мүжық кеп, қара шекпен крестьян; Зерлі шекпен, медалға жұртын сатып, медал, наград; қулардай шекпен киіп, наград алған; империя, программа, ағуст, облыс, депутат, экзамен, публик, цензурасыз, инспектор, зындан, кісен, сот, порым; формын, жатақ, Избулика, учаске, войско, мүжық, земіскі, ізбор, шиоликлардың, синга, машиналы заводлар, перует, смотрительдер, гараднише, киркушілер, десятіндік, съезд, уряднигі, чиновниктер, народ, сяз, жандарал, карантин, телеграмның, органның, память, княз, Черная маска, ноябрь, телеграмма, телефон, олимпиада, июнь, жалко, гинвардың первый, губерно, губернатор, медаль, откырыто, сорт, ходтан;

IV. Тілдік құралдардың лексикалық сипаттары

4.1. Диалект сөздер

Қоразының, тауықтың қызылы бар; Қику даусы қораздың оңешінде; Сылдырлап сырнай шықты сөз орнына; Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып; Жазғы болған науқанда күз табылмас; Таласып күзек, құдық шабындыға; Зор беріп туысқанның жудасына; Тауықтың қоразындай қоқиланып; Туысқан бір-біріне жүдә шықты; Байлардың бас қосады көп буазы; Ойласақ, шайнам гақыл жоқ қой бізде; Үрдие (Дурдие) қуаттанды партиямен; Бірігіп өз жынысымен жұрт болуға; Пайдасына ұрым-бұтақ (тұқым) ойламады; Сол кісінің болсын асыл жүзік қасы; Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ; Шақпақтай от шығады шағылғанда; -гай тулғасының дыбыстық өзгеріске ұшыраған –сай тілекті қалау райы кездеседі; Жаннан жан аяулы емес ойласайшы; Жұртқа айтсайшы сонан соң етек кеңді; Көз салмас жақсы ниет жұбайына; Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан; Дарбаза-ауыз, сөз-самал, тоқтау бар; Шайтан да помагайтшы болып жатыр; Отырып пәрмен айтып о да үстелде; Қуманның қақпағы болар тесік; Домалап от басында құман жатқан; Орамал кір боп жатыр он бес батпан; Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп; Жабдық сөзі Павлодар облысында қазалы үйдің ас дайындығын айтады. Шұқанақ жинағаныңмен көл болмайды; Елсізде ешкі сойып астық бақыр; Самауырды қайнатып, бақыр асып; Қазан алып жатақтан палау басып; Шөл, қоқыр жолымен жүрдім қайдан? «Бұхарлығым» - деп лепес қылған екен; Болдым деп бай баласы кеттім жытып; Қойға ере алмай қотанда қалдық жатып; Қосақталып лағып тұр оған сенік; Бопаламдап ішінде кетіп жатыр; Ішінде әбдіренің садап жатыр; Болғанда садап жүрек, кеуде сандық;

Жоқ жүрер кешке ішіп-жер ауқат үшін; Кепілінен жазылмай кентте қалған; Біңылдап әшула айтып жүре берді; Аяңдап әшула айтып кете барды; Қасекең сау күндегі әнге басты; Онда мен немен ауқат қылдым десем; Қорек ғып жаттың дейді қызыл қанды (1 том); Қондыгір, Құбаң деген елден исламның шегесі, мұсылманның томпаналайтұғын жері деп халифа жұртына ауып кетті; Түркістан һәм қадимнен келе жатқан зор шаһар еді (ААБӨАШЕ); -Хазірет Имам дарбазасының аузында еді (БҚХТ), Күшті дөкей ібілістен ақыл сұрап; Мұрынға қош тиген соң гәтір иісі; Өлең түбін шишмадай күнде қазап; Қала берді-ау сопайып баспанасыз (ХБ); Басында ауқат кешірген көп жан жатып; Арқасынан күріштің күрмек ішіп (ХБ); ...ноғайлардың кент салып, тақ қорған; Бұхар Қоқан хандарының арығы сықылды орда жасатқан жері екен; ...құмыраша сықылды, аяқ сықылды... Тілеуімбеттен тұқым қалмаса керек екен; Сол Бесімнен өсіп-өнген нәсілден келіп мен мұны сөйлеп тұрмын (САКЕ); Жоқ іс еді сүйген жародан, жүдә! (ӘДЖИ); -Алып кел орамалды тауып жылдам (ШШХ); Сәлі орамал басына салындырдым; Сырым жұртқа әшкере болады деп (ЕКІ,БІР); Әр жұрттың дөкейлері, келді нәні (Қаж); Қолында ұстаған су шишаменен; Сындырды бөтелкесін ұрып өзін; Қай ісіңді қай ісің кетті бүктеме ғып?! (30-бап). Мен ұрсам сыбытқымен бола ма еп?!; Күнәдан әбден пәк боп, болдың жуда (ПДӨТ); -Дарбыздың дәмі болды басқа,-депті (Шонтабай); Көбенен көріп келдің чәһар жарды; Мәдина, Мекке есімді шаһарларды (Шонтыбай);

Жеке наречилер: селбесейін, жудасына, жүдә, тауық, қораз, кент, шаһар, жасарсайшы, пида, қоқиланып, жалдама, көтерме, өсім, қорек, қора, сарай, ойласайшы, шақлақ, сыбыртқы, боқшасы, дөкей, шишма, жуда, аңқам, қиқу дауыс, әшула, әнге, ауқат, қорек, мосы, жұмыртқа, бөтелке, пияла-аяқ, әшкере, әбдіре, дарбыз, тақат, палау, қотан, лағып, пәс, рахмат, мүлтік, лыға, етхана, бақыр, қоқырайысты, мейман, қызметкер, тұқым, қысқыра (Башқур), орамал, кәләмі, дүмбілез, саңлақ, күйісін, ысқаяқ, патырлатты, шыпырлаған, моймылдап, салауат, іңкәрі, сопайып, зіңгіттей, отагасы, жұнттай, саптияқ, дарбаза, добал, леген, бөшке, төбешік, дөмпешік, құман, шұлық, шартық, бәсммен, дәнеме, атрабына, соғым, алие жүк, бопаламдап т.б.

Сөктелген: Сөктелген тарыдай боп ақталыңдар деген өлең жолындағы сөктелген сөзі орыс сөзі сок түбірнен өрбімеген бұл сөздің сыртқы тұлғасы ғана бір. Сөктелген деп оңтүстікте тарыны ақтап тағам қылуға дайын күйі. Есім сөзден сөк + те + л + ген сөкте

етістігінен ырықсыз етіс жұрнағын қосып -ген есімше тұлғасы арқылы жасалған сөз.

Бір сыңары диалект болып келетін тұрақты тіркес: *Туысқан бір-біріне жүдә шықты*; Жүдә сөзі туысқан бір-біріне сай шықты деген кекесін мағынасындағы сөзді алмастырады. *Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ; Тауықтың қоразындай қоқиланып; Сөктелген тарыдай боп ақталыңдар; Уақ ақша таусылды, ірі қалды; Оңтүтік аймақта пұлды майдалап берші дейді.*

4.2. Кітаби лексика

«16-17 ғасырлардан бастап 20 ғасырдың басына дейін қазақ қоғамы мәдени дүниесінде ауызша төл әдеби тілмен қатар және бір әдеби тіл өмір сүрді. Ол-бірқатар түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба әдеби тіл – түркінің «жергілікті» (қазақтың) кейінірек 19 ғ-дың соңғы ширегінде «кітаби тіл» атанған түрі» (Абай энциклопедиясы-297). І. Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев: «Кітаби тілдің негізі-көне түркі тілі, ол-қазақ халқына жат тіл емес» (105); «Рас, кітаби тілдік шығармаларда араб, парсы тілінен енген сөздер, көне түркі сөздері көбірек ұшырайды» (Б. Әбілқасымов-94); «Кітаби тілдік (шағатайша) морфологиялық тәсілдер»-деп атаған, көбіне морфологиялық тұлғалар туралы сөз болады (Сыздықова-284); «Кітаби тіл үлгілерінің Ы. Алтынсариннен кейінгі кездегі көрінісі» (Хасанова-50-55); «Ауыз және жазба нұсқаларының көпшілігінде белгілі бір дәрежеде кітаби тілдің, татаризмнің әсері байқалғанмен, оларды негізінде қазақ тілінде жазылған нұсқалар деп есептейміз» (Сарыбаев-540).

Шағатай элементі: *Ғизатлу уа құрматлу аргын газы; Көпеев Мәшһүр Жүсіп гайыр муафық; Ұйықта сөзі М-Ж. Көпеев дастанында ихмадылар болып; Хасан менен Хұсайын ихмадылар (ПДӨ) өзбекше де қолданылады, бұл сөз Қожа Ахмат Яссауидың өзбекше нұсқасында: Мумин эрмас хикмат йигламайдур; Тун кечалар ухламай еш урнига қонинг тук (ҚАЯ). Бұл сөзді шағатай үлгісіндегі сөз деуге де болады себебі: Ианыны (жаңаны) бұл түсіме гажжапландым (ПДӨ) сияқты: иананы, гажжапланды, иманлар, тамамлаған, жыладылар, тағзитлар, табиғынлар, шашмақлық, махбұблар қолданысы ұшырасады. Қыс пен шілде, жаз бен күз, бар төрт фәсіл; Өлеңмен гашықлықтан қозғалық сөз; Өлеңін гашықлықтың сезіп қалып; Ғашықлық, нем бар еді қыспай к....ті; Даптарда (дәптерде) мұның аты: «базар қажы» (Жан. Қаж.);*

Дублет: қала-шаһар-кент, алаш-жұрт-халық-народ, халық-жұрт-ел-публик-милләт; дін ислам-дін мұсылман, патша-император-шах-хан, шаруа-крестьян, қарауыл-стражник, батыр-жауынгер-шаһбаздар, қарашекпен-мұжық, қарақшы-ұры, болыс-болысной, мұфти-қазы-хажы-имам-молда-қожа, сұмырай-сұм, нашар-кедей-бейшара, порым-форым, би-би болыс-оязной, дүшпан-жау, зындан-абакты-қапас-түрме, государиын-чиновник-начальник-депутат-хәкім-басшы, қатын-үрғашы, ауылнай-мырза-төре, тауық-қораз-қоқи, кеңес-мәжіліс-жиылыс-мәсіліхат, жемтік-өлексе, азамат-ер-гражданин, заң-закон-шаригат, үй-жай, мекен-жай, қоныс-жай, мекен, ағаш үй-жапсар үй-үй орынымен-сарай үй-киіз үй, заты-нәсілі-фамилиясы, ұлық-губернатор, алла-құдай-пайғамбар, империя-мемелекет-, манифест-программа, медаль-наград, сорлы-бейшара; мақсұты-мақсаты; аулақ-ауаланып-оңашаланып; мұрат-мұрады-мурастын; шатпалап-шатпақтап;

Кәсіби сөздер: от арба, мылтық, оқ, киіз, мұрындық, ноқта, саба, бұйда, жабағы, піскен егін, шуда, қыл-қыбыр, от қайық, тұқым, орағы, оратұғын, жер жырту, тұқым шашпай, сабан-шөп, бәкі, пышақ, қайрақ, есік, тұтқа, ине, сырнай.

Кітаби лексика: атом, тез, штраф, повеска, ақша, газеттер, қоныс-жайдан, поселкелер, чиновниктер, шам, цифырын, арыз айту, қалам тартқан, сиясынан, қол қойып, ақ қағаз, басқан мөрден, алым үшін, сот қорқытады, манифест, мектеп, медресе, дүкен, инспектор, цензура, олжа, жорық, уақыт, сүтті бие; зер, зергер, уақ ақша, қыл-қыбыр, жүн-жұрқа.

Дойбы ойынының лексикасы: дойбы, жиырма төрт дойбының тасы, тас жегізбеу, биге шашу, ұнайке, тастап иге, закот, қақ төрден орын алар, ұтпай, ұту;

4.3. Терминдік лексика

«Газет бетінен біз терминдердің алғашқы қалыптаса бастаған кезеңін елестетеміз» (Б. Әбілқасымов-92);

Күрделі бейнелі терминдер тұрақты тіркестердің үлгісінде келеді: соқыр ішек,

Оқу-ағартуға байланысты терминдер: ақ қағаз, қалам, сия;
Тіл біліміне байланысты терминдер:

Үстін оқып әліптің астын білмей,

Үтіріне барады тілім келмей,

Ноқат деген зорықтым, шаппай, желмей.

Қарап тұрып зорықтым, шаппай, желмей.

М-Жүсіптің жазып алған айтыстарында да термин сөздер ұшырасады: *Сен-ақ оқы әліпби мен әбжатты, Мұрным әліп болғанда, қасым мәтті. Ұлбике, сен сурасаң. Мен айтайын, Кәф пен Нұнды жаратты ілкі бұрын; Әліп-араб алфавитінің бірінші әрпі, сандық мағынасы –1. Би- (б) хәріпі, Әбжат- (абжад абжад-1). Сонау еврей халқынан арабқа ауысқан сандық мәні бар алфавит; 2) әліппе (есеп) (Оңдасынов-14); каф-к; нүн- н (И. Жәменей-4-5). Торт-бес қағаз әріптен оқыдым деп; Отызжыл оқып білмес әліп биден; Бар еді үш кітабы жазба түркі; Зубдатіл Масаилыны бізден сұрап; Кітабы бізге алып берген- Мұхаммедия; Әперді үш теңгеге бір мұқтасар; Ол күнде «сопы алдияр», «шарқы» бізге; «Қиссасу-л әнбияны» бізге алуға; Әптиек қозылы қойдан сатылады; Баспасы бес құранның бір бойдақ қой; Таңбадай жойылмайтын тасқа басқан; Аузынан ұстаздардың шыққан сөзі; Жиылған көп шәкірттің арасында; Қисса мен өлең болды-ау жаттағаным; Шар кітіп – алты жаста ұстағаным; «Мәнді» оқыған жоқ менен басқа бала; «Сарып», «нақу» дегшен оқу бар екенін;*

*Әліп пенен әп жәт,
Қарамаймын әрмән жәт.
Әптиек пен иманшарт,
Сені оқытқан Қожә – сарт.
Үгә алмасаң балалар,
Басқа келген пәледен,
Деген құлақ садаға.
Зекеті оның құлақ тарт.*

Сөзде жоқ сен танырлық таңба мен ен; Қазақ ішінде жүрген қожә-молла не оқыды, не біледі? Әуелі оқығанда әліпби¹ оқыды, оның мәнісін білумен жұмысы жоқ, онан соң абжат² оқыды, оның мәнісімен жұмысы жоқ. Онан соң иманшарт³, әптиек құран оқыды, онан соң «Бідуам», «Ақырзаман», «Кесекбас», «Жүсіп-Зылиха», «Сейфүлмәлік», «Кордің-Қадірі». Бұлардың бәрін оқыған соң, «шар кітапты оқысаң, әр кітапты оқырсың» дегенменен шар кітап оқыды. Онан соң гаріп оқыды, парсы оқыды, бәрінің қарасы мағына оқыған білгенін көңіліне тоқыған жалғыз еді. Біздің қазақ жұртында бала оқытып жүрген екі молла моллалық салдырыпты. Сонда бірі: «Әліпсин әбіге сәкін, аб, жим син жадалға сәкін⁴, жаад абжад»-депті. Онда екінші: «Әліп екі уысын ән әліп, екі а син⁵ ин әліп, екі үтір ун, ән⁶, ен, үн»-депті.

Әліп¹-араб-парсының бірінші әріпі; Би¹-зrab-парсының екінші әріпі; Абжад²-араб әріптерінің реті; Иманшарт³-жағдай, көндіру,

келісім, шегі, жауапкершілік, міндеттеме; Сәкін⁴-жоқ дауысты дыбыстың белгісі; Син⁵-парсы әріпі с; Ән⁶-парсыша әуен;
«Мим» секілді домалақ бас формын,
«Хой» секілді иілген екі қолын,
Қурсағың іші тесік екінші «мим»,
Аяғың «дәл»-ше қайқы, мұны көрің (көргін) (23-бап:

М-Ж).

Кеңсе іс қағаздар үлгісі: протокол, сия, қағаз, штраф, повестка, хат, арыз, бояу, қалам қамыс, ақ қағаз, доп ойнау, медіресе, мектеп,

4.4. М-Жүсіп шығармаларындағы діни лексика

Діни лексика қазақ әдет-ғұрып көрністерінің құрамдас бөлігі: Тыятын болмаған соң мүфти қазы; Шақырса бір партия жаназға; Кедейге мүбәрәк жоқ болды қиын; Бата қылып, айтысып әруақ, құдай; Неке, талақ, қамшыға қолында боп; Жоқ қылды шаригаттың соқпақ ізін; Шаригат бұлайша емес, десе молда; Үш қабат жаға-жеңсіз бөзімізден; Кірсек те өліп көрге дәмесі бар; Кедейге мүбәрәк жоқ болды қиын; Пенденің пейілі азған ыңғайынан; Бір құдай болысқанға дұшман оңай; Заң-закон шаригаттан адастырып; Ұнайды дін исламға мүфти қазы; Пайгамбар шаригаты тұрса ортада; Тәңірге сонда жетер халықтың разы; Шаригат хакім жүрсе турасы бар; Хажы мен хожса-молда көбейген соң; Пәруана ерлер шамға жанғандағы; Ойлай ма дін жолына болыстым деп; Жаназа, некеқияр деген жұмыс; Еңбегі хожса-молда жалғыз-ақ сол; Аятпен айтып тұр құранда оны; Жалғанды кету қиын қиып деген; Не пайда бұл жалғаннан өтіп жатыр; Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса (кебін); Бес жаста еді «бісмиллә» бастағаным; Айрылды мал да, жан да несібінен; Патшаның жұрт тастамас дұғасынан; Бұл тілге мұсылмандар нанған болса; Шара не, бір құдайдан пәрман болса; Құдайдың беруі жоқ жай жатқанға; Қуранды қор, моланы бордай қылып; Тырысты сөндіруге ислам нұрын; Жоқ қылды шаригаттың құрмет сыйын; Деп айтышы, көне, өтірік мұсылмандар; Есіл «Аят хадисты» сөйткен шақта; Қылайын қайсыбірін жарапазан; Сенікі муафық тілегені; Баласы дін мұсылман ояныңдар; Мұсылман баласына тиді тізгін; Бұл арада мұсылман сөзі қазақтарға деген ұғымда алынған. Ал, негізінде мұсылман деп діни қағидаларды ұстаған адамға тиеселі сөз. Дегенмен, мұсылман жеке ұлт емес, сол түріктің жұрты, оның ішінде қазақтар сондықтан бұл сөз екі жақты айтылады да, М-Ж. Көпеевтің

қолданысында бұл сөз, сол уақыттың көз қарасымен қарасақ жалпы қазақ деген ұғымда қолданылады. Тек қазіргі уақытта мұсылман сөзінің орнына халық сөзі кеңінен қолданылады да, мұсылман сөзі діни бағыттағы адамдар қатысқан жерде айтылатын сияқты. М-Ж. Көпеев қазақ жұртына тек қана мұсылмандарды бөліп алып айту ниеті мүлдем жоқ. Бұл арада, ең әуелінде діни ұғымда болған сөздің қазақ әдеби тіліне қарай бейімделіп тұрғаны көрінеді. Мысалы, тура мағынадағы қолданысты сөз Ұнайды дін исламға мүфти қазы тіркесі анығында сол дін төңірегіндегілерге бағыштап айтылғаны анық байқалады. Демек, діни ұғымындағы сөздерді М-Ж. Көпеев қазақ ұғымына лайықтап икемдей бастағаны шығармасынан ұшырасады. Есіл «Аят хадисты» сөйткен шақта; Діни сөздер М-Ж. Көпеев өлеңдерінде былай көрініс тапқан:

*Шаригат ортамызда тұрса екен деп,
Бір дүкен дін ислам боп құрса екен деп,
Мешіт пен медресенің тексеруі,
Құран кітап жөнімен болса екен деп.*

Қудайдың бергенімен күніңді көр; Бісімілла – сөздің басы, хақтың аты; Молланың ақ қағазда қалар хаты; Қызығы фәни жалған жоқ болған соң; Иесі көрер қимет күн ауыр салмақ; Қожса, молда өзгеден оңды айтады; Файып істі балгер мен бақсы айтады; Шаригат кітін сөзі қалды тозып; Әлхәри мақтан болмай болсын ақтан; Жазайын бес-алты сөз насихаттан; Ауызға қант орнына зәһар салып; Жолаушы жол үстінде көрмес хызыр; Пірлерден денсаулықта фатиха алсам; салқын сопы, диуанамын; Сәлдені білмеуші еді түзу оран; Бір тұмарға сеп-семіз құр ат алып; Иншалла, бұл сөзімде жалғаным жоқ; Зекеті жоқ, кез келсе, кедей үйлер; Ә-шәһрият апатқа тәтбик келіп; Берілген ғылым, хикмет маған хақтан; лүтпын, лүтпи, пісмлә, өзниет, Қазіреті Файса рухолла пайгамбардан; Алгуам, көл һауамға жайған торы; илаһи, Сәждеге туысымен қойды басын; Жайнамаздық, Ғалыға кесіп берді;

*Уалшымыс өзхиһа деген сөзін,
Муны махшүк атаған ғашық өзін,
Уаллайыл азайғышы шашын айтқан,
Аңғартайын түймедей түйін сөзін;
Ал енді бұл сәждеде жату қиын,
Өлсуф иүгәтик қолқаны алды,
Шапағаты лахил әлік ба бір деп,*

Мінәмәтті аузымен айтып салды; Бірі аят, бірі хадис, -шын сөз анық, Лаулақ тамма қалқат палак болған; Яхудпенен насараны түгел сойды; Пайгамбардың сүннетін махкам түтқәан;

Уалзыхбиның тәпсірін білген жанға; Пайгамбардың сүннетін махжам түтқан;

Жайнамаздық Ғалыға кесіп берді;
Алланың өзі жалғыз, құдіреті кең,
Бірі ғайып аты бар дүр заһары-мың,
Таурат, Інжіл, Забурда-тоғыз жүз де.
Құранда тоқсан тоғыз аты бар шын (ЖМК).

Жаратты Мұхаметтің әуел нұрын; Сол нұрдан жаратылсын иман нұры; Алдына ұят айна нұрдан болып; Бес жолы сәжде қылып Нұргалы нұры, Бес намаз әуел парыз болған жері; Бар екен ол қанадилда ақ нұр жарық; Қанадаил нұрда пайгамбар рухы тұрды; Жаратты сонда он екі нұрға перде; Ағузу биллә мин ал шайтан; Қазақша-шек, ертең айт деген күн (ӘДЖИ); «Ойқымон анасам!»-деп аят келген (20-бап: М-Ж); Басымнан ұшып кетті сәлдем көкке (ПДӨТ); «Асылат; иа. Расул алла!» - деп сонда Біләл (ПДӨТ); «Ләй-ләй-илла-алла!» (ПДӨТ);

Үмбет, аһи үмбет, қайран үмбет!
Жан үмбет, тәнім үмбет, үйрен үмбет.
Салауат жүз қақсасам, бір айтпайсың,
Боласың пайгамбарға қайтіп үмбет?!

Ләй-ләй-илла-алла, иа раббым хақ!; Мәлін алла ғалия уа самма, Уасаламмиму тиссалман һәм саиссбат; Алиссалут уасәләм жиын Алла, Уалсілет уасалам набиу Алла (ПДӨТ); Мустафаи үмүжатаба иа мархаба, Би хадди үби гададант болсын архмет!; Ол тағала аң мисста ауаннағұмда миссатун; Ғейт күні, оныншы күн Құрбан айда; Оқыдың таң намазын сарғайтпастан;

Діни ұғыммен байланысты келетін тұрақты тіркестер: садәф болып; ділін ашқан; Әшһәрәт апат деп айтқан Хәдис; жаңбыры абрахмет жауғанымен; садәфқа төгілмесе дүр болмайды; абрахмет нұр болады; абрахмет нұрын шашар; садеф аузын ашар; жаратқан бір құдай; жалғанда ынтызарым; ұзын түндер мұнаджатым; хасил мұрат; әр пенденің тәңірім берсін, хасил мұрат, бір құдайдан, шаригаттың соқлақ ізін, неке ақысын, ақ шаригат, бір партия жаназаға, бата қылып, бата оқыр, дін ислам, пайгамбар шаригаты, дін жолында, бір құдай, көп дұға; үш қат бөз; әжал тұр; аятпенен айтып тұр құранда оны; үш қат бөз орамаса; ғайыр муафық; нахақ жатыр; бір алла; жұрт тастамас дұғасынан; бір құдай; құдайдың беруі жоқ; мұсылмандар нанған болса; дін мұсылман ұрандасып; құранды қор; ислам нұры; муафық тілегені, мешіт-азан, дін ислам, бас қосқан мұсылманның білімдісі; бұрмасын ислам дінін; мұсылманның ынтымағы; шаригаттың тізгіні қолымызда; имам

болар кісі; шаригат низамменен қатарласып; иманның билігі бар; ерді құдай берген; тәңірім иген; аққа бір құдай; құдайдың жақсылығы басында тұр; құдайдың жақсылығын көтере алмай; Бір құдайдан басқадан күдер үзген; Аузыма сөздің шынын аллам салған; қыдырдың қыдырғанда басқасындай; құдай атып; барғанда тәңірі алдында; аят, хадис саулаған; молланың пә қағазы; бісімілла сөздің басы; мәруф наиххатын; тауық сурап; аллаға тәуекел ғып шыға қалдық; рухын сыйлап; құдайым түзден ырзық; алласы разы; фатиха алсам; Көзім жасын құдайым иген емес; мен таяқты молдадан жеген емен; Сәтқожа екен молда ұстап; құрған дүкен; Құдіретті құдайымның еріксіз айдып; Аузы, бісімілланы мәнісімен; Баласы дін мұсылман қабыл алған; алланың зікірі; тірімізге иман; өліге жаназа; пайгамбар сөзі; шаригат иесі; құдай сөзі құранмен; гарыш төсеп; күрсі құрды; ұрмақ сегіз; тамуқ жетеу; жетінші қат; тәңір жазса; сегіз тозақ жайған торға; көрге түстім; құтбасын оқып берді; хасыл етті; оң жұлдыз; ізгі сағат; сәтті күн; алланың жазуынан; құдайдан болған пәрмен; намаз оқып; жолына құрбан етіп; жәннатта мен жаһаннан; құранымның өшіп хаты; алла дәм саған; көрген түстер көңілге оқтай тиіп; қабыл болған батаң; қиямет қайымша; мешітте зар тұтылар; қайғы түсті қауым көпке; құрбан болсын бас пенен мал; ораза ұсап; сушиге ақбар аят, Ұрмақтың, маһшар күнде кілтін ашып; Шайтанға жетпіс тасты атқаныңыз; құрбан шалу; пайгамбар сүннәтті; алланың сүйген құлы; қара жабу төрт бұрыш бұрышты; көңілің ұшты; үстіңе кебін кидің; дін жолына іштен туа; су алып мейірің қанып; зәмзам тойғанша ішті; қабыл болсын; суына әмзам шомылғаның; күнәні ішкі-тысқы кетіргені; қолың ұзын; айналайын қолыңыздан; қағбаның құшақтап босағасын; тәңірім қалап; құдайдан күнәсінің кешілмеген; қол жайып қылдың талап; бастаған құдай оңға жүрсін; бесін мен намаздігер қосып оқыр; ұйыдың көп жамағат; дұғаның шексіз қабыл болар; тілегіңді берді құдай; хақ пайгамбар; жолын құған; намазиаммен қосып бірге; құрбан айты; таң намазы; құрбан шалып; күнәдан пәк арлығын; шаригат мақсатым сол; қазаға тура келген; көңілге оқтай тиіп; мешітке зар тұлар болсын гурып.

Кейбір діни ұғымдағы сөздер: зауал, сахаба, салде, сәжде, ораза, аят, мешіт, мұсылман, шаригат, зиратке, руаж, уағызлар, шаригат, қаза, құран, уахи, үммәтләрім, зұлпықыр, шахзадалар, зуринатым, уахысырт, ұрмақ, дүние-пәни; көусар, ақырет, намаз, бесін, азан, мәнтығы, пейіш, махырап, зекет, иман-ислам, айлаха, нәпсі, тәптік, сүннәтім, зина, әнжизат, пітір, нәзір, қапарат, нәпіл, жығмарыт, гахыл, мүфти, жамағат, хақ, газат, күнә, мүбәрақ.

наубат, мәһірі, мағгыр, алхамдулла, кәлима, шаһад, хазірет, ағыраби, қабыр, періште, хабибім, газірейіл, нәби, аламин, лақазда, аһыл, зұмырасындай, жасыл ту, тағир, көбиит, тағзиатлар, паган, сасил, һаят, пардаус, шаһит, пітна, мерсейіт, ұмалшы, уақи, мұмнат, дұға, зәмзәм, бесін, намаз, дұға, зират, пәк, намазиам, парыз, уәжіп, фәни, нәбат;

Діни антропонимдер: Мұхаммед, Ғали, Бабай түктес Шашты Әзіз, һамаюн, Шаһида, Ибраһим қалил, Ғабдұлғаптар, Нұқ пайғамбар, Адам ата, Первый человек, хазірет Ғайса пайғамбар, Қызыр пайғамбар, Қырық шілтен, Жүсіп галайалссәләм, Хазіреті Дәуіт, Мұса, Ғайса, Хасылмажат, Бахыралсихият, Лухируен, Жәбірейіл, Мекейл, Ысрайыл, Ғазрейіл, Ғадін, Мүсік, Ғамбар, Ратқа, Алишераһға, Ғариба, Дамік, Зілдетүрор, Кәмүс, Ғарқа, Жарба, Жалһым, Ялса, Сыжжынейдос, Қытлат, Ғүжба, Бажуум, Ғазазіл, Адам ата, Хауа ана, Нұх, Яқын, Сам, һуд, Сәлім, Ибраһим, Смагул, Ысхақ, Жақып, Жүсіп, Айып, Шүғайып, Мұса Кәрім, Дәуіт, Сүлемен, Хызыр, Лұқман, Ескендір, Әрмия, Даниял, Ғайса, Мұрсал, Смагул, Ғыбдлаымнақ, Рыбғы, Әбутіліп, Әбубәкір, Әбужаһил, Ғалы, Ғұшман, Ғумар, Әдһам, Қазіреті Ыдырыс, Ғалы, Сахаба, Ғаксіра, Қызыр Ішяс, Руза Шәріп, Ан-Хазірет, Хазірет Әли, Ибраһим пайғамбар, Имам Мәлік, имам Хасын, ХазіретҒаббас, Азирфих Әл-Қуағи, Садық, Набакин, Ғаділқумар, Ғұшман Залнурайын, Құсан, Құсайын, Біләл, Расул, Хүшыд Ғажаб, Ғакаша, Ғаділеумар, Ғалы, Фазыл, Аюб, Иапхар, Иаһур, Ғәзірейіл, Пазыл, Хамит, Махмұт, Мүйсаб, Мұбашыр, Мұтағыр, Мекиал, Исрафил, Заһіріә, Имам Ағзам, әулие Ғауһит, Әлағзам, Нақышпан, Баһауалдин, Қожа Ахмет, Таптаза, Қатай, Жамшиғьд, Баһыраб, Баһадүр, Рүстем, Асфандияр, Норыман, Сейке, Баттыл, Баһрамгүр, Наушеруан, Рүкін Ғырақ, рүкін Шам, рүкін Хәтим; Рүкін Римза; Милын Хызыры, Сафа, Мәруа, Мәшһар әл-Харам, Далил, Мұса Хақ, Исрафил, Әулие Шехі Мұхаммет, Ишаннан ол Ғайсабек, Баба Ысқақты;

Әйел жыныстылар: Хадиша, Фатима, Әмгүлсім, Зейнеп, Рақия, Махбүбі, Гауһар, Рабига, Мария, Бибі Бәтима, Зүлқия, Кәкедей, Ан-Бақия, Мүнәмих, Шылымшия, Ғайса анамыз, Зейнеп, Рақия, Әм-Кәшом, Ғайша, Раббы, Иабунг, Зәбира, Бейсен қызы т.б.

Діни иелер мен қызметкерлер: құдай, тәңір, пайғамбар, қажы, хожса, хожса-молда, мүфти, қазы, дию, сопы, диюана; әулие, ишан, хазірет, шайтан, балғар, бақсы, ишан, пірлер, әулие, хазірет, сопы алдияр; абыз, халфе-салпе, ғымалдар, зекетшілер, шәриф, халифа, әнбия, нәби, сақаба, періште, лашкер, шайтан, уәлілар, табынғылар,

муминлар, гариплар, үмбетлер, тірі аруақ, өлі аруақ, қырық шілтен, гайып ерен, жезтырнақ, жәбірәңіл,

Дінге байланысты туған мақал-мәтел: Өсекті қожса мен молда айтады; Қожса молда, қажсылар көп болғансоң, Барады быт-шыт болып жұртты бұзды; Қисық арба жол бұзар; Дүмше молда, қожсалар жұртты бұзар; Сартты – боза, қазақты қожса бұзар; Қожсалы жер жұрмес тату; Жер жүзі күннің көзі қаптағанмен, Қожса елі деген рулы ел болмайды; Араз ғып балдай тату ағайынды, Өстіріп дау-жанжалды зорайтады; Шаригат кітап сөзі қалды тозып; Құдай сөзі құранмен, пайгамбар сөзі хадиспен; Ісім ақ, құдайым жақ; Жалаң құдайға сенсең, жаяу қаласың; Алһи амин, тақсыр, бір ат зәкуат; Зауал бар әр қаламға; Арқаңа ернім тисе, тақсыр Расул, Болар ма отқа перде!; Құдай-бір, пайгамбар-ақ!; Қудая, үмбетімді бере көр!-деп (ПДӨТ);Айтыпты: Уай, үмбет, уай үмбет!-деп;

Дін иелерінің басты қалалары, құлшылық орындары: Мәдина, Мүнәрә, Мекке, Хәрәм-Шариф, Есіктен Бәб Әл-Сәлем кірідіңіз бе?, Пайгамбар михрәбінде намаз оқып, Көрістан Бақиға, Байтолла қағба, Фаран, Фажам, Түркістан, Хысырау, Ойран Тұран, Мышқәнт, Бәйтөлла қара жабу төрт бұрышты, Арафат, Мұздалифа, Мәшһәр әл-Харам; Мине, Әл-маххала; Қубайс, Жасында дәл отыз бес Қағбада өткен;

Дини кітаптар: таурат, інжіл, забур, құран;

V. М-Жүсіп шығармаларындағы лексикологияның түрлері мен салалары

5.1. Ономонологияның негізгі аспектілері

Жер-су аттарының әр түрлі ғылымдар тарапынан зерттелуінде басты орынды тіл білімі алады, өйткені атау дегеніміз ең алдымен сөз, ал сөзді зерттеу лингвистиканың сыбағасы (Әбдірахманов-17). Ономонология тіл білімінің негізгі саласының бірі. Ономонология зат немесе құбылыс ұғымының белгілі бір сөзбен аталуы неліктен екендігін қарастырады (Аханов-81). Ономастика, зародившаяся на стыке ряда наук (лингвистики, истории, этнографии и географии), представляет собой совокупность ряда самостоятельных секторов, имеющих

вполне конкретные объекты исследования: топонимика, изучающая географические названия; анротопонимика-личные имена, отчества, фамилии людей; этнонимика- названия этнических образований (народов, родов, племен); астронимика и космонимика-названия небесных тел, светил и созвездий; зоонимика-клички домашних животных; теонимика-имена божеств, духов и мифических субъектов; фитонимика-названия растений и.т.д. (Қайдар-128).

Этнотопонимдер: *Россия, Қазақ, Татар, Алаш, Поляк, Жебірей, Армян, Аргын, Қызылбас, Қалмақ, Сарт, Ногай: Халқыны Россияның мейрамы бар; Патшаның қол астында поляк, жебірей, Сарт, ногай, орыс, қазақ, армияндағы; Қызылбас пен қалмақтай боп өз ауылы; Мейлің қазақ маған бол мейлің татар; Сарт, ногай жан сақтайды саудасы бар; Сарт демей, ногай демей, қазақ демей; Алаш: Алаш боп басты қоссақ қор болмаспыз; Ынтымақ алаш болып қосылмаса; Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын; Салтанатты Сарыарқа, Сәуделенген Сарыарқа; Суың шекер бал Арқа; Майда шөбің бал Арқа. «Жеті өгіз» деп найманға аты барып; Орта жүз-қоңырат, қыпшақ, аргын, найман, Сұрасаң ұруымды Сүйіндікпін, Төрт арыс-Орта жүздің шын баласы; Арқаның толған елге сары даласы; Жіберді сібір қып еріксіз айдап; Нем бар еді жер ұйық қуысында; Асан қайғының жер ұйық іздегені тарихта айтылады.Турақты тіркес тұтастай тарихи мәні бар әңгіменің тууына себеп болды. М-Жүсіп: «Қазақ халқының қариялары: «Біз үш ханның баласымыз,-десіп сөйлейді, -Сейіл хан, Жайыл хан, Ел хан. Сейіл ханнан-сегіз арыс түрікпен. Жайыл ханнан-Майқы, майқыдан туған өзбек. Елден-Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені-Мың, ортаншысы-Жүз, кішісінің аты-«Қырық»,-дейді. Сыбанның Қазақ пенен Созақ. Созақ баласы-Қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс; Бекарыс. Үш жүздің баласы: «Қазақтың атасы осы үшеуі екен»,-деп айтысады» - дейді (ААБӨАШЕ); Абылай аспас сары бел (БЗАҚЕТСС); Өзімізге тақау, алдымызда иеленген жұрттарда «кәрі құлақты», өінен құлағы бұрын туган жандардан естуімізше, мық деген бір жұрт өтіпті. Ол мағол нәсілінен болса керек. Бұлардан соң ногай, қазақтың ногайы иелініпті (САКЕ). Шерміш деген бір жұрт өтіпті. Ол татар нәсілінен болса керек (САКЕ); Сарыарқаны қара қалмақ Қатысыбын деген жұрт иеленіпті. Қалмақ деген жұрт қадірсіз, пұлсыз кісісі өлсе, далаға апарып тастайды екен (САКЕ). Біледі бұл Орта жүз біздің жайды (Жан қаж); Аргын түгіл, өрдегі Найман куә (Жан. қаж); Көк тақым қандыбалақ уры Алтайдан (Шаб); «Абылай аспас сары бел» (Ис.иш); Орта жүз он сан жатқан ел*

болдың ғой, «Абылай аспас асқар тау, бел» болдың ғой!(Ис иш); Немістен даңқты балуан Шмит келді; Француздың пай тахиты Париж барып; Түрік балуан атанған Халилдерді; Сібірдің бас балуаны Петров келді; Кавказдан телеграммамен алдырғаны (Қаж); «Тоқсан екі баулы»-деп, жүр ғой шатып (Қаж); Дабысы кеткен жасынан Үрім менен Қырымға (МүсШ); Біз бір ер Орта Жүзге үлгі салған; Аргын, Қыпшақ, Найман мен Керей, Уақ,-Бастадың басшы болып Орта жүзде; Ту болдың заманыңда бұл Қыпшаққа (Шонтыбай); Тауында тор, Сина Шәһид болған; Жан еді артық туган Ноғай затты Шонтыбай;

5.2. Антропонимика

Антропонимдер: Көпеев, , Ләйлі, Мәжнун, Поштаев, Шоң, Шорман, Наурызбай, Кенесары, Кенехан, Қуандық, Елеман, Тұрсынбай, Базыл, Базыл, Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек, Мейрам, Темеш, Құлымбет, Құлжан, Аралбай, Тұтқыш, Сайдалы, Әлкі, Байдалы, Сүлеймен, Жанбаба, Мәжік, Ақши, Тама, Танаш, Таймас, Мейрам, Садуақас, Малатай, Заркеш, Байнабай, Қонабай, Әкімбек, Фазыл, Саққулақ, Түгенбай, Тоқмұхамед, Дүйсекей, Күреңбай, Бегендік, Шегендік, Мәжік, Сугыныш, Құлболды, Айдабол, Күлік, Жанболды, Тілеумбет, Майқы, Сыбан, Аспантай, Амантай, «Адам атасы-Арсалаң!» Арсалаң деген сөзге М-Жүсіп былай түсінік береді: «Сонымен Адам атаға-Арсалаң» деушімен бір мектепте оқып шыққандар болады» (ААБӨАШЕ). Арсылан деген мұсылман аты жазылған сақиналар, ақырында, осы жерде қайтыс болған Тұлғұх-Тимур ханның зираты бұл жерлердің¹ (Бір сөзді анықтауға болмады. «VII ғасырда» деп оқуға келетін сияқты)¹ (Уәлиханов-114). Жалинус, Виссарион Белинский, Михайл Баскин, Торайғыр би, Мұтар Әуезов, Дарвин, Мұсабеков, Михайл Баскин, Затаевич, Аплотон (Плотон) (АЖЖАЖТ); Сөйлем ішінде келетін антропонимдер матаса байланысқан нақтауыштан тұрады: Мен: өз атым-Жүсіп, әкем аты-Көпей, оның әкесі-Серімбет, оның әкесі-Бесім, оның бабасы-Тілеуімбет (САКЕ). Уақ Нұркен, Самай Абыз, Қойтан, Олжабай, Жасыбай, Секербай, Мұса, Еркебұлан, Жантемір; Айдабол, Біләл, Байбек, Қожахмет, Асқар, Баязит, Әшім, Ишан, Сіләмбек (Шаб), Рүстем, Бағирам, Сыдықтай, Садуақастай, Ғаділ Омар, Мұратқожа, Назар, Жолаба-қыпшақ деген бір рулы ел; Керей, Күрлеуіт, Ақтілес, Сырым, Кушік, Бәсентиін, Апай, Бөрі, Жұқарақ Қанжығалы, Ишабек, Файзолла, Ходай, Мағрұб, Сеітқожа, Төртуыл, Бесмұхамет, Исабек, Ылшқыш, Қыбырай Дурман, Мыңбас, Ақпан,

Жүсіпбай, Байназар, Бұрша, Қоңыратпай, Жақып, Ақботааш, Субек, Мұқан, Жаһанша Сейдалы, Пьер де Колус, Грурный (Грозный), Шмит, Александр Первый, Халилдер, Петров, Колпоковский, Хусайын, Атымтай, Шыңғыс, Жошы, Есім, Тәуке, Абылай, Әмір-Темір (ПДӨТ), Шонтеке, Ғайсабек, Қарабұжыр, Тентек, Қанжығалы, Тәсентийн, Сүйіндік, Әжібай, Естай, Жүніс қажы, Дүйсекей Қабыл, Шашке, Сұңқарбектің Бәйтені, Төлеңгіт Еркесары, Қарағайлы Уақ, Шыңғыс қажы, Қарабұжыр, Батыр Таган, Ермұхамет қажы, Сырым, Әжібай, Бөбекей, Фиан молда, Шегебай, Усан, Баймен қажы, Жақсыбай, Сары Қозған, молда Иманқұл, Қылышбай, Қожамқұл ұлы Алали, Ақбөбектің Жайпаңқажы, Мұстафа, Жағалбайлы Бәден, Қарабай, Мәштек абыз, Тәтеқажы, Қарақозған Мырзақара, Құлажын Сәдібек, Ерденұлы Бимен, Жүзін ұлы Жылқайдарда, Мұхаммедрахым, ишан Ғазиз;

Журналдың аты: «Айқаптан» оқып бұрын көріп едік (Қаж);

Айқындауышты антропонимдер: Мәшһүр Жүсіп, Жақыпұлы Жүсіп, Қазымбек сопы алдияр, Нәжімеден қазірет, Байжан қазірет, Дүржанбай халфе, Сәтқожа Төртуыл халфе, Орманшы Қожа сопы, Молдасы-Дүржанбай, халфе-салте, Қутболды ишан, бибі Мариям, Мұстафа-болыс, Мұса-дуанбасы, молда Жүніс, Шарық Ғабдолла, Үстазым Қамар, Дамболда, Хамза молда, Дамболда қазірет, Қожай-Баһауалдин, Спақұлақтың Ерәлісі, Молда Қамар, Қозғанда Бекқұлы, Қарақожа бабаң, Мейрамсопы бабам, Ер Шоманақ, Малай Жәдігер, Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғыс хан, Есугей Баһадүр (писутей-қалмақ); Стамбулдағы Османи, М-Жүсіп: «Стамбулдағы Османи нәсілінен басқа, бұл Азиядағы хандардың көбі Шыңғыс нәсілінен. Россияда-граф, ногайда-князь, қазақта төре-бәрі Шыңғыс нәсілінен»-дейді. Дүниені алған Бати, Әмір Темір көреген, Алаша хан, Асан қайғы, Жиренше шешен, Абылай хан, Сүйеніш хан, Қыпшақ Қорлыбай би, әулие хазірет Алгарфин Қожа Ахмет Яссауий, Ташкентте Зеңгі ата, Бұхар хан, Ер Тоғырыл, сұлтан Ғұлаалдин, Сейіл ханнан-сегіз арыс түрікпен, Жайыл хан, Ел хан (ААБӨАШЕ); Торайғыр би (АЖЖАЖТ); Ақжар, Сасай (САКЕ), Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Орманшы Тайлақ батыр, Сары атты Сексен батыр, Сүйіндік сегіз болыс жұрт алды еді; Зікірия, Мағауия; (Жан. қаж); Шайхы Ғұмар, Сахабауыл Ғабдолла, Шілмахыраб Абылқас; Қажымұқан балуан Мұңайтпасов; Алтыбас-Қыпшақ екен ұрығымыз; Таза Қыпшақ -Қобыланды аты атанған (Қаж); Алшынбайұлы Қақабай (МүсШ);

5.3. Топонимика географиялық атауды зерттеу нысаны

Топонимика: *Алатау, Қаратау, Шу, Мысырға ақырында патша болып; Алтай, Қараөткел, Арқарлы, Қайнар, Жиделі, Қызылағаш, Бузаутас, Жамантас, Қарбасқан;*

Жалпы топонимикалық белгі: *«Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған»; Қараөткелде Сартерек болысында; Ішінде Қазығұртты-біздің қазақ; Есілді қыстау еттім, «Ысмайыл Қызылағаш» деген жер. Өлеңті қоныс қылдым, бір жыл қыстап; Өлеңті Шідертіні елім жайлар; Түркістан елінде «Теке су» деген жерде үлкен базар болған соған байланысты «Қырық қақпалы қарашақ» тұрақты тіркес пайда болған. «Қалмақ қырған» Олжабай батырдың қалмақтарды қырған жері. Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туган жері-Баянаула тауы. Бұл таудың аты Баянаула қойылған себебі Баян ауылы деп аталып кеткеннен. Сол қыздың қарқарасы жоғалып, түсіп қалған жері-Қарқаралы-Қазылық атанған. Домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жер-Алтынсандық, Ақшатау атанған. Өлең айтып, той қылған жері-Өлеңті атанған. Аттарының шідері түсіп қалған жер-Шідерті аталған. Аттарының арқасы жауыр болған жер-Жауырбұғы аталған. Қайыр, бұл Сарыарқаның жер аты-бәрі қазақтың ата-бабасының аттары (САКЕ). «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырымен салыстырсақ:*

*Қыздың берген белбеуі түсіп қалып,
«Қызылбелбеу, Қубажон» қоя сапты.
Бір суытқан айғыры шығып кетіп,
«Шұбарайғыр жорға» деп қоя сапты.
Қыздың берген мейізі түсіп қалып,
«Мейізек» деп тау атын қоя сапты.
Жанындағы жаулығы түсіп қалып,
«Абыралы, Жалаулы» қоя сапты.
Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» тау атын қоя сапты.
Жанындағы шідері түсіп қалып,
«Шідерлі» деген өзен содан қапты.*

Ұлы Жүз Үйсінде Жақынбай; Боран, «Итемген» бұрынғы аты қалған еді (Шонтыбай);

Қала атаулары: *Петербор, Омбы, Семей, Кереку, Қазан, Семипалат, Мысыр, Макарже, Үш Кеңгір, Самарқант, Бұхар, Ташкент, Түркістан, Баянаула қаласы; Самар, Самархан, Хоқан, Самарқант, Ақмола, Павлодар, Қудыс-Шәрип, Петропавловскі,*

Мәскеу, Ербет, Шідерті деген өзеннің аяғында Ақжар, Сасай деген жерлер ноғайлардың кент салып, тақ қорған: Бұхар Қоқан хандарының арығы сықылды орда жасатқан жері екен (САКЕ). М-Жүсіп қала туралы: Қазақтың жер, суына залал қылмаймыз, солдат алмаймыз дегенін жаздырып, Баянаула тауына Шоң биден сұрап қала салды, Көкшетауға ұлы ханның тоқалы Айғаным ханымнан сұрап қала салды. Әлхисса Сарыарқаның пайдалы жерінің бәріне де қала сала бастады; Дүние деген шіркін көшпелі екені осы екен: қазақтың тулар мініп, ту ұстаған кейінгі үрім-бұтағына олжа салған батыр ең, ақырында мұжықтың поселкесінің аты болды. Ереймен тауын Олжабай қаласы атанған қала-сол Олжабайдың өлген жері (САКЕ). Француздың пай тахиты Париж барып (Қаж); Омбыда ойын болған тағы серік (Қаж); Қара Кеңгір, Сауқым, Шам, Шәриф, Мысыр, Бейрут, Атбасар;

Кент: Өзі үйінде жоқ екен, Ташкент кетіп; Екі кент қатын айлық, қатар сайлық; Атанған Жанжалкент деп, ол-шын байлық; Қазакент қалды ар жақта көрдік, әні!; Сарт-сауан жол үстінде Қожакенттік; Қожакент көпірінен өтіп жүрдік; Қасында екі кент бар: Шешек, Нанай; Ташкентке қырық тоғызда тағы бардым;

Ауыл, қыстақ: Бузаутас ауыл, Ереймен, Бөгенбай аулы (1 том); Қазандық Көшер ауылы, Мышыр аулы (ААБӨАШЕ); Едігенің қыстауы, Бекболаттық қыстауы, Бейсені қыстауы; Қыстақтар адам білмес қалған талай (ЫШ);

Гидронимдер: Кеңгірдің, Есіл, Нұра, Еділ, Жайық, Ертіс, Сарысу, Атсу, Шу, Сыр, Ақша көл; Батпақ көл, Сайрам суы, Ат бұлақ, Теке су, Жақсы Далба-Қарағайлы бұлақ, Жолдыөзек, АҚАМ-да: Сейхун, Жейхун, Джала, Ніл, Мубарак өзен аттары кездеседі; Есіл, Нұраның арасында «Тоганастың тоқсан екі көлі» атанған көлдер-ноғайлардың егін жайлары екен. Ер Олжабайдың қалмақ заманында қоныс қылып, жападан жалғыз үй қыстап отырған жері-Шойынды көл деген көл; Шідерті деген өзеннің аяғында Ақжар, Сасай деген жерлер ноғайлардың кент салып, тақ қорған: Бұхар Қоқан хандарының арығы сықылды орда жасатқан жері екен; Жеті ұрыны бір көлдің басында тарттырып өлтіргеннен сол көл «Ұрының көлі» атанды; Күн батысы-Сырдария, күншығысы-ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі-Жетісу, Семиреченский өзені, солтүстігі-Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дешті Қыпшақ атанған Қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?»-деп, мақал болған себебі сол (САКЕ); Шідерті: аққан суы-қайнар бұлақ; Ақкөл мен Жайылмада аз жыл тұрдық (Ис иш); Өзенге барып қондық-«Бақырауық»; Бір өзен

Қожакенттен Өкем күйған (ЫШ); Шыршыққа кұяды екен Пішкәм келіп (ЫШ); Есіл мен Мойыншақтының арасында (ПДӨТ);

Көпір аттары: Имамхан көпіріне бардық жетіп; Қожакент көпірінен өтіп жүрдік (ЫШ); Аузында Бұрыш молда көпірінің (ЫШ); Шыршыққа көпір салам деп жинаған (ЫШ); Жайылма, Ақкөл менен ел Тентекті (Шонтыбай);

Оронимдер: Қызылтау; Далба; Алатау; Қаратау; жота, төбе, сай-сала, дөңге, ойпатқа, сайын дала, тұз, жапан, сахара, тау, қырат, шың, үстіріт, бел, асу, шат, шұқанақ. Баянаула тауында Жасыбай асуы сол; Избушка деген асудың аузын қыстады (САКЕ); Баянаулады Жалаңтос деген асу бар (САКЕ); Қулан сай таудан түскен қобыменен; Түбінде Баркөз төбе Нұрбек қондық; Тау қалды жолда оң қолда Абылқасқа; Жер екен Шиман деген таудың басы; Атанған: «Нұр тауы», - деп, сеңгі нұрға! (ЫШ); Қоңыратбай, Жақып пенен- Көктөбелік (ЫШ); Жолда «Қоқидың қопасы» деген үлкен төбе бар (Боран); - Жау жерінде қалдым ғой, менің сүйегімді алып кете алмассыңдар, бір бармағымды кесіп алып, маңайлас жерлеріңе өкм де, соған там салып, «Бердіқожа тамы» атандырыңдар. Даганделі озенінің жағасына там салыпты, шошақ мола күні бұл күнгеше құламай тұр деседі. Жүргіншінің қара жолының үстінде, Жетісуға барғанда Қозы Көрпеш-Баян тамын көрдік, шанышқылы Бердіқожа батырдың тамын көрдік деседі (Қазақ шежіресі).

Некронимдер: мола, ескерткіш, мазар, Бала үшін күзетем деп бір мешітті; Қыстады мешіт түбін, салған үйін; қамал, зират, қабір, көр, дін, оба; Әр төбеде оба боп үйілген тас; Қазіреттің ақ күмбез зират қып; **Оба, молаға байланысты мысалдар:** Тоқтамыстың қара обасы; Болған ана, Талмас-ата молалары Сарысу бойында. Моласына шошақ тас қойдырған; Күншығыс жағы ашық намаз оқылатұғын, құбылаға түрі тура дәл келген тас қорғандар бар М-Жүсіп: Ол ноғайлының қалмақ қамаған күнде намаз оқу үшін тастан жасаған қорғаны екен деп айтысады-деп түсінік береді (САКЕ); Өлеңтінің аяғында қара оба, сары оба деген екі төбе Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен, топырақтан үйдіріп жасатқан (САКЕ); Қызылмола, Сұлутам, Сырлы там, Хансүйегі деген жерлер-сол замандағы ноғайлардың қадірлі өліктерінің моласы екен Ер басына бір-бір тасы болады. Сол тастармен барып, көп тасты үстіне үйіп кетеді екен. Сарыарқадағы оба дейтұғын-үйілген көп тас, қалмақтың өлгеніне шығарған жаназасы екен. Аса қадірлі хандарына, жайсаңдарына көп кісі жиылып көп тас үйдіреді екен де, орта қадірлісіне өз

шамасынша, онан төменгісіне өзінің қуны, пұлына қарай, жиылған кісінің шамасынша тас үйіледі екен. Абад (араб сөзі кейбіреу, біреу, әлдекім, бағзы-автор) бір қадірлісіне адам сорты сықылдандырып сын тас қояды екен. Қай жерде болса да, күйген кірпіштен жасалып, жермен жер болып кеткен қызыл кірпіштер-ноғайлардың моласы да, тастың үйілген обалар-қалмақтың моласы (САКЕ). Жағалай жол үстінде тұрған мазар; Біз көрдік Ескендірідің мұнарасын (ЫШ);

Космонимика: ай, күн, жұлдыз, аспан, бұлт, кемпірқосақ, найзағай, маңдайында жұлдыз. Бұл тіркестің күллі дүние жүзінің қарулы күштерінің бас киімдерінің маңдайына қадайтын рәсіміне айналды десек артық айтпаймыз. Маңдайға жұлдыз қадаудың мағыналық этимологиясы түріктерден басталады. Оның ішінде қазақтарда космонимикалық құбылыс болып табылады. Ш. Уәлиханов: *Аспандағы әр жұлдызды, әр адамның жаны деп түсінеді. Егер бір жұлдыз ағып түскеніні көрсе «Менің жұлдызым жоғары!» деп, екі рет айтады. «Жан біреу-ақ, ерте ме, кеш пе, тірі пендеге бір өлім бар деп мінәжат етеді. Кеште үйге кіріп келе жатып, әкемің: «Бүгін екі адам өлуге тиісті» деген сөзін жиі еститінмін –Қалайша?-деп сұрағанда: - «Екі жұлдыз аспаннан ағып түсті» - дейді» (155); Жұлдызға қатысты да «Қыз Жібек» жырында жолдар бар: *Айналды жұлдыздары енді оңға; Көп жұлдыздың ішінде; Көркем туған айымсың (Бақтыбай) ...жұлдызы жоғары, жұлдызы қарсы, жұлдызы сөнді, құйрықты жұлдыздай ағып өтті деген сөздер сөз тіркестері (Тұрышев-126). Қазақ ұғымында кездестің айы туып оңынан, жұлдызы туып солынан, жұлдызды бетке алып, жұлдызды бетке ұстап, темір қазық жастанбай (Махамбет) деген сөздер тегін айтылмаса керек.**

М-Ж. Көпеев «Адам мен жұлдыздар арақатынасы» деген еңбегінде: *«Ай, Күн, Ғытард, Зәһре, Мәріх, Міштірі, Зухәл. Қазақ бұлады: «Жетіқарақшы»-дейді (24). Жетіқарақшының біреуінің қасында көз жетер жетпес бір кішкене жұлдыз бар. Қазақ айтады: «Үркер жерге түссе, сиыр суға түседі»-делінген сөз бар (24). «Ай мен Күндей - әмбеге бірдей», -дейтұғындығы-сол. Ғытырат деген жұлдыз-хатшысы, Зәһре деген жұлдыз-ойыншы, сырнайшы, сауық жасайтұғын өнерпазы. Мәріх деген жұлдыз - әскербасы, комендант, қылыш ұстайтұғын батыры. Міштірі деген жұлдыз-қазы, би, төрешісі, Зухәл дейтұғын жұлдыз-қазначейі. Жұлдыздар да өзіміздей мақұлық, он екі шаһары бар, жеті патшасы бар. Біз қандай туып, өсіп-өнсек, олар да сондай: туып, өсіп-өнеді. Жеті патшасы жеті көкте жалғыз-жалғыз көдедей. Көп жұлдыздар жеті көктен әрі сегізінші қабат көкте. Ең бізге жақын көкте Айдан басқа жұлдыз*

жоқ. Оның бадырайып, адырайып тұрғаныдғы-жақындығы, өзінде сәуледе жоқ, сана да жоқ. Сәулені, сананы Күннен алып, жарқырағансып тұр. Өзі бір қалыптан өспейді де, өшпейді. Оны бірде ірі көрсетіп, бірде қылаттып, қылдырықтай көрсетіп тұрған-Күн сәулесі (26-27) «Жаманын нас жұлдыз деседі, жақсысын сәтті жұлдыз деседі. Бұл туган күндегі туган жұлдыз сәтті жұлдыз болса, бақыты талайлы, жұлдызы жоғары болып, басқадан үстем, бөлекше болатұғындығы-сол. Нас жұлдызбен айқасып туган бала болса, күнсыз, пұлсыз, жаман кісі атанатығұндығы-сол» (28); Аспан көкте тұрған Ай, Күн, жұлдыздардың адам балаларына қайтым-қарыс араластығы болады (27) деп аспан әлемі туралы өте көп мәлімет береді. Ай мен күндей галамға бірдей болған; Аспанда күн қоректен, ай айырлап; Кез болса маңдайында жұлдыз оны; Сегізін де жұлдыздай ағып шаптым (1-том); Ай мен күннің әуелде нұры бірдей еді; Темірқазық деген жұлдыздың маңайында тұратұғын Ақ боз ат, Көк боз ат дейтұғын екі жұлдыз (АМКҺБ); Көк пен Жер, Ай менен Күн тау мен дария; Аспан биік болғанда Жер аласа (ҚЖКЖЖ); Ай, Күн, Жұлдыз ағаш, шөп, шашбауыңмен, Ажарланып, көркейіп кір-деп түрегелді (ҚЖКЖЖ);

VI. М-Жүсіп шығармаларындағы кейбір сөздердің этнолингвистикалық көріністері

6.1. Этнографиялық тұрақты тіркестер

Салт-дәстүр, әдет ғұрыпқа байланысты тұрақты тіркестер: құда түсер, бата оқыр, бата қылып, саумал ішіп, ас ішпей, жалғыз атын тулақ қылып, бесікке бөлеу, құдалыққа бару, басың төрде, беліне ақ киізден күйек байлар, майы үшін, қарғы салып, құда шықты, ант беріп, ата қоныс, күл төбе, қара саба, сары қымыз, мұрнын тескен, жорасы бар, шудасы бар, үш түлік, үй тігетін, айт пен тойын, көкбары-құнан, дөнен, атын шауып, қонақ болып, ас берген, қалың той, ата-баба дәстүрі, жағалай қонған ауыл, ақ болсын, халықтың я болмаса жорасы бар, ойнайтұғын құрдасы бар, үш түлік, айт пен той, сауық, көкбары, ас берген, қалың тойын, бәйгіге әркім баптап ат қосып, сыбаға берді, үш қат бөз орамаса, қалыңдық ойнар, қол ұстар, өгіз бен түйенің мұрнын теспе деген, жаман ырым жорасынан, жылап көшті ұясынан, өзі болған кесірінен, құшақтаған жесірінен, қабыл болған, қақ жарып кеп алды орын төрден, тілі тиді, тиді тізгін, ұрым-бұтақ, бәйге алсаң, зерлі шекпен, мешіт-азан, ат шабылады, асың жерік, өлгенге ас беру, туганға той, неке талақ

мурастың ау – жанжалы, олжа болып шабындыдан, жорықта өлсе, тәңірім иген, зер танитын зергер; бәйге алды; болдым ұста; кебін сурап; үй басына қаптаған өлең-жыршы; әр төбеде оба боп үйілген тас; жерік ас; өрнек болсын; тірісін күйе тесіп; құдай атқан; қол жайып бата алғалы, қонақ асы; айғыр салып; бойдақ қой; қойдай тізіп, қозыдай көгендеп, майға піскен дөнен;

Жылға байланысты белгілі бір тарихнамалық оқиға көрсетіледі: Тауық жылы жұтығып жұрт тұрғанда; «Тауықта» жұтап қалып малдан таза; Қой жылы бала екенмін жерге түскен; Мектепке доңыз жылы дәл бес жасат; Тауық жылы салам деп бастаған үй; Мың тоғыз жүз, міне, отыз бірінші жыл, Жылқы кетті, қой келді, мұны ырым қыл. Қойдан қоңыр заманды көріп тұрсың, «Қой анасы-бестен» деп, бусайшы бел! Жылым-қой, отыз жеті жасым еді (отыз жеті бір мүшел болып есептеледі-автор);

6.2. Байырғы тіл құбылыстары

Жүруші ең келемеж боп көп тағанға, Штраф екі айналсаң, бәсіге деп; Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден; Болыс-би былыш еткізіп басар мөрді; Нахақтан құсаменен қан жұтқызып; Әр шаруа жалқаулықпен болар талық; Ақырар мойынға сап сары жезін; Ақырар мойнына сап сары жезін; Жау гой деп қараңғыда омақаны; Тұреызып омақаны әрбір жерге; Жем болып, ақыл сурап әр ұлықтан; Үрдіе қуаттанды партиямен; Көп дұға шаһымыздың хұзырана; Бұл дүние бір күн базар; бір күн мазар; Хұзыры патша ағызам рұқсат берді; Ұлықтың гұзырына қалам тартқан; Ұла әруақ орнын құр тастамас; Базылы-бай, Поштайы-аға сұлтан; Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр; Алаштың ұраны үш жүз баласына; Зынданда не шаһбаздар нахақ жатыр; Бұл сөзге түсірейін түстей жорып; Бостандық болмақ болып әр ұруга; Пайдасына ұрым-бұтақ ойламады; «Зер танитын зергердің» жоқтығынан; Әр төбеде оба боп үйірілген тас; Кеіжірлік-кедейліктің ордасы біз; Ергенексіз, жалқаусыз болады есік; Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын; Бір күдір, ойлап тұрсақ, белден астық; Алие жүк тамаға және жеттік; Солардың біз қалған бір жұрағаты; Өткіздік зауза, шілде, сары атан; Мінәжат қылды сұлтан мұны естіп (ӘДЖИ); Қулан сай таудан түскен қобыменен (ЫШ); Баруда қамшылар жақ болды онда (ЫШ); Қоржынға кітап, құран салдым жинап (ЫШ); Күрзімен ашуланып ұрды дейді (ҒА); Сөйлесем күрзіменен ұрды!-дейді (ҒА); Айтпады теріс қарап ұшал Заһид (29-бап); Күркіреп «ұшан» Сері келіп жетті (ҚКБС-48);

6.3. Көне және дәстүрлі тіл құбылыстары

Таған: *Жүруші ең келемеж боп көп тағанға;* **Сарсаң:** *Сен ақымақ тамақ үшін болған сарсаң, (бір сыңыры өуре)* **Тезін:** *Әдейі қиыстырар құрған тезін;* **Сары жез:** *Ақырар мойнына сап сары жезін;* **Омақа:** *Тұрғызып омақаны әрбір жерге; (қазық қағып орыстар жерді бөліп жатуы);* **Жау гой деп қараңғыда омақаны;** **Бейпіл:** *Жұрт едік бейпіл жүрген мұнан бұрын;* **Сауға:** *Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар;* **Көкбары:** *Көкбары бірін-бірі қылып бұл жұрт;* **Көкбары-құнан, дөнен, атын шауып;** **Қамшауымен:** *Шықан, тілме, өуре боп қамшауымен;* **Ат-тоңынан:** *Айрылып ат-тоңынан жұрдай болып;* **Саумал ішіп:** *Мәз болып отырғанға саумал ішіп;* **Дастан:** *Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім;* **Дүние жүзі:** *Таң атса дүние жүзі қыбырлаған;* **Тұл:** *Тұл қылып жібереді қатын, қызын;* **Талық:** *Әр шаруа жалқаулықпен болар талық;* **Асулы:** *Асулы күнде қазан қайнауы жоқ;* **Құда түсер:** *Құда түсер, бата оқыр сықылданып;* **Сорпа, Қымыз:** *Ет, сорпа болса кемдік қымыз, шайдан;* **Шерті:** *Әркімнің талас шерті сөз болғанша;* **Бесік:** *Мал алып бесіктегі жас қызына;* **Күйек:** *Беліне ақ киізден күйек байлар;* **Сары жез, Қарғы:** *Мойнына сары жезден қарғы салып;* **Жалмасынан:** *Үлгілі өзен жердің жалмасынан;* **Күл төбе:** *(Күл төбенің басында күнде жиын) Күл төбе қыраң жерге аударылды;* **Мұрынын тескен:** *Біз түйе, тартынар деп мұрынын тескен;* **Өгіз бен түйе мұрынын теске деген; **Бұйда, Ноқта:** *Жетелеп алып кетер бұйдасынан;* **Түйеге ноқта қалай бұйрық болды;** **Бәсіге:** *Штраф екі айналсаң, бәсіге деп;* **Машық:** *Жүзінде ақ қағаздың машық жатыр;* **Қапас:** *Қапасқа салып қояр кемеңгерді;* **Аршын:** *(жас аршын) өлшем бірлігімен бұл сөздің қатысы жоқ;* **Айырылып бұрынғы аршын кезімізден;** **Науқан:** *Жазғы болған науқанда күз табылмас;* **Күнілдеп:** *Күнілдеп үйде отырып күжілдейді;* **Күйек:** *Беліне ақ киізден күйек байлар;* **Қарғы:** *Мойнына сары жезден қағы салып;* **Обал:** *Сақтанбас обал гой деп жеткен, өні.* **Төре:** *Төресі қисық жаққа буза шықты;* **Қаймасынан:** *Көп сөздің тиян табар қаймасынан;* **Ырым-Жорасы:** *Халықтың я болмаса жорасы бар;* **Қалың жұрттың жаман ырым жорасынан; **Алаш:** *Ынтымақ алаш болып қосылмаса;* **Бәйгіге:** *Бәйгіге әркім баптап ат қосып тұр;* **Зәбір:** *Шығып тұр елге зәбір осындайдан;* **Кесірінен:** *Өзінің болған емес кесірінен;* **Рәсім:** *Бұрынғы ата-баба рәсімінен;* **Тоба:** *Сасқандай жұрт жаңылып тобасынан (тәубасынан);* **Дұға:** *Патша жұрт тастамас дұғасынан;* **Ұрым-бұтақ:** *Пайдасын ұрым-бұтақ ойламады;* **Ереу:** *Қылмаңдар жанжал, талас бұған ереу;*****

Шырға: Тартқан шырға (шырғалаң –67) көрінсе бармайтуғын;
Тұлып: Үлкен қоян терісін тұлып қылып; **Тез:** Өзі қисық болса да тез ағашы, Талай қисық ағашты қылады оқтай; Түзу ағаш әрқайда тез болмайды; **Қалақ оқ:** Әркім ауыр тиер қалақ оқтан; **Кісен:** Кісендеп бекітпедім неге тілді? **Төр:** Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп, Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Барсаң да қай орынға басың төрде, **Босаға:** Басқа орын босағадан тимейтінді: Ие болып жанбасқа бір отағасы; **Төресі** қисық жаққа буза шықты; **Боқтайды** стражник тұрып төрде, **Тақ:** Әркімнің басында тәж орнына; **Тәж:** Таққа мініп басына тәж қойғанмен; Ие болып жанбасқа бір отағасы; **Дастархан:** Дастархан мен қазанға мырза болсаң;

Қасында еркелеткен бар баласы.
 Жілікті «мә» деп соған ұстатады,
 Атаның баласы бар, май жағасы;

Мәңгі: Тұп-түгел мәңгі біткен біздің қаста; **Төскей:** Төскейде мал жатады қалың қауда; **Томырық:** Тұнжырлар томырықты (қара) желім; **Абыз:** Абыз дер бес қуранды білсе жатқа; **Сақ-ер:** Көп мінген сақ ермен тағып тұмар; **Сері, сал:** Мен жүрген сылқылдаған бір сері сал; **Тымақ:** Ат алмай мырзалардан тымақ алып; **Пұшпақ бөрік:** Аламын, қунан алмай, пұшпақ бөрік; **Айғыр салды:** Биеге көк қасқадан айғыр салды; **Албасты:** Талайдың албастысын көріп соқтым; **Жауырлық:** Жауырлықтан ер мінбей, мініп желқом;

6.4. Көне және қазір сирек қолданылатын құбылыстар

Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді; Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр; Әдейі қиыстырар құрған тезін; Майы үшін, жинап ақша, ат пен тайдың; Ас берген ұмытып тұр қалың тойын; Көшуінен көп керуен берді белгі; Жылаған алам үшін нашарлар көп; Бас қосар гамалға да болмай жиын; Барып қал, құзырына тауып серік; Түскен жоқ өлжа болып шабындыдан; Жұрты үшін жорықта өлсе арманы не; Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап; Құстай боп қапастағы қалғаннан соң; Уағдаға оға деген бұл заманда; Басыңа жастады да дию тақтайды; Дарбаза -ауыз, сөз – самал, тоқтау бар; Аймағым көп болсын деп талап етсең; Басыңды байлауда қып, кілтке салма; Қарақша-көрдің басы, бәйгелі жер; Әр жерден қонақ асы келді тірі; Атасы басқа румен ауылдас боп; Шорманның ордасына барып түстім; Бөктергідей босқа ұшып болдым арық; Хан оның балақ бауын алтындатты; Хан оған сап алтыннан қоңырау тақты; Қант бүркіп ерте-кеште жегізген соң, Мейлінше алғыр

болып ұшып бақты; Үшқан ұя, мекеніне келіп түсті; Міне, жоқ салтылдаған бізде аяқ-бау; Отабайдың сәукелесін Шоң Шонтының қызына бергізді дейді; Алшы-тәйке айырып, шік пен бүкті; Ондаймұндай, өзімен қойған қумыраша сықылды, аяқ сықылды, білезік, сырға ат тұрмандар шығып жүрді. Ол түйенің жүгінде бесік бар екен... бір бесікте, бір кебежеде екі еркек бала бар екен. Бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының қуны болып, олжа болып еді. ...қазақты қойдай тізіп, қозыдай көгендей бастайды; ...бір тоғын несие ақша еркек қой болып, он теңгеден сатылды (САКЕ). ...майға піскен дөнен бесті; ...біреуден ат майын сураған (САКЕ); ..не сұлу алған, не тоқал алған (САКЕ); Қолда садақ, болғанда белде-қылыш; Өлмек үшін жаралған туган ұлан; Қотан-қотан қойлар бар түсіменен; Қос-қос жылқы ішінде қосыменен; Көзіңді шелей қаптап қалғанында (ӘДЖИ); Ұраны Бағаналы: Барлыбай-ды (Шонтыбай); Бөрік екен күдерідей адам жаны (Шонтыбай);

М-Ж. Көпеев шығармасында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты этнографиялық сөздер өте көп қолданылған. Этнос ретінде қазақ халқы байырғы салт-дәстүрге қатысты сөздерді сақтап жеткізді. Сол халықтың өкілі ретінде М-Ж. Көпеев те этнографиялық сөздерді шашау шығармай жинап, ұрпақтарына жеткізді. Неке, талақ, низам, тұл, қатын, сауғасы, саумал, бесіктегі, құда түсер, бата оқыр, бата қылып, күйек, төр, қарғы, ата-қоныс, бәйгі, жаназа, некеқияр, басжегізіп, жанбас, жілік, босаға. Олар көбіне есім сөздер болып келеді де басқа сөз таптарымен түрлі морфологиялық қарым-қатынасқа түседі. Бұл сөздердің өздері де әр түрлі тұлғаларды қабылдап, негізгі түбірден туынды мағына жасайды. Мысалы, қамшы+ға; низам+ға барыс септігін қабылдаса; сауға+сы сөзі тәуелдік жалғауының III жағын қосады, бесік+те+гі түбір зат есімге жатыс септігі мен үстеудің көнеленген жұрнағының қабаттаса келуі. Сөздердің бірігуі арқылы неке+қияр; қосарлана арқылы: ат-тонынан; зат есім мен етістікті тіркес құда түсер; бата оқыр; бата қылып; сын есім мен зат есімді тіркес: ата қоныс т.б.

6.5. Этнографиялық тіл құбылыстары

Неке, талақ, қамшыға қолында болып; Неке, талақ, мурастың ау-жанжалы; Низамға тура келмес ісі сиып; Тұл қылып жібереді қатын, қызын; Сурайтын бір-бірінен сауғасы бар; Айрылып ат-тонынан жүрдай болып; Мәз болып отырғанда саумал ішіп; Мал

алып бесіктегі жас қызына; Құда түсер, бата оқыр сықылданып; Бата қылып, айтысып әруақ, құдай; Беліне ақ киізден күйек байлар; Барсаң да қай орынға басың төрде; Мойнына сары жезден қарғы салып; Іргеңнен ата қоныс мұра шықты; Бәйгіге әркім бантап ат қосып тұр; Жаназа, некеқияр деген жұмыс; Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Ие боп жанбасқа бір отағасы; Жілікті «мә» деп соған ұстатты; Басқа орын босағадан тимейтінді; Бір қалыңдық ойнарсың қол ұстасып; Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса; Сықылды табылатын асың жерік; Қызбайтын көрінсе де жерік асы; Кезболса маңдайында жұлдыз оны; Екі үшты, бәйге алуы, оның аман; Бір ат мініп, бір атты оңгермейді; Түндік қоймай ашпаған тегіс еніп; Иесіз жүрсе күні айт пен тойдай болып; Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп; Бір шалды төрге отыртып, бас жегізіп; Барсаң да қай орынға басың төрде; Басқа орын босағадан тимейтінді; Ие болып жанбасқа бір отағасы; Ұятты қол шатыр қып ал басыңа; Қойың сой, қымыз сапыр, қайнат шайды, Жайдағы дастарханды, қазаныңды ас; Жыртық төн қырық жамаулы, ескі болды; Дегендей: «Отындықтан оттық мосы»; Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған; Шымылдық-көзімізге күнә, жаза; Жеті атамнан емес ем жалған жүрген; Айналасы кереге, төбесі-уық (ӘДЖИ); Ауылынан Атайқыргыз қымыз ішіп; Байқамай айран гої деп іше беріп (ЫШ); Төрт түлік малға толған айналасы (Шонтыбай);

6.6. Байырғы және этнографиялық сипаттағы жеке сөздер, тіркестер

Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз; Не пайда нұр сипатты сүмбіл шаштан; Өңшең сәуірік, текешік, бұқашықтар; Әдейі қиыстырар құрған тезін; Қисықты түзететін тезімізден; Әркімді арбауына түсірем деп; Тартылды биылғы жыл көк рахыметі; Сабатып ат-айғырды қан сорпа гып; Бұл жұрттың қойдырам деп айт пен тойын; Көкбары-құнан, дөнен, атын шауып; Ас берген ұмытып тұр қалың тойын; Біз түйе, тартынар деп мұрнын тескен; Жетелеп алып кетер бұйдасынан; Түйеге нөқта қалай бұйрық болды; Ақ болсын хаққа көңілің бұл сықылды; Жабағы, қыл-қыбырымен шудасы бар; Мінуге үш түліктің пайдасы бар; Көшпелі үй тігетін болғаннан соң; Жиылысар қонақ болып сойып қойын; Қымызы қара саба, сары қазы; Жылқы мал үйір болмас қасынбаса; Абақтыны көреді өз үйіндеі; Абақты бұйырылады даяр бізге; Зынданда не шаһбаздар нахақ жатыр; Бұлардың сыбағасын аштық берді;

сыбағаңа тұрған жоқ киім тиіп; Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей; Күн бұрын алас ұрып әуреленер (алас сөзі аластау ұғымымен тығыз байланысты); Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие; Бір шалды төрге отыртып, Барсаң да қай орынға басың төрде; бас жегізіп; Төресі қисық жаққа бұза шықты; Төр алдында отырып жерсің жамбас; Ие болып жанбасқа бір ота Қасында еркелеткен бар баласы; Жілікті «мә» деп соған ұстатады, Атаның баласы бар, май жағасы; Базарға келіп едің ат терлетіп; Абыройым төгілмесін деп ойласаң (абыройы-әбиүрі-әйелдің жыныс мүшесі) әбиүріңді жап ашып қалды деген сөз тіркесі айтылып жүр. Содан келіп, тұрақты тіркестің құралуына себеп болған, кейінен басқа сипаттағы мағына алған. Доп ойнап, асық пенен онға жеттік; Қунан, дөнен-құлын мен тайдан өсті, Ат болады толған соң болып бесті; Қумалақпен тамырын тапса айтады; Жылым қой, жетті жасым бір он беске; Түйе өркештен айырылып, аттар-жалдан; Нар жүзін көтере алмас бір өркеш; «Кел, түйебас қылайық!»-деп балалар (балалар ойыны); Ойнағаны қылады ақ түйебас; Шілдехана беруге қол көтертпей; Қанекей, көңіліңдегі көшір қайда? Қолында нөқталаулы бір адам тұр; Бір ауылдай ел қыс болса, арасына басқа жанның түмсығын сұқтырмай, ыңғайлас, жалғас, тұтас қыстау жүру керек. Қазақтың көшіп-қонуын бірден қойдырамын деу қазаққа пайдалы болмайды. Жаз болса, жайлауда да арасына жан жолатпастан, тұтас керек. Қисапсыз шашбауына таққан теңге (ЖМК); Кигізмен жарасып үйге иің (ҚЖҚЖҚЖ); Қотаныңнан өргізіп жүз саулық (ҚЖҚЖҚЖ); «Керегенің келінті ұшы көгіне»-деген; Көзге төтеп берерлік қоржын асып; Қазақша, қара киік (күйек) еді жылы (Қаж); Үйірді мені ұршықтай оңай!-дейді (Қаж); Бір түйе кебеже салған екеу ара (Шонтыбай); Отырған алтын тәжді жұрт төрінде (ПДӨТ);

Шығыс дәстүрі: Жатпадым су түбінде садәф болып; Садәф төгілмесе дүр болмайды; Дарияда жатып садеф, аузын ашар; Бір күнде мың мұратым болар хасил; Ғаламға абрахмет нұр болар; Білгіштер ілфәттасып арыз айтып; Көп дұға шаһымыздың хұзырына; Сүзісті жиһан кезіп жүрген ердей; Алдын кең мархабатты ұлықтарға; Қан жұтып қайғыменен не шаһбаздар; Көре алмай ешкім хұзыр алғанынан; Туралық, хақлықпенен жүрем десең;

6.7. Әкімшілік жүйесінде, ел басқаруға байланысты тіл құбылыстары

Үлгісі чиновниктер осы болып; Хайлакер стражник бейшараны; Алады неке ақысын ауылнайлар; Боқтайды стражник түйреп бізін; Күзетші үшеу, болысың артында тұр; Болыс-би былыш еткізіп басар морін; Мейірі патша ағызам тасып жатыр; Қолында хукіметі тұрған күнде; Хакімдер залымдық қып басып жатыр; Қылғаны хакімдердің бізге зорлық; Қалайша Россияның әділдігі; Шығарған манифисті басып жиып; Манифис әрбір жұртқа шашып жатыр; Көп заман газеттерде жазылып жүр; Тұтқынға салған жоқ па талай ерді; Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің; Тексеріп жұмыс қылды көрді-жерді; Қапаса салып қояр кемеңгерді; Аңдыған құпиялап айтқан сырды; Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға; Қорқытып бұл қазақтан ақша алмаққа; Штраф екі айналсаң, бәсіге деп; Қолына повестка деп қағаз берді; Нахақтан бір-біріне жала жауып; Жете алмай ақ, қараның анығына; Үлгісі чиновниктер осы болып; Сырғытып қоныс-жайдан поселкелер; Бөлініп жұрт екі жақ партиялап; Партия күнде кеңес сайлауы жоқ; Қайқияр сонда басы болыснайдың; Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар; Хакімде хукіметші гаділдік жоқ; Би-болыс, ауылнай боп басқарғанда; Чиновник қырып жойып жүрген елді; Боқтайды стражник тұрып төрде; Протокол жасаймын деп тілмаш айтар; Отырып пәрмен айтып о да үстелде; Заң-закон шарияттан адастырып; Би шықты қозы қарын пормы жоқтан; Бір жерге сход үшін талас болып; Ұлықтан өкім-зорлық тура шықты; Болысной оязбенен жемтіктес боп; Поселке крестьян салып жатыр; Қазақты бір начальник өтсе аралап; Начальник өрне қылса мінсіз болды; Ынтымақ партиясыз болып жүрсең; Партия болыстыққа таласқаннан; Жұмысы депутаттың жұрт пайдасы; Думаға государиын барғандағы; Манифисі император берілген соң; Бостандық алдым мен деп оязнайдап; Қылмаса бұған қайран депутаттар; Өзді-өзі партия боп шашылмаса; Қарадан хан боп өткен бабаң Поштай; Законды жылқышы мен қойшы білді; Гадет қып алып еді крестьян; Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді; Жиылыс дума деген хабар шықты; Дума анық болды сайлау бары; Кітапты чиновниктер жинап алып; Көрген соң чиновникті қуты қашып; Меншіктеп мекеніңді крестьян; Мұжық кеп, қара шекпен крестьян; М-Ж. Көпеев шығармасында; Кеңшілік мемлекетке патша берді; Пайдасын милләтінің түгел ойлап; Империяға қараған дін мұсылман; Дін исламның бір болар ынтымағы; Тілек қыл дін

мұсылман бірлігіне деген мысалдырдағы мемлекет және империя сөздерін бірлікте алып қатастырады ал, милләт сөзін халық мағынасында пайдаланады. Сол сияқты дін мұсылман, дін ислам сөздері де милләт, халақ-жұрт ұғымында жұмсалады. М-Ж. Көпеев әр сөзді мағынасына қарай орнымен қолданған. Бір сөздің орнына екінші сөзді мағынасына сай нақты пайдаланған. Емес қой жатақ деген сол жақсы атақ;

VII. М-Жүсіп шығармаларындағы сөздердің қолданыс аясы

7.1. Кейбір сөздердің мағыналарының кеңейуі

Ие боп жанбасқа бір отағасы; Отағасы сөзінің негізінде отбасы, елбасы сөзінің қалыптасқанын бірден байқауға болады. От + аға + сы екі түбір сөздің бірігуімен қосымшадан пайда болған. Түріктер көне дәуірде отқа табынған отпен аластау, отқа май күйе сияқты рәсімдер содан қалған. От тіршіліктің негізгі маңызы болған. Оттың иесі болған, отты өшірмей жалғастырып отырған. Отыңды өшірме, отың өшпесін деген тұрақты тіркестің символикалық мәні бар. Отты алу, жағу тәсілі пайда болған соң-ақ оттың иесі өз ісінен бірте – бірте алыстай бастаған. Мүлдем ұмыт болған. Оның есесіне қаралы үйді отпен аластау, шырақ жағу шырақшыға тапсырылған. От иесі кейіннен шырақшыға айналған келе-келе от ағасы бұл іспен айналысқан. Сөйтіп, от ағасы деген сөз пайда болған. Қазіргі «Мәңгілік алау» (Вечный огонь) Олимпиадаларды отпен (алаумен) ашу көне олимптардың, гректердің дәстүрі болған. Бұл үрдіс көне түріктерден кейін, қазақтарда да жалғасын тапқан. Мұсылман дінімен үндестік тапқан. Неке талақ, қамшыға қолында боп (неке талақ, молда некесін кияр тіркесі шын мәнінде архаизм сөздердің қатарында болып келді, бірақ ЗАГС (Азаматтық хал-актіні тіркеу) деген қысқарған сөздің айналасында кеңес дәуірінде неке сарай, некесін кию деген сөз пайда болды. Мұсылман дінінің қарыштап дамуымен неке сөзі күнделікті өмірімізге дендеп енді. Бір қызығы гражданский кодексе тіркесінің құрамындағы граждан деген сөздің баламасы ретінде азамат деген төл сөзіміз орыс тіліндегі товарищ деген сөзді азамат соғысы кезінде ауыстырып қолданылып келген еді. Мысалы, Азамат ермін десе намыс болсын; М-Ж. Көпеев азамат сөзін азамат соғысына байланысты (гражданское война) мағынасындағы азаматтан басқа тұрғыда азамат ермін қолданысына сәйкес есейген, өсіп қалған деген ұғымда қолданған. Ф. Мүсіреповтің «Ананың арашасы» дәл сол азамат соғысы кезеңінен елес береді. «-

Рұқсат па, азамат? ...«Азамат» деген сөз тіпті жаңа!». -Жолдас! – деді, азғана бұза сөйлеп,-жолдас, біз жаңағы отрядты көрдік (184). Бұл кезеңде азамат сөзі мен жолдас сөзі қатар жүргенін байқаймыз. Жолдас сөзі «жолдас командир» ретінде әскери терминнің бірі болған еді. «Азамат» (гражданин) сөзімен ауысты. Жолдас сөзі тек қана дос, жолдас ұғымында қалып қойды. Жолдастың көне түрі – жора және шора сөздері. Тілімізде риза болғанда айтатын өзің бір азамат екенсің деген тіркес бар. *Жолдас-жоралар келді деп әлі болса да қолданамыз*. Бірақ, жора, шора сөздерінің қолданылу аясы көркем әдебиеттерде болмаса, әлде қашан тарылған. Қазір, керісінше, шені бар әскери кісілерді бұрын товарищ десе, қазір господин деп атайды. Ал, түрмелерде бұрыннан гражданин начальник сөзі пайдаланылып келді. Ендігі жерде товарищ-жолдас, гражданин-азамат сөздері қатар қолданыла бастады. Түбі товарищ – жолдас сөзі ығыса бастайтынға ұқсайды. *Бү жұртқа осындай бір жора шықты; Халықтың я болмаса жорасы бар* (М-Ж. Көпеев); *Ұлан бала күнінен ерке-шора болып ерке өсіп еді* (Ғ. Мүсірепов, 215). Ш. Уәлиханов : *«Азамат атауы ерікті, өз билігі өзінде; басында үйі, қасында әйелі, алдында малы бар, әкесінен еншісін алып, бөлек шыққан адам. Шора – азамат сөзінің баламасы, бұл сөз жеке дара мағынасымен ерекшеленеді, демек, азамат сөзінсіз-ақ қолданыла береді. Ал енді шора азамат-таза әскери мағынадағы сөз, бұл екі сөз қосылып орыстың товарищ², дружина-жасақ, сарбаз сөздерінің мағынасын береді.* «²Орысша «товарищ» сөзінің Ш. Уәлиханов заманында дәл қазіргі «жолдас» мағынасында болмағанына назар аударма кетіңіз (кұрастырушылардан-автор)» (166). Профессор Р. Сыздықова (14-17) сөздерге көңіл аударған. М-Ж. Көпеев шығармасындағы жора сөзі жолдас-жора тіркесіндегі жора ұғымындағы сөз емес, жора дәстүр, әдет - гүрып деген мағынадағы жора сөзі екендігі байқалады. Сөйтіп, М-Ж. Көпеев жора сөзін екі ұғымда да пайдаланған. Талақ сөзі де ажырасу (развод) сөзінің баламасы ретінде діни қызметкерлер жиі қолданыла бастады. Б. Майлин «Талақ» деген әңімесінде: *«Талақ қылған қатындар тиетін байына бара алмай, үйінде отырып үш ай «мүддетін» өткізеді»* деп жазды (99). М. Жұмабаев «Шолпанның күнәсі» әңімесінде: *«-Әйтеуір маған қатын болмайды. Талақ болсын, Талақ! Талақ!»* деген Сәрсенбайдың сөзін келтіреді (308). Кеңес дәуіріндегі «талақ» сөзінің мән-мазмұны мен қадірі осындай. Жалпы «талақ» сөзінің мағынасы өте үлкен. Тәрбиелік ұғымы да кең. Қамшы сөзін де архаизмге апарып тастай жаздағанмыз рас-ты. Кейіннен бұл сөз тұрмысымыздан түпкілікті орын алды. Қамшы сөзінің нәтижесінде қамшы ұстар (ат ұстар) ұл бала, ер бала деген

ұғыммен астасты. *Хакімдер атып тастар көзін жойып; Тамағы хакімдердің тоқ болған соң; Хакім:* сөзі дыбыстық өзгеріске ұшырап қазір әкім орысша аким болып қолданылып жүр. Ауылдың, қаланың, ауданның, облыстың әкімдері деп аталады. *Болмаңыз алты ауызды, бауырларым, саудасы бар; Бауырларым* әуелі діни қызметкерлердің арасында айтылып келіп, келе-келе көп ұлтты Қазақстанда этникалық топтың өкілдері *бауыр* есебінде кірді. Бұрын туысқан *бауырлас республикалар* деп аталған еді, бұл сөздің тууына орыс тіліндегі *братия* сөзі түрткі болғанға ұқсайды. *Сарт, ногай жан сақтайды саудасы бар, кеңес, сайлау;* Нарыққа байланысты *базар, сауда* сөздері қайтадан жанданып, мағынасы анағұрлым кеңейді. *Партия күнде кеңес сайлауы жоқ; Кеңес, сайлау* деген сөздер Қазан төңкерісінің жемісі. *Кеңес үкіметі, Кеңестер одағы, жергілікті кеңестің депутаты* т.б. сөздер *кеңес дәуірінде* пайдаланылды. Қазір бұл сөздердің қолданыстан шығып, қарапайым сөйлеу тіліндегі біреумен *ақылдас* деген ұғымдағы *кеңес* деген мағынада тарылып қалап қойды. *Қолында хукіметі тұрған күнде; Хукіметі* сөзі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, *үкіметі* (правительство) дәрежесінде көтерілді. *Ғаламға абрахмет нұрын шашар; Ғалам* сөзінен *ғаламдану үрдісі, ғалам шар* қалыптасты; *Мырзасы қасына ерген нашырына; Мырза* деп қазір лауазым иесін айтамыз, ханым сөзі сияқты тілмізге айқындағыштық мән әкелді. Бұл сөздер өркениетті шет елдің мәдениетінің аралас-құраласының нәтижесіндегі *господин, госпожа* деген сөздердің баламасына ұқсап барып туғанын анық байқаймыз. Бұл сөзді де егемендіктің жемісі деп білеміз. *Қызады базарлары күз болғанша; Базар* сөзі күнделікті өмірімізге енді, жәрменке (ярмарка) түрік сөзі ара-тұра маусымға байланысты қолданылады. Мағынасы кеңейген сөздің бірі. *Жазғы болған науқанда күз табылмас; Науқан* сөзі: *егін науқаны, шөп науқаны, сақыман науқаны, қой қырқу науқаны, күпкі науқаны* т.б. қазір бұл сөздің қолданыстан шығып, ағымдағы, жоспардағы, ауыл шаруашылығын дамытудағы *басымдылықтар* деген сөз ығыстырып бара жатқаны байқалады. *Сөзі бар заманың теріс қақпай; Былайша заманада жұрттың шалы, кеңес құру; Көп заман газеттерде жазылып жүр; Замана* сөзі орыс тілінен еліктеуден барып туған сөз сирек қолданылады. *Әр түрлі бұл қазаққа шықты порым; Би шықты қозы қарын пормы жоқтан; Бас та азат, орын да азат, порым да азат;* Орыс отаршылдығымен келген бұл сөз қазаққа *формы* түрінде енген еді (*Аз болды танитын жан сөздің формын*). Қазақтар өздерінің айтылу заңдылығына бейімдеп *форым-формы-порым-пормы* болды. М-Ж. Көпсеев қолданысындағы *порым, форум*

(іс-шара) дәл өз қолданысындағы сөз емес. Осы сөздің орнындағы **форум** сөзін білді ме, білмеді ме ол жағы белгісіз. Бірақ, **форым-порым** сөзін іс-шара ұғымында пайдаланғаны анық. Дәл осы **пормы** сөзінің өзгеше де қолданысы шығармаларында жарыса қолданылған. XIX ғасырдың ақын-жыршылары бұл сөзді пішіні, қалыпы ұғымындағы **пормы** түрінде пайдаланған. **Пормы** сөзін М-Ж. Көпеев **сықпыгты, қалыпы, пішіні** түрінде қолданғаны анық. Сондықтан М-Ж. Көпеев **форум** сөзінің орнына **порым** сөзін ұтымды қолданғаны көрінеді. Дегенмен, **форум** сөзі тілімізге еніп, өтетін іс - шара ретінде қалыптасты. М-Ж. Көпеев қолданысындағы **форым-порым** қазір де қолданылып жүр. Тағы бір орайда **порым** (кворум) ұғымына бара-бар қолданғаны да көрінеді. Техникалық терминдерде **формы-үлгі-қалып** ретінде аударылып келеді. *Бұл мәжіліс қызыл қия шың болады; Мәжіліс* сөзі ертеректе жиын, әңгімелесу деген мағынада болған қазіргі арнайы шақырылатын **мәжіліс** пен ұғымы бір емес. Қазір бұл сөздің мағынасы **мәжіліс хат, депутаттардың мәжілісі, әкімдердің мәжілісі, президенттің мәжілісі** деген сөз тіркестерінің тууына себеп болды. **Мәжіліс хат** сөзінің негізінде **мәслихат** (маслихат) (әкімнің **маслихаты** өтеді) депутаттардың **мәжіліс залы** (Зал **маслихата**) пайда болды. Ал, мына мысалдан; *Бас тартып бұл кеңестен қалғандағы; кеңестен* сөзі қоса қолданылғанын көреміз. *Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді; Бас* сөзіне **-шы** зат есім жұрнағы қосылу арқылы жаңа сөз жасалған. М-Ж. Көпеев қолданысында бұл сөз орыс сөзі **начальниктік** баламасы есебінде жұмсалған. **Басшы** сөзінің орнына қазақ жерінде **қаған, хан, уәзір, би, төре** кейіннен **старшин, болыс, ауылнай** атаулары қолданылған. Оларды қазақ **басшы** деген. **Басшы** сөзі **басқарма** сөзінің тууына да себеп болған. Кеңес дәуірінде (**председатель**) **колхоз, совхоз басқармасы, директор, ауылдық кеңестің төрағасы, партия хатшысы, кәсіподақ төрағасы (рабочком)** дегендер **басқарды**. **Басшы** үкіметтің **басқару аппараты** ретінде статусы болмады. Жалпы сөмке ұстағанды қазақ **басшы** деп ұқты. **Басшы** лауазым несінің **лақап** аты болды. Қазір **басшылық** иелерін **президент, әкімдер, фермер, жеке шаруашылық қожайыны** т.б. атқарады. **Қожайын** орыс сөзі **хозяиннің** баламасы ретінде туған сөз. Қазақ тілінде бар сөз **қожа** түбірін негізге ала отырып, ұқсастық тауып барып жасалуы да мүмкін. Бірақ, бұрыннан бар **қожа** сөзіне қатысы жоқ. *Екінші құзырына келсе қайта; Көп дуга шаһымыздың хұзырына; Шақырып хұзырына алдырған соң; Құзырына* сөзі өредік болса да тілімізде қолданыс тауып, іс-қағаздар стилінен орын ала бастағандығын байқаймыз. **Құзыр** сөзі баяғыдай күлдық үру, өзін төмен сезіну мағанасында емес, **басшыға**

күрмет этикалық мәдениет тұрғысында мырза сөзімен қатар пайдаланыла бастады. Фонетикалық варианты *ғұзырына* (*Патшаның ғұзырына тартып қалам*) ұшырасады. *Биге пара, байларға өсім болды*; *Пара* сөзі қазақ лексиконында бар сөздің бірі. *Өсім* деген сөз (под проценты) ақша бергенде *өсімін* бересің дейді. *Өсім* малға қатысты бие болса құлынын, сиыр болса бұзауын, інген болса ботасын, қой болса қозысын *өсім* ретінде алатын. Яғни, бағып, қағып өсірген қосымша мал соны *өсім* дейді. Қазір бұл сөз ақша ұғымына қатысты айтылып жүр. Енді ғана айналымға енген сөз. *Үлгісі чиновниктер осы болып; Чиновник қырып-жойып жүрген елде; Байлар мен чиновниктер қазір ашық айтыла бастады, үлкен лауазым иелерін чиновниктер деп, немесе ауқатты кісілерді байлар деп айту күнделікті нормаға енді. Кедейлер* деген де сөз де бұрын айтылмаса енді ара-тұра айтылып жүр. Кеңес дәуірі кезіндегі бұл сөздерді айтуға ауыз бармаушы еді. Ол кезде *бай* мен *кедей* тең, қала мен ауылды теңестіру керек деген ұранмен жұмыс істелді. *Залалға мейілінше арзан бізді сатар; Басқаны мал мен жанның ақша болып; Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып;* Келтірілген мысалдардың барлығы да орыс империясының саясатына байланысты туған сөздер еді. Жылдар өте бұл сөздер өзінің мән-мағынасын жойғанмен, заттық мазмұны ретінде *сатар, ақша, жер-су* сөздері күнделікті өмірімізден орын алып отыр. Бұл сөздерді әр уақытта қолданып отырамыз. Мысалы, *арзан, сатар, жер-су* сияқты сөздерді қолдану мәселесі қазақ халқының ол уақытта мұны болды. Заман өзгерісі осы сөздерді пайдалануға өкелді. *Арзан, сатар, жер-су* сөздері тікелей қазақ халқының өз мүддесіне қатысты проблема төңірегінде айтылатын болды. Сөйтіп, тарих таразысынан өткен сөздер қайтадан өмір талқысына түсіп жандана бастады. *Жетіліп партия мен дәрежесі; Қудалық бұл заманда партия үшін; Шақырса бір партия жаназға; Үрдіе қуттанды партиязмен; Партия болыстыққа таласқан; Кіргізіп дін жолына партиясын;* *Партия* сөзі бірнеше қырынан қарастырылған. Бірінші сөйлемде *партия* сөзі адамның лауазымы, дәрежесіне байланысты қызмет бабының өсуіне байланысты айтылып тұр. Екіншісінде, *бай, жарлы, төре, кара бәрі-партия үшін құдандаласады. Партия* олар үшін жақындықтың құралы іспетті. Үшінші сөйлемде, *партия* сөзі кезек, тағы да бір рет *шақырса* екен деген мағынада қолданылады төртіншіде, *партия* қуат береді, бесіншіде, *партия* (адамдар) деген мағынадағы метонимиялық қолданыста болса, алтыншыда, *партия* дін ісіне араласа бастады деген ұғымда берілген. М-Ж. Көпеев *партия* сөзін жарыстыра түрлі мағынада қолданады. Абай *партия* сөзін: «*Болды да партия, Ел іші жарылды*», -

деп ел ішіне іріткі салатын партия ретінде қарастырады. Партия сөзі қазір саясаттың құралына айналды. Егеменді елдегі көп партиялық демократияның кепілі. *Сырғытып қоныс-жайдан поселкелер; Я болмаса жататын орын-жайдан; Мекен-жай, қоныс қылар орны жоқтан; Іргеңнен ата қоныс мұра шықты; Атаның мекен салған мұрасынан;* деген сөйлемдерде М-Ж. Көпеев қоныс-жайдан мен орын-жайдан қос сөздерін ата қоныс тұрақты тіркесіт әралуан мағынада жұмсаған. Біріншісінде, орыс поселкелері қазақтарды ата-қоныс жайларынан ығыстырып, жерлерін алып қойса. Екіншісінде, мәселе жататын орын-жай төсек, көрпе-жастық туралы болып тұр. Қоныс сөзі көші-қон сөзімен алмасса да қона барды, қонақ үйде қону сияқты сөздермен алмаса қолданылады. Мекен сөзі тағыда үй мағынасын беріп тұр. М-Ж. Көпеев ата қоныс тіркесін кеңейтіп ел-жер, отан деген ұғымға жақындата қолданады. Жай сөзі үй жай, қора жай, күй жай құрамында кездеседі. Орын сөзі жататын орын, жатын орын, үй салатын орын, бақша салатын орынды даярлау сол сияқты үй орынымен (*Күнелтіп үй орынымен тұрған жерге*) т.б. қолданылады. *Чиновник қырып-жойып жүрген елде; Заң-закон шаригаттан адастырып; Ант беріп ағартады жаны жоқтан; Тарылтып аймағыңды крестьян; Үйде жатқан заңменен жұмысы жоқ; Ұнайды дін исламға мүфти қазы;* Келтірілген мысалдардаға: чиновник, заң-закон, ант беріп, заңменен, дін исламға нұрын шашып сөздері егемендік жағдайындағы мағынасы анағұрлым кеңейген сөздер. Чиновниктер деп депутаттарды, қала әкімдерін айтатын болдық, бірақ, М-Ж. Көпеев ұғымындағы чиновник қазіргі чиновниктер емес. Олардың қызмет функциясының арасында, заман билігінде жер мен көктей айырмашылық бар. М-Ж. Көпеев чиновник сөзімен начальник сөзін жарыстыра қолданып отырды. Мысалы, *Қазақты бір начальник өтсе аралап; Начальник әрне қылса мінсіз болды;* Сонымен қатар хакім сөзі де начальник сөзімен жарыса қолданылды: *Шаригат хакім жүрсе турасы бар;* Бұл сөздерге қарама-қарсы крестьян, шаруа сөзін қатар қолданады. *Поселке крестьян салып жатыр; Тарылтып аймағыңды крестьян; Шаруаның берекесі кірмейді екен;* Бірақ та, шаруа сөзін жұмыс мағынасында қолданатыны да бар: *Шаруасын айналдырған бықсық байдың; Салады шаруасына гақыл-ойын;* Заң-закон, заңменен сөздері қазақ ұғымына жақын болғанмен шын мәнінде заңмен жұмыс істеуді енді үйрене бастадық. Кеңес өкіметі кезінде заң факультетіне түсу қияметтің қызметі болатын Енді әр қазақ азаматы еркін түсіп оқи алады. Жаңадан нотариалдық конторлар ашылып, адвокаттар еңбекші мүддесін қорғайды. Жеке меншік

адвокатуралық заң орындары жұмыс істейді. Халық алдында ант беру, қызметіне адал болу әр қазақстандық лауазым иесінің негізгі міндеті. Бұрын медицина қызметкерлері, әскерге шақырылғандар, заң қызметкерлері ғана ант беретін. М-Ж. Көпеев қоланысындағы аймақ сөзінің де өріс алатын түрі бар. Облыстарды кей жағдайда аймақ деп айту дағдыға айналып жүр. Сөйтіп, бұл сөздің де халық алдындағы ұғымы ұлғайды. Елбасы бастап ел алдында ант беруді бұрын соңғы кім көрген. Мұсылман діні кеңес дәуірінде халықтан бөлініп қалды. Дін заң бойынша мемлекеттен шектелді. Қазақстан өкіметінің ата заңында да дін мемлекеттік органдардан бөлінген. Бірақ, ар ождан бостандығына, нәсіліне, дініне тосқауыл қойылмаған. Діни сөздер күнделікті тұрмысымызға дендеп ақырындап еніп келеді. Діни лексика да қазақ тілінің бөлінбес құрамдас бөлігі екендігін түсіндік. Діни сөздерді де қазақ халқы еркін қолданады. Діни лексика тұрмысымыздан, ата салтымыздан берік орын алды. Діни басқарма, бас мүфти, қазы, молда, нәбилер, шәкірт т.б. толып жатқан діни сөздер өмірімізден тұрақты орын алды. Бұрынғы архаизм сөздер жаңарып, ел ішінен қолдау табуда. Абай, Ыбырай тіліне қатысты діни лексика деген мәселе ашық түрде айтылмады. Абайды, Ыбырайды діншіл, мұсылман деп айтудан қорықтық. Қазақ тілі діни лексикадан тыс зерттелді. Екеуінің бір категория екендігі ескерілмеді. Соның мүмкіншілігі М-Ж. Көпеев шығармасындағы діни лексиканы арнайы зерттегенде ғана сәті түсті. *Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға; Бұл қазақ тек сөйлесе жалдамаға; Жалдамаға* сөзі М-Ж. Көпеевтің өз қол таңбасы. Өзінің жұмыс күшін сатып күн көретін кісіні айтады. Нарық заманы өмір сүрудің өзіндік өзгерістерін әкелді. Кеңес дәуірі жұмысты өзі іздеп жұмыспен қамтамасыз етті. Жұмыссыздықпен күрес жүргізді. Қазір де еңбекпен қамтамасыз ету бюросы жұмысы жоқтарға жұмыс іздестіріп орналастырады. Жұмыссыздарға уақытша өтеме төлейді. Соған қарамай жұмыссыздық азаймай отырғандықтан адамдар жалдама жұмыс іздестіруге мәжбүр болады. Бұл нарық заманы үшін қалыпты жағдай. Кім өзіне сенімді, сапалы, жақсы, тез жұмыс істесе, жұмыс сонікі, жалға алушы да соларды таңдап алға тырысады. М-Ж. Көпеев үрдісі негізінде тағы да бір сөз қазақ лексиканына келіп енді. *Жоқ болып ынтымықты мерекесі; Халқына Россияның мейрамы бар; Мерекесі, мейрамы синоним сөздер.* Бұрандар бұл сөздер қолданыс ерекшелігіне байланысты 8- март Халақаралақ әйелдер мерекесі, 1- май Дүние жүзі халықтарының ынтымақ күні немесе 1-май мейрамы, 9-май мейрамы Жеңіс күні, 23-февраль Совет Армиясы мен Әскери теңіз флотының құрылған күні немесе 23-февраль мерекесі жарыса қолданылды. Мереке мен

мейрамның айырмашылығы оның өткізілу рәсіміне байланысты болды. Көбіне мейрам күні әскерилер сап түзеп шеру жасады. Мысалы, 22-наурыз Халықтық мереке әр ұлттың өкілдері сап түзеп шеру жасап алаңнан өтіп жатады. Демек, **мереке** және **мейрам** сөздері бұрын қалай жарыса қолданылса қазірде солай қолданылуда. Тек қана бұл сөздердің қолданылуында ерекшеліктер бар. Ол кезде аталған сөздердің мағынасы онша кең болмағанын М-Ж. Көпеев қолданысынан да байқауға болатын сияқты. Мысалы, *Мереке жүрген жері болған жиын; Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман; мереке, жиын* сөздері дәлел бола алады. *Көрініс екі жақтан топ көбейтіп; Көрініс* сөзі М-Ж. Көпеев қолданысында бұрыннан келе жатқан сөз екендігі байқалады. Осы сөзді мектептерде, «Оқушылар сарайында», «Балалар театрында»; жалпы театрларда спектакль, пьеса қойғанда кеңінен қолданады. Әсіресе, мектеп оқушылары (скетч) сөзінің орнына көрініс сөзін ұтымды пайдаланады. «Абай жолынан» үзінді қойдық немесе көрініс қойдық деп жатады. Сондықтан, бұл сөзді де әдеби айналыста бар сөз деп санаймыз. *Жегендей жаңа тоят қолдан жарып; Бас салып бір жемтікті ортаға алып; Жемтігін өлексенің қоршап алып; М-Ж.Көпеев тояттап (тойып) етістігін тоят заттық* мағынады жұмсап, *жемтік, өлексе* мағынасында қатар қолданған. Бұл сөздер ақын қолданысында аллегория мақсатында пайдаланғаны байқалады. Бұл сөздер күнделікті қолданылмаса да ара-түр бір мақсатта ұшырасады. *Жылған алым үшін нашарлар көп; Алым* сөзінің бүгінгі түрленген сөзі: **налог** сөзі бірақ, ресей патшалығының алам алумен қазіргі кездегі алам арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Ол кезде жылатып-еңіретіп алынатын алымның түрінде шындық жоқ болатын, налог белгілі бір заңмен шектеледі мөлшері айқындалған, реті келмесе халықтың наразылығы ескеріледі мұндай қайта қаралған алымның түрлері өте көп. Сондықтан алым сөзінің жаңа қолданысы **налог** өмірімізден берік орын алды. М-Ж. Көпеев қолданысындағы мемлекет сөзі (*Кеңішілк мемлекетке патша берді*) бірде империя (*Империяға қараған дін мұсылман*) қазіргі ұғымдағы Қазақстан мемлекеті – егеменді мемлекет дегеннен әлде қайда түбірлі айырмашылығы бар, ол кездегі мемлекет ұғымына (Империя-М-Ж.) киргиз-қайсак кіреді. Байырғы қолданыстағы мемлекет дегеннің аты бір болғанымен заты басқа. Бүгінгі мемлекет сөзінің пайдалану аясы мен мазмұны өсіп, қолданылу ұғымы кеңейді. Демек, сөздер қолданыстан шығып қалмай мағынасы ғана тарылады екен. **Мешіт** пен **медіресе** имандылықтың ортасы деп біледі: *Мешіт пен медіресенің ықтияры; Мешіт пен медіресенің тексеруі; Біздің мектеп, мешітке тілегіміз* деген

жолдарда мектеп пен мешіт, медресені ғылым мен білім ордасы дейді. М-Ж. Көпеев ғылым мен дінді жеке дара қарастырмайды екеуі бір дүние деп қарайды. Алдымен имандылық, онан кейін, ғылым-білім дейді. Жастарды мұсылман дініне тәрбиелеу жолдарын қарастырады. Діннің негізі медресе, мектептерде, мешітте оқытылуы керек деген ой айтады. М-Ж. Көпеевтің көрегендігі қазір жүзеге асты. Ислам діні қазақ халқына жақындастырылды, ғылым мен білім де мұсылман дініне бет бұрды. Әзірге, ата заң бойынша дін мемлекеттен бөлінген. Түбі, мемлекеттік құрылымда да діни өкілдер орын алтын күн алыс емес. Оған уақыт керек. Қазақстан діни мемлекет болуға дайын емес. М-Ж. Көпеевтің бұл қолданған сөздері қайыра жанданып, қолданылу өрісін кеңейтті. *Келеді жаңа босап кірісіміз* деген жолдағы *кірісі* сөзінің мағынасы анағұрлым өсті. Кіріс министрлігі деген құрылды. Бұл министерство Қазақстан республикасының қаржы көлемінің кірісі мен шығысын реттеп отырады. М-Ж. Көпеев қолданысындағы *кіріс* сөзі патша өкіметінің уақытша манифис кезіндегі уақиғаға байланысты айтылды. Ал, қазір бұл сөздің қолданысы кеңейді. *Үлкен қоян терісін тулып қылып* деген өлең жолындағы *тулып* сөзі қарулы күштер де, ішкі істер министрлігінде қызмет ететіндердің қысты күнгі қарауылға, күзетке шыққанда киетін маусымдық жылы киімі. Бұл сөз барлық ТМД елдерінің лексиконына сіңісіп кетті. *Жүрсін деп қолымызда болып ғаріп* деген өлең жолындағы *ғаріп* сөзі зағип, мүсәпір, сорлы, бейшара, асыраушысынан айрылған, жетімдерді, тастанды көрілер үйіндегі кісілердің жалпы атауы ретінде қолданылуға сұранып тұрған сөз деп білеміз. *Саны жоқ тауар пұлдың жисан тамға* (ХБ); *Тауар* сөзінің мағынасы кеңіп, барлық жерлерде қолданылады. *Күн бұрын жабдықталып жайланбаған* (Шонтыбай); *Жабдық* деп заттық ұғымға байланысты айтылса келе-келе жабдық деп қайтыс болған кісіні соңғы сапарға шығарып салғандағы рәсімі жабдық деп айтылатын болды. Павлодар жерінде жабдық деп өлікті шығарып салуды айтады.

7.2. Кейбір сөздердің мағыналарының тарылуы

Алады неке ақысын ауылнайлар; Болыс-би былыш еткізіп басар мөрін; Күзетші үшеу болысың артында тұр; Ауылнайлар мен болыснайлар деген сөз қазір айтылмайды Кеңес дәуірі тарар кездің аяғында *ауылнай, болыс-би, күзетші* сөздері әредік айтылып келіп, тоқтап қалды. Горбочевтің заманында халықтың ауызекі сөзінде *ауылнай, болыс* сайлаймыз деген тіркестер естіліп қалып жүрді.

Бұлардың орнын жаңа сөз өкім ауыстырды. Күзетші сөзінің баламасы ретінде стражник сөзі де қатар қолданылды. Боктайды стражник түйреп бізін; Стражник (стража) орыс отаршылдығымен ілесе келген сөз. Қорғау мағанасындағы (старожит) сөзінен сторож, күзетші пайда болды. Қазақ тілінде бұрынан бар сөз ол-қарауыл «*Саптаяқтан ас ішіп, сабынан қарауыл қарайды*» деген мәтелдегі қарауыл күзет ұғымындағы сөздің бірі. Старажит сөзі қарауыл-қараул сөзімен алмастырылды. Ол кезде қараул түріктің өз сөзі қарауыл екендігін екінің бірі батып айта алмады. Әскери тілінде де қарауыл сөзі қолданылды. Қазірлер әскерде, түрмелерде қарауыл термин ретінде қалыптасты. Милиция сөзімен қатар патша өкіметі кезіндегі полиция сөзі қайта жанданды. Қаржы полициясы, жол полициясы деген сөздер пайда болды. Күзетші, старжит сөздері қолданыла келіп охрана сөзіне ауысты. Шығарған манифисті басын жиып; Манифист тарихи сөздердің бірі. Қазір бұл сөз біздің елде айтылмайды. Қолданудан шығап қалды десе де болады. Оның орнына үндеу, жолдау, мәлімдеме, жарлық сөздері пайда болды. *Бұрынғы қысымышылық қапасынан (тура мағынасындағы қапас емес, қысымышылық деген ұғымда); Қапасқа салып қояр кемеңгерді; Абақтыны көреді өз үйіндей; Абақты бұйырылады даяр бізге; Қапас* сөзі ертеректе аң ұстайтын орын болды, қолданыс аясында бірте-бірте абақты сөзіне ауысты. Абақты ерте уақытта зындан ұғымында қолданылды, берітін тюрма-түрме ретінде қалыптасты. Қапас сөзі қазақ тілінде тар қапас деген тіркеспен белгілі. Қазіргі кезде түрме, зона сөзімен алмасты. Дем алатын, кіруге болмайтын орындарды (зона отдыха, запретная зона) дейтін болды. Мейірі патша ағызам тасып жатыр; Патша сөзі ел ішінде елбасына қатысты үлкен кісілердің аузынан ара-кідік есіліп қалып жүр. Жаппай айтылып, хатқа түскен жоқ. Ресейде Борис Ельцинге қатысты (царь) патша деген ұғым айтылып қалып, жазылып қалып жүрді. Елбасына қатысты да кейбір реттерде айтылып қалып жүрді. Дегенмен, патша сөзін өкімшілік басқаруына алып келуді көксейтіндер арамызда табылып қалады. Нұртөлеу Иманғалиұлы теледидардан кей уақытта патша көңілді көрермен деген сөзді айтып қалады. Ағызам көне сөзі қолданылмайды. Бірақ, Ағызам деген кісі аты бар. Бас азат, дін мен жерге ерік беріп; Бас азат, дін, жер сөздері орыс боданында жүрген кезімізде жиі айтылатын сөздердің бірі болғаны рас. Бұл сөздер кезінде қазақтың әлеуметтік өмірінде, тарихында өз рөлін атқарғанын жоққа шығаруға болмайды. Ал, қазір заман басқа халық арманы орындалды. Тәуелсіздікті, егемендігімізді алдық. Енді кімнен азаттығымызды сұраймыз. Бірақ, ата заңға байланысты ішкі проблема

болып табылатын азаматтардың бас бостандығы, дін, жер мәселесі дегендер күн тәртібінен әлі түскен жоқ. *Көшпелі мал сықылды жүрген халық; Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар; Партия күнде кеңес сайлауы жоқ; Көшпелі бұратана халық* деп жалпы түрік жұрты туралы айтылып келгені тарихи мәліметтерден білеміз. Қазақ елі де егемендік алғанға дейін осы сөзді естіп келді. Еліміз өркен жайып, егемендік алған соң бұл сөзді айту сап тыйылды. Кеңес дәуірі кезінде малшылар жайлауға отар-отар қойымен, үйір - үйір жылқысымен көшті. Сол уақытта көш, көшу сөздері пайдаланылды. Қазір тұрмыстық жайда қолданылатын мекемеге көшу, үйге көшу, қалаға көшу, ауылға көшу сияқты мағынада қолданылады. *Көшпелі* сөзінің қолданыс аясының тарылғанын осыдан ақ байқауға болады. Шет елде Қазақстан туралы, оның өркеніетті ел қатарында дамып келе жатқаны туралы жақсы хабардар екендігін күнделікті өмірден, теледидардан байқаймыз. Олар да қазақ елі көшпелі халық деген ұғымынан арыла бастады. *Шаруа* сөзі ауыл шаруашылығына байланысты айтылады. Бұрынғы шаруа сөзімен қазіргі нарық кезіндегі шаруа сөзінің затын да мазмұнында да көп өзгеріс болды. Кеңес жиын ұғымындағы сөз. Кеңес қазақтың төл сөзі. Кеңес сөзі: кеңес үкіметі, ауылдық кеңес, жергілікті кеңес, селолық кеңес, аудандық, облыстық кеңес, кеңестер одағы, жоғарғы кеңес толып жатқан сөз тіркестірінің құрамында кездеседі. Кеңес өкіметі орысша (совещательное государство) яғни бірлесіп, көпшілік шешетін өкімет болған соң кеңесіп шешетін орган ретінде кеңес сөзі қолдануға тиімді болды. Кеңес өкіметі деген тіркестегі кеңес сөзі де осы ақылдасу ұғымындағы кеңес сөзі. М-Ж. Көпеев кеңес сөзін жиын қазіргі ұғымдағы мәжіліс дәрежесінде қолданған. Қазіргі кезде кеңес сөзі мәжіліс, жиналыс, кей уақытта педагогикалық кеңес деген сөз тіркесінің құрамында қалып қойды. М-Ж. Көпеев қолданысындағы кеңес сөзі бірте-бірте қолдану шеңберінен шығып, оның орнына балама ретінде мәжіліс сөзінің келетін түрі бар. *Бұл мәжіліс қызыл қия шың болады; Жиылыс, дума деген хабар шықты; Жиылыстан басчы ауырып үйге қайтты;* деген өлең жолдарында мәжіліс, жиылыс сөздері өзінің орнын алған. *Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын; Алаш боп басты қоссақ қор болмаспыз; Алты алаш* сөзінің мағынасы тарылды. Тарихи әдебиеттер де ғана болмаса, ауызекі сөздерде болмаса былайғы жерде бұл сөз айтылмайды. Алты алаш түріктің ірі -ірі алты тайпасы кіреді дейді. Қазіргі кезде «Жас алаш» деген газет шығады. Кезінде «Алаш» партиясының құрылғанын, оның көрнекті өкілдерін оқып білдік. *Бір жерге сөхөд үшін талас болып; Протокол жасаймын деп тілмаш айтар; Төресі қисық жаққа бұза*

шықты; *Жем болып, ақыл сұрап әр ұлықтан; Жоғалса болыс сайлау халық тынышталар*; Сход, тілмаш, ұлықтан, болыс сайлау сөздері мағынасы тарылған сөздер. Сход жиын (собрания) деген сөзімен ауыстырылды. Дегенмен, Кенес үкіметі кезінде сход колхоз, совхоздарда ара - тұра өткізіліп тұрды. Сход қалалық жерде үй басқармалары, кооперативтер, ЖЭК-тар анда-санда естеріне түскенде сход өткізеді. Тілмаш сөзінің орнына аудармашы (переводчик) сөзі қолданысқа түсті. Төре сөзі тұрмыс - жай көлемінде эвфемизмдік көрініс ретінде жеңгелері қайнағаларын «төрем» дегенді естідік. М-Ж. Көпеев шығармаларында чиновник және ұлық сөзін қатар қолданған. Бірақ, ұлты басқа ел басқарушыны чиновник деген де, қазақ арасынан шыққан белсендіні ұлық деп атаған. Мысалы; *Чиновник қырып - жойып жүрген елде; Жем болып, ақыл сұрап әр ұлықтан; Ұлықтан өкім-зорлық тура шықты*; Сол сияқты би-болыс, ауылнай, болысной, ояз сөздерінде реті келген жерде жары и господа сөздері барысында калыптасқан Л.И. Брежневтің әдемі лексиконы еді. Бірақ, бұл сөздер шет елдерге сапар шеккенде ғана айтылатын. Ал, негізінде (*дорогие товарищи*) деген арнауы қарапайым халыққа жетіп жататын. Бұл сөздер де жүректен шықпаған, Ұлы Отан соғысы кезінде И.В. Сталиннің жаттап алып айтатын (братье и сестры) сөзінің жалғасы болатын. Бұл сөздердің баламасы сияқты алынған мырзалар мен ханымдар қазақ ұғымына, табиғатына лайықты сөздеріміз болғандықтан қалап қойып, қазақ тұрмысынан өз орнын алды. *Атарға бір мылтық жоқ оқ көбейтіп; Атам деп қорқытады мылтығы ұзын*; М-Ж. Көпеев мылтық және (ұзын мылтық) мылтығы ұзын сөздерін жаңылыс қолданып отырған жоқ. Ресей армиясының қару-жарақ құрамында ескі винтовкалар болды. Қазақстанды отарлап алған қазақ жаяу әскері сол ескі мылтықтарды пайдаланды. Мылтық деп М-Ж. Көпеев сүнгісі жоқ қысқасын айтып отыр да, ұзын мылтық деп сүнгісі (штыгы) ұңғысына (стволына) шаншылғанын атап отыр. 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілісте қазақ жасақшылары шиті мылтықпен қаруланды. 1941 жылы ТОЗ-8; ТОЗ-12 деген винтовкалар Қызыл әскердің қолында болды. Кейіннен, автомат Шпагина; пулемет Дектерева, Шпагина болып, 1943 жылы автомат Калашникова жасалды. Оны жерлесіміз, конструктор Калашниковтың есімімен атады. Қазақстан қарулы күштері осы автоматпен қаруланған. Мылтық сөзінің қолданыс аясы тарылып тек қана аңшылық кәсіппен шұғылданатындардың терминіне айналған. Жас өспірімдер көбіне пулемет, автомат дегендерді өте жақсы біледі. *Еркіндік бұл халыққа деген публик; Публик боп бұл «манифис»*

шашылса деп; деген мысалда халық сөзімен қатар публик сөзінің де қолданылғанын байқаймыз. Халық жиналды дегенді қазір (публика собралась) дейді. Ал, публика сөзінің баламасы көрермен де қоса қолданылады. Бірақ, публика сөзінің халық орысша народ баламасы жиі қолданылады. Мысалы: Қазақстан халықтары (народы Казахстана) дегенде публика Қазақстана деп айта алмаймыз. Демек, публика деп театр көрермендерін, шағын алаңқайдағы концерт тамашалаған кісілерді публика – көрермен деп атаған өте орынды. Олай болса, публика сөзінің халық деген мағынасы тарылды деуге толық негіз бар. Халық сөзінің баламасы милләті (*Пайдасын милләтінің түгел ойлап*) сөзі де ұшырасады. Әдеби нормадағы ренжіту ұғымындағы зәбірлеу сөзі М-Ж. Көпеев шығармасында деректі зат есім орында алынып, орыс империясының бет - пердесін ашу үшін образ ретінде пайдаланған. Мысалы; *Шығып тұр елге зәбір осындайдан* жыр жолында зәбір заттың атуы ретінде берілген. Бұл сөз зәбірлеу, зорлау, өктемдік көрсету, зәбір көрді сияқты мағынада болмаса онша қолданылмайды. Зәбір сөзі әдеби нормада сирек пайдаланылады. Оның орнына ренжіту сөзі жиі қолданылып жүр. Демек, көркем әдебиетте ғана болмаса түбі зәбір сөзінің қолданылу аясы, ауыз екі сөйлеу тілінде болмаса, жазба түрдегі қолданысы бірте-бірте күнделікті тұрмыстан ашақтап барады. М-Ж. Көпеев шығармасында жиі көрініс тапқан би сөзінің де мағынасы тарылды. Мысалы, *Би шықты қозы қарын порма жоқтан; Би-болыс, баймен ұры біріккен соң;* Бұрынғы ұғымдағы би сөзінің орнына судия сөзі қолданыс тапты. Бірақ, судия сөзінің де би сөзіне қарағанда мағынасы тар ұғымда пайдаланылады. М-Ж. Көпеев қолданысындағы би сөзі Әйтеке би, Төле би, Қаз дауысты Қазбек би деген ұғымындағы би емес, ауыс мағына алынған би. М-Ж. Көпеев *Бір адар қол келеді сейіл құрып* деген тармақта сейіл сөзін өте орынды пайдаланған. Мұндағы сейіл сөзі әдеттегі қыдырып деген мағынадағы сөз емес, *Бір адар қол* (жасак) жай ғана қыдырып келе жатуы мүмкін емес. Сондықтан да ақын қыдырып сөзін алмай, сейіл сөзін қолданған. Сейіл сөзінің баламасы *серуендеп, қыдырып, таза ауа жұтып, көке шығып, олкеге бардық, демалып келдік* сияқты сөздер арқылы беріледі. Қыдырып сөзі де тура балама есебінде келіңкіремейді. Қалаға барып қыдырып келдік ұғымындағы сөзбен сейіл сөзі де келмейді. Бір қарағандағы аңшылар сейіл құрып жүр сөзімен, бір адыр қол келеді сейіл құрып та мағынасы бірдей емес. Қысқаша айтқанда сейіл сөзі қазір онша айтылмайды. М-Ж. Көпеев *Бір жапсар үйдің биттей тесігінен; Буларға кез болыпты кең сарай үй* дегенде бір жапсар үй, кең сарай үй тіркестерін қатарластыра жұмсаған. Жапсар үй қолданысының

мағынасы тарылып, керісінше кең сарай үй қолданысы жиіленді. Сарай сөзі мәдениет сарайы, спорт сарайы ұғымында қолданылды. Сарай сөзі кей жерлерде қора-жай мағынасында да қолданылады. *Үйреніп мал қамайтын қорасынан дегендегі мал қамайтын қора* тіркесі бүгіндер де қолданылады. М-Ж. Көпеев бір жағдайларда үй-жай орнына мекен сөзін де пайдаланады. Мысалы, *Атаның мекен салған мұрасынан* жолындағы мекен деген жалпы ұғымдағы сөз тарыла келе, үй-жай ұғымында қолданылады. Ағаш үй қолданысы М-Ж. Көпеев те ұшырасалы: *Орынымыз ағаш үй деп жақсы жайдан; Мүлкіңнен шығып кеткен бәрі бірден; Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді;* деген жолдардағы мүлкіңнен сөзін М-Ж. Көпеев қолыңнан деген ауыс мағынады қолданған. Мүлік деп біздің ұғымымызда үйде жиналатын затты айтады. Екінші бір қолданыста мүлік сөзін жер-су ұғымында алған. Бұл М-Ж. Көпеевтің жаңадан тапқан тіл қолданысы. Мүлік сөзінің қазіргі баламасы үй жиһазы деп аталады. Расында, бертінге дейін мүлік сөзі орыс сөзінің мебель баламасы есебінде қолданылып келді. Мүлік сөзінің мағынасы тарылып орындық, стол, шкаф, асадал сияқты заттардың атауы ретінде қалыптасып қалды. *Хузыры патша ағызам рұқсат берді; Ағызам сөзінің орнына мәртебелі тақсыр тіркесі қолданылып келіп аса құрметті дәрежесіне жетті. Ағызам байырғы қолданыстағы сөз, бірте-бірте өзінің қолданыс аясын тарылттып басқа сипаттағы сөздерге айналып, бұрынғы ұғымынан басқа мағынада қолданыс тапты.* М-Ж. Көпеев қолданысындағы миллион сан есімі жалпы зат есім мағынасында жұмсалып, мұсылмандар деген ұғыммен қатар айтылады мысалы: *Миллионға табылмайтын гақыл-кеңес;* Метонимиялық бұндай тілдік қолданыстар іздесе табылады. *Жақпайсың жалбақтаумен қауым көпке;* Қауымдық құрылыс деп тас дәуірі (палеолит), (неолит) матриархат, патриархат заманы аталды. Қауым сөзінің шығуы ерте дәуірлерде болды. Қауым сөзі жамағат, жұрт сияқты қолданыста жүріп бірте-бірте халық мағынасына ауысты. Қауым сөзі анда-санда айтылғаны болмаса қолданыстан шығып қалды.

7.3. Дәстүр сабақтастығы

Дулат, Абай дәстүрі ыстыра пайдаланған. Болыс сайлау тіркесінің орнына депутаттарды сайлау тіркесі тұрақты орын алды. Қазақта от арба мен отқайық жоқ; М-Ж.Көпеев паравоз бен параходтың орнына пайдаланған сөзі. От арбаны, қара айғыр, қызыл ат т.б. поэтикалық теңеумен атауда қолға алынған болатын. Бүгінгі

күні электравоздар мен атомходтар еліміздің техникалық жетістіктің кепілі ретінде мақтанышқа айналды. М-Ж. Көпеев пайдаланған император, государинь сөздері уақыт өте өз құндылықтарын жойды. Қазақ ұғымы бұл сөздерді қабылдамады. Император сөзін президент, государинь сөзін мырза сөздері алмастырды. Құрметті сөзі (уважаемые) кеңес өкіметінен мұра болып қалған ханымдар мен мырзалар уважаймые дам үлгісіндегі өлең құрылымы: *Жалғанда таппай бір жар жалғыз жүрдім* (М-Жүсіп); *Моласындай бақысының жалғыз қалдым тап шыным* (Абай); *Кез бомай (-л дыбысы ықшамдалған) мен иеме далаға үрдім* (М-Жүсіп); *Ұлыған күшік секілді жұртқа үріп ой қайтты* (Абай); *Бұзауы өлген сиырдай жұртқа мөңіреп ой қайтты* (Дулат); *Кигізген қара сөзге киім пішіп* (М-Жүсіп); *Күні киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіңе мен қайтардым* (Мұқағали); Абай «*Шырылдауық шегіртке ыршып жүріп он салған, Көгалды қуып гуляттап қызықпен жүріп жазды алған*» дегенде «гуляттап» сөзін сөз таппай қолданып тұрған жоқ. Гуляттап сөзінің орнына *қыдырып* сөзін алсақ та келмес еді. Көбелектің көгалды қуғаны оның гуляттағанына сай келіп тұр. Демек, гуляттап сөзінің өте орынды қолданғанын зерттеушілердің көпшілігі айтып өтті. М-Ж. Көпеев «*Сол тунде азғырушы толып жатыр, Шайтан да помағайтшы болып жатыр*» деген өлең жолында «помағайтшы» сөзінің орнына сөз таппай қойған жоқ. Оның орнына «көмектеспекші» сөзін алуға болар еді. Бірақ, шайтанның көмек көрсетуі неғайбыл. Ол тек қана жаманшылық иесі екендігі ауыз әдебиетінен белгілі. Олай болса, шайтанның іс - әрекетін көмектеспекші деген сөзден гөрі помағайтшы сөзі жақсы ашады. Оның үстіне помағайтшы сөзі жақсылыққа бейімделген сөз. Шайтанның жақсылыққа баруы да екі талай. Демек, шайтан бірінші жолдағы азғырушыларға ғана помағайтшы болғалы тұр. Бұл да М-Ж. Көпеевтің өлең құрудағы тағы да бір ұтқыр жақтары деп білеміз. *Өз сөзіме түсе алмай өзім оқып* деген өлең жолы да философиялық мағынада құрылған. М-Ж. Көпеев *өзінің өлеңін өзі оқи алмай турмын* деген ойды айтайын деген жоқ еді. Оның айтайын дегені Дулат құсап. *Сорғалаған носердей, Жырын тыңда Дулаттың* деген ой еді. М-Ж. Көпеев орыс сөздерін қолданғанда көбіне мысқыл негізіне құрама дейміз. Мысалы, *Айта алмай переводтап қызыл тілім* деген өлең жолындағы переводтап сөзі қазақ тілінің мәртебесіне байланысты айтылған. Переводтап сөзіне қазақтың –дап жұрнағын қосу арқылы қазақыландырып қимыл сын үстеу жасап, қазақ тілін білу керек, тілді шұбарламау керек деген астарлы үлкен ұғым жатыр. Жалпы, ХІХ ғасырдың бірінші, екінші жартысында орыс сөздерін қазақыландырып

қолдану сән болмаған, әсіресе Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұт қолданысы асқан бір шеберлікті қажет еткен. Олар орыс сөздерін көбіне қазақтарды сынау, олардың намысын, жігерін ояту мақсатында пайдаланған. Бұл орайда М-Ж. Көпеев те қалыспаған. М-Ж. Көпеев (*Түзетер шебер жамап қалған сөзін*) шебер зат есім мағынасындағы сөзді түрлендіріп -леп жұрнағы арқылы адвербиалданған формалы үстеу, жаңа сөз жасайды: *Шеберлеп келтіре алмай жатыр тілім*; М-Ж. Көпеев шығармасындағы *Өз өнерім өзімді үйден қуған*; *Өзіме көрінемін өзім мінді* деген өлең жолдары да философиялық түйіні бар өнерге деген құрмет көрінсе, екіншіден адамның өзіне талап қоя білу керектігі айтылады. *Болдық малай қарыңға бір парамыз* (I том); *Адам ол боқ көтерген боқтың қабы* (Абай); *Мен тойдым тамаққа болдым ыдыс* (Сұлтанмахмұт); *Сенбе жанның бәрі дос еді деп* (М-Жүсіп); *Сенбе жұртқа тұрсада қанша мақтап, Әуре етеді ішіне құлық сақтап* (Абай); *Бірі күндіз, біреуі түнде жорытқан, Ай мен күн өмірдің ұрысы екен* (М-Жүсіп); *Сағаттың өзі ұры шықылдаған, Өмірді білдірмеген күнде ұрлаган* (Абай); *Ағыздым мен бір бұлақ көзін тауып, Мес қылып құлағыңды толғанша күй* (М-Жүсіп); *Әкеңнің айтқан аз сөзін көңіліңнің құтысына төгіп алмай байқап күй* (Дулат); *Түгел адам болуға талап қылсаң* (М-Жүсіп); *Толық адам* (Абай); *Сор артам жаппағанға дәл он бес қап* (М-Жүсіп); *Қайғы артам* (Абай); *Бас орнында бұл күнде үрген қуық; Құйылар бір күн топырақ есіл көзге* (М-Жүсіп); *Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда* (Абай);

VIII. М-Жүсіп шығармаларының тіл ерекшеліктері

8.1. Қос сөздердің лексика-семантикалық мағыналары

Қосарлама қос сөз (антонимдес): *ертеден-кеш, жазы-қысы, азды-көпті, алды-артын, бар-жоқты, күндіз-түні, ақ-қараны, өңі-түсі, гақыл-ойын, өгіз-сиыр, тоқты-қошқар, өштік-қастық, жер-су; барды-жоқты, бидай-тары, жақсы-жаман, ақыр-соңы, жазды-жапан; әуре-сарсаң; қысы-жазы; есік-төр; жуық-жатқа; іші-тысы; дос-душпан;*

Бір сыңары басқа тілден енген қосарлама қос сөз: *заң-закон, гақыл-ойын, гақыл-естен, хожя-молда, ғылым-білім, мекер-хайла, народ-жұрт,*

Мәндес сыңардан қосарланған қос сөз: *бақ-дәулет, үміт-қуат, мұңлы-зарлы, қоныс-жайдан, ойнап-күлер, жан-жағына, дау-жанжал, керіс-тартыс, орын-жайдан, қуат-күшін, өңі-түсін, халық-*

жұрт, дау-шар, қырып-жойып, өкім-зорлық, жөн-жобаны, кімде-кім, тыю-тоқтау, өштік-қастық, бет-ауыз, қарға-құзғын, бостан-босқа, ғылым-ілім, құрмет-сыйын, жиган-терген, оқып-білген, ел-жұрт, жара-жауыр, үміт-қуат, өл-өлгенше, ғылым-білім, ат-тонынан, керіс-тартыс, тату-тәтті, қуат-күшін, орын-жайдан, кімде-кім, тыю-тоқтау, ат-айғыр, қой-қозы, мекен-жай, жөн-жоба, бақ-талай, емін-еркін, етек-жеңі, жаға-жеңі, қалжың-ойын, өзінен-өзі, ғылым-ілім, ғылым-білім, сақал-шашым, жұртым-елім, ата-баба, баса-көктеп, жер-мүлік, қуат-күш, бас-басына, ұрым-бұтақ, сый-құрмет, мешіт-азан, жүйрік-білгіш, қағаз-қалам, төгіп-шашып, қайғы-мұңы, аяқ-қол, құлақ-көзім, мәз-мейрам, өкім-зорлық, тозаң-шаң, аң-таң, жас-кәрі, емін-еркін, орын-орнымен, үлкені-үлкен, қайғы-мұңы, азамат-шоралар, есі-дерті, өлең-жыршы, жалғыз-жарым, бетпе-бет, шала-шарпы, құлын-тайдан, бас-басына, үсті-үстіне, орыс-орман, ата-ана, емін-еркін, қожас-молда, ата-баба;

Үстеме буынды қос сөз: тәп-тәтті, жап-жаңа, сап-сары, тәп-тәтті, сап-сау; кем-кетігін, жан-жақтан, жап-жаңа, теп-тегіс, тып-типыл, дөп-дөкей, қыл-қызыл, сүп-сүйкімді, ішіп-жсейтін, ас-суын, төгіп-шашып, түп-түгел, қап-қара, сеп-семіз, қыл-қызыл, дөп-дөкей, тап-таза, топ-толық, тып-типыл, тап-таза, топ-толдық, теп-тегіс, жап-жарық;

Әуелде компоненттері басқа сөз табынан болып, бірте-бірте басқа сөз табына ауысу құбылысы нәтижесінде пайда болған қос сөз: жер-судан, жаға-жеңсіз, мал-жанымыз, қоныс-жайдан, ұзақ-қарға, бостан-босқа, бір-бірін, бірін-бірі, жас-кәрі, орыс-орман, үйден-үйге, бостан-босқа, тұра-тұрлап, шайнам-ғақыл, ертеңді-кем, үйден-үйге, өзін-өзі;

Үштас (коррелятивтес) мәнді сынарлардан қосарланған сөздер: кем-кетік, мешіт-азан, көрді-жерді, би-болыс, ата-баба, хожас-молда, тау-тас; ата-ана, жалма-жұлма, үйтіп-бүйтіп, олай-былай, өйтіп-бүйтіп, жалғыз-жарым, сырнай-керней, опыр-топыр, күйіп-піскен, аман-есен, зым-зия, бостан-босқа, жылан - шаян, ұшы-гұйыры, ұшы-қыры, кем-кетік, ғақыл-есі, есі-дерті, ыдыс-аяқ, қалжың-мылжың, сыр-сымбат, быт-шыт, ел-жұрт, ұшан-теңіз, аман-есен, жарқ-жүрқ, үйір-шүйір, анау-мынау, сау-саламат, опыр-топыр, үсті-үстіне, қатын-бала, мал-жан;

Бір сынары не екі сынары да түсініксіз қосарлама қос сөз: қыл-қыбыр, шоп-шар, қалған-қутқан, мең-зең, бұрқ-сарқ, тиын-сиын, ұйқы-тұйқы, қиқы-жиқы, ауыз-мауыз, шапыр-шұпыр, ауыз-мауыз, шапыр-шұпыр, бала-шаға, аспыл-сапылын, дыуана-суаналар, үйір-шүйірлі, халфе-салпе, ұйқы-тұйқы, қиқы-жиқы, үйір-шүйір, ыбрай-

сұмырай, жаман-жұман, салт-сауан, пәлен-пәстуан, аспыл-сыплын, ауыз-мауыз, әуре-сарсаң, сарт-сауан, жоқ-жітік, гашық-мағұшық, галайық-гуайықтан, саут-сауан, олла-біллә, айқай-үйқай, жаман-жәутік, үйірлі-шүйірлі, ұмар-жұмар, әуре-сарсаң, бала-шаға, быт-шыт, ауыз-мауыз, аспыл-сапылы, мүкі-тақы, шапыр-шұпыр, қыл-қыбыр, жүн-жұрқа, жүн-жүбір, жаман-жұман, тиын-сиын, галайық-гуайықтан;

Қайталама қос сөздер: тоқтай-тоқтай, шу-шу, бұрқ-бұрқ, қилы-қилы, соқпа-соқпа, еміс-еміс, тілім-тілім, тұқым-тұқым, тоқтай-тоқтай, екеу-екеу, он-он, шу-шу, дүние-дүние, бұрқ-бұрқ, сабап-сабап, соқпа-соқпа, еміс-еміс, бөлек-бөлек, күл-күл, білме-білме, күн-күн, дал-дал, өкісіп-өкісіп (ХБ), өксіп-өксіп (Алпамыс); өксіп-өксіп (ҚЖ); кезек-кезек, тіркес-тіркес, тулай-тулай, далба-далба, гөй-гөй, сөйлеп-сөйлеп, далақ-далақ, орғып-орғып, алақ-алақ, арту-арту, шықыр-шықыр, табақ-табақ, қазан-қазан, қысып-қысып, сүйіп-сүйіп, мөлт-мөлт, сеңгір-сеңгір, буын-буын, байпаң-байпаң, жұлқым-жұлқым, жел-жел, оқыс-оқыс, қатпар-қатпар, сеңгір-сеңгір, қалай-қалай, күйе-күйе, тосып-тосып, дара-дара, парқа-парқа, басқа-басқа, дыңғыр-дыңғыр, күнде-күнде, орны-орнымен, түте-түте, өз-өзінен, ойлай-ойлай, үлкен-үлкен, орғып-орғып, кезек-кезек, тіркес-тіркес, тулай-тулай, далба-далба, гөй-гөй, дәй-дәй, күн-күн, дал-дал, далақ-далақ, дамыл-дамыл, ауық-ауық, шықыр-шықыр, табақ-табақ, арту-арту, алақ-алақ, қарқ-қарқ, білме-білме, мөлт-мөлт, буын-буын, жұлқым-жұлқым, опыр-топыр, жел-жел, қайта-қайта, арту-арту, мөлдір-мөлдір, оқыс-оқыс, тыр-тыр, арту-арту, қатпар-қатпар, байпаң-байпаң, тарау-тарау, өркеш-өркеш, гүл-гүл, бүкең-бүкең, басқа-басқа, сеңгір-сеңгір, қалай-қалай, сүйіп-сүйіп, сылқ-сылқ, еміс-еміс, сам-сам, дол-дол, жарқ-жұрқ, тосып-тосып, таудай-таудай, жылап-жылап, дара-дара;

Идиомалану, лексикалану, грамматикалану процестері нәтижесінде пайда болған қос сөздер: ат-тонынан, ат-айғырды, ата-баба, хожжа-молда, қыл-қыбырмен, етек-жеңім, жер-мүлік, ұрым-бұтақ, көрді-жерді, жаға-жеңі, ұрым-бұтақ;

Сан есімнен болған қос сөздер: бір-бірінен, екеу-екеу, бірін-бірі, бес-алты, екеу-үшеу, бір-екі, бір-біріне, екеу-екеу, бес-алты;

Одағайдың эмоционалды-экспрессивті мағынасы: Япырым-ай, кессем бе екен мен тілімді?! «Пәлі, деп бәрекелді» мақұлдасқан. «Пәлі, біз мұнша неге бүліндік», -деп; Жылып ең жағанды ұстап «я құдайлап»; Жүрген жері у мен шу ойбай болып; Сол үшін бек қызықты дүние, шіркін! «Пәлі!» -деп естіген жан соны қостар; «Уәй,

күзгын-ай"!»; «Уай, әулие!»; -Япырым-а, тәтті ме екен адам?-деді. Оқиғаның тілін жұлып «ох!» дегізіп;

Ишарат одағайы: Сақтанбас обал гої деп жеткен, әні; Кісіге керек қылған, міне, басым; Адамзат қайдан білсін көрмей, әні (Шон); Тістері меруерт маржан дүрдің кәні (кәні), Жатқанның арманы піскеп әні (әне), Күн болса барып көрер бізден де, әні (Шон); Өлік болсаң, қайтейін әне, көрің (ХБ); Мақтауменен сөйлеген бәрі де, әні (ХБ); Шарапат қасиетпен сезген, әні (Шон); Жаратқан абзал қылып тәңірім, әні (Ш); Дарига, көрмей қалдық біздер, әні! (ПДӨ); Қылмас па едік құрмет білсек, әні?! (ІЗ); Біздерге енді айналып келу кәні?! (ІЗ); Кәнеки, жауап берші, бұған таза! (І том); Кәнекей, не бітіріп, қайттың тырна? (І том); Мінеки, қонақ болсаң, даяр, қусым (І том); Кәні біреу мейлінше болды пысық (ХБ); Кәні біреу қылса дер едік зорлық (ХБ); Кәні керуен түйесін жолға салды (ХБ); Кәні, енді Әкімбектей кісі, кәні? Жұмсап тұр біреу үшін тәңірім әні. Мінеки, біз солардың нәсіл қалған; Кәнекей, не бітіріп, қайттың тырна?; Біздерден естір болсаң, мінеки, кеп; Кәнекей, жауап берші, бұған таза! Кәнеки, еті тәтті мақұлық қайда?; Қәнеки, кетті ұшып далақ-далақ; Мақтауменен сөйлеген бәрі де, әні (ХБ); Кәні біреу мейлінше болды пасық; Кәні біреу қылса дер едік зорлық; Кәне, саған айттырсақ бір сулу қыз; Болған, сірә жан бар ма екен болған жетім; Адамзат қайдан білсін көрмей, әні (Шонтыбай); Жаратқан абзал қылып тәңірім, әні (Шонтыбай);

8.2. Кейбір қосымшалардың қолданылу ерекшеліктері

Сөздердің ашып, ықшамдалуы: ап, кеп, бұ, боп, ең, ғып, Даниал би сөй деп жатыр, Даниал би бүй деп жатыр (БҚХТ); Жаз болса, ауыл үй боп ыңғай қонып; Негізінде ыңғай сөзі бірыңғай сөзінің қысқарған варианты. Ыңғай сөзін ыңғый (әрқашан, ұдайы) сөзімен шатастырмау керек. Күн (і) бұрын тіркесінде і дыбысы түсіп қалып ықшамдалған. Болад (ы) деп қандай күйде жұртым-елім; -ы дыбысы түсіп қалған. Керісінше бір дыбыс қосылған: Ақ қағазды қаралап ыластағаным; Алып айна (ны) қарасам, сақал-шашым деген жолдағы айна сөзі айнаны болу керек еді. Табыс септігінің -ны жалғауы түсіп қалған. Өз сөзіме түсе алмай өзім оқып деген жолдағы түсе сөзі түсіне сөзінің ықшамдалған варианты. Еш (бір) досқа, туысқанға қимас болды; Ешбір есімдігінің бір деген қосынды түбірі ықшамдалып қалған. Бұ жолға қажет үшін беру керек; Бұ жолға сөзінің варианты біржолата қолданысы да бар. Пул берсе бурма мойын (ды) басқасына; Сабакты етістіктің -ды табыс септігінің

жалғауының жасырын келуі. *Дау-жанжал* жанып тұрған шоқ көбейтіп деген өлең жолындағы дау-жанжал қос сөзін ықшамдап дүң дыбысын түсіріп ау-жанжал (*Неке, талақ, мұрастын ау-жанжалы*) түрінде қолданады. *Қазағым, жұрт емессіз тіпті бақсыз* (бақытсыз); *Қар кетіп, ылай-балшық жер болды құры* (күрғақ); *Ақырда бір жарыққа айналады* (ақырында); *Ар* (ы) жағынан келген соң судай ағып (ары) болып бір буынға дейін ықшамдалса, кей уақытта артық әріптер қосып алады *Қайласы адастыру бірді-бірден; Жолыңнан сыбағалы құры қалма* деген өлең жолдарында *қайласы* (айласы), *құры* (күр) болып жазылуы керек еді. *Шебер-қолын, шешендер сатып сөзін* деген афоризмде -лер көптік жалғауы мен *Шеберлер қолын сатып күн көреді, шешендер сөзін сатып күн көреді* толық нұсқасының тұтас тіркестер ықшамдалғанын халықтың аузындағы нақыл сөз М-Ж. Көпеевтің өңдеуіне ұшырағанын байқаймыз.

Ұдайым сөзінің дайым ықшамдалған варианты ұшырасады: *Әрқашан бабаңызды жоқтап дайым* (ПДӨ); Р. Сыздықова –дай жұрнағының өлең тілі үшін «кезекші» -дайын вариантын атайды (273); Ш. Сарыбаев (541); *Ауаланып ешкімге бұрмас басын* деген өлең жолындағы ауаланып сөзі қазір оңашаланып деп қолданылады. *Шөкел ұғлы* (ұлы) *Дүржанбай халфе болды; Садуақас бен Малатай, бұл Заркештен; Дамолда, Хамза қожса кездей ұшырап; Кездей* сөзін әдеби нормада жолшыбай деп қолданамыз. *Әбужаһил көніркеп ішін жарып* (ХБ); *көніркеп-көн іреп* деген мағынада. *Сахаба иісті мәшһүр кетте тұлғы* (ұлғы) (Шонтыбай);

Вариантты сөздер: *ғақылсыз* (ақылсыз); *хайлакер* (айлакер); *ыңғай қонып* (бірыңғай); *хайла* (айла), *ыластағаным* (ластағаным), *гайыр* (қайыр), *ұруға* (руға), *гамалға* (амалға), *ғып* (қып), *ұрым-бұтақ* (үрім-бұтақ), *ау-жанжал* (дау-жанжал), *қайласы* (айласы), *ылай* (лай), *бомай* (болмай); *ғып* (қып), *гайыбын* (айыбын); *мұрастын* (мұратын), *мақсұт* (мақсат); *хайуан* (айуан);

-Пат қосымшасы: *тұрпат* (Шов), *күлпат* (ӘДh), *ұлпат* (ӘДh), *парқат* (ӘДh), *зияпат* (ХБ), *сый-сияпат* (ХБ), *зұрпатын* (ЖМК); *қияпат* (ІЛШ); *қияпатты* (21-бап); *магрипатты, арафаты, зұрпаттан, улфат, кулфат* (ҚАЯ);

Бей, би префикстері: *бейнәсіп* (ІЛШ); *бейқам* (ХБ); *бейықсан* (ХБ); *Биопа* (Иса); *биықтияр* (ЛГ); *бейшара* (ЖМК); *бейнахаят* (ХБ); *биталмағымұр* (ЖМК); *бейопасы* (АйЖ); *бейхабар* (ҚАЯ); *бейпіл* (I том); *Бейнетін* бұ жалғанның іздемесең; *Бейнетін-ниетін* сөзінің өзгеріске түскен түрі. *Бей* иран тілінде болымсыздық мағына береді. *Ер азығы ақымақ пен бейнетқордан; Мұнан мағлұм болып гашық*

ықтыяры емес биықтыяр құдай тағаланың зинаменен болатұғын нәрсе екен; Ол садафтың қанша би баға қиямет дұрлар бар;

-Дай жұрнағы арқылы тенеулі сөз жасайды: Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай; Мерт болдым, айға шауып, арыстандай; Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай; Шықылықтап көзге түстім сауысқандай; Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным; Бұлттай жауатұғын менің өзім; Жаңбырдың абрахмет тамшысындай; Бораған қардай бұрқырадым; бейшара қайдан сойсын тауып қойды; Биқисап көрдің тағы қанша тікен; Көрмедім ей, биона сенен тарды! Намаз оқып болған соң бейқам болмай; Бейықсап тақуым әр түрлі қал;

(Бірлән) -менен // -пенен // -бенен жалғаулығы: (Р. Сыздықова-277); Шал болдық, он бес пенен жсиырмада; Айырылмай жақсы менен жаман парқы;

Көмектес септігінің -менен толық түрі:

Көп жаман қорған болмас жинауменен,

Түзелмес ақылсыз жан сыйлауменен.

Сый-құрметпен түзелмей кеткен жаман,

Түзелер қорлықпенен, қинауменен.

Сипаты, заты бірлән қайым ирөр (22-бап),

(-Тақу, -тақы)-тағын, -тағы // -дағы, -та (те, да, де):

Әдеби тілде қалыптасқан -да, -де шылауының орнына -дағы сияқты ескі тұлға қолданылады (Сарыбаев-540); Р. Сыздықова-273; С. Хасанова-90,

Айтуга бар, көруге арман-дағы (I том); Бірыңғай өлең шумағы -дағы жалғаулығы (шылау) тұрады:

Балам, ол қабыл болған батаң дағы,

Көңіліңе түскен жарлық қапаң дағы,

Мен кетін артымда сіздер қаласыздар,

Айрылған шапан мен гої атаң дағы;

Тағы шылауының заттанып тәуелденетін үлсісі бар: -тағым// -дағым Көл болды бір түс көріп қайғы дағым (ПДӨ);

Ма // ме сұраулық демеуліктер жіктік жалғаулы сөздерге тіркеседі. Олар жіктік жалғауынан бұрын келгенде мы//мі болып өзгереді, сонан соң жіктік жалғауын қабылдайды (Молғажаров-109).

-Мы, -мі көне сұрау жұрнақтары қолданылады: Ойлаймысың бір іске деп жарамас;

Бек: көне шырайдың түрі: Халық ықыласы бек ұнап жараса деп, Халықтың гайыбын көруге бек қырағы; Халық ықыласы бек ұнап жараса деп; Сол үшін бек қызықты дүние, шіркін! (УШ); Көп алып

кісі ақысын бек ренжіткен (ШОН); Ағайын бек көп, Айтайын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ (Абай); Кісі еді бек мүсәпір, әкем гарін; Биданнан бек біл деумен сабақ берді; Сол үшін бек қызықты дүние, шіркін! (ІЛШХ); Көруді арман қылып бек толғандым (ПДӨТ);

Көне шылаулар: **һәм//әм; уа//иа; бін: һәм п.** Тақже, тоже, и, равно, еше (Рүстемов-298). **Уа-1.** Және, мен (пен, бен) да, де; 2. Заттың қай жерден кететінін немесе шыққанын көрсететін, әрекеттің қай жерде болған мекенін көрсететін демеулік; 3. Қасында, жанында, маңында деген мағынадағы демеулік. Қазақ тілінде шығыс тілдерінен (уа), (һәм), (ләкин) сияқты кейбір жалғаулықтар енген (Қ.Т.Т.С) (Ондасынов-205). **Һәм жұртта не білімді бар ғой зерек; Һәм жұртта не білімді бар ғой зерек; Һәм Ишан жиып алалдан; ...махаббат Һәм осындайда; Алиссалалут уалсәлам галиан иа Ахме((т, һәм Хамит, һәм Махмутсың, һәм Мұхаммет!(ПДӨТ); Әзір түр хила пырақ Һәм шапағат; Ғизатлу уа құрматлу арғын газы гашық уа махаббатан; көңілде гашық уа махаббат Замандас өзі менен әм гасырдан; Тон келте болғандықтан әм қол қысқа (Шонтыбай); Таяндым ... Садық әм таң атты; Мәлін алла галия уа самма, Уасаммиму тиссалман Һәм саиссбат; Кімде-кім: «иа, Фатима!»-десе, балам; Алиссалут уалсәлам галиан иа Ахмет (ПДӨТ); Қайғырма иа, Фатима дүние-пәнми; Пазыл бін Ғаббас пен Ғалы батыр;**

һәм түбірі арқылы барша, күллі, ғалам деген ұғымдағы сөз жасалады: Һәммә п. Вес, все-все, весь (Рүстемов-298). **Һамма//хаммасы//һәммаға:** Балқиды жандар Һамма ғалам; Баһадүр, Рүстем хаммасы сайып қыран; «Ай мен күндей; Һәммаға бірдей», - дегегінің мағынасы;

-Тұрған, -тұғын, -түн: Х. Досмұхаметұлы жазған есімшенің –түн қосымшасы М-Ж. Көпеев тілінде ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі –түн//–түн және тұғын формаларының қатар келуі арқылы жасалады да **-тұғын** формалы сөз субстантивтеніп табыс септігінің –ды қосымшасын қабылдайды. ...Ай, Күн, жұлдыздардың батқандығынан заласы қайтып, мен бұларды сүймеймін, батпайтүн, жоғалмайтүн, жоқ болмайтұғынды сүйемін дейді («Ай мен күндей; Һәммаға бірдей», дегегінің мағынасы-87). Құдай салса көрмейтүн халың бар ма? (ӘМ-160).

М-Ж. Көпеев шығармасында есімшенің толық түрі **тұрған** және **тұғын** формасы да жиі кездеседі: жауатұғын, дейтұғын, қалайтұғын, көретұғын, ойнайтұғын, тонайтұғын, ұстайтұғын, сөйлейтұғын, баратұғын, кірмейтұғын, қызбайтұғын, бұзбайтұғын, қозғайтұғын, ойлайтұғын, жсейтұғын, болатұғын, алмайтұғын, жалмайтұғын,

бармайтуғын, жүретуғын, білетуғын, еретуғын, тыңдайтуғын, оратуғын, танитуғын, айтатуғын, туратуғын, алжитуғын, болжайтуғын, қайтатуғын, жететуғын, беретуғын, кіргізетуғын, аяйтуғын, жумсайтуғын, табатуғын, жататуғын, бітпейтуғын (ЖМК), беретуғын, өтетуғын, кешетуғын (Х), болатуғын (ЛГМТ), осетуғын, онетуғын, жүретуғын, түспейтуғын, бітпейтуғын, жетпейтуғын (МЖК-1-том), егетуғын, білмейтуғын (БҚХанТ), салатуғын, қалатғын, өлмейтуғын (ӘДЖИ). М-Ж. Көпеев қисса, дастандарында –**тұғын** формасын бұйрық райлы етістіктен соң келетін көсемшенің –**а** тұлғасынан кейін арнайы ауыспалы келер шақ жасайды да өлең жолына ұйқас беру үшін пайдаланады:

Қоржының жоқ ет пен нан салатуғын,

Торсығың сусын күйіп алатуғын,

«Ас-адамның арқауы», -деген сөз бар,

Сендей жаяу әр-жерде қалатуғын (ӘДМИ-48).

Үстімізде қазір тұрған дүние жоқ болып, қиамет қайымның болуы растылығын және Күн өзі Күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқыратып қойған ар жағында құдіреті күшті құдай барлығын, соның үшін хазірет Ибраһим: «хәлил алла лә әхәббә лә флиһ», -дейді (АмКһБДМ-87); Оның бадырайып, адырайып тұрғандығы-жақындығы; ...көрсетіп тұрған күн сәулесі (АмЖА-23); Қасында тұрған қатындар (АмЖА-25); ...орынға тұрған жерін көргенім жоқ (АмЖА-29);

Тұрған тұлғасы тұрғыш формасында қолданылып сындық мағына береді: Ең жақын билеп тұрғыш ұлықтары барша қазақтарын оязный начальниктер ... («ДУ-21»).

-**Ша,-ше** жұрнағы арқылы (адвербиалдану) процесі арқылы үстеуге айналады: хәлімше, естуімше, өмірімше, әділше, шамша, пәленше, түгенше, мұрдемінше, барлығынша, миллионша, жылқыша, отша, итше, жыланша, малша, қасқырша, түлкіше, сауысқанша, жыланша, күреңше, жанбайынша, орысша, бұлайша, қалайша, солайша, осылайша, баяғыша, суырша Орыс сөзі миллион сөзіне –**ша** жұрнағы қосылып қазақыланып үстеуге айналады: Осы перевод жұмысының миллионша қиын... (Әдеби мұра-172); Жегізіп Сарыарқаның жауылшасын (ЫШ) (жауылшасын);

Есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар –**шы, -ші** арқылы сөз жасалады: табыншы, өлеңші, арабшы, басшы, асшы, нақаятшы, Қадамжай қарауылшы көпірінен (қарауылшы), тосқауылшы, есікші, өсекші, есетші, шапағатшы;

Етістіктен зат есімді сөздер жасалады: қылғышы, қараушы, сөйлеушіге, айтушы, тыңдаушы, кезуіші, сөйлеуші, кетіруші жымашысы.

Бұйрық формасына -шы, -ші модальдік шылауы тіркесе, бұйрық мәнінен айрылады да, жалыну, өтіну, сұрану мағынасын береді: көтермеші, жарасшы, айтшы, берші, ойлашы, ұнамақшы, босатсайшы.

Көптік жалғаудың қолданылу ерекшеліктері: -лар, -лер: Жерлерде мұнан басқа толып жатыр; Жер шексіз ұғым оның көптік мағынасы түбір сөздің өзінде тұрғандықтан, әдеттегі көптік жалғауы -лер қазақ грамматикасының заңына қайшы келеді. Тұнжырлар томырықты (қара) желім; Зарығып, тарығарлық келді жерлер; Құса боп бұл қайғыдан қандар құстың (1 том); ... түпсіз тереңдер я әлі күнге орнында; Талай замандар өткенде; ...барлық нәрселер тоқтаусыз қозғалып; Нешелер замандар; Сол булар, сулар қабат-қабат жеті қат көк деп сөйлейді; ұйлығып тұрған шаңдар; уақ тозаңдар; микронтардың бірі; Баз-баз жандар болады; мигуалар екен; ...гажайып тамашалар (АЖЖАЖТ); Көл дария боп төгілер көзден жастар; Сия орнына езілді қызыл қандар (ХБ); Терең суда болады тұңғықтар (ХБ); Жерлерге аяқ бастың жетпейтін қол (Шонтыбай);

Дерексіз зат ұғымдары: өнер: сөзіне білім, қасірет, қапалықта, садәф, жалын, жұтқан күман (дерексіз затты деректендіру), қастық, ғақыл, дүр, ділін, ақымақ, абрахмет, налан, мұрат (мұрадым), әшһәрәт, хасил, Кеңшілік мемлекетке патша берді, мәжіліс,

- Стан: Гүлстан; Түркістан,

Сөзжасам үлгілері: -ған есімше тұлғасы (вербалдану) тәсілі арқылы жаңа сөз жасалады: Жігіттің қоразданған кейбір паңы; -паз қосымшасы арқылы: Қор болып өрге баспай өнерпазы; Әр өнерпаздар шығарса сөз;

-Ғай қалау райының қолданысы: Алғайды бізді құдай панасына; Сөздердің бірігуі арқылы: Дүниеқорда құлақ пен көз болмайды; Қарынбаймен болуға бастас бірге; Дүниеқорлар тұрсын деп сабақ алып; Хұфтаңды намазшаммен қосып оқы; Сайраған Мәшһур-жаздың қоңырқазы; Адамның жатпас қарап өнерпазы; Алысып өмірбойы жалғанменен; Жан пайдасын білмеген жүзқарамыз; Мұстафа -болыс, Мұса-дуанбасы; Адамзатта аяйтын жалғыз-ақ сол; Алдымен жетіп келер алыпсатар; Ақырзаман болады жылқы жылы; -гер қосымшасы арқылы: Саудагер кезіп жүртты аралаған; Екі даугер бір-бірін сөзбен ұрған; Балгер бірдей бола ма бақсыменен; «Зер танытын зергердің» жоқтығынан; Дәрігермін

жергілікті хатымгерде; Бесін мен намаздігер қосып оқын; Зор ұрма бір ісіңе қыла алмаған; Әдеби нормадағы соншама зор ұрма (қайғырма) сөзінің баламасы есебінде жанаша қолданған, Өлік (деп) біл, оны жан деп білме тірік (тірі) оның алдындағы серік, көрік сөздеріне ұйқастырып тірік сөзін жасаған. Бүктемеде бұ сөздің көбі кетті (ХБ);

8.3.Әдеби тілдегіден өзгешелеу тіл құбылыстары

Қалау райының –сай, –сей қосымшалары арқылы түрленуі: *Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан; Жұртқа айтсайшы сонан соң етек кеңді; Оянып бір басыңды көтерсейші; Баянаула қойсайшы жердің атын, Зарығып бұ жалғаннан қанлар жұтып; Жүздеген мұңлылардың көңілін ашқан; Мақсұты көң (і) ліндегі болған жағы; Мақсұтқа шын түбінде жеткізуші; Мақсұтқа кім жетеді ойындағы; Өткізсе гәділдік пен ай мен күнін; Тартылды биылғы жыл көк рахыметі; Бір құдай болысқанға дұшман оңай; Болмайды ұзақ күнге омырауға; Қашан болса омыраулап озық барар; Омырауға сөзі әдеттегі өзіміз күнделікті естіп жүрген омырау (өңірі, алқым, омырау) сөзі емес. Омырауға деген сөз өзеуреп, алқымдан, екпінден, қызыл кенірдектеніп деген мағынамен сәйкес келеді. Ойласақ, (бір) шайнам (ақыл) ғақыл жоқ қой бізде деген өлең жолында әдеттегі біршайнам сөзі шайнам болып, ғақыл сөзі бүгінгі әдеби нормада ақыл болып ықшамдалған. Бұл да М-Ж. Көпеевтің өзіндік қол таңбасы дейміз. М-Ж. Көпеев бір сапар жол мен бір тарау сөз тіркестерін әдеби нормадағы қолданыстан өзгешелеу пайдаланады, мысалы: *Естір болса, жүріс бар-бір сапар жол; Бір тарау сөз жібердім Поштаевқа; Жолаушы ұзын сапар жүрермін мен; әдетте бір сапар тіркесі (сапарға шықты, жолға шықты) сияқты қолданылса, бір тарау сөз тіркесі бір тарау жол ұғымында қолданылатын. Жалпы дерексіз ұғым сапар сөзін заттандырып жібергені байқалады. М-Ж. Көпеев қолданысында бұл сөздерді пайдаланғанда әдеби заңдылық сақталмаған сыңары бар. Бостандық болмақ болып әр ұруға (руға-дейміз); Бас қосар гамалға да болмай жиын (камалға-дейміз); Ер болсын, уағдасын бұзбайтұғын өлең жолында фонетикалық, морфологиялық өзгерісі бар сөздер бар. Мысалы, уағдасында // уәдесінде деп әдеби нормада қолданылса, бұзбайтұғын сөзі бұз + ба + й + тұғын бірнеше грамматикалық**

формадан тұрады. –Тұғын ықшамдалып бізге жеткен түрі есімшенің -тын// -тін жұрнағы (бұл туралы айтылды). Қорлыққа көніп қазақ қалсын үшін (қалсын үшін); III жақ бұйрық рай тұлғасындағы қолданыс. Р. Сыздықова (284). Бұл қамшы соның үшін керек болар (соның үшін) үшін шылауы сілтеу есімдігімен тіркесіп келеді (Е. Жанпейісов-105); Әдетте үшін шылауы ертеректе сондықтан, өйткені, себебі деген жалғаулықтар болмағандықтан, үшін шылауы есімдікті тіркестің орнына жүрді (Б. Әбілқасымов-138); (Е. Жанпейісов-105-106); (Т. Қордабаев-93). Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген (айуан); Атанды бәрі хайуана тілі жоқтан (айуан); Әңгіме есітсеңіз мыны бізден (естіртсеңіз); Көрген жан анадайдан оған құмар (анандайдан); -Лай, -лей жұрнақтары арқылы үстеу сөздер жасалады: Тірілей жеп тауысып әркім өзін; Бой бағып екіншілей аяқ баспа; Тікелей сөзін тікіленді деп өзгертіп дайындалды, ыңғайланды ұғымында қолданып жаңа сөз жасайды: Мұхаммедке тікіленді сурап жөнін (ХБ); Тілеуі сөзінің варианты тінлеуі жарыса қолданылады: Бірақ жытһады, тілеуі (тінлеуі) жемісі ағаш болуын ойлап, баққан, қаққандықтан (АЖА); Сияқты септеулік шылауының орнына септі шылауы қолданылып баяндауыш қызметін атқарады: Неге десең: күншілдік-өзіңде, дәл шайтан септі; менмендік өзіңде, ол шайтан септі (АЖА). Бір іске жұртқа ұнайтын сарып қыл күшің (ді) септік жалғауы ықшамдалған. Көзің (ді) сал басқаларға жақсы, жаман; Нәпсінің кім құтылар хайласынан: Хайласынан – айласынан; Отырған ескенеді (сескенеді) Аралбайдан; Шатпалап қозжа жазар оны-мұны; Бозбалар шамаң келсе маған ұса; Өтірігің болды әшкере таңдай атып (1-том); Көтерме өтірікпен менен алған; Міне, гайратты ердің жұмысы халыққа әшкере қылмай, жұртқа масқара қылмай, көпке өлтірткенше, өзің өлтір деп, өлтірді де салды (ААБӨАШЕ). Қайтеді шешенсеңіз кешікпестен (шешінсеңіз) (Шонтыбай); Қылып мәр көриур үшін мағғырыңызды деген жолда көне есімшенің келер шағы –үр формасы қолданылған. Көре алмай көптеген саған ытық едім (ынтық); Үмбетке гасы болсын тиген пайдаң (осы) (Шонтыбай); Сөйлегіл жұмсақ тілмен барған жерде; -гіл қалау райының қосымшасы пайдаланылады. Жіберді бара гөріші достыма деп; Жөбірейіл достым қайда, иа гәзірейіл; Олай болса Жебірейіл достым келсін (Шонтыбай) т эпентезалық құбылыс (Е. Жанпейісов-87). Құлағын ақырын ағана салған екен (ғана) (ПДӨТ); Орта ғасырлық жұрнақ –лұр кездеседі: Патша өткен гадатлұр Баһрамгұр (ПДӨТ); Етістікке қосылған -дүр тұлғасы ұшырасады: Жетпіс үш үммәтләрым парық болдұр (ПДӨТ);

Болымсыз етістіктің жұрнағымен есімше тұлғасы септеулік шылумен тіркеседі:

*Аң-таңбыз бұрын, сірә көрмеген соң,
Жол білер даналармен жүрмеген соң,
Бірі боп барған көптің кете бардық,
Мән-жайын бұрын естіп білмеген соң (1том).
Ажалсыз келдің тірі өлмеген соң,
Не білер үйде жатқан жүрмеген соң,
Жандай дос, балдай құрдас-құрбылардан,
Сағындым бірді-бірін көрмеген соң (Шонтыбай).*

8.4. М-Жүсіптің қарасөз үлгісіндегі шығармаларының синтаксистік кейбір мәселелері

М-Жүсіп прозалық шығармалар тілінің өзіндік синтаксистік ерекшеліктері де жоқ емес. Абай прозалық шығармаларының синтаксистік мәселелері туралы профессор Р. Сыздықова зерттеп, морфология саласында 7 ерекшелікті, синтаксис саласындағы 5 ерекшелікті атап көрсетті (292-318). Бұл ерекшеліктер де М-Жүсіп прозалық шығармаларынан байқалды. Абай мен Ыбырай өмір сүрген дәуір, синтаксистік ережелердің қалыптасу кезеңі үшеуіне де ортақ еді. Қазіргі әдеби нормадан алғандағы өзгеше синтаксистік конспукциялы сөйлемдер құру фольклорлық прозаларда жиі кездеседі. Әрине, бұлардың прозалық шығармаларын қазіргі деңгейдегі роман, эпопеямен салыстыруға да болмайды. Т. Қордабаев: «Фольклорлық проза синтаксисінің тағы бір ерекшелігі мұнда синтаксистік элементтер (сөздер, сөйлемдер) байланысында салаласа байланысу тәсілінің мейлінше басым болып келетіндігінде» дейді (24); Е. Жұбанов пен Б. Омаров даярлаған «Ауыз әдебиетінің мұралары және оны жинаушылар» еңбегінде ертегілердің синтаксистік кейбір мәселесі сөз болды (92-114); «Фольклор тіліне тән тағы бір ерекшелік, макал-мәтелдердің жиірек қолданылатындығы» дейді (Жанпейісов-80); Кейіннен прозалық шығарманың дамыған үлгісінің М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» зерттелді (Жанпейісов-3-165); Тілдің синтаксистік құрылыс тарихын зерттеу үшін ең маңызды, ең құнды материал - проза жанрына жататын еңбек. Өйткені белгілі бір дәуірдегі тілдің синтаксистік құрылысын жан-жақты және толық көрсету – тек прозалық шығарманың ғана қолынан келеді. Ал, поэзиялық шығарманың синтаксистік категориясының барлық түрін бірдей қамти алмайтындығы, бұл салада оның құнды фактілер бере

алмайтындығы белгілі» дейді (Қордабаев-18-19). М-Ж. Көпеев шығармаларының ішінде прозалық шығармаларының ең көлемдісі «Қазақ шежіресі» шағын қара сөз үлгісінде жазылған әпсәнәлер. Бұлардың тілі көбіне арап, парсы, орыс сөздері болып араласып келіп отырады. Әсіресе, шағатай үлгісіндегі сөздер, сөз тіркестері, араб сөздері араласқан сөйлемдер ара-тұра ұшырасады. М-Жүсіп шығармалары кілең араб, парсы сөздерінен тұрды деген ұғым тұмау керек-ті. Ол өз тұстастары сияқты заман шеңберіндегі тіл үлгілерін пайдаланды. Олардың алдында қазіргі әдеби тіл нормасы сияқты үлгі болмады. Ауыз әдебиетінен, оның ішінде, би-шешендер мен ақын-жырау үлгісіндегі таза ауызша дамыған әдеби тіл үлгісін ала отырып, тіл тазалығы үшін күресті. Қазіргі әдеби тіл нормасы бірден қалыптасып кетпегені де белгілі. Абай, Ыбырай, М-Жүсіп т.б. тіл өңдеулерінен өтіп синтаксистің ықшам үлгісінен, құрмалас сөйлем құрау дәрежесіне дейін жетті. Бірақ, синтаксистің жаңа ережесіне сай емес қолданыстар бәрібір сақталып отырды. Олардың алдында жазба прозасының даяр қалыптағы үлгісі болмады. Демек, М-Жүсіптің синтаксистік қолданыс құрылымындағы өзгешеліктердің сақталуы өз тарапынан заңды да еді. М-Жүсіп прозалық шығармаларының синтаксистік ерекшелігін сөз еткенде, Абай шығармаларындағы Р. Сыздықова көрсеткен ерекшеліктерден басқа жақтарын алып қарастыратын боламыз. Бұл арада, М-Жүсіп қолданысындағы сөйлемдердің синтаксистік құрылымы Абай қолданысынан бөлендей асып кетпегендігін де айтуға тиістіміз. М-Жүсіп шығармаларындағы прозалық жанрға тән морфологиялық ерекшеліктері негізінен ортақ болып келеді. Ыбырай шығармалары туралы да осы ойды айтамыз. Көне дәуір жазба ескерткіштері мен газет - журнал тілінің кей морфологиялық тұлғаларының қайталанып келуі қазақ тілінің сол шеңберде өмір сүргендігінің айғағы. Бірақ, морфологиялық тұлғалардың сақталып келуінен Абай мен Ыбырай, М-Жүсіп өздерінің алдындағы жазба ескерткіштің тіл үлгісін көшірген екен деген ой тұмау керек. Жанр ерекшелігіне қарай сол тілдік формаларды, единицаларды қалай қолданды, стилдік уәждік мақсаттағы қолданыс аясы қандай, мәселе осында. Сонда барып олардың тіл ерекшеліктері айқындалады. Ал, морфологиялық тұлғалардың бірінен-біріне қайталана беруі олардың тіл ерекшелігіне жатпайды. Мәселен, -тұрған, -тұғын есімше тұлғасының; дүр формасының; бірле, уа, һәм шылауларының т.б. қолданысы тіл ерекшелігіне жата ма? Бұл тіл единицалары қолданылу аясына байланысты тілдің ұзақ жылғы даму барасында бірде жоғалып, бірде қайта пайда болып отырған құбылыс дайын тілдік тұлғалар емес пе. Араб, парсы тілінен енген, шағатай

элементі деп жүрген (кітаби тіл) сөздерді де қолдану тілдік ерекшеліктеріне жатпайды. Бұл дегеніміз, өздеріне дейінгі тілдік дәстүрді қабыл алуы, сол тілдік шеңберден шыға алмауы деп ұғынамыз. Ал, бір-біріне ұқсас деректі, дерексіз, оқу-ағарту саласына байланысты енген кірме сөздердің көпшілігі сірленіп, қалыңқа айналған әдеттегі үйреншікті тілдік материалдар деп есептейміз. Қазақ дәстүріне сіңіп кеткен дайын тілдік қолданыстар. Расында, Абай, М-Жүсіп қолданысындағы араб, парсы сөздері сол тілді жақсы білгендіктен жұмсалған сөздер, қазақ ұғымындағы айтылар оймен түспа-түс келетін ұғым болғандықтан, сол ойдың дәлелі ретінде қазақша айтылатын сөздерді тіпті, сөйлемдерді арапшалап, парсышалап жіберетіндігі тағы қайталап айтамыз. Бұны сол тілді жетік меңгергенің жарқын көрінісі деп бағалау керек сияқты. Әйтпесе, қазақшалап жазып келе жатып, бергелі отырған мағыналы сөзді, сөйлемді үзін тастап, арапшалап, парсышалап дәлме-дәл сол ойды үстемелеп ырғағын үзбей беру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл Абай, Ыбырай, М-Жүсіптің қолынан келері хақ. М-Жүсіп «**Ай мен күндей; һәммаға бірдей**», - демегінің мағынасы деген кара сөзбен жазылған шығармасында: **Арап, парсы сөздерін төл сөз есебінде жұмсап, автор сөздерінің ортасында жұмсайды: Аллағала қалам мешітінде: «ла алимыс нигби лһа анттуркі алқым»**, - дейді деп қазақшалап екінші қайтара өз түсінігін береді **«Күн айға қалай қылса да, иіле салмайды, жете алмайды дейді»** **Үстімізде қазір тұрған дүние жоқ болып, қиямет қайымның болуы растылығын және Күн өзі Күн болып тұрған жоқ екен, оны Күн қылып жарқырытып қойған ар жағында құдіреті күшті құдай барлығын, соның үшін** (сондықтан-А.Қ) **хазірет Ибраһим: «хәлил¹ алла лә² әхәббә³ лә² флин»**, - дейді. Түсінігі: **Батқан нәрсе де, жоғалған нәрсе де күштілік қуат – құдірет болмаса, мұнша ғаламды жаратқышы батпаса, жоғалмаса керек деп, Ай, Күн, жұлдыздардың батқандығынан заласы қайтып, мен бұларды сүймеймін, батпайтұн, жоғалмайтұн, жоқ болмайтұғынды сүйемін дейді.** 1. Хәлил-араб сөзі: «сүйіктісі; дос»; 2². Лә-араб сөзі: «емес, -ма, -ме (болымсыз етістік жасаушы шылау); -сыз, -сіз, карсы»; 3. Әхәббә-араб сөзі: «сүйю, қашық болу, ұнату»;

Сөйлем ішінде болды етістігі мен тағылымы сияқты дерексіз зяттық мағыналы сөзді қайталап, сөйлем ортасында тағы бір айтқанын пысықтап, мақұлдатып отыру нәтижесін көрсету тәсілі қолданылады: **Бұл хусуситтен¹ бір жыл, он екі ай, үш жүз алтыс бес күнге хысәб² болды, тағылымы: гәддә³ дәллісінін⁴ уа⁵ хысәб.** 1. Хусуси-араб сөзі: «өжеке, өзіндік, әдейі, қасақана»; 2. Хысәб-араб сөзі: «санақ, есеп-қисап»; 3. Гәддә (әддә)-араб сөзі: «сынау, есептеу»; 4.

Дәлл-араб сөзі: «көрсетуші, көрсеткіш»; 5. Уа-араб сөзі: «және, мен, бен, да, де, та, те (шылаулар)»;

М-Жүсіп айтылар ойдың себебін айтады да, тағы бір рет дәлелдейді, мұндай сөйлемдер қадалтып қойды, деп қойды деген нақты ойды білдіретін етістіктер арқылы беріліп, мақұлдау керек сияқты ой керек етісітігі арқылы дәлелденеді де себебін білгісі келетін ой санасу үшін, не үшін сияқты сұраулы мағыналық мәнде қолданылады ал, білу керек, ойласақ керек, білсек керек, болса керек етістіктерден болған баяндауыштар себептің салдарын түсіндіреді: *Пенделер мұныменен өткен ғұмырын жасаған жасын санасу үшін. Құдай тағаланың құдіреті Күнді шақшистып, жап-жарық қылып, қақ маңдайымыздан қадалтып қойды. Оны не үшін қойды: білу керек. Менің құдіретімнің күштілігіне даярлығына гақыл, зінн¹ жетпегендер мұнан көріп гибрат алсын, сабақ алсын деп қойды. Ойласақ керек: үлкендігі де бір дөңгелек нандай Күн, күллі дүние жүзіне сәулесі бірдей. Құдай тағаланың құдайлық сәулесі мұнан зор, мұнан да жарық, мұнан да жақын деп білсек керек. Екінші – Күн, төртінші-фәләк да жақын болғанда төрт мың жылдық жолда болса керек. Сонан келіп түндігімізден түсіп, үстімізде орнап тұруы мұнан да жақын, айтқан гарқымыз, қылған мінәжатымыз, аузымыздан шыққан заман бір дем алыстың орнында дәррәға һүнә гаһан болса керек. Аллатағаланың мақлұққатына ырзық беруі баршаға бірдейлік, мұнан мағлұм болса керек. 1. Зінн-араб сөзі: «ақыл, парасат, ес, зейін»*

Ұзақ-шұбыртналы сөйлемдерден тұрып, бірыңғай мүшелі кірме сөздерден, антропонимдерден, матаса байланысқан тіркестерден құралады: *Ақылдан айрылып қалып, шаруа малынан береке қашып, оның үстіне алым-шағым, земіскі, ізбор деген қымбаттап, ел аралаған начальник, шиноликлардың жалдап мінген аттырының майын төлей алмай қаңғып кетіп, Питербор, Мәскеу барсаң, орыстың малайы-қазақ, Бұхар, Ташкент барсаң сарттың малайы-қазақ. Сол малайлықта жалғыз-жалғыз болып қаңғып кеткен ауырса, кім сусын беріп, кім басына жастық қойып, оған иман айтуға кім даяр тұрады? (САКЕ).*

Арапша, парсыша ішін ара шығатайшалап келетін төл сөз кездеседі. Мұнда да айтар ойға қазақша түсінік беріліп отырады. Мұнан мағлұм болды. Анығында мұңкірт¹ қылу Һәм хадис құдыс екенлігі алла төбәрік отғылы хазіреттері айтқан: «Кімде-кімнің көңілі сынық болса, мен соның қасындамын», - деп. Хазірет сұлтан Алгарфин құдыс сүре сөзді айттым: Әркім болса дидар талап, Жанда-жанға пионд қылып, рүкні² улап гариб³ пақыр жетімдеріні басын силап, көңілі бүтін халайықтың қошттым. Түсінігі: Мына

кісінің ыңғайында жүріп, икеміне көнбейтуғын нәрселер-адам баласының білемін деп талап қылса, білмейтуғын нәрсесі болмайды.

1. Мүнкiрт – араб сөзі: «жаман»; 2. Рүкнi – араб сөзі: «тіреуіш, бағана, негіз»; 3. Ғариб (ариб)- араб сөзі: «жат, бөтен»; Айтқан, айттым, етістіктері сол сөйлем ішіндегі деп, деді көмекшілерімен мағыналары қайталанған мәнді ұғымды кұрайды. Фольклор үлгісіндегі төл сөзден бұрын айтылар ойды күні бұрын айтатын етістіктің бұрын келеуі М-Жүсіп кезеңіндегі сөйлемдердің әлі де болса, тиянақты нормаланбаған дәрежесін көрсетеді. Бірақ, М-Жүсіп барлық сөйлемдерін осы ыңғайда кұрмағанын да байқаймыз. Морфологиялық тұлғасы жағынан көне жазбаларда кездесетін, мысалы, табыс жалғауының -ны, -ні вариантының қолданылуы; тәуелдік жалғауының III жағынан соң -н түрінде келсе, М-Жүсіп жазбасында -ны,-ні табыс жалғауының көне түрі жалғанады. Салыстырмалы түрде заманы қарайлас «Қисса Қожа Ғафған Уәһәм Сәдуақас» деген кітаптың тілімен салыстырайық: *Біреуге мал менен ферзент берур барабар, біреуге ферзент берсе малун алор, біреуні бай, біреуні яри қылар, кей адамның басына қайғы салурғ қожаға теріс қарар көрген адам. Қолғаи тілеп қайыр берген адам. Құдай салса көрмайтун халың бар ма? Еркі барны қылса да ол құдайым (Әдеби мұра-160); М-Жүсіптің басқа шығармаларында: Бұл уаһымның куштілігі: галияаллагынананы білген екен; Ғарышны жаратпаққа бұйрық қылды (ЖМК); Сөз дәдел бейхабар-дур. Санамыңыз: жананайы (ЛГЖМ); Ғарышны сол көтерген дарияны (ЖМК); Тариқат, хақиқатны жары еткен (Исабек ишан); Шул бугуны талнуң чубуга бірле (ЕЖДә); М-Жүсіп қолданысындағы -тұрған, -тұғын, -түн есімшенің көне формасы «Қисса Қожа Ғафған Уәһәм Сәдуақас» кітабында -түн, келер шақ есімше М-Жүсіпте де -ур, -үр -үр, -ор, -өр т.б. варианттары қолданылады. Тағы бір көңіл аударатын мәселе матаса байланысқан халайықтың қоштым тіркесі. Әдеттегі көңіл қошы тіркесінде жұмсалатын қош дерексіз зат есімді сөз күштым мағынасындағы етістіктің орнына қолданылады. Әдеби нормадағы ...көңілі бүтін халайықты күшақтадым не күштым деп жазылар еді. Олай болса, қоштым // күшақтадым сөзінің ықшамдалған үлгісі деп танымыз. Қоштым сөзі әртүрлі формада қолданылады: хошылық ләзәттiқты гәм уалiмге айырбастаған (АЖА); Кунгли қаттиқ халойиқдин қочдим мано (ҚАЯ); Қошытым сөзінің ынтым // ытық ықшамдалған варианты ұшырасады: Әкем деп құрып ынтым өліп едім, Ойланып тун ұйқымды бөліп едім (Әдһ); Көре алмай соған ытық едім (ПДӨ); Қош сөзінің хош//хуш вариантымен қоса оның түрлі морфологиялық тұлғасы да қолданылады: Махаббаттсыз*

кісіден қош болып қаш (ЛГЖМ); Екі жаман дос болмас, Дос болғанмен хош болмас (Бұқар); Хуш гойнбдин етшиди яхши сузим табаррук (ҚАЯ); Сүйікті қылдық және жүзін хошрой (ХБ); Сөзім жоқ татымды, Хошылықпен көріспек (Абай); Семірді ісім ақтымды оқыр екен (ЖМК) өлең жолындағы ақтымды // ақтығымды сөзінің ықшамдалған түрі деп есептейміз. Қара сөз үлгісіндегі жалғаулықтар мен сөз тіркестері: Соның үшін тіркесінің қазіргі күндегі синонимі себеп - салдар мағынасын білдіретін жалғаулықтар өйткені, сондықтан, себебі болып табылады: Соның үшін айтқан: Ғашықлық бір мырза дүр қатты, ащы, Қушақтасып ебіспек дүр ғылажы (ЛГЖМ); III жақтағы бұйрық рай тұлғасының үшін шылауымен тіркесі: Күндіз бен түннің нарқы біліңсің үшін, хазірет жебірейі! Ғәлия Үсләмға бұйрық қылады: «Айдың нұрын азайт!»-деп (АКҺБ); Көне шылаулар: һәм, уә, билан ұшырасады: Алла тағала әр қиынныптасып ғашық уа махаббаттан махрум қылмасын һәм алла қасында ғашық ғашық уа махаббат аса сүйкімді кереклі жұмыс (ЛГЖМ); Кел ай сәлік көзің гибрат билан аш. Махаббаттсыз кісіден қош болып қаш (ЛГЖМ); Диалогты сөйлемдер бірыңғай кірме сөздерден тұруы мүмкін: -Кәйфә¹ бір йәд² ситті³ наша⁴ биар еді? - депті. Мірсейд шариф: -Әні,әні, айтып қойды. «Кәйфәміз кетті гой, наша келтіріңдер», -деп отырғаны: оның кәйфә кетіп, наша сұрағаны емес, ғылым кәйфй мақалласынан еді, ұстазы дағдарылып тұрып қалған соң, аузына сөз салып отырғаны-депті. Н. Жүсіп: ¹Кәйра-араб сөзі. «қалай, қалайша» деген сұрау есімдіктері орнына түр деп ойлаймыз. ²Йәәд-араб сөзі-«қол» мағынасы деп ойлаймыз. ³Ситт - араб сөзі- «алты» санын білдіріп түр деп ойлаймыз -дейді. Кәйіф сұрау мағынасын бермейді. «Кәйфәміз кетті гой, наша келтіріңдер»-дегенде құмарлығы кетіп, қайыра (есірткі) наша сұрап тұрғандығы аңғарылады. Оңайлықпен оқып молла болғандар төңкеріп аударудың ғылымына әбден мәһір¹ болады. Тән ғылым мағына білумен жұмысы жоқ, сарафа² ныхомынтық оқып, талас ежеске әбден ұста болып, пәлен қай байдан, пәлен не сыйгадан, пәлен қай қадиадан³-деп, сығыры қысы, кәубүрә қысы, кәубүрә⁴ қысы-мауду⁵ не нәрсе, махмул не нәрсе?-деп, мәжілісте өзінен басқаны сөйлетпеске ұста болып, мұнымен барып бір жерге халфе, не бір жерге хазірет болып тұрып, ныхомынтықтың қағидасын екі кісіні араз қылып, гұмырында бірін-бірі көрместей жолға салып жібереді. Хақ жолға тауаффаққа⁶, һидәиәтқа⁷ бастаумен жұмысы жоқ. Бір махәлләні⁸ екі партия қылып ұстап, құран хатымда солай деген, хадис⁹ шарифта¹⁰ бұлай деген-деп, нажанларды қара сөзбен мас қылып, адастырып, есінен жаңылдырып әуре қылады да жүреді. Жан ғылым алла тағаланың

фадр¹¹ уа¹² кәдрәмінә¹³ алынған пендесі. Нанмен де жұмысы жоқ, ат көтерін атақ шығарумен де жұмысы жоқ. Оңаша халауат жай табылса, жаны сонда сая тауып, қалам алланы оқып, мағынасын мәлә¹⁴ қате қылып, іштей мас, жемей тоқ. Оның қасында бай да бір бас, күшік те бір бас. Ешкімді әлпетіне қарамай, «он сегіз мың ғаламды жаратушы құдайым-бәріне ғаими бар» деп отыра береді. Ғылым-білім деген осындай кісіден табылады. Не нәрсенің мүжәзі¹⁵ қойып, хақиқатына етуге сәғә¹⁶ уа¹⁷ жаһаты¹⁸ болады. Демің табылмас бұл нашалық кісі-жиһан айуаны. Кең дәуір хәлі¹⁸ ермес осы күнгі қазақтың оқып жүрген оқуы, өзінің ел көшкендегі сиырына арба салып көшкен қошуы сықылды, айхай-ойхой, у-шу, құр дауыс, бұған бір усули жәдит¹⁹ шығару керек. Заманымыздаға парақор от арбаның жүрісі сықылды. Ойлаған мақсатқа тез жеткізетұғын балаға жиырма тоғыз харфті²⁰ танытқан соң, ғылым-білім білдірудің жаһатында²¹ болу керек (САКЕ). 1. Мәһір-араб сөзі: «шебер, маман, өмбебеп»; 2. Сарафа-араб сөзі: «жұмсау, шығын қылу, уақыт өткізу»; 3. Қадиа-араб сөзі: «мәселе»; 4. Кәбүрә-араб сөзі: «үлкен болу»; 5. Мауду араб сөзі: «қойылған»; 6. Тауффаққа-араб сөзі: «табысқа жету, үлгеру»; 7. һидәиә-араб сөзі: «басшылық, дұрыс жолмен алып жүру»; 8. Мәһәлла-араб сөзі: «квартал, қала бөлігі»; 9. Хадис-араб сөзі: «жаңа»; 10. Шариф-араб сөзі: «шарапатты, адал, игі, таза»; 11. Фадли-араб сөзі: «мәртебе, мархабат»; 12. Уа-араб сөзі: «және, мен, бен (шылаулар)»; 13. Кәдрәмә-араб сөзі: «сыйлау, құрметтеу»; 14. Мәлә-араб сөзі: «толтыру, бір нәрсемен»; 15. Мүжәз-араб сөзі: «рұқсат бар, рұқсат алған, арнайы өкілдірі бар адам»; 16. Сәғә (сәә)-араб сөзі: «тез ұмтылу, талаптану, тырысу»; 17. Уа-араб сөзі: «және, мен, бен (шылаулар)»; 18. Хәл-араб сөзі: «бос»; 19. Усули жәдит-араб сөзі: «жаңа метод»; 20. Харф-араб сөзі: «әріп дауыссыз дыбыс»; 21. Жаһат-араб сөзі: «бағыт, ойы күштарлық»; Иананы бұл түсіме гажәпландым (ПДӨТ); Хасан менен Хусайын хладылар (ПДӨТ); Иара сол; мен тағы да бір тус көрдім (ПДӨТ);

Барыс жалғауы тәуелдік жалғауының III жағынан кейін тек қана –на, –не түрінде жалғанса, көне жазбаларда –ға, –ге түрінде жалғанған. Кейде тәуелдік жалғауының I, II жағынан кейін –а, –е түрінде жалғанса, ол, –ға, –ге түрінде жалғанады.

Бірыңғай мүшелер: Көкті, жерді, айды, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, топырақты, ағашты, шопті, хайуанатты, мақұлық атанған нәрсенің бәрін құдай жаратты (АЖА); 15 бірыңғай зат есімді бастауыштан құралады.

Шағатай үлгісіндегі сөйлемдер: *Уәзипаңыз сіздердің дін шашмақлық; Қараңғы пенделерге шам жақмақлық; Шағатай үлгісіндегі өлең күрлысы:*

Сөз дәлден бейхабар-дүр.

Санамыңыз: жан-анайы.

Шамығ ол гыр санай дүр.

Көр-атишы, сөз –анайы.

Ғашық-от әуел түсер,

Мағшүкқа ан дин ғашыққа.

Шамығ көркем жанбайынша,

Жақпады пәруанайы.

Соның үшін айтқан: Ғашықлық бір мырза дүр қатты, ащы, Қушақтасып ебіспек дүр ғылажы. Егер де ғашық-мағшышқ қушақласып сүйеспесе, құмырында қосыла алмаса, өліп кетуі мұтшақық (ЛГЖМТ); Құла тағала тәбәрік әлләзи жығылфи әлсмә бір ожа ұжғыл фиғарсыз жауқымыр минір құдіреті күшті құдайдың ұлылығының зорлығын мұнан білсек керек. Аллатағала қалам мешітінде: «ла алимис нигби лһа анттүркі алқым», -дейді. Және пайғамбарымыз Махмут Әлімсітфи сілә алла ғәлия Үсләмға мығжыра Айдан бірілді (АмКһБ).

Кел ай сәлік көзің гибрат билан аш.

Махаббатсыз кісіден қош болып қаш.

Мазбубқа, шамығ, мағшышққа, мәжбүрлар, бұстанатта, ғашақ-мағшышқ қушақласып, шаһид, хақиққа мәбтілә, кереклі, мығжазы, кетселер (ЛГЖМ);

Орыс тілінен енген сөздер сөйлем мүшелерінің бастауыш, пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметін атқарады: *Осы айтылғандар машина жасап, сол машиналармен пенделері өзіндей бір пендені жасап шығаратұғын қылды. Жақ, жоқ, бұлар – ісмерлер, шеберлер, бәрі жұмыс басында, машинашылар, өзді-өзінің істеп тұратұғын жұмыстары бар. Бұл будың қайнауының қызулы, күштілігінен электір сықылды жарық сәуле болуға жарамайтыны-миға қарай барып ақыл атанады. Даланың воздухы, ауасы демелыс жолымен ішке қарай кіреді. Бұл ақ тамыр телеграмма, телефон есепті: жүрек миға бұйрық түсіріп, ми өзге денеге бұйрық түсіріп, ақ тамыр – почта, хабар қатынастырып тұратұғын жол. ...көңілімді ұйтқытып, көңілім миыма телеграмма соғып, телефон қақты, ...ми бұзылып паралич деген ауруға ұшырайды. ...от пароходтарды жасаған. Мәріх деген жұлдыз-әскербасы, комендант, қылыш ұстайтын батыры. Зухәл дейтұғын жұлдыз-казначейі (АмЖА). Бұл қиссасында мышной шарлар бір бет айтқан (АмКһБ); ...ұйлығын*

тұрған шаңдар-солар микроб; ...сол жыбырлап тұрған микронтардың бірі едік; Осы тетрадтың үшінші бетінде...;

Араб тілінен енген сөздер нысықтауыш қызметін атқарады: 1898-інші жылда қазақ ішінде бір семіз Есен деген жақсы, дианатлі, жасы алпыстан асқан Мерікмаз Алдин атты, заты-шараф. Павлодардың хабасханасында бір қыс жатып, көп жатқаннан жүрмеген, тұрмағандықтан, аяғына синга деген науқас жабысып, сол науқастан хабасханада жатып өлді (хабаса-араб сөзі: «түмеге отырғызу, тоқтату мағынасында», шараф-күрметті, сый, тектілік). Дианатлі // тиянақты сөзінің шағатайша үлгісі (САКЕ).

Үшбу, била, ина, ибн шылауы сөйлем ішінде дәнекер қызмет атқарады: *Үшбу өткен, қысқа Шақшан елінің қазағы Біртоқым деген Павлодардың хабасханасында өліп, үш күн көмусіз жатты!*; *Қулақ сап үшбу сөзге азаматым; Жазылды үшбу нұсқа жылан жылы (Шонтыбай); Хадисте үшбу сөздер қылынған жат; Жазылған үшбу сөздер бәрі хатта (ІШХ); Үмбет қабыл қылса үшбу қалам (ПДӨТ); Мың сөзбен бір сөз, біздің қазақтың үштен бірінің жоққа тандық болғаны била күші хакімларда гаділетшілдіктің жоқтығынан, жұртты жеген залымдар ақшаны беріп-беріп ақталып жатып да, ақша бермегендер, «ісім ақ, құдайым жақ»-деп, «жалаң құдайға сенсең, жаяу қаласың» дегеннің кері келіп, дүниенің о шеті мен бұ шетіне кетіп жатыр (САКЕ); Мың сөзбен бір сөз, біздің қазақтың үштен бірінің жоққа тандық болғаны била күші хакімларда гаділетшіліктің жоқтығынан, жұртты жеген залымдар ақшаны беріп-беріп ақталып жатып да, ақша бермегендер, «ісім ақ, құдайым жақ»,-деп, «жалаң құдайға сенсең, жаяу қаласың» дегеннің кері келіп, дүниенің о шеті мен бұ шетіне кетіп жатыр (САКЕ). Мұқараб дөрге ина болғаннан соң; Сахаба Әнес ибн Мәлтік атты;*

Төл сөзді етістіктердің грамматикалық тұлғасы негізгі нормадан ауытқып қолданылады. Болымсыз етістіктің келер шақтық жіктік жалғауының -й-мын тұлғасының ықшамдалған формасы -ман, -пан жиі кездеседі, -дейді көмекші етістігі автор сөздің құрамында дәнекер роль атқарады:

Жігіт айтты:

- Құдайға құл-мен!-дейді,
- Күнәны біле тұра қылман!-дейді.
- Сенімен бір түн ойын-қызық үшін,
- Қараны ақ жүзіме салман!-дейді.
- Бірігіп сеніменен жатпан!-дейді,
- Қорқамын жаратқыш хақтан!-дейді,
- Ойнаған аз гана күн қызық үшін,

Ақыретті жалғанға сатпан!-дейді

Лік септігінің жалғауы түсіп қалып, тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесте қолданылады: *Қай жерде қажы көрсең-партия басы, қай жерде ишан көрсең-партия басы, қай жерде халфа көрсең-партия басы, қай жерде қожжа-молла көрсең-партия басы.*

8.5. М-Жүсіп жинаған би-шешендер үлгілерінің тілі

Мәмет келіні Әмина. «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі орны» Бұл еңбегі 1948 жылы М.О.Әуезовтің басшылығымен шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» /1 том. Фольклор/ кітабының жетінші бөліміне кіріп «Шешендік сөздер» деп аталды. Сондықтан да алғашқы «Би-шешендерді» зерттеуші де Әмина Мәмедова екендігін естен шығармауымыз керек. Мәмет келіні Әмина* Ұлы Отан соғысының қаһарманы, Шығыс қыздарының арасынан тұңғыш шыққан Кеңестер Одағының Батыры Мәншүк Мамедованың анасы. Мәншүк Мамедованың анасы Әмина Сүлейменқызы Мәмедова кезінде Н.Г. Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Ғылыми атағы профессорлыққа дейін жоғарлаған. Мәншүктің әкесі Ахмет жоғарғы білімді дәрігер. Тамаша журналист, ақын 20 жылдары Семейде облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болған адам. Әмина Мәмедованың 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында «Көркем әдебиет туралы» мақаласы басылып, Ахмет Байтұрсынұвты ақтай сөйлеген тұңғыш қазақ әйелі.

Диалогты сөйлемдер шешендік сөздерде көп қолданылады: Себебі, аты айтып тұрғандай шешендік сөз тәлім-тәрбиелік рөл атқарған. Шешендік сөздердің кейіпкерлері үлкен кісі мен кішкентай бала болып келеді, түрлі жағдайға байланысты әр түрлі жастағы, әртүрлі жыныстағы адамдар да қатыса береді: *-Тақсыр, муныңыз не?-десе; -Астымда Бұхарадан шыққан аргымақ еді. Ықыласыңа ырза болдым, сәнге беріп кетейін деп жатырмын!-депті.* Көңіл аударсақ: біріншіден, қазақтың кең пейілдігін көреміз, риза болса астындағы атын да шешіп беретін қазақтың менталитетін ұғамыз, Сәнге беріп кетейін деген тұрақты тіркес сәнге (мода) деген үлгіде емес, бір жолата, расында, қиып кетемін, сенбейсің бе? деген мағынада қолданылады (ДПТ);

Диалогты шешендік сөздерде сұрақ қоюшы, сөйлеуші - бар ма екен сұраулы мағынадағы көмекшісін қолданады да оған жауап беруші өзі - бар сөзін қолданады: -Алты атасын арқалап жүрген бар

ма екен, жеті атасын желкелеп жүрген бар ма екен. Алмасым болса- мойным бар, асылың болса-қойным бар. Бұл сөзімді ойлай бер.

Архаизм: -*Тақсыр*, мына алған малыңыз құт, екінші бізідікіне келуші болмаңыз! (ДШТ); *Көңілі бұзылған шәһәр есепті болады*; *Тоғыз ханды қолынан тахқа отырғызған*; *Бәйбіше өзінен тумай тоқалдан тугандығын*; *Тобылғыдан жақ қылып, жүзгеннен оқ қылып*; *Өмірбойы арбамен жүреді екен*; *Торткүл ошақ қаздырып*; *Ақ найзаның ұшымен*; *Еру елді отырған жерінде шапты*; *Тымақты тақияға айырбастан*; *Жүз жігіт қолбасы, мырзасы*; *Кезуіліші қашса, тосқауылшаға, тосқауылышы қашса салықшыға барады*;

Шешендік сөздердегі өзгеше келген қолданыстар: *әр жұртқа бұратара қоңсы болып жүрген*; *ләм-миім* (араб-парсы әлібиі л және м аттары) *деп бір ауыз*; *жазғытұрғы* (тұрым) *кез*; *кезуіліші қашса тосқауылышы* (-уіл, -уыл, -ші, -ша) қосымшаларының қолданылуы; М-Ж. Көпеевтің бұл жазбасында Орта ғасыр жазба әдеби тілінің үлгісінде ұшыратамыз. Мысалы: *хандарына, доғатының* Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати ит – түрік» деген еңбегінде «лұғат» сөздік деп берілген. Жалпы көне түркі тілінде «лұғат» сөздік деген ұғымда жүрген. Қазіргі әдеби тілде «Ұлағатты ұстаз» деп қолданылып жүр. Яғни тура мағынасында «Сөздікті ұстаз» болып шығады - Автор сол секілді әдеби тілдегі «*ақпарат*», ассимиляцияланған сөз алфавит-*алпабитынан*, *шебер* сөзінің синонимі *майталман* сөздері де кездеседі.

Сілтеу есімдігі мен белгісіздік есімдігінің сұрау есімдігінің орнында жүріп II жақтағы түрленісі кездеседі: *Арғында Едіге деген бір жас бала бар деп естуші едім, солмысың, басқа біреуісің өзіңді танытшы*; *Алтынбас сегіз оғын атамысың, Күнәға жас басыңнан батамысың, -Жұмысың, жұрмісің,-деп,-бітпей әлі?:* *Бес кісі-бес намазың, білемісің*; *-мы, -мі* көне сұрау мағынасындағы демеуліктердің әсерінен сұрау есімдігіне және сұраулы мағыналы сөзге айналып тұр. ҚКБС жыры М-Жүсіп нұсқасында грамматикалық құрылымы көмескі: *(бимісің), көремісің-көрмеймісің, еремісің-ермеймісің, беремісің-бермеймісің* сөздері көне түркілік *-мі* шылауының қатысуымен сұраулық мағына жасайды. Олар тұлғасы жағынан антоним сияқты болғанымен антоним бола алмайды. Бұлар грамматикалық тәсіл арқылы *болымды-болымсыздық* мағына да жасайды. Бұл мысалдың бірінші сынары *-мі* сұраулық демеуліктің қызметін атқарып, көсемшенің алдынан, жіктік жалғауының II жағының соңынан келеді. Екінші сынары *болымды етістіктің түбіріне -ме* жұрнағы жалғанып *болымсыздық* мағына жасайды да, көсемшенің жұрнағынан соң *-мі* демеулігі сұраулық мағынаға не

болып, жіктік жалғауының II жағынан соң жұрнақтың қызметін атқарады (Молғажаров Қ. Шылау сөз табының қалыптасу тарихы. 2002, 109). –Мі әдеби тілдігі –ме сұраулық шылаудың орнына жүреді...ішітгін мі? «Дана хикар сөздігінде» (Құдасов-65). *Анан соңыратын Қазтуған барған.* (Онан соң) *Анан соңыраты* ноғайлық тұлға ұшырасады. Бүгінгі күні *соңыра* таман келерсің тіркесі қолданылады. *Қырғыз-лақайдың Лақайы Құндыз-талқанда.* *Лақай* (лакей) қалмақтың сөзі кездеседі. *Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады, би деген ақсарағат ілуде бір-ақ қатын табады;* *Ақсарағат* көне сөзі ұшырасады. *Ақлардан қарап, я парсы логатының алпабитынан қарап* (талданды, қараңыз-автор); *Басында бір оба бар, Тоқтамыстың қара обасы дейді;* *Баланы бөлегенде жорегіне шеңгел төсеп;* *Егерімде сәукелесін бере қалса;* *Сенің ана бір сөзіңінің анадай бір сәлкеті бар еді;* *Діни лексика: хазірет жәбірәйіл галайсаллам ара-тұа* ұшырасады.

Қос сөз: кәріп-қасарға, тып-типыл (ДПТ); қым-ғуыт, шым-шуыт, азан-қазан, мән-жайын, жан-жануар, ұырыс-төлес, үйлі-баранды, жігіт-желең, үсті-үтіне, улығып-шулығып (2-том.).

Ақын-жырау мұраларының лексикасы: *дабысыңды, берен мылтық, телі-тентек, хожана, сауқым салса, аплотондай, алдияр, ханзаданың, ханышалар, дозақ, ұжмақ, ақ батса, жандарал, сенат, пұрсат.* Айтыстарда: *дуанбасы, аға сұлтан, софьялдияр, кепиек, күнәйім, мехнат, сарық, дүзі, түгесті, мампайып, заһәмәләсін, мухәрәп.*

Шешендік сөздердегі афоризмді дамыту. Дамыту тілдік құралдың ажырамас құрамы болып табылады. Оқиға үсті-үстіне үстеліп, дамыйды. Істің болғанымен сол іске қатысты оқиға нәтижесі қоса мақұлданады: *қаздырып-сойдырып, сойдырып-жидырып, сойдырып-алдырып.* Майқы бидің жауазбы дайын тілдік бірліктерден құралып, сын есім мен –ып көсемшелі тұлғалы қимыл етістігі арқылы оқиғаны дамыту үлгісінде көрсетеді.

Антрапонимдер: *Шу, Сарысу, Ұлытау, Қаратау, Кішітау, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Айдаһарлы, Құдаберді* кездеседі.

Тұрақты тіркестер: *аман бол, сәтті күн, жеріне жетпей, төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, жоғары ел, ала бие сойдырып, аймақ елді алдырып, атқа мінгізіп, жебе қылып, шеп қылып, ту қылып, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, хан болады, қараша болады, басынан бағы таймайды, қарашасы табанда, қара жерден кеме жүреді, батасын беріп.* Шешендік сөздерде айтылатын ой ұшқыр, сірленген мақал мен мәтелге ұқсас авторлық өңдеуге ұшыраған нақылдарға толы болады. Афоризм

несінің сөзін тым асыра, асқақтата ақылшы ретінде, кемеңгер сияқты үлгіде көтереді. Бұл шын мәнінде Майқы бидің сөзі емес, халықтың сөзі, халық даналығы. Демек, шешендік сөз халық атынан толғап, халықтың арманын жүзеге асыруға көп септігі тиеді екен. Шешендік сөздің ауыз әдебиетінен айырмашылығы айтылар ойдың нақтылығы, басқа билер сияқты сөз саптаулары үксас келеді. Мысалы: -*Майқы би: -Әлейкімсалам, әмісе аман бол балам. Сәтті күн туған ұл екенсің, жеріңе жетпей тұр екенсің. Кел, балам, қасыма мін,-деп үйіне алып келіп, төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төменгі елді жидырып, жорға бие сойдырып, жоғары елді жидырып, ала бие сойдырып, аймақ елді алдырып, баласы Үйсінді бас қылып, атқа мінгізіп, ердің ері, егеудің сынығы дегендей іріктеп-таңдап жүз жігітті қасына қосып: -Мына баланы жебе қылып бастарыңа шанышыңдар, шеп қылып беттеріңе ұстаңдар, ту қылып төбелеріңе көтеріңдер. Қаратаудан әрман қарай асыңдар, Шу мен Сарысуды көктей өтіңдер. Ұлытау, Кішітау деген таулыр бар, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Айдаһарлы, Құдаберді деген жерлер бар. Соған барып салық салыңдар. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар. Хан әділ болса, басынан бағы таймайды, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді деген деп, батасын беріп жөнелтеді.*

Дамыту мына үлгіде де келеді: *Кезуіліші қашса тосқауылышыға, тосқауылышы қашса салықшыға барады, салықшы қашпайды. Оқиға даму үстінде болады да кілт үзіледі.*

М-Ж. Көпеев жинаған ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдерге айналып кеткен билердің сөзі төрелік айтуда, екі адамның бірінің аузында нақты, дәл сөйленеді. Бұл кейіпкерлердің сөзі кейде **афоризмдер** болып келеді: *«Тұлпардың тұяғы, Тасқа салса кетіледі, Суға байласа жетіледі»; «Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан айналайын»; «Өшкенің өнсің, өлгенің тірілсің»; «Өшкен өнбек емес, өлген тірілген емес»; «Өшкенім өнді, өлгенім тірілді»; «Шикенге мас, жегенге тоқ»; «Көп басы қосылған дұда жақсының күйі түседі, жаманның сыйы түседі»; «Тоқтамыстың басын кеспей, көзін теспей»; «Ат айналып қазығын, дшірмен айналып шүмегін табар»; «Мұнда әруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған»; «Көп қонақ аттандырады, көмек деген жау қашырады»; «Шоңның алды жарық, арты қараңғы»; «Шоң биден шешен болдым бата алған соң». Символдық мәні бар сөздер: *«Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты, алтын қоңырау үзіліп жерге түсті».**

Егіздеу: *Тоймайды* сөзі арқылы жасалады. Мысалы: *Жер жұтуға тоймайды, от отынға тоймайды; Кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды; Құлақ естіуге тоймайды, көз қарауға тоймайды; Өмір жасауға тоймайды. Бай малға тоймайды. Ғылым ғылымға тоймайды. Жер суға тоймайды. Қатын ерге тоймайды. Өлік дүгәге тоймайды... Бала нанға тоймайды. Тірі іске тоймайды.*

Шешендік сөздерде дамыту, ұлғайту, кішірейту сияқты құбылыстар аралас келеді: Шешендік сөздердегі сөйлемдер ұзақ сонар шұбыртпалы болып келгенмен тақпақтатып, желдіртіп, нақылдатып, тәләм-тәрбиелі үлгісімен келетіні бар. Олар есімшенің көне тұлғасы –тұғын арқылы, оқиғаны үдете бірыңғай, дамыта үстемелете айтып келіп, халықтық тұрғыдан көксейтін сарттың ықпалында жүрген қазақ елінің арман мұңын көксіп, мағынасы жағынан литоталық үлгімен келсе, кей уақытта ұлғайту сияқты болып келетінде қырлары кездеседі. Қазақ елінің кейбір қылықтары жалқаулығы, еріншектігі астарлы түрде беріледі: *Еркегі ат болотұғын, әйелі жат болатұғын, тымақты тақияға айырбастап, пышақты қасыққа айырбастап, тәлімі бидайдың нанын жегенге, тары көженің суын ішкенге әлде қандай көріп, мас болып, биттей бөдененің бір санын жеумен күпті болып қалатұғын сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасып, бейнет тартқаннан басқа көрер қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды деген соң, рас-ау, рас,-деп шақыра келгендердің өздері де қайтуды керек қылмады.*

Шешендік сөзде айтылар ой айтылар сөзден бұрын келеді – деп көмекші мәні тағы –деп сияқты қайталаанады: *Есеп саны үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жымылып жау болса, бетіне келмейді, деп айтылған сөз бар дейді деп.*

Етістіктің есімше формасы айтылар ойдан бұрын келіп, оқиғаның мазмұнын бір ауыз сөзбен ишарат одағай арқылы жеткізу: *Әне-дуа тигендік: жалғыз баласы Қабылбектің отауының оң жағына түскенін көре алмай кетіп еді (ДПТ); Пәлі одағайы - депті көмекшісімен тіркесте жұмсалады: Бекболатқа барып айтқанда «пәлі»-депті, Манасқа барып айтқан екен, о да «пәлі»-депті. Тоғасқа барып айтқан екен, о да «пәлі»-депті.*

Шешендік сөздердегі мақал мен мәтелдер: *Дуамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгерер Дуалы құл арымас, дуасыз құл жарымас (ДПТ); Түгел сөздің түбі бір, түп аттасы Майқы би, Сәтті күн туган ұл екенсің, жеріңе жетпей түр екенсің; (БҚКУҰА); Тобылғыдан жақ қылып, жүзгеннен оқ қылып; Ай десе аузы бар, күн десем көзі бар; Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйміз ағаш,*

ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік; Қырғыз көп пе, жұлдыз көп пе: Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайған соң оңа ма деп; Төре өлмегенімен көп бола ма, бір қалса да тек бола ма; Аққу құсқа оқ тисе, қанатын суға тигізбес, ақ сүйекке оқ тисе, қаршығаға сырын білдірмес; Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды; Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен; Алмасың болса-мойыным бар, асылың болса, қойыным бар; Киім кімдікі болса, білек соныкі, ауыз кімдікі болса, сөз соныкі шыққан жерге қайтып сыймайды; Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден; Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан айналайын; Өшкенің өңсін, өлгенің тірілсін, Қонақ таңдап қонады, ұры басып ұрлайды, Өзбек өз ағам, сарт садағам;

Шешендік сөздерде қарғыс мәнді нақты іспен жауап беріледі: Мен қандай зарлап қалған болсам, жан-жануар мал да, жан да мендей зарлансын деп, жаңа тып жатқан жас төлдің енесін өзеннің бір жағына, баласын өзеннің бір жағына қаматып, иіріп қойды, сегіз күн, сегіз түн болды мал баласы жамырағанына қарамай хан өзі теріс қарап жатып алды. Баласы өлгеннен бері нәр-су татқан жоқ, ешбір жанға тіл қатқан жоқ, елдің осындай күйзеліп тұрғандығы, - деді.

Диалекті мен говорлар: Заманында үштің біріне қосылған дөкей; Ұрығым кіші жүз, Алиын; Меруерт, маржан, інжу әбдіреде жатты - кім көрді? Шәһәрдің келді басына; Шешем берген боқшасы; Үш шарбақты кент. Шұқанақ жинағаныңмен көл болмайды (2 том); -Хазірет Имам дарбазаның аузында еді; Бірінікін дұрыс, бірінікін бұрыс қылсай-шы сонда дау бітеді гоу!(БҚХТ).

Шешендік сөздердің ішінде авторлық өңдеуден өткен накылға ұқсас ұтқыр жауаптар болады: Ұл өскен соң ұл киеді, қыз өскен соң қыз киеді; Ұзыны болса - қызымдікі, қысқасы болса - ұлымдікі; Ұлы жоқ, қызы жоқ қу бас болсам, бір басыма киім табылмай ма; Қырғыз шешені Бөлтірік биге: «Ат жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл» - депті. Бөлтірік: «Сөздің көркі мақал-ды, ердің көркі сақал-ды, сақалы жоқ көселер қасабалы тоқал-ды» деп-ті, одан әрі «Көсені үйге кіргізбе, құйрығын жерге тигізбе, кесірі жүзгәр кәпірдің, қуалап жүріп құйрығын жерге сүйгіз бе» - деген екен.

Шешендік сөздерде белгілі танымал кісінің атына байланысты тұрақты тіркес қалыптасады: Тарихи оқиғаға байланысты тұрақты тіркестер де пайда болады, олар белгілі мақсатта астарлы ой береді. Мысалы: «Абылай аспас сары бел»; «Қасым

ханның қасқа жолы»; «Есім ханның ескі жолы»; Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар; «Шық бермес Шығайбай»; «Алдар көсе»; «Судыр Ахмет»; «Қожанасыр» т.б. М-Жүсіптің шешендік сөздерінде: «Бабырдікі еңбек»- деген мәтел кездеседі. Бұл сөз Едіге алған айыптарының: он тоғыздың аяқ тоғызын Төле биге, бас тоғызын үйінде жатқан Бабырға бергізіпті. Содан «Бабырдікі еңбек», «Үндемесе де Бабырдікі еңбек» – деген мәтел қалыптасқан. «Самұраттың анасы, сенікі де дұрыс» деген мәтел былай тұрақталыпты: бірде, Даниял бидің алдына екі даукес келіп дауын айтады. Сонда би: -*Айнам, сенікі де дұрыс!* -*Айнам сенікі де дұрыс!* - дейді. Бұны естіп тұрған бәйбішесі бірінікін дұрыс, бірінікін теріс десеңші деген екен. Би тұрып: Бәйбішесіне – *Самұраттың* (баласының аты) *анасы-ау, сенікі де дұрыс!* деген екен (БҚХТ). Шешендік сөз *дейді екен* (-десті дейді, -десіп келеді) көмекшісінің қабаттаса келуінен жасалады:

-*Қай жерге жайып жүр едіңдер?* – *джейді екен.*

-*Хазірет Имам дарбазаның аузында еді, -дейді екен.*

-*Қойларыңды арықтың алдына жайсаңдар болмай ма?* – *дейді екен* (БҚХТ).

Шешендік сөздерде этнотопонимдердің этнографиялық шығу сипаты сөз болады: *Баяғы ала баланы алашаға салып көтеріп хан көтерді. Оған «Алашахан» деп ат қойды. Жүз жігіт қолбасы, мырзасы Үйсінді «Ұлы жүз Үйсін» атады. Орта буында тосқауылшы болып жүрген Болат қожжа Орта жүз «Ақжол» деп аталды. Беті қайтпаған жсау жүрек Кіші жүз «Алшын» деп ат қойылды. Қазақта Жүз деген аталары болса, Алаш деген де аталарының аты. «Жүз» деген атты ұруға, «Алаш» деген атты ұранға қойған. Болат қожжа, Ақжол арқылы қазақтың шежіресін таратады: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс, немесе: Келімбет, Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Науан, Шодан деген аталарын таратады. М-Ж. Көпеев арғын руы туралы да, мәлімет береді: «Қайсы бірін жаза берейін бар естігенімді жаза беруге қалған аз өмір шақ келер емес, бұл арғын ұрпағы (арғын) болғаннан бері қарай Бұхара жұрты болып келген. Ноғаймен шатасып араласқан емес. «Өзбек болса-өз ағам, сарт болса-садағам» - деп өзбек ханларына бағынып кеше Үргенеш, Хиуа, ханы болған Әбілғазы Баһадүл ханға жігіт- желең болып көп жүрген» - деп жазады /17, 76-77/. Арғынның ақ тобық аты бәйгеден алдымен келіп, сол күні туған баланың атын Тобықты қойыпты. Тобықты руы содан тарапты дейді.*

Шешендік сөздерде - *дейсің депті, -дегейсің депті, деген депті* сияқты көмекшілер қайталанып келіп отырады: «Жазғытұрғы

кез, жаманшылық уақ қой, өйтіп-бүйтіп бір сабаны әрең толтырып алып алып келдік дейсің», депті. Оған тете біреуін: «Төре өлмегенмен көп бола ма, бір қалса да тек бола ма дегейсің», - депті; «Ат жаманы соқлақшыл, адам жаманы тақлақшыл деген» - депті.

Қосарлы айқындауыш: Мұсаның қожасы, Сәт қожя, Қамар хазіреті, Мәулім-Шәуім, Файзолла ишан (ДПТ); Бөлтірік би, ошақты Жалайыр, Ұлы жүз Үйсін, Мамай тобықты, Мырза Мамай, Жуантая тобықты, Қанжығалы Боқтыбай, Тобықты Құнанбай, Соқыр Оразбай, Орақ Мамай, Тама Шора, Әз Едіге, уақ Жарқын, Шаншарұлы Қазыфбек, Шақшақұлы Жәнібек, Шоң би, Қыпшақ Қобыланды, Қатиф әулие, Хазіреті Имам, Даниял би, Самұраттың анасы, Шаһмурат ғұлама, Қыпшақ Оташы, Аллажар сопы, Шайқы молда, Бұхарай Шариф, Ишан мұрит, Мірзіралла Батырхан, жақсы Жанайдар, Инжәрәй Шәріп, Абылай хан, Қаз дауысты Қазбек, Байдалы би, Тұрсынбай батыр, Құлкенің Биікшесі;

Антропонимдер: Әкімбек, Ақылбек, Күлік, Әкімбек, Қалымбек, Хафиз (ДПТ); Құндыкер, Құбан, Қотан, Қоғам (БҚҚУҰА); Шернияз, Төлеген, Ақмола, Шортанбай, Абай. М-Жүсіптің: «Сол замандарда Құндыкер, Құбан, Қотан, Қоғам дегендер болыпты» - деп кісі аттарын атап өтеді. Мұның ішінде ерекше көңіл бөлетін антропоним Құндыкер сөзі. «Ел ханның балалары-Қондыкер жұрты. Ол қайда десең, халифа қол астында «Қондыкредің ауыл қолы» деп айтылатұғын бұрынғының сөзінде бар емес пе дейді. Түрікмен (Түрікпен) дегеннің мәнісі Қондыкер жұрты ауып кеткенде, мұнда қалғаны үшін, маңайындағы сарт-сауан: «Түрік менде!» - деп, «Түркілерден қалғандар», - деп, сонан түрікмен атанып кеткен деседі. «Мал-арыстанның ауызында, түрікпеннің түбінде» деп айтылатұғынлығы түрікпеннің жігіттері аса ер, мықты болып, басқа жұртқа мал сіңіртпесе керек. Сол себептен түрікпеннің түбінде деп сөйлесе керек деседі. Және қазақ жұрты ескіден бір сөз сөйлесе, бұрынғы ноғай, қазақ заманыныда десіп келеді. «Бұл ноғай, қазақ демектің мәнісі немене?» - деп, қариялардан сұрасақ, «ноғай, қазақ әуелде бір тұқымдас болған, - дейді. Сол қазақпен тұқымы бірге болған ноғайлар Қызлар ноғайы, Қондырау ноғайы, Астархан ноғайы, қара ноғай, қырым ноғайы, Орал тауындағы Естек қырымнан келе жатқан ноғайлар - осылар дейді. Онан соң мынау Қазандық Көшер ауылы, Мышыр аулымыз дегендер-бұлар татар. «Татар қолына дәнеме түспесе бір нәрсені сатар» деген сөзден қашып, біз де ноғаймыз десіп келеді» (ААБӨАШЕ). «Қондыкер Қабаң жұрты» (М-Жүсіп «ҚШ») М-Ж. Көпеев Құндыкер елін сонау көне заманға қыпшақ дәуіріне сілтеп отыр. «ҚБСЖ» Абай нұсқасы: «Нәсілі

Сарыбайдың ноғайлы емес, Оның тегі қондыкер қабан жұрт деп» деген жол бар. Бұл айтылып отырған Қондыкер қабан бәрі бір адам. Бәлкім екі адам Құндыкер мен Құбан шығар. «Қодыкер Қабан жұрты» дегенді сары түркештерге апарып соның іргелі тайпасы болуы мүмкін дейді (Салғара-57-58).

Тарихи мәні бар айқындаушты этнотопонимдер: Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан қара Қалмақ, Қатсыбан, он сан Ноғай, Орманбет, Арыстан хан, (БҚҚУҰА-2 том); алты атаның ұлы Аргын; төрт атаның ұлы Тортуыл; Болған ана, Таламыс-ата молалары Сарысу бойында. Екеуі бір жерде болған дейді. Көмілген жері-Болған-ана аталып қалған. Белең-ана өзі мекен қылған жайында деседі. Су бойында қалғанда Белең атанып, бұрынғылар Сарысу демейді екен. Белең деп атайды екен. Айтыпты Лұқпан әкім өсиет қыл (2 том); Абылай аспас сары бел; Он сан ноғай бұлген соң, Орманбет би өлген соң (САКЕ);

М-Жүсіп тек қана би-шешендердің сөздерін ғана жазып алмаған. Өзі де көрген білгенін, оймен тоқып, Абай сияқты қарасөзге айналдырып, даналық сөз айтып отырған: «Қан бұзылса, кісі бұзылады», «Шайтан деген нәрсе өзіңнің ойың», «Бір адам турашыл болса, хақ сөйлеуші болса, оның жанына сұқтанып, қас қылушы даяр тұрады», «Тура сөз иелері өз ұлтында тұрып күн кешіре алмайды», «Тіл бір болаттан жасалған өткір қанжар», «Жігіт адамның қырағылы бүркіттей болсын», «Зеректігі байғұстай болсын», «Жақсы кісіге, киімі өдемі кісіге ит үрмейді» т.б. Жалпы, 93-беттен бастап, 101-бет аралығы кілең қарасөзге толы. Бұлай деп отырғанымыз 2-томы ел аузынан жиналған әдебиет үлгілері болғанымен, жіті бақылап оқыған адамға араласып келген М-Жүсіптің өз сөздері: нақылдары, мақал-мәтелдері, афоризім сөздері т.б. жиі кездесіп отырады.

Би-шешендердің сөздерінде де, ауыз әдебиетінен де ауыс-күйіс көптеп кездеседі. Тіпті, акын-жыраулардың айтқандарынан да ара-тұра ұшырасып қалады. Бұл дегеніміз би-шешендердің де сөздері ауызша біздерге жеткен: «Алдына келе алмасаң, қара ала ат саған серт, пәлен жерден айдаспасам маған серт»; «Ай десе аузы, күн десе көзі бар» т.б. М-Ж. Көпеевтің жазып алғанында ханның қатыны бір қыз туып кемпір ешкімге көрсетпей асырап, күндердің күнінде әлгі қыз жарық дүниені көріп есі-дерті кетіп, балқып жүкті болып қалады /18,91/. Күн жарығынан жүкті болу, күн жарығының арасынан қызды көріп ғашық болу көне түрік әдебиеті үшін таңсық дүние емес. «Оғыз қаған» әңгімесінде: Оғыз қаған тәңірге жалбарынып отырғанда көктен жарық келіп, оның ішінен бір қызды

көріп, Оғыз қаған гашық болып, кейіннен сол қыз жүкті болып, үш ер бала көтереді /19, 70/.

Шешендер сөзіндегі тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық көріністері: М-Ж. Көпеевтің жинаған би-шешендерінің сөздерінде қазақтардың құқын заңды түрде шешетін ережелер, қағидалар, тұтас ғақила сөздер көптеп кездеседі. Мысалы: «Ердің құны есебін тапқан сабазға екі-ауыз сөз деп қай заманда айтылған» -деп Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Ошақты деген ел, орта жүзден Малай, Жәдігер деген таптан шыққан Құлназар дегенді өліріпті. Оның кесімін ақбура Бөрібай ақын айтты:

*Ошақты Құлназарға құн бермексің,
Алты жақсы, жүз жылқы пұл бермексің.
Алты жақсы, жүз жылқы пұл бермесең,
Тұлымды қыз, айдарлы ұл бермексің,
Құлназар келіп өлді ауылыңа,
Ішім оттай күйеді бауырыма.
Алты жақсы, жүз жылқы құн бермесең,
Есекем таңба болар сауырыңа*

Бірақ, Ошақты бұл төрелікке басын да бұрмапты /12, 65-66/. Қазақта жер дауы, жесір дауы, ел дауы дегендер атадан балаға кететін әдет болып табылады. Жылдар өткен соң ескіріп кеткен дауды он төрт жастағы Едіге би құнын өтеп алыпты. Сол кесімді сөздерде мынандай келелі ойлар айтылыпты: «Арғынға алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлы Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жібереді», «Жарқын» – деген құн осы болады деген ол – қолынан ұстатып жалаңаш қыз береді екен /13, 66-67/. -Ертең таң атысымен алты атаның ұлы Арғынға алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлы Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жібереді. Оны қылса қолынан ұстап жалаңаш қыз береді. «Жарқын» деген құн осы болады депті. «Алты жақсы» – деген құн жүйірік ат, берен мылтық, жағалы киім, тай тұяқ күміс не алтын, түйе, тазы т.б. түрлері болуы мүмкін. Ал, «алты ат бастатқан тоғыз» не «төрт түйе бастатқан тоғыз» – деген құн айып болады. 1885 жылғы «Билер ережесінде» 57 – ші бапқа енгізілген: Тоғыз аталған айыпты малға шаққанда былай болады. Түйе бастатқан бас тоғыз: 1 – бір түйе, 2 – құлын, 2 – бие, 2 – құнан, 2 – ат; 2 – орташа тоғызмыз – ат бастатқан тоғыз: 1 – семіз ат, 2 – тай, 2 – тайынша, 4 – төрт бойдақ қой; 3 – аякқы тоғыз: 1 – дөнен өгіз, 2 – тайынша, 3 – бойдақ қой, 3 – тоқты /14, 3/; /14ә, 184-185/; /146, 184-185/.

Әз Жәнібектен Әз Тәукеге дейінгі қазақ елінің өмірінде талай жайттар өтті. Ұлы Төле би, Қаздауысты Қазбек би /1,4-5/; Әйтеке

би және Әз Тәуке хан көрегендігі мен даналығының негізінде «Жеті Жарғы» өмірге келді. «Жеті Жарғы» жазылғанда «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» басшылыққа алынды /1а, 23-25/. «Есім ханның ескі жолында» сақталынып келген тәртіп бойынша кісі өлтірілген адамның шаңырағы ортасына түсіріліп, тас-талқан етілетін. Оның үстіне қылмыс жасаған адам өлтірілетін. «Жеті жарғы» бұл заңға өзгеріс енгізіп, қылмыскерге жаза ретінде төлеу жолын бекітті. Қазақ елінің әдет - ғұрпын, дәстүрін зерттеуші ғалым Н.И.Гродеков өзінің 1889 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Сырдария облысының қара қырғыздары» деген кітабында: «...Тәуке хан Күлтөбенін баурайында /Сырдария облысы/ сол кездің атақты биі Төле Әлібекулы бастаған жеті биді жинап алды. Олар Қасым мен Есім хандар ұстанған ежелгі әдеп - ғұрып заңдарының басын құрап, «Жеті Жарғы» дейтін жаңа әдет - ғұрып заңдарының жинағын шығарды» - деп жазды /2, 105-106/. Қазақ қауымы өкілдерінің өз зердесінен тұрған, ғылымға белгілі ең алғашқы заң нұсқасы осы «Жеті Жарғы» болды. «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген атпен белгілі бұл құқылық ережелердің ана тіліміздегі толық нұсқасын жазушы - этнограф Ж.Ахмедиев Түркістан қаласындағы белгілі Ахмет Иассауи мұражайы экспозициясынан 1977 жылы көшіріліп алған.

«Жеті Жарғының» мазмұны мынадай:

1. Халқының ханы, сұлтаны, пірі, хазіреті қастандықпен өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін, жеті кісінің мөлшерінде құн төленсін.

2. Төрелер мен қожалардың жай қатарындағы біреуі өлтірілсе олардың әрқайсысына / ақсүйектің тұқымы деп/ екі кісінің құны төленуі тиыс.

3. Сырттан келген адам үйге кірерде мініп келген аты босағаға байлагандықтан біреуді теуіп өлтірсе-бүтін құн, ал үйдің жапсарына байланған ат теуіп өлтірсе-тек ат-тон айып берілсін.

4. Егер туған баласы ренжітіп, қарсы келіп, қол жумсайтын болса, ата-ана оны өлтірем десе де ерікті, сұраусыз болады.

5. Кәмелетке жеткен баласы тіл тигізсе /қол тигізбей/ туған ата-анасы оған дүреден бастап не жаза қолданамын десе де ерікті.

6. Құда түсіп, құйрық - бауыр жескен ақ баталы жесір кетсе оған төленген қалың мал түгел иесіне қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалың малы төленеді.

Ұры айыр түйеге-нар, атқа-аруана, тайлаққа-атан, тайға-ат, қойға-тана төлейді. Оның үстіне үш тоғыз айыптың бірі ретіне қарай және төлеуі керек /3, 105-106/ «Жеті жарғыдағы» кейбір мәселелері

Абай Құнанбайұлы жазған заңда қолданылады. 1885 жылы Семей қаласына қарайтын Зайсан, Өскемен, Кереку /Павлодар/, Семей ояздарының Семейден 70 /шақырым/ жерде Шар өзенінің бойында бұл ереже Мүрсейіт ақсақалдың естелігі бойынша 93 баптан болса керек /4,498/. Абай Құнанбаевтың шығармаларының бір томдық толық жинағы 1961 жылғы, Редакциясын қарап, түсініктерді, жаңа материалды толықтырып баспаға дайындаған Ә. Жиреншин. Ереженің толық барлығы 74-бап берілмей, 12-кі бабы ғана үзіп-жұлынып, аударылып, өңдеп тарихи жадығатты бұзып жіберген. «Ереженің тілі-сол кездегі кеңсе тілі, демек шала қазақ тілімен жазылғандықтан қазіргі әдеби тілге аударылып басылды»-дейді /5, 499/. Ал, біздің қолымыздағы профессор Жанғара Дәдебаевтің алғы сөзімен берілген осы ереженің түп нұсқасы бар. «...Ол Семиполат облыстық әскери губернаторы Тупкленскийдің пәрменімен 1886 жылы 14 ақпанында бекітілді» /6,3/. Билер ережесінің түгел 74 бабы беріліп, /сенімді аударған Асанов... Қазан автор/ /7,3/ деп сонында жазылған. Өкінішке орай кітаптағы аударма көп жайтты, тіпті сөздерін өзгертіп, өте нашар қылып ұсқынын кетіріп жіберген екен. Мысалы: Абай Құнанбаев шығармасындағы 31 баптың бірінші жолын ғана алайық : «Байға тиген қызды біреу алып қашса, яки қатын өзі қашқан кісімен өз елінің съезд билеріне тура қайтарылады» /8,499/. Енді газет бетінде жарық көрген ереженің 31-ші бабын салыстырсақ «Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса, керісінше егер әйелдің өзі қашса, ондай әйел елінің сияз билеріне қайтарылмайды» /9,3/. Сонда қай ереже өтірік айтып отыр, бірі - қатын қашса қайтарылады дейді, екіншісі - қайтарылмайды дейді. Газет бетіндігі жадығатта да кей сөздерді өзгерткені байқалады. Ол уақытта «әйел» деген керісінше «қатын» деп айтқан. Әрине мұндай кемшіліктер толып жатыр. Біздің зерттеу нысанамыз болмағандықтан ол жайтты кейінгінің еншісінде қалдырдық. Сол сияқты, біз келтірген Ж.Ахмадиевтің жазып алған «Әз Тәукенің «Жеті жарғысымен» /10, 105-106/ «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» /11, 210/ Әз Тәукенің заңдары бірдей еместігін айтуға тиістіміз. Өзінің бастауын сонау Түркі қағанатынан алтын /VII ғасыр/ кесік - жарлықтар еді. Бұл жарғы кейде «Төленің жеті жарғысы», «Қазыбектің жеті жарғысы», «Әйтекенің жеті - жарғысы» деп те аталады. Әз Тәукенің (1680-1718) жылдар үстемдік етуімен «Тәукенің жеті жарғысы» делінеді. Кейіннен жарғының баптары қазақ би - шешендерінің сөздерінде көрініс тауып жатты.

М-Ж.Көпеевтің жинаған – тергендердің ішінде: *Торайғыр, Шоң, Итемген, Тай- келтір, қаһарлы Жанақ* туралы айтқандары да бар. Ақынның шөбересі ф.ғ.к. Нартай Мәшһүр – Жүсіпұлы би-

шешендердің сөздерін жариялады. М-Жүсіптің бұл жинаған би-шешендердің тілі мен кітаптағысының арасында онша алшақтық жоқ /15/. М-Ж. Көпеевтің кітабындағы жазып алғанымен бірдей: «Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі», «Қатын болсаң күле – күле жүрерсің Ер болсаң, шабыннан жарылып өлерсің», «Еділ қатса кім өтпейді, Едіге өлсе, кім қайтпас дейсің», «Жанақты жерде сона бар, қыспаған көпте пәле бар», «Қардағының ізі болар, қардағының ессіз сөзі болар» т. б. Едіге бидің тағы бір кесімінде: Ұлы Жүз үйсін Тоғас би елінің кісісі төбелесіп, содан бір әйел түсік тастапты. Билігін айтқан Едіге: -Мұнда бас дейтін бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтұғын қол жоқ, жүретұғын аяқ жоқ, кісі есебінде, адам санатында қосуға болмайды екен - депті. «Даушы күр қалмайды, жаншы қор қалмайды» - деген бұл төбелеске екі тоғыз айып салу керек деп кесімін айтқан екен /16, 77-84/. Сондағысы біріншісі, түйе бастатқан тоғыз екен де, екіншісі ат бастатқан тоғыз екен. Түйе бастатқан тоғыз, ат бастатқан тоғыздың мөлшерін жоғарыда айтып өттік. Едігенің тағы бір билігінде: «Қонақ таңдап қонады, ұры басының ұрлайды», «Аққа мал төлемейтұғын, қараға жан бермейтұғын», «Мұның жүнін бояп сары қылған ғой, тісін егеп, көрі қылған ғой». т.б. нақыл сөздер көптеп кездеседі.

Топоним: Семей, Түркістандық, Арқа (ДПТ); Кереку, Шут, Қаратау; Жамантас; Үндістан;

Гидронимдер: Сырдария (БҚҚУҰА); Шідерті, Өлеңті, Бетпақ шөл;

«Қозы көрпеш-Баян сұлу» жыры М-Жүсіп нұсқасында: Шідерті, Өлеңті, Абыралы, Жалуы, Баянауыл, Қарқаралы, Мойынты, Домбыралы, Жалаулы, Балталы, Бағаналы сияқты ономологиялар кездеседі (Өлке тану-132-144). ҚКБС – 1000 жыл толуына байланысты өткен халықаралық ғылыми конференцияда «ҚКБС» жырының тілі (М-Ж. Көпеев нұсқасы) баяндама жасадық. (Материалдар жинағын қараңыз-автор) М-Ж. Көпеев шығармасында кездесетін Шідерті, Өлеңті өзен аттары «Қозы көрпеш - Баян сұлу» жырында бар. Түркі тілдер ономастикасында ұшырасатын –ты//ті, –ды//ді, –лы//лі жұрнақтарының ішінде төрт аффикс –лы//лі, –ды//ді өте жиі кездеседі. Ал, –ты//ті архаизмдік жұрнақ болып есептеледі. «Сөз жасау моделіне байланысты эпос топонимдерінің ішінен көзге түсетіндері –ты//ті, –ды//ді, –лы//лі моделі бойынша жасалған топонимдер» (Ә. Қайдаров. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы «Ана тілі» 1998 жыл, 146-бет). Қ. Жұбанов –лы, –ты суффикстері туралы: «Последний может присоединяться теперь только к именам существительным, а к прилагательным лишь в случае образования

антономического повтора, вроде ұынды-кысқалы ... ұзақ-ты күн, ... күн ұзаққа ... » (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы «Ғылым» 1999 жыл, 413-бет) –лы, -ты атқарар функциясын салыстырады. «При этом в качестве аргумента в пользу древности –ты//ті ссылаются на нарушение закона сингармонизма, требующего постановки после гласных и сонорных в конце корня или основы исключительно звонких согласных, тогда как в эпосе встречаем наряду с Мойынды - Мойынты, Алмалы - Алмалы, Шідерлі - Шідерті. Надо полагать, что эти два варианта аффикса говорят о непоследовательности соблюдения закона сингармонизма. Но на современной карте Казахстана можно встретить топонимы на все указанные варианты: Алмалы, Шідерлі, Қарағанды, Жезді, Қайрақты, Өзекті. Вместе с тем сохранившимся в составе казахских топонимов –ты//ті, хотя и считаются результатом нарушения закона сингармонизма, по существу, отражают весьма древнее состояние развития топонимов Казахстана, когда данная закономерность, возможна, и не была свойственна языку того этнического коллектива, среди которого были образованы эти категории топонимов» (Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата «Ғылым» 1990, С. 357). Жалпы –лы//лі жұрнағына қатысты эпостағы сөздер тұрмысқа байланысты заттық ұғымдарды білдіреді. Шідер+ті, Моншақ+ты, Домбыра+лы, Жалау+лы, Абыра*+лы, Қарқара+лы алты этнотопонимдер бар. Абыралы*: Этимология этого слова не совсем ясна. Е. Койчубаев возводит его* /Абыралы-автор/ к араба «телега», превратившуюся в арба в результате метатезы. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. А. Абдрахманов усматривает в Абралы антропоним (Әбдірахманов Ә. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959. 45-б.) (Проблемы этимологии тюркских языков. Алма-Ата «Ғылым» 1990, С. 357). Абыралы сөзі бізше арба сөзіне қатысы жоқ деп ойлаймыз. Түркі тілінде аб парсының «су» деген ұғымды береді, кейбір деректе Абаданы /үлкені // абжылан /су жылан/ деген мағына береді дейді (Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы-1966 жыл, 17-бет). Аба // ата // әже // ожа // баба үлкен кісі ұғымында күні-бүгінге қолданылады. Абыралы // Абыла // Аула (қорған, аң аула –зат, етістік) мысалы Баянаула // Баян + ауыл // ауыл кейін пайда болған. Қызылорда аймағында «Абла» деген жер бар. «Орхон - Енесей ескерткішіндегі» (Ғ.Айдаров, «Орхон ескерткіштерінің тексі», 1990 ж.), «Девонидағы» (1 т., Ташкент, 1963), «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігіндегі» (ав: ав авла- аң аула, ав-зат, ау тор; авла – ет, аула). А. Ибатов, 1974), «Древнетюркский

словарь» (авла – ав авла устраивать облаву на аверей ...)» Ан СССР, Л., 1969), «Қыпшақ тілі сөздігі» («Кодекс куманикус»), т.б. еңбектеріндегі «Абла, Авла, Абила, Авила» сөздерінің түсініктемелері де дәлел бола алады» (Ә. Жақыпов. «Абла» топонимі не айтады? «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №5-6, 1992 жыл, 93-бет). Демек, Абыралы сөзінің этимологиясы аб+ла (аң аулаудан) аңды қамап ұстайтын қорған деген сөз бе дейміз. Абыралы аң ұстайтын қорған деген ұғымды береді деп ойлаймыз. Абыралы бергі толыққан вариантына сай келеді.) ҚКБС жырындағы Орман+бет, екі сөзден, найманның рулары Балта + лы, Бағана + лы орман, балта, бағана (түбір мен қосымшадан) құралған. –Лы//-лі көне архаикалық өнімді жұрнақ болған. Осы рулардың аттары заттық мағынадағы ағаш атауларымен тығыз байланысты. Бұл дегенің олардың көне Алтай өңірінен шыққандарының жарқын көрінісі.

Зат: шідер, пышақ, бәкі, үй, қорасы (ДПТ);

Мал: қысыр тайлы бие (ДПТ);

Тарихи фразеологизмдер: Тауық жұтының зардабынан жұтап қалдым; Жұт жылқыдан кейін толық күйі де бар еді (ДПТ); Ақтабан шұбырынды;

Эпитеттер: жынды Әкімбек, тентек Әкімбек (ДПТ);

Сан есімді тіркес: бір барған, алтауы қысыр тайлы бие айғыр салып, алтауы құлынды бие, он екі бие бір емес екі рет берген, алтыстан асып, үш - төртеу үйлі-баранды (ДПТ);

Мезгіл: былтыр өлді (ДПТ); бесінен төмен, намаздыгерден жоғары; намаздыгер болып қалыпты, намаз оқыық;

ФТ: көңілі көншімеу, нанын тауып жеп жүр, дуа тиген, дуа тимеген, алған малыңыз құт, құдай үшін бердім, отауының оң жағы, құдай сақтай гөр, есіген дуа талап, тақыр таза (ДПТ); уйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып қыз алды, көш жөнекей, еру ел, асулы қазан, тігулі үй, сатусыз дүние, қалыңсыз қыз, құралайдың көзінен өткізетұғын; оқтай ұшырап; бір ауыз тіл қатпай; бір қасық суымен жұтып жіберерлік; құс бегі тіккен томағадай; жан батып бара алмас; сақдайын сайланып, кәрі қатты, қуыс құрай;

ФТ сөйлемше: Қай берегенін айтамын ұшы-ғұыры жоқ толып жатыр (ДПТ); Ала қылып, ала тайдай бүлдіреді; Тобылғыдан жақ қылып; Жүзгеннен оқ қылып; Құралайдың көзінен өткізетін мерген; Ай десе аузы, күн десе көзі бар; Құс бегі тіккен томағадай құнысып тұрған бала; Сәтті туған ұл екенсін, жеріңе жетпей тұр екенсін; Төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төменгі елді жидырып, жорға бие сойдырып, жоғарғы елді жидырып, ала бие сойдырып; Мына баланы жебе қылып бастарыңа ұстаңдар, шөп қылып беттеріңе

ұстандар, ту кылып төбелеріңе көтеріңдер; Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен; Күндердің күнінде бала хан болады, сендер қараша боласыңдар; Хан әділ болса басынан бағы таймайды; Қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүреді; «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда, үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» – деген мақалдағы «үйіміз ағаш» тіркесі тарихи архиялық этнолингвистикалық мәнісімен құнды болып табылады. Бұл дегеніміз түрік құрамында жүргенде қазақ халқы Алтай өңірінде ағаштан үй салып, киіз үйге дейін ағаш үйде тұрғандығын меңзейді. Демек, үлкен қозғалыс кезеңінде қазақ елі де кең далаға иек артып, көшкен сияқты. М.Аджи «Полынь половецкого поля» деген еңбегінде түріктердің «У кипчаков же именно ель издревне была священным деревом» – дейді /12, 236/.

8.6. М-Жүсіп «Қазақ шежіресінің» тілі

М-Жүсіптің «Қазақ шежіресі» арабтың өңделген ескіше қадім жазуымен жазылған бүгінгі тасқа түсіріп әзірлеген С. Дәуітов. Алматы «Жазушы» баспасынан 1993 жылы 76-бет болып басылып шықты. Шежіренің тілі көбіне жер - су, кісі, ру аттары болып келеді. Шежірені шартты түрде мынандай тарауларға бөліп қарастыруға болады. 1. Тарау: «Қазақ шежіресі» - деп аталады. Қазақ шежіресін басқа жұрттан ақтарып тауып алған кім екендігі жайында айтылады. 1858 жылдары Меккеге барған үш топ оның ішінде Құнанбай қажы бар ерекше айтылып өтеді. Құнанбай қажының хажыға барғаны 1884-інші жыл, өлгені 1888 жыл, тауық жылы деген дерек бар. Бұл деректер Б. Сапаралы; Қ.Иасбай; С. Байжан-ата ескерілмеген. Бұл жайында А. Тұрышевтың «М-Ж. Көпеев шығармаларындағы Абай бейнесі» мақаласында жазылған болатын. Сондықтан, егжей-тегжейін айтып жатпаймыз. 2. Тарау. Орта жүз тарихы. Бұның ішінде: Мейрам тарауы; Бошқан; Сүйіндік; Күлік, Күлік жүрген жерін бүлік, атанған күлікке келейік; Тілеуімбет наурыз; Наурыздан алтау; Қуандықтан алтау туады; Қуандықтың бір баласы-Алтай; Мойынды таратайық; Сармантайдан; Қаракесек; Нұрбике; Қарсұн; Бұл Мәшһүр шежіресі қазақ ертегісінен алынып сөйлеген; Қаракерейді сөйлейік; Ақбура; Шәуке тараулары; Бәсентиін. Сырым; Бәсентиін; Молда Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласының жинаған сөздері; Орманшы тарихы; Керей тарихы; Бұқа, Көбір тарихы; 3. Тарау. Бұрынғы заманның адамдарының қандай екенін танытуға сөйлеген сөз; Ұлбике; Балтірік

пешен; Шанышқылы Бердіқожа; «Қазақ шежіресінде» 4073 антропонимдік атаулар бар. Оның бәрін тізіп жазып шығуды мақсат тұтпадық.

Күрделі айқындауышты антропонимдер қажы сөзімен тіркесіп келеді: *Тобықты Қунанбай қажы; Аққұм-Қосқопадан Шекшек хажы; Есіл бойындағы құлан қыпшақтан Шонтыбай; Сілеті бойындағы қыпшақтан Құрман баласы Қасен қажы; Тоқадан Ұзынсазан ұрпағы Мұхамет Салық қажы; Өр Алтайынан Алдажұман немересі Ешмұхамет хажы; Ертіс бойындағы Апайбөріден Құдияр хажы; Көкшетаулық атығайдан Қожаахмет хажы; Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа хажы; Мақат қажы;*

Антропонимдер ишан сөзімен тіркеседі: *Байзолда ишан;*

Антропонимдер хазірет сөзімен тіркеседі: *Нұрпейіс хазірет; Анаса мен Мәлік хазіреттері;*

Антропонимдер халфе сөзімен тіркеседі: *Досжан халфе; Омар халфе;*

Антропонимдер ағзам сөзімен тіркеседі: *Имам ағзам;*

Антропонимдер шайх сөзімен тіркеседі: *Орманшыдан барған Хасен шайх; Антропонимдер қожа сөзімен тіркеседі: Қишыл Қыстаубаймен бірге барған Жәмекеқожа; Қарақожа; Аққожа; Ақтамбердіқожа; Дарақожа; Есімқұлқожа; Қасымқожа; Таңсыққожа; Сарықожа; Қылыш қожа; Құттықожа; Лекер қажы; Бердіқожа;*

Антропонимдер сахаба сөзімен тіркеседі: *Анас сахаба; жетпіс мың сахаба; Анақбар атанған сахаба;*

Антропонимдер сопы сөзімен тіркеседі: *Мейрамсопы, Ақсопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы, Тандыссопы,*

Антропонимдер мырза сөзімен тіркеседі: *Бекмырза, Санмырза, Баймурын мырза; Шын мырза; Төлеген мырза;*

Антропонимдер баба сөзімен тіркеседі: *Сақмар баба, Шайх Ғұмар баба;*

Антропонимдер: *Мәлік, Нәзір, Ақкөсе, Имам, Бабыр, Құттықожа, Аққоян, Домбы ата; Ол Уыз хан балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз деп ат қойған. Қазақ күні бұл күнге шейін сол аттардың ізіменен келеді. Айдың басында туганының Айбас, таң ата туса Таңатар, күн шыға туса Күншығар, түн ортасында туса Түнқатар, күн шыға туса Көлбай, тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, Күзекте туса Күзек Уыз ханнан қалған өрнек-үлгі. Қотан, Ботан, Мейрамсопы, Қозған деген кісі аты жоқ, қозғала берген соң, шіркін қозо береді ғой деп Қозған аталған. Қақсал деген де кісі аты жоқ, қақсай берген соң*

Қақсал атанған; Қытай Балталы атанады да «бағанағы қайтты, бағанағы қайтты» делінгеннен Сүгірше Бағаналы атанды. Шығарушы Аймауытов кітап болып баспаға бастырылған Қартқожжа шежіресін сөйлейік; ...Өзі осы биыл 1927-інші қоян жылында отыз екі жаста. Қартқожжаны айтып отыр-автор; Абылай, Ботахан, Едіге;

Әйел жынысты антропонимдер: Аргұл, Айнакөз, Қарашаш, Нұрфая, Бикеш, Қарқабат, Қаракемпір, Кубакемпір, Бике, Айбике, Нұрбике, Сарықыз, Жолбике, Мақлал, Байбике, Төмен, Қосаяқ, Танаш, Ұлбала, Айымжан, Қызбике, Маңқан, Құлшипаш, Борсылдақ, Зылиқа, Шәндікен, Бөктік, Апар, Мақта, Мейрам, Аққыз, Кебеп, Алтықатын, Алмаш, Қамырқан, Ұлбике;

Этнотопонимдер: Ногай, Сарт, «Мыстанкөз» деген кәпірдің жұрты; Қырым жұрты; Мағол татарынан; Бұл қазақ деген кеше мен бүгін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Арап тілінде «ұғызақ» деп жазылған, шағатай түркісінде «хазаг» деп жазылған, өзіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған. Ақтамберді қожадан қыпшақ, Дарақожадан қоңырат, тоқалдан туган Есімқұлқожжа, Қасымқожжаның біреуінен-керей, біреуінен-уақ, Ақсопыдан толыбай ұранды Қанжығалы, маябоз ұранды тобықты. Қарасопыдан қарақай ұранды қарауыл, барлыбай ұранды бәсентиіні Сарысопыдан ошбай ұранды атығай, он екі атаның ұлы Дәуіт, Арықсопы, Нәдірсопыдан ұрымбұтақ-жұрағат жоқ, Қараман, төлек, қырық мылтық дегендер бар;

Топонимдер: Қызылтау; Баянаула; Тішке; Шолақ; Сілеті; Мекке; Мәдина; Бұқар; Алатау; Қаратау; Қарнақ; Сырдария; Ешкіөлмес; Омбы; Семей; Ескелді; Жорлыөзек;

Кірме сөздер: алдияр, фұсырман, набыт;

Орыс сөздері: расход; закон; старшын; сияз; исполком председател; Иван Семенович; указ; Котковский; самаурын; материалдар; әтірет-солдат;

Қос сөздер: маскүп-саскүбі; ұйқы-тұйқы; ауызба-ауыз; мән-жайына; қасқа-жайсаң; шала-шарпы; ел-жұрт; орын-морын; кем-кетік; қалған-құтқан; келін-кепшік; бала-шаға; ауыл-аймақ; бата-сата; боран-соран; қалған-құтқан; қойны-қоншым; қалта-салта;

Сан есімдер: Мың сегіз жүз елу сегізін, төрт, бес, жүз жиырма, жетпіс, мың сегіз жүз жетпіс төрт; мың сегіз жүз сексен сегіз; сексен бір; елу үш; төрт мың төрт жүз қырық төрт; жиырма төрт; жүз алты; жүз төрт; отыз жеті; жүз бес;

Тұрақты тіркестер: құлағының тезігі бар; ұқпа құлақ; кеудесі хат; тасқа таңба басқандай; екінші бірі, егіздің сыңары; аласапыран

болып; бүтін есті; жарым естілер; түлкідей түс көріп; көрі құлақтан; бұшапағы қанамай; жас иісті бала; жеті арас ел; мойны бұрылмайды; беті қайтпайды; ұзын құлақ; алты болыс ел; естіген құлақтың жазығы жоқ; оң жақта отырып; бір төремен айқасып; көсегең көгерсін; алғыс түбі ақ тмай; етіне суық су; табанына сыз тиген жоқ; алғыс түбі ақ май; қарғыс түбі қара қан; торы жорға ат; түкірігі түйме алтын; қақырғаны құйма алтын; ақсақтың алтауы; төмен қарап, жер шүку; көк лағың болайын; құдай жолына құрмалдық; алашқа аты шыққан; ұшып түрегеліп; шошып оянып; еліктей ұшып; құстай ұшып; көзге ілінбей; шел қаптап; үрейі ұшып; салт атты, сабау қамшылы; бөрі тонды, бөрте атты; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; ішкенге мас, жегенге тоқ; құралайды көзге тигізетұғын мерген; аярда ас жоқ, тояр да ас жоқ; жүн жеп, жабағы тышып; , ат арқасына мініп;

Этнолингвистикалық сөздер сипаты; бақсыдай бал ашып; жаурын жағып; құмалақ салып; киіз туырлықты қазақ; уыз үйлі; Түріктен тоғыз атаға шейін хандығым үзілмей келді деп, киіт те тоғыз... құн да тоғыз, осы тоғыз-тоғыздан бөлетұғын жол-жоба сол Уыз ханнан қалған. Ноқта ағасы; Түйенің басын жетектеуге; Көш ілгері кетіп; өзім бір сыбаға, алты балам алты сыбаға, қара шаңырақта қалғандары бір сыбаға депті; айғырдың үйірі; Қуандық, Сүйіндік енші алысқанда қарабауыр қылып аламыз деп таласып, асық қаржысып алғандықтан Олжакелді қаржас атанған; көшіп кеткен жұртына қон; Алты ұл тауып жүрген иттің бес қанат үйдің ауығын байлауға бойы жетпей, уық бавілағанда Жидебайды аяғының астына жатқызып, неше уық бар, сөйтіп байлайды екен; Тезек теру, отжағу бөрі-Жидебайдың мойнында; Дос батырдың қара шаңырағы; төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып; Майды қарнымен, ірімшік-құртты богжамасымен әкеліп, бұларды ас-су тамақтан тарықтырмапты; Мен жаназасын шығару білемін деп, құран оқыпты; Қазақтың ас-той деген мерекесі болады; Сүйек құны, өнер құны, қара құн;

Көне сөз: ілкі, бауаз, қатын, тоқал, сауыттың аты шежсекөз; құлын жарғақ;

Киім атаулары: тақия, тұмақ, қара шұбар манат белдемше, боз жейдесі; бөрте тон; жасыл шапан;

Тұрақты эпитет: қазақ тақиясы; салпиган тұмағының құлағы; сүйретілген тонның етегі; аңқиған ауыз; қара мал; муз болып қатқан сүңгі; алжыған шал; қоңыраулы палуан; үй тентек; айран көз; бала батыр; сары ат; ақ сауыт; айыр көмей; темір жақ;

Тарихи оқиғалы сөздер: *жүт қояннан бұрын, киік жылы; 1721-інші жылда «ақтабан шұбырынды» болды деп «Қалқаман-Мамыр» айтқан; Абылай аспас сары бел;*

Кейбір ақаулар: *таламағн (таламағын); домбыда (домбыра);*

Морфологиялық жайттар: *бү (л) күнгеше (бүл күнге дейін)*
Жанпейісов Е бұл туралы: *-ша, -ше қосымшасының қолданылуы бұдан гөрі өзгешелеу дейді. -Тұғын: түсетұғын, беретұғын, айтатұғынымыз; тебісетұғын; жонатұғын, ішетұғын; Барыс септігіндегі жіктеу есімдігі септеліп барып эпостық жырлардың үлгісімен тіркеседі: Сыйынбасам маған серт; Қолдамасаң саған серт;*

Кейбір сөздер: *өкіл, шәріп, шайхы, кәпір, шәһәр, ахуны, әфтиек;*

Одағай: *Ой, құдай-ай! Ойбай, Құлжеке, о не дегеніңіз;*

Шырағым-ай, көзің ашылмады-ау;

Мақал-мәтел: *төре жоқта тарақты төре блуга жарайды; ит жаманы барақты, ел жаманы тарақты; қыздан туғанның қиығы жоқ; қой асығы деме, қолыңа жақса сақа гої; Аттай қалап, атандай қалап; Қаңтар болмай қарға жарымассыңдар, Хажы көбеймей дауға жарымассыңдар; Алиын болсаң адай бол, аргын балсаң алтай бол, үйсін болсаң сиқым, жаныс, ботпай бол, найман болсаң қаракерей, садыр, матай бол. Өзгелерің қалай болсаң, солай бол; Мойын болмай ойын болмас; Қудық түбі шыммен бекіп, бітеледі, дау аяғы қызбен бітеді; Күресерге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайды; Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру; Аузынан шыққан түкірік қайта жүтсе мөкүрік; Білсең қызайыңмын, білмесең құдайыңмын; Естіген құлақта жазаық жоқ; Ерке баладан, жынды бала көп жақсы; Бұқа бұтын жуа ма, айғыр бұтын жуа ма, қошқар бұтын жуа ма, құтын жуған оңа ма; Күнә болған көтімді жудым, бейіске барар бетімді жудым; Маңғыт, аузың саңғыт; Ашулының алдынан тұрма; Бір күн қарны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама;*

Метафора: *Тобықты Құнанбай шыңның басынан шыққан қайнар бұлақ. Қыпшақ Ыбырай қажымас қара болат. Мұса қабыршағы жоқ қолға тұрмас жылмағай қара балық. Шыңғыс төре мұсылманға суық, орысқа жуық.*

Авторлық қолданыс: *Қыс шілде де жілік жүгіреді, жаз шілде де күлік жүгіреді; Күлік, күлік жүрген жерің бүлік; (Күлік-қырғызша жүйірік деген сөз); Қараға қонғаниа далаға қон, далаға қонғаниа молага қон; Ұқзын бітті бойыма, ерлік-батырлық толды ойыма; Бұлтың бітті бойыма, көптік толды ойыма; Тор бітті бойыма, кемшілік толды ойыма; Балық бітті бойыма, балық толды ойыма; Ұзын оқты оннан бол, қайдан болсаң, соннан бол; Мал қадірін білмеген қу жалғызға болғаниа, мал қадірін білетұғын сенде болғаны*

жақсы; Ағар суы бал татиды, ақ шабағы май татиды; «Осыдан, Абылайдың басын алмасам, қатынын ат көтіне салмасам, қара қазанын қақ жармасам, әкем Қазыбектің аруағы ұрсын»; Абылай «үш нәрсе ариан болып, қолымнан келмей, құр ойымда кетті,-деген екен. –Бірі-ақ боз аттың құнын ердің құны қылмадым. Мылтығын құралайдың көзінен өткізетұғын мергеннің құнын екі ердің құны қылмадым. Бірі етікші мен ұстаның құнын қатын құны болсын деп бұйрық қылмадым»;

Қала аттары: Сарай кент, Сары кент, Аштарқан, Сарытап, Тысырап, Ақмола, Павлодар, Петербор, Кереку, Тәшкент, Түркістан, Кокшетау;

Бірыңғай мүшелі сөйлем: Ақташы, бұғышы, байташы, тағышы, шаржетім, шақшақ десе білмейтұғын жан жоқ;

Табу: Мейрам сопының қайны ашып Құдысбай екен; Нұрфаяның ағасының қатыны-жеңгесі еріпті; Аргын тоқалының аты Момын; Нұрфая «ағамның төсі тиген жеңгем еді басқаға қымаймын өзің ал» деп Мейрамның өзіне алғызыпты; Жеңге алған бір қатыны болған;

Ұлғайту: Шешелері баларын емізгенде бір емшегін баланың аузына салғанда, бір емшегін иығының үстіне асып отырады екен; Сонда мен туымды Абылайға «мә» деп бере салып, қақпаны шапқылағанымда саз балшық пен жаңа илеген қамырға кіргендей кірген.

Заттық мағыналы сөздер: отын, қу көде, құман, марқа, отау, қара мал, жылқы, айғыр, аяқ, көбік, сүт, қасық, тезек, пышақ, шақлақ, найза, шеңгел, сәуірік, байтал, бұқа, сиыр, күшік, қамыс, төбет, балық, кілем, қазан;

Сөзжасам: аға сұлтан, дуанбасы, отагасы, қолбасы;

Мезгіл ұғымы: таң жаңа тауға сәуле беріп; айсыз қараңғы түн; тал түстей жарық; ашық күн;

IX. М-Жүсіп шығармалары және кейбір мәтіндеме (текстология) мәселелері

9.1. М-Жүсіп және текстологиясы

М-Жүсіптің ең алғашқы текстологиясына талдау жасаған ақын шөберелері ф.ғ.к, доцент Н. Жүсіпов, Гүлназ Жүсіпова, ф.ғ.к Ертай Жүсіпов десек артық айтпаймыз. Е. Жүсіпов «Сонымен бірге соңғы 10-15 жылдағы газет-журнал бетінде көрінген ақын туындыларының өзі 2 томдай болып қалады екен» - дейді. Мұны айтып отырғанымыз

30 томдай мұрасының сол жарияланған 2-3 томдығын 1990, 1992 жылғы кітабынан басқа дерлік қаралып, зерттелді. Е. Жүсіпов ақынның баппен жазылған дастанына текстологиялық зерттеу жасаған. Баппен жазылған бұл дастанның кейбір тарауларының аттары да бар. Дастан алғашқы рет «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» Республикалық ғылыми конференция материалдары (Бірінші жинақ) 2000 жылы жарияланды. Екінші рет Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» 2001 жылы жарияланды. 2003 жылы М-Ж. Көпеев шығармаларының 2 томдығы, артынан Е. Арынның қолдауымен 3 томдығы жарық көрді. Академик, С. Қасқабасов «М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында» тұсауын кесті. Ақын шығармалырындағы: *Тумап па едің анадан сыр жалаңаш* (51) келесі жолда: *Ойда жоқ тіпті тұттай жалаңашың* деген өлең жолы барына қарағанда **сыр жалаңаш тіркесі тыр жалаңаш** болып жазылуы керек еді. *Шарықтап ағып түскен қыран құстай* деген жолдағы **шарықтап** сөзі **шарықтап** болып өзгерген, **шарықтап** (қайрақ) (шарық - шәркей деп кей жерде аяқ киімді де айтады) өңделгенде қате кеткен и үнді дыбысы и қатаң дыбысына ауыстырылуы қажет. **Шарыққа бір-ақ шығып кеткен кезіп**; деген жолдағы **шарыққа** сөзі **шарықтап** болу керек-ті. Шарыққа (қайрақ) тас іспеттес зат. Шарыққа шығып кезіп жүре алмайды логикаға сымайды. Демек, Шарықтап, ұзап кеткен деген ұғымды келтірсе керек. *Шебер-қолын, шешендер сатып сөзін, Ата-ана құлын жастай сатып қызын* деген өлең жолы мүлдем ұйқаспай тұр. Оған себеп: **құлын жастай** тіркесінің жаңсақ құрылғанында. **Құлын жастай** бізше **құлын шақтай** болып жазылуы керек сияқты. Оқып көрейік: *Шебер - қолын, шешендер сатып сөзін, Ата-ана құлын шақтай сатып қызын* болып шығады. Енді халықтың толық нұсқасын қалпына келтірсек: *Шеберлер қолын сатып күнін көреді, Шешендер сөзін сатып күнін көреді, Ата-ана құлын шақтай қызын сатып күн көреді* деп жазылады. Буын ұйқасы да дәл келіп тұр. Ал, М-Ж. Көпеев өлең ұйқасына қарай ықшамдаған, авторлық өңдеуге салған. Грамматикалық қателік аударғанда кетуі мүмкін. Өйткені М-Ж. Көпеев құлын жастай мен құлын шақтай тіркестерінен ажырата алмайды дегенге кім сенеді. **Қой еті бір-бір ұшты көзімізден тіркесіндегі бір - бір қос сөздері бұл - бұл** деп жазылып. **Қой еті бұл-бұл ұшты көзімізден** деп өзгертілуі керек. М-Ж.Көпеев «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген кітабында: *«Мен өз атым Юсіп, қырық тоғыз жаста отырмын». Әкем аты Көпей жылы барыс еді. Жетпіс үш жасында барыс жылы өліп, Баянаулаға қойылды. Оның әкесі Сермағамбет* (Шежіре, 21-бет) (Сермағамбет-

С.К), (Серімбет бірде Сермұхаммед-Н.Ж. жазылған – А.К.) жетпістен асып өліп Қызылтауға қойылды. Оның әкесі Ақжігіт қырық тоғыз жасында өліп Көкшетау бауырында Жүртек Қарагай қыздың (Шүрікті- С.К), (Шүртік-Н.Ж) Қыздың қара суы деген жерге қойылды. Оның әкесі Бесім қартайып өліп Ұлытауда Бес салаң өр басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудан теріскей жағына қарай ағатұғын сайларды «Бесімнің бес» саласы деуші еді. Тірі күнінде өзінің қоныс қылған жері болғаны үшін оның әкесі Тілеуімбет деген кісі он бес баласын соңынан ертіп алып қара қалмақ Қатысыпанмен соғысып он бес ұлдың ең үлкені Аспандай алдымен оққа ұшып, онан соңғысы Амантай о да оққа ұшып бірінен-бірі қалмаймыз деп бәрі сол жолы қырылған. Сонда Орманшы Бөбке Тайлақтың Тайлағы батыр кісі екен. Қалмақтың қалың тобын қақ жарып кетіп: «он бестің үшеуін алып шығып, Сары сексен батыр астында Сары аты бар. Бір шөкіт түйені шөкімен алып шығыпты. Ол түйенің шөгінде бесік бар екен, кебеже бар екен. Бірінің аты Қойтан шөкті түйені алып қашып жүргені осы екі бала жау қолында деп бұларды жаудан айырып алу үшін түйені жетелей тұқым қалмаса керек. Сол Бесім деген кісіден асып өткен нәсілден келіп мен мұны сөйлеп тұрмын» - дейді. Жүсіпов Н.К. алғы сөзімен басылған «Сары арқаның кімдікі екендігі?» М-Ж.Көпеевтің ешқайда жарияланбаған қолжазбасының (алғашқы) нұсқасын жариялаған. 1907 жылы Қазан қаласында басылған нұсқасынан көп өзгешелік бар 1990 жылғы кітапта өлеңмен жазылған нұсқасы берілген ол мүлдем басқа. «Қазақ әдебиеті» газетінде де қашып келген қалмақтарды қайта қуып, сөйтіп құтқарған екен. Егер Тайлақ батыр мен Сексен батыр болмағанда Тілеуімбет деген кісіден басылды. М-Ж.Көпеевтің «Қазақ шежіресі» 1993 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Жүсіпов.Н. «Жанарыс – Қарақожа – Арғын – Құтан (Шежіреде, Көтеш ақында: Қотан-автор)-Мейрам -Сүйіндік- Сугыншы – Шуманақ (Шоманақ-автор) – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт - Сермұхаммед (Сермағамбет-автор), Көпжасар (Көпей), (Мәшһүр-Жүсіп, Мәшһүрден Жүсіп деген емес ол елге танымал деген сөз-автор); Бұл есеп бойынша, Мәшһүр –Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16-ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталды» – деп таратады. «Шалқар» деген арабша графикамен басылған газетте М-Ж.Көпеевтің тағы да бір нұсқасы «Сары арқа кімдікі?» (қалай басылса солай өзгертпей жазып отырмыз-автор). «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» - деп жазылмаған. М-Ж.Көпеевтің 1907 жылғы нұсқасының аты дұрыс деп есептейміз. Бұл мақаланы газетке даярлаған Сәрсенбина.Б. Бұл

нұсқаның көп жері қысқартылған. Мысалы, М-Ж.Көпеевтің біз келтірген ата-бабасына қатысты жерлері мүлдем жоқ. Және де 1907 жылы біздегі қолда бар деректің аударылғаны да кейбір жағдайда өзгеше екендігін байқадық. Атап айтсақ «Шалқар» газетіндегі нұсқада: «Ағыбайдың өзі – Аяз басқан деген асудың өдіне (өтіне-автор) қарсы қыстап еді» -деп жазды. Ал, 1907 жылғы нұсқада: «Олжабай өзі Исзбушка деген асудың аузына қарсы қыстап еді» - дейді (Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Сары арқаның кімдікі екендігі? Қазань электротипография шарафь, 1907 жыл, 3-4-беттер). Ескерту: 1907 жылы Қазан қаласында басылған М-Ж.Көпеевтің «Сары арқаның кімдікі екендігі?» кітабының бірнеше нұсқасы бары, айтылды. Оның тіпті өлеңмен жазылған нұсқасы да бар. «Шежіре кітабынан» алынып басылған нұсқада: «Орманшы Бөпке Тайлақтың бала батыр атанған күні екен. Жау ортасында жаралы жатқандардың үшеуін алып қашып құтылыпты. Күліктің сексен жасында туған токалының баласы Сексен, сары атты Сексен атанған. Жүкті (жүк тиеген деген ұғымда-автор) жүгімен ала қашып, құтқарыпты. Ол түйеде екі бала бар екен. Бірінің аты-Бесім, бірінің аты-Қойтан. Сол түйенің үстінде жан сақтап қалған. Бесімнің ұрпақтарының өсіп өнген жаннан туған ұрым-бұтақ, жұтағаты осы шежірені жазып отырған» - деп жазды («Отарқа» Екібастұз қоғамдық-саяси газеті. №31(3286, 3287), 31 шілде, 1998 жыл, 5-бет). Жүсіпов.Н.Қ. дайындаған М-Ж.Көпеевтің қолжазбасында бұл айтылғандардың кейбірі жоқ. (Қараңыз, 111-бетті. «Қазақ тілі мен әдебиеті» №4, 1994 жыл). Негізінде: алғашқы 1907 жылғы нұсқасында «шөкіт», «шөгімен» деген «жүк», «жүгімен» деп өзгеріске түскен. Біз алғашқы «шөкіт», «шөгімен» деген дұрыс жазылған деп ойлаймыз. Синонимдік балама ретіндегі М-Ж.Көпеевтің стилі дейміз. «Шөк» одағайы бұйырық мәнді беріп тұр.Түйе малына қатысты айтылытын бұйырық райлы етістік деп те түсінуге болады. Ауыр жүк тиелген (қомдалған) түйе «шөкіт», «шөгімен» әрең қозғалады. Демек, 1907 жылғы нұсқасындағысы дұрыс дейміз. Кейініректер М-Ж.Көпеев шығармаларының мәтіндемесіне зерттеу ісі жалғасқанда бұл жұмысқа қайтып оралатын болармыз. М-Ж. Көпеевтің мына төмендегі нұсқалары зерттеуге алынды:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №4, 1994 жыл. 111-124-бет // Дайындаған ф.ғ.к., доцент Жүсіпов Нартай Қуандықұлы.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Шығармалары. Алматы-1990 жыл, 55-71-беттер.
3. «Қазақ әдебиеті» газеті, №27 (2153) жұма, 6-шілде 1990 жыл// Нартай Жүсіпов дайындаған нұсқа.

4. Жүсіпов. Н.Қ. Мәшһүр Жүсіп және фольклор. Павлодар-1999 жыл, 12-13-бет.
5. «Шалқар» газеті (Арабша жазылған нұсқасы) №30/344/ 17 июль, 1990 жыл, «Сары арқа кімдікі?» дайындаған Сәрсенбина Б.
6. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» Қазанның шараф матбуғасы, 1907 жыл, 4-бет.

9.2. «Гүлшат-Шеризат» дастандарының тілі

«Гүлшат Шеризат» дастанының берілген 5 мәтінің тілі бірдей емес. Әсіресе, Омбы нұсқасы көне түркі тілінің әсерімен жазылған. Тілдік материалдар өте көп. Басқа қалған нұсқаларының тілінде көне түлғалар, көне тілдік құбылыстар аз кездеседі. Жалпы, Омбы нұсқасы М-Жүсіптің қол таңбасы ма дейміз. Оны мәтінді салыстырғанда да, тілін зерттегенде де көзіміз жеткен сияқты. М-Жүсіптің басқа шығармаларының да тіліне өте ұқсас. М-Жүсіп шығармаларының морфологиялық ерекшеліктерімен сай келетін жақтары да жоқ емес. Омбы мәтінің тілін алдымен зерттеп, беріп отырмыз. Одан кейін қалған нұсқалары ретімен келтіре беретін боламыз.

Омбы мәтінді «Қисса Шеризаттың» тілін негізге ала отырып қалған нұсқаларының тілін қоса жазып отырамыз. Зерттелген дастандар: «Қисса Шеризат» Омбы мәтіні; Мәшһүр «Гүлшат пен Шеризат» Ә.Ә. Найманбаев нұсқасы; «Шеризат-Гүлшат» К. Әлімбетовтың нұсқасы; «Қарқабат» Н. Нысанбайұлы нұсқасы атты өзгертілгенімен мазмұны алдыңғы нұсқалардағыдай.

Фонетикалық саласы.

Әдеби нормадағы ж дыбысынан басталатын сөздер й дыбысынан бастап жазылады. Омбы нұсқасы: *Йүзі гүл, бойсын бойлы агзи патша; Иллаһим йарылқаса құдіреті үлкен; Жиылды көп шаһардың йранлары; Ы* дыбысының орнына и дыбысы қолданылады: *Халайық алып берер иқтиярсыз; Көңілі тынып жеті жұртқа хукім йуртті; Он бестегі туган айдай йүзі көркем; Шыгады жарқыратып алтын йүзін; Йүзлері толық айдай жарқыраған; Он бестегі туган айдай йүзі нұрлы; Ж/Я: Ғзалны бұ язылмыш қыздар айтты; Шеризатқа Гүлшат қыз һәр сөз яқтар; Өртеніп йүректері биһуш болды; Жер йүзін тұрғандай алтын қаптап; Йүзлері айдай болды көңілдесін;*

С/Ш дыбысына алмасады. Омбы нұсқасы: *Һәр түрлі гүлдер бар бейішке ұқшаиш; Ешiттi хайламенен хикаятын;*

Әдеби нормадағы п әрпімен жазылатын сөздер сол кездің жазба нормасына сай ф болып жазылады. Омбы нұсқасы: *Жеті*

жүрт болып тұрды фарманында; Жыласты бір хұдайдан ферзент сұрап; Тілегі фақырларының қабыл болды; Өзінен туып қалған ферзенті жоқ; Арманда болғандығым ферзентім жоқ; Асмандағы қызметкер феріштелер; Файда жоқ жылағыннан, у-ай досларым; Алыптан Алмас, Қоймас қауыфленіп; Көрдің бе әне тұрған үй сифатын; Фида қып шыбын жанын соның үшін; Ф//Б: О жиһанда болмаған мұндай афзал;

Қ дыбысымен бітетін сөздер үяң ғ дыбысына аяқталады. **Омбы нұсқасы:** Ұлығ-кішік баршасы қызмет етіп; Ұғылы ма, қыз ма туар алла білур; Ұғыл болса тахтымны аңға сақта;Һәр басқа қадамлары құтлұғ болып;

Кей сөздердің әдеби нормаға сай жазылмауы.Метатезалық құбылыс. **Омбы нұсқасы:** Қыздары қасындағы бәрі һәйбат;Һәйбат әдеби нормада әйбат деп қолданылады. аулатына // әулетіне, хұдайдан//құдайдан, хайыр//қайыр, асманға//аспанға, хайланы//айланы, хатун//қатын, әгір//егер, биһуш//байқұс, ашмадың//аш болмадың; **Әлімбетов нұсқасы:** Шыдамай ашықтықтың әсеріне; ашықтық//ғашықтық ғ дыбысы түсіп қалып та қолданылады. **Е.Жанпейісов** –ғ фонемасы туралы жазды (89). **Нысанбайұлы нұсқасы:** Бір жарды кеулеп лезете (мезетте); Дүниеде ысап жоқ, Артқаны алтын зер еді; **Ысап** әдеби нормада ынсап-нысап деп қолданылады ынсап араб сөзі есеп (кисап) мағынасы сан жоқ деген ұғым береді. Есеп сөзінің варианты да ұшырасады:Қой, сиырдан есеп жоқ, Ту бие, құр ат сойды; **Мәрт-мард:** Патша қатар Мүшқұлат, Адам еді мард ойлы; **Ием** сөзі егем түрінде қолданылады:Ажал айдап жүгермек; Жүгермек, нағып жүрсің иден;

Морфологиялық саласы.

Заттық ұғымдағы сөздер. **Омбы нұсқасы:** өрт, жер, хабар, үй, әскер, сайман, білезік, шарбақ, қорған, сарай, мүйіз, батыр, шарбат, боза, сауық, әйнек, нар, түйе, киікні, қағаз, пышақ, қан; **М-Жүсіп нұсқасы:** ат, өнер, перзент, қария, құлан, ет, бұлан, сүт, бала, керуен, сауда, көрі, мылтық, тор, жеміс, ас, дастархан, мейман, босаға, күзетші, топалаң, тамақ, тұтқын, қағаз, мөр, терезе, сәлкет, монша, тұмар, бота, әскер, соғыс, бата; **Әлімбетов нұсқасы:** мөр, тақ, сардар, дана, перзент, шайтан, алтын, күміс, жібек, тұзақ, белдік, дастан, шапан, мұнара, қарауыл, күмбез, үй, қорған, қасқыр, қауын, сағат, тұзақ; **Нысанбайұлы нұсқасы:** түйе, қосшы, миуа, уңгір;

Зат есімді сөз түрленіп барып, сабақты етістік болады. **Омбы нұсқасы:** Құрайын сөйілдікті деп ойлайды; Абстракты зат есімді заттандырып жұмсайды:**М-Жүсіп нұсқасы:**Сөздерін бір орынга

қойдыдағы; Әсет ашу айдап келеді, кек ұшырып; Әлімбетов нұсқасы: Көңілінен падишаның қайғы шықты; Бір күні аң аулауға көңілі кетті; Парихзат патша болып, көңілі тасқан;

Көптік ұғымдағы сөзге көптік жалғауының қосылуы: М-Жүсіп нұсқасы: Басын кесіп бауыздаудан қандар аққан; Әлімбетов нұсқасы: Атырапқа сулар шашылған;

Көптік жалғауының қос-қабат жалғануы: Амал+дар+лар қол қойып, Мөріңді басып бересің,

Көптік жалғауы –дар жіктік жалғауының II жағынан кейін қосылады:

*Патшаға қарсы болып тұрмаңыздар,
Сөзімді менің айтқан тыңдаңыздар.
Сіздер жүрген саудагер адамсыздар,
Халықты әуре-сарсаң қылмаңыздар.*

Эмоционалды-экспрессивті сөздер. М-Жүсіп нұсқасы: шешекезжан; Әлімбетов нұсқасы: атажан, көкежан, апажан, апатай; Нысанбайұлы нұсқасы: жездежан, балдызжан, Гүлишатжан, Х. Досмұхаметұлы: «Еке деген шала жұрнақ «еке» деген сөзден өзгерілген, жуан түрі бүгінде жоқ. Алғашқы Жуан түрі аға (аға) болса керек. 2) –ікі (-дікі, тікі) деген құрама жұрнақ. Бұл –нің, -дің деген жалғаумен «кі» деген жұрнақтың қосындысынан туған –ніңкі (-дікі,-ніңкі) –діңкі өзгеріп –ікі, -дікі болған»(7-бет)

Ілік септігінің -дің// -нің, -тын// -ның варианты қолданылады. Омбы нұсқасы: Қандай ер балуан-ау біздің Алмас; Қайғысы Фарұхзатның болды қатты; Анаңызның дүниясын;

Мен көмектес септігі менен тұлғасында қолданылады. Омбы нұсқасы: Саудаменен жүр едік бұл сафарда; М-Жүсіп нұсқасы: Сықылды қылышпенен бір-ақ тартқан; Әуелі қылышпенен Қоймас шапты; Әлімбетов нұсқасы: Аймалап тіліменен жалай берді; Тез барып қызымменен ол жігітті; Бұл сөзің айтқанменен емес дұрыс; Бәзім қып, Гүлишатпенен шарап ішіп; Бірін ұрып қылышпен найза шанышып; Патшаға түніменен қайғы түсіп; Қаһарланып ақырып айбатпенен; Көптік қып қаншақайрат қылғанменен; Бір қанша қайрат олжаменен кейін қайтты; Нысанбайұлы нұсқасы: Ә, дана шыныменен көмбең бе?

Кішірейткіш жұрнақ –шік: Төбешік асқар таумен тең болар ма? (Нысанбайұлы)

Менен-пенен жалғаулығы: М-Жүсіп нұсқасы: Алмас пенен Қоймасты; Сөйлесіп Ақтар гаяр менен Маһиманзар; Әсет: Жетім менен жесірге көзіңді сал; Әлімбетов нұсқасы: Ырза қылып

қайырды; Алыс пенен жақынды; Ақыры қалам менен қағаз алып;
Нысанбайұлы нұсқасы: Өтіпті менен білместік, Айтқаныңа
турамын;

Қос сөз: зар-зар, ақырып-бақырып, қол-аяғы, гейіш-гишират,
ізлеп-ізлеп, ойнап-күліп, бірін-бірі, күндіз-түні, алтын-күміс, қол-аяғы,
түрлі-түрлі, гаріп-фақыр, **М-Жүсіп нұсқасы:** гашық-машұқ, дөп-
дөңгелек, күліп-ойнап, пақыр-мүскін, елі-жұрты, мал-мүлкім, іш-
құлқыны, қайғы-зары, гаріп-гасыр, інжу-маржан, үлкен-кіші, қару-
сайман, көрден-көреге, жақсы-жаман, қайта-қайта, жатып-тұрып;
жан-жағына, маң-маң, теп-тегіс, жарқ-жұрқ; **Әсет:** сейіл-серуен,
жолдас-жора, кәрі-жас, ер-әйел, артық-кем, қайғы-шер, ұмар-
жұмар,

қару-жарақ; **Әлімбетов нұсқасы:** дал-дал, төбе-төбе, әуре-сарсаң,
ойнап-күліп, жарақ-сайман, керней-сырнай, ашық-машық, кешке-
күндіз, бірінен-бірі, күйіп-жанып, керек-жарақ, сәнді-сәулет;

Шырай түрлері. Омбы нұсқасы: Бек гаділ есімі оның Көркін
патша; Жарасы қатты болды бек қабақат; Ашына болып кетті бек
қабақат; Бір соғыс болғалы тұр бек қабақат; Шадланып аргымағын
бек ойнатты; **М-Жүсіп нұсқасы:** Бек қатты қорықты гоі Барыс
сонда; Таһмас бек данышпан, ақыл зерек;

Бей префиксі сөздің алдынан қосылады. М-Жүсіп нұсқасы:
бейбақ, бейшара, бейтарап, бейпіл; **Әсет нұсқасы:** бейкүнә,
бейберекет; **Әлімбетов нұсқасында** бей префиксі араб сөзінің
алдында бөлек жазылады: Істепсің бей әдептік бауға кіріп; Нақақтан
бейшараның қанын төктім; Шығар деп тірі жүрсе бұл бейшара;
Нысанбайұлы нұсқасы: Шарасы жоқ, зар еңіреп, Бейшара жетім
өледі;

Бей табиғаты жағынан жоқ сияқты, күр деген мағынаға жуық келеді,
Әлімбетов бей префиксімен қатар неміс тіліндегі **найн** (нет)
болмайды, жоқ сияқты болымсыздық етістіктің орнына жүретін **най**
тұлғасын қазақ тілінің **үміт** сөзінің алдынан қосып **бейүміт//най+үміт**
сөзін жасайды.

Дүр формасы есім сөздің орнына жұмсалады: Омбы нұсқасы:
Худаның амірідүр саған берген; Баһадүр жүз жігітін ертіп алып;
Ісіне күдіретінің недүр шара; Кімдердүр сұрап жөнін біліңіз деп; **М-
Жүсіп нұсқасы:** Тамаша қылды қыздар дүр данаға; Ей, шаһзада, дүр
жігіт; Артық дүр құдай берген салтанатын; **Әлімбетов нұсқасы:**
Халыққа әділеті қалай дүр деп; Жүз баһадүр жігіттіертіп келді;
Дүр есім сөздермен тіркеседі:

Ажал деген қаршыға, адам жемүр,
Пейлі тар сараң байдың аты кімдүр,

*Қандай жанның перзенті Гүлишатыңыз,
Шаһары патшасының аты кімдур... (М-Ж.)*

Түр тұлғасының түн формасы кездеседі: *Әй, Фарус, келтүр деді
қоңіл нәшін;*

Есімшенің -тұғын тұлғасы, толық түрі қолданылады. Халел Досмұхамбетұлы: «Ұйғарынды есімшедегі «атүн» (жазатұғын) етүн, көретүн деген жалғауларда сингармонизмге бағынған. Ұйғарынды есімшедегі «атүн», «етүн» жалғаулардың нағыз дұрыс калыбы «тұғын»: жаза-тұғын; бара-тұғын, жүре-тұғын, көре-тұғын, тағы талайлар» («Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», Ташкент, 1924, 5-бет). *Өлмейтұғын жан бар ма?, Бермейтұғын жан бар ма?; М-Жүсіп нұсқасы: Қасымда жумсайтұғын жоқ деп кісім; Толғақсыз табатұғын тыныш жайды; Орнына жататұғын ертіп барды; Әсет нұсқасы: Күйі жоқ Көркемшенің тұратұғын; Мойнымы қаны жүк боп қалатұғын; Нысанбайұлы нұсқасы Айтатұғын сақтаған, Ішімде арман дертім көп; Жүргенде де дейтұғын, Перзент көп шал мен бе едім;*

Есімше тұлғасы мен септік жалғауы қабаттаса келіп, септеулік шылаумен тіркеседі:

*Жазасын өзім берем келгеннен соң,
Кім екен оның затын білгеннен соң,
Не жұмыспен бұлар мұнда келегн екен,
Сифатын анық білем көргеннен соң... (Омбы)
Жақсыны жаманменен көргеннен соң,
Келмек жоқ қайтып саған өлгеннен соң.
Жақсылық жамандыққа деген қайда,
Бір құдай ақырында бергеннен соң (М-Ж.)*

Есімшенің келер шақ көне тұлғасы: Омбы нұсқасы *Арызым зағифамыз хамла түрүр; Ұғыл ма, қыз ма туар алла білүр; Сізлерні ренжітпей билеп түрүр; Іш дегенім бір гаурат хамла туур; Хатуны Көркін шах өзі едур; Хандығын халайықлар оған берү;*

Әдеби тіл нормасынан өзгеше –ғай қалау райының тұлғасы. Омбы нұсқасы *Тұрғайсың шадман қылып уақытынны; Мұндай бұстан һеш әлемде болмағай; Қисса Гүлишаттай ғаламда дастан болмағай; Білгейсің жөнін сурап елі-жұртын (М-Ж.); Әлімбетов нұсқасы: Тілегіміз қосылып, Болғайда үстем мерейім; Нысанбайұлы нұсқасы: Батырлардың пірі еді, Ғалидың тигей көмегі;*

Етіс жұрнақтары. Әлімбетов нұсқасы. Өзгелік етіс: *Ақыры мені өлтірер, Анасының қунына; Нысанбайұлы нұсқасы: Қолыма әкеп бергін деп, Өлтірген белгің сол болсын; Нысанбайұлы нұсқасы. Ырықсыз етіс: Ұрып соғып төбелеп, Аулаққа алып барылды; «Өнімсіз*

болса да, жалаң жұрнақтардан құралған күрделі –лын (-лін), -ныл (-ніл) формалары ырықсыз қосымшалары есебінде қызмат етеді» (Ысқақов-285). Мысалы: Қапал, Сапал, Айпар да, Демалып қалды тыңланып (Нысанбайұлы);

-Сай азалы рай. А.Байтұрсынов: «Қалау райының азамен айтылатын түрін азалы рай дейміз» (244); *Балалық қылмасайшы мырза деді;*

Ауыз әдебиетінде және халық ақындарының шығармасында I жақ көпше түрінің қосымшасы –лық, -лік болып келеді:

*Онан да біз өзіне жалыналық,
Не мұрада бар екен сұраналық.
Қыз түгіл дүния малын сұраса да,
Біз содан құтылуға аямалық... (Омбы)*

Әлімбетов нұсқасы: *Айталық тыңдасаңыз біраз кеңес;*

Нысанбайұлы нұсқасы: *Рас па, тақсыр, білгісіз, Жорылық мұны
енді біз; Әуре боп босқа жүрелік; Басқа елден тағы ізделік;*

Бұйрық рай формасы –лық, -лік формасын ауыстырып –йық, -йік I жақ жіктік жалғауы негізгі нормаға ауысты. Әлімбетов нұсқасы: *Көрінбейін өзім деп, Көңіліне осы келді; Айдаһары көп еді; Көрмейін деп уәзір; Айналайын, жаратқан, Нағылып мұнша қинадың; Көрейін деп көзіммен, Тоғайға өзі жүріпті; Барайық Қарқабаттың баласына, Орманның тастап кеткен арасына; Істейін, айтқаныңды бәрі мен; Айтайын көңілімдегі жұмысымды; Аралап көрейін деп бөтен жұртты; Айтайын тіліменен жалай берді; Патшаға айтайын деп жөнелді; Бетіне қыздың күйе жағайын деп; Ойланды падишаға барайын деп; Кегімді сөйтіп бұдан алайын деп; Екеуін дарға тартып өлтірейін; Жырдың әрін йін қосымшасы көтере түседі:*

*Амалым жоқ қайтейін,
Түскеннен кейін қолына,
Тәж-тақтың беріп кетейін,
Басымның қамын етейін,
Шеризаттың көзіне,
Көрініп мұнда нетейін.*

Нысанбайұлы нұсқасы:

*Қасына таман барайық,
Сәулеті бар бала екен,
Аңғарып сөзін қарайық,
Тасаға атын байлаңдар,
Көрмесін ешбір халайық,
Жақтырсаң егер қырқымыз,
Біреуіміз ер қып алайық,*

*Кім айтса егер басқаға,
Желкесін қиып алайық,
Тісіңнен сөз шығарма,
Бір ауыз ғана болайық.*

Акын шығармаларында жекеше форманың анайы түрінің II жағында -гін, -гын қосымшасы қолданылады: Әлімбетов нұсқасы. *Тілегімді бергін деп, Мінәжат күнде қылады; Аулақ үйге жүргін деп, Уәзірді патша ерітті; Бұлар кім барып білгін депті; Мәнісін оқып қарағын; Оның кел, маған десең келгін жүзің; Уәзір айта бергін сен жайыңды; Әйелін падишаның өлтірген деп; Кінәмді менің кешкін деп; Нысанбайұлы нұсқасы: Өлтіргін деп қатынды, Зәңгілерге бұйырды; Бала қылып алғын деп, Машқұлатқа береді; Дарбазаны ашқын деп, Айқай-сүрен салады; Аңсадым беттен сүйгіз келгін деді;*

Есімдіктер. Омбы нұсқасы: *Қызыққа қанық болды һәр бір шаһар; Сонда дұшман қафтар һәр тарафтан; Асманға бу зарықлар естілді; Атыспай, шабыспайын һеч...; Білмесін бұл сырымны һеч адамлар; Излесін һеш үйші таба алмайды; Һеш адам алтын үйді сала алмайды; Һәр жерден зар еңіреп қарап жүрпін; Һеш жерден Маһимәнзарны таба алмады; Һеш хайла табуга қыла алмаған; Нысанбайұлы нұсқасы: Сасқанда ақыл қосқан һәм есі едім;*

Сонда есімдегі сонды түрінді қолданылады. Омбы нұсқасы: *Шеризат айтты сонды қыз Гулшатқа;*

Үшбу есімдігі септелеп жұмсалады. Омбы нұсқасы: *Үшбунның шадлығына қуанысып; Үшбунның шадлығына шүкір қылып;*

Үшбу есімше тұлғалы етістікпен тіркеседі: *Барлығын үшбу айтқан көңілге қой; Сын есім орына жұмсалады: Сонда Шеризат күледі үшбу сөзге; Үшбу қағаз гауһарды танырсың деп; М-Жүсіп нұсқасында: Бір батыр келер деймін үшбу жерге; Қосылды үшбу жерді екі гашық; Әңгіме үшбу қисс сізге жетер;*

Үшінші жақтағы жіктеу есімдігі де, ол сілтеу есімдігі де бүгінгідей сол үшін, ол үшін ыңғайында яғни атау түрінде емес, ондағы сілтеу есімдіктері ілік жалғауында септеліп тұрып қолданылады: *Фида қып шыбын жанын соның үшін;*

Деп көмекшісінің көне тұлғасы дайу, даю, қолданылады: *Хан басын құллық даю жерге қойды; Фарүс сонда бас ұрды құллық даю (Омбы нұсқасы)*

М-Жүсіп шығармаларында Абайдың қолданысындағы -ар+ға тұлғасы ұшырасады. Әлімбетов нұсқасында: *Падишаның әйелі, Ту+ар+ға аз күн қалыпты; Туарға отыр жақындап, Өзіне болсын*

обалы; М-Жүсіп нұсқасында кездеседі: Түр+ар+ға жер таппады ақыл, ойым (159-бет).

Е көмекші етістігінің едім-нің орнына ердүм, еді деудің орнына ерді қолданылады: *Мен бұрын заманлардан ғашық ердүм; Сырымны білдірмедім сасұп ердүм; Мен сізге әуел бастан ғашық ердүм; Әлімбетов нұсқасында: Қабыл еттім, е тақсыр, Бұл сөзіңізді жөн деді* – деген жыр жолында жалаң е қолданылады.

Сөзжасам: -гер қосымшасы арқылы: *Саудагер падишаға жетіп келді (Омбы); Нысанбайұлы нұсқасы: Жиылған өңшең кемеңгерге; Алдында жауапкерсің жаратқан хақ!; Сіздер жүрген саудагер адамсыздар (Әлімбетов); Х. Досмұхаметұлы «Тілімізге жат тілдерден (парсылардан) кірген жұрнақтар бар: 1. -Кер, -гер; 2. – Хор,-қор; 3. -Паз. Жат тілден кірген жұрнақтар шала жұрнақтарға қосылады, бұларда қостық жоқ» (Ташкент, 1924, 7-бет).*

Сөздердің бірігуі арқылы жасалады: *Қасында Гүлшатжанның бағбаны бар; Кейігні бозбалаға мирас қалсын (М-Ж);*

-Шы жұрнағы арқылы сөзден сөз туады: *Қасында бір ақсақал басшысы бар; Екі жүз дәл өзіндей қосшысы бар; Қалыпты қарауылышы дауыстасып; М-Жүсіп нұсқасы: Бұрынғы шаһи Көркін қазынашайы; Әсет:Тумаи қалды ханның мирасқоры; Нысанбайұлы нұсқасы: Әкеңнен мынау қалған жаднама деп, Байлады білегіне баланың кеп;*

-Ше қосымшасының өзгеше ыңғайда қосылуы:Күнгенше сөзінің қолданысы туралы Е. Жанпейісов айтты (115). *Әр күнше аманат деп ер Көркін шаһ; Нысанбайұлы нұсқасы: Өтінеміз сіздерден, Бір күнше бізбен болыңыз, Күнше сөзінің әдеби нормадағы тұлғасы біріккен бүгінше сөзінің орнына қолданғанын байқау қиын емес (-ше, -ша қосымшасы туралы Е. Жанпейісов жазды - қараңыз). Әлімбетов нұсқасы: Уақытынша отырсын патша болып; Уақытынша (-ын) буыны артық әдеби нормада уақытша деп жазылса, Әлімбетов уақытты сөзін уақты түрінде қолданады: Уақты күні біткен соң, Дүниеден жөнелді; Толғанша он бір жасқа туган балам; Әкеңнен мынау қалған жаднама деп; Саудагер бай кісі еді дүниесі көп; Адамзаттан болекше үр мысалы; Ат үстінде қол салып белбеуіне (бел+бау); Жүзіқара болдым деп, Бетіне қаны қалмады; Нысанбайұлы нұсқасы: Жылша сөзі де күнше сияқты түрленген – ша жұрнағының әсерінен, адвербиалданып барып, үстеуге айналған: Бір жылша ғана күңсетші, Қарқабат потша жарымды; Жалтылдап отыр жұлдызша; Шерқуат бала ішінде, Әскерше басып қутырып; Артықша туган жан екен; Жырда алынған мысалдағы қызша сөзі екі*

түрлі жағдайда түрленген *Толықсып отыр* үр қызша; үр қызша тіркесі есім сөздің орнына жүріп тұр. Ал, мына: *Ойнап жүр бауда қырық қызша* деген жолдағы қызша сөзі алдыңғы жолмен түрленбей **комсынбау, менсінбеу** мағынасында қолданылған.

-Ше қосымшасы есімше тұлғасынан соң келеді: *Сізді қайтіп көргенше; Жасырып жүзің көргенше; Сыйлады соны шамада, Тұрып ем жаман қорқынып; Қорқынып* сөзі **I жақтың** бөгде біреудің атынан сөйлегені сияқты өзгелік етіс ыңғайындағы үлгіде жұмсалады. **Қорқынып** сөзі қазіргі кезде **қорқып** деп қолданылады, бұл жағдайда **(-ны)** буыны артық жұмсалады. **Нысанбайұлы** нұсқасында да, **Әлімбетов** нұсқасындағыдай артық буын қолданысы ауыз әдебиетінің әсерінен болған құбылыс деп білеміз. Бұл нұсқада **-лар** жалғауынан кейін **-ше** қосымшасы қолданылады: *Күйеулерше сызылып, Толықсып кетіп барады;*

М-Жүсіп демеулік шылауын **іс-әрекеттің нақтылығын** айқындау үшін қолданады:

*Қиындық мұндай патша көрмеген-ді,
Қылышын қысылған соң сермеген-ді.
Ажалды өліп қалды қылыш тиіп,
Ажалсыз патша мұңдық олмеген-ді...*

Тағы (тағын) **жалғаулығының** **-дағы** түрі қолданылады. **Омбы** нұсқасы: *Қоймасты екі пара қылды-дағы; Тағы ойлайды нақақтан қан төкмекке; М-Жүсіп нұсқасы: *Қаниа жанды жұмсадағы; Басқат қылыш тиседағы; Жанар отқа күйседағы; Жәнедағы жүз батыр;**

-Мы сұраулы шылауының **II** жақта жіктік жалғауынан соң келеді. **Омбы** нұсқасы: *Тірі боп отырмысың, ей, ант жеткен;*

Табыс жалғауы қазіргі әдеби тіліндегідей и түріндегідей емес – **ны, -ні** түрінде жалғанады. **Тәуелдік** жалғауының **III** жағынан кейін: **Омбы** нұсқасы: *Шахыны тілеп тұрды жанның бәрі; Шахыны дарғаһына алып барды; Айтайын арымны хұп тыңлаңыз; Сізлерні ренжітпей билеп тұрұр; Ұғыл болса тахтымны аңға сақта; Бұл сөзні қабыл көрді көп жамағат; Сен Фарұхзат, тұтқайсың тахтымны; Бұларны есіткен соң батыр Шеризат; Хабарны бағбаннан алған алған екен; Гауһар менен қағазны бұған берді; Айтайын арымны хұп тыңласаңдар;*

-У жұрнағының орнына **-ғу, -қу** қолданылады. **Омбы** нұсқасы: *Болғушы бәрі де жер йүзінде хан болмағай; Жаратқушы хұдадан;*

Эпентезалық құбылыс: **-ушы** жұрнағының алдынан **ғ** дыбысы енеді: *Болғушы бәрі де жер йүзінде хан болмағай; Жаратқушы хұдадан;* **К-не** **-ғай, ж/й, к/х** ерекшеліктер де кездеседі.

Шырай формасы: Омбы нұсқасы *Тұр екен ішкерірек Қоймас батыр;*

-Мек қосымшасы. Омбы нұсқасы *Фарухзат соныменен сөйлесмекке; Тағы ойлайды нақақтан қан төкмекке; Жонелді тәуекел деп ізлемекке;*

Болымсыздық мән беретін емес формасы жіктеліп барып қолданылады:

*Өзім жетім, әкем жоқ, сері емеспін,
Бай дәулетлі елімдемін, төре емеспін,
Әлім жоқ хұдай деген бишарамын,
Тобынан асып жүрген ер емеспін...*

Болымсыздық мән беретін көне емен көмекшісі қолданылады: *Хан да емен, төре де емен, шейіт де емен; Кедей емен өлмелі таңсық малға (М-Ж.)*

Көсемшенің құранды -лап, -леп (-дап, -деп, -тап, -теп) формалары арқылы вербалды мағыналы сөз жасалады. **Нысанбайұлы нұсқасы:** *тарсылдап, жарқылдап, ойнақтап, сықылдап, сартылдап, шақылдап, жақындап, жалпылдап, жалтылдап, саңқылдап;* Осы қосымшалар қосылған сөздер бәрі бірдей үстеу болмайды. А. Ысқақов: «Өте-мөте вербалдық (етістікке тән жіктік форма қосылатын) жақтық мағына білдіретін т.б. формалар үстеу болмайды. Олардың ішінен тек вербалдық мағына білдірмейтіндері ғана, демек, адвербиалданған формалары ғана үстеуге жатады. Мысалы: *қырықтап, отыздап, жаяулап, темірлеп т.б.*» (339).

Сөздің ықшамдалуы: Омбы нұсқасы: *Ойлаушы ем атым жиһаннан кетпейді деп* (едім); *Келтірсең бұ (бұл) бұйрықты бажайыңа; Нағылып бұ (бұл) сафарда сізлер жүрсіз; Жала қып (қылып) бұ (бұл) байғұсқа қасд (д) қылған; Қасд-кастық сөзінен ықшамдалғаны байқалады.* **М-Жүсіп нұсқасы:** *Болмаған мұңсыз пенде бұ (л) жалғанда; Қолына ап (алып) жейді бала берген етін; Не түсед (і) деп көзімізге; Жамандарға өлімді еп көргенмін; Ғаярың аңтаң қалар бұ не кеп деп; Әсет нұсқасы:* *Екеуі жас кезінен жұбай өскен; Жұбай сөзі жұбын жазбай өскен сөзінен ықшамдалғанын анық байқаймыз.* *Шаһмасел алдында серт берген еді (і); Өлікті арқалап ап кетті жүріп; Шеризат атой салып қан майданда; Атой сөзі ат ойын сөзінен ықшамдалған дейміз.* **Әлімбетов нұсқасы:** *Көтеріп бұ да бала, болды жүкті; Жолбарыс қайғылы еді бұ да көптеп; Балаға жолбарыс та болды ықрар; Ықрар сөзі ықтия сөзінен ықшамдалғаны сияқты. Боп жүрді күнделікті көңілі шат; Сауда қып келеатырмыз сол жақтан; Кележатырмыз сөзі ауызекі*

сөйлеу тілінің әсерінен келеатырмыз болып ықшамдалған, қазақ тілінің жазба заңы бойынша екі дауысты қатар келсе, соңғы дыбыс кейінгі ықпалдың әсерінен түсіп қалады, бұл арада заңдылық сақталмаған. *Жолбарысты мініп ап ер Шеризат; Қайтып кеп атасының қолын алды; Гулшат сонда қыздар сөйлейді кеп; Ас іштей бүйтіп неге жатырсыз деп; Қалай қып жолығамыз бұған депті; Қағаз ап бір қыз кетті мініп атқа; Жинап ап дар астына барлық жұртты; Кеп тұр деп әскер ертіп хабар берді; Шеризаттың Қоймас көріп бұ қылығын; Ұстап ап айналдырып аспанға атты; Оларди уайым қып жемеді қам; Мен болмасам бұл жерге келмес ең деп* деген де едіңнің ықшамдалған варианты ең; **Ила** гып сен барып бір алмасаң; **Ила** сөзі **илантып** сөзінен ықшамдалғанын мәтінге байланысты анықтаймыз. *Ұрыстан таң атқан соң найын тартты; Найын* сөзі **сазайын** сөзінен ықшамдалғаны байқалады *Ұстап ап біреуіне бірін қоспай; Шеризаттан рұқсат ап; Едім көмекшісі ем* болып ықшамдалып, жырдың эмоционалды-экспрессивті реңкін өсіре түседі:

*Туган өзім көріп ем,
Өлтірмей тастап келіп ем,
Болған істі хатқа сап,
Тумар гып байлап беріп ем,
Тірі жүрсе дүниеде,
Шығарып сонда біліп ем.*

Нысанбайұлы нұсқасы: *Данаға аян берді, қатын келіп, Жүруші ед (і) тірісінде жақын көріп; Келеміз жам(н) дап оны біз; Көріңсін деп жарық әле (у) мет ; Тұрып ем (едім) жаман қорқып; Ойлап ем (едім) белді опырып; Әп кетелік үңгірге; Өлімнен қызың ап қалар; Іреңе жас баланың; (І) реңі протезалық құбылыс болып табылады. Қолыма әпкеп бергін деп, Өлтірген белгің сол болсын; Бүйте берсе бұл бала, Бөгейді сіздің жолыңды; Ап қойды мойнын суырып; Естуші ем Мүшкіл де, Перзентке зарлы неме еді; Ойнап ед (і) қысып қолымды; Жүруші ем шырт үйқыда қапаланып; Жүруші ем тірі күнде жақын көріп;*

Көңіл-күйді білдіретін демеуліктер:

*Бұлайша не деп айттың сұлу, япырым-ай,
Ала алмас Алмас, Қоймас батырың-ай.
Анадан бір туган соң әлмек бар-ды,
Мен қылмаймын қорқыныш жарқыным-ай... (М-Ж)*

Еді көмекші етістігі мен ау демеулігі тіркесе қолданылады:

Мана бір екі жаман қалып еді-ау,

*Өтірік ә дегенде талып еді-ау.
Күн батқанша бір шұңқырда бұғып жатып,
Түн болғаннан соң артына қарай-қарай барып еді-
ау... (МЖ)*

Дейді көмекшісі де етістікпен тіркесіп жұмсалады:

*Жарлығыңызбен біз сіздің бардық дейді,
Алмас пен Қоймасты басшыға алдық дейді.
Қауға түскен бір өттей лаулап жанып,
Қырылып баршамыз да қалдық дайды... (М-Ж)*

Бирлән, илән, һәм, ила шылаулары: Омбы нұсқасы: *Патшаға арыз бирлән халайықлар; Жөнелді көп сепанн жолдас илән; Бұл ингам ылән кескенім тіліңізні; Һәр түрлі қызық илән тұрды дейді; Һәр түрлі жұмыс илән ақыл беріпті; Алтын билән күмістен салды йін; Алдына тағзым билән сәлем берді; Мың түрлі газап илән өлтірейін; Шаригат хукім билән обалы жоқ; Бісмиллә бирлән кел асып жамандап; Жапанда беклер билән ойын қылған; М-Жүсіп нұсқасы: Өзі тақуа ақылды һәм данышпан; Шаригат хукім бирлән жоқ па обалы; Нысанбайұлы нұсқасы: Көтерілді жоғары, Болмады ила шығарым;*

Және шылауы сөйлемнің аяғында келеді, мұндай құбылыс бір-ақ жерде кездеседі: *Қиянид нәсілінен аргы атасы, Қарқабат өз әкесі мұның және;*

Объектіні сөйлететін етістік айтылар ойдан бұрын келеді, ауыз әдебиетінің үлгісіне тән қолданыс Әлімбетов нұсқасында жиі кездеседі, бұндай қолданыс басқа нұсқаларында жоқ. *Қыз айтты: әкем бізден хабар тауып, Көп әскер жіберіпті палуандарын; Уәзір айтты: ия, жігіт, жолың болсын, Патшаның шарбағына жүрсің неғып; Бала айтты: жігітімін бөтен елдің, Бағдаттың шаһарынан мұнда келдім;*

Одағай. Омбы нұсқасы *Сол салар сіздің үйді, ей патша; Кім болды бұл жерлерде, әй агалар; Барасыз, әй жігітлер, қайсы жерге, Кім екен, ай хожа кел анық біліп; Шеризат қызға сөйледі: әй, феризат; Айтады Шеризат сонда әй, Гүлшатым; Ас берсең хұдай үшін, әй, шешеке; М-Жүсіп нұсқасы: Тірі боп отырмысың, ей ант жеткен; Жылап Шеризат айтады, ей Гүлшатжан;*

Лексикалогия саласы.

Байырғы сөздер. **Әр нұсқаларынан:** *Патша өлер халға ерүшкен соң; Иллаһин мұндай халға ерүштірді; Тілекке ерүштірсін ұрди фанан; Сөйлейді патша сонда әндишасын;*

Көне сөз: *патша, қатын, падиша, семсер, дақинасын, аманат, шаһар, тәж, тах, дат, даю, бақсмы, балгер, дәуриш, диуана, олжа;*

улықсынып, Әсет: уәзір, тәж, тақ, сарай, Әлімбетов: Кім егелік етеді; Қайтіп түссем ордаға; Құлап сап тыңда, жамағат, Айтайын қызық хикаят; Қағазда тұмар жасап, сыртын қаптап; Жолбарыс еге болып қалған ұлға; Дейді екен Қожжа Әсет оның намын; Артқаны қырық қашырға тіллә мен оқ; Көреді қалың орман, бадал жерді; Гүлшаттың көрген замат ышқы кетті деген жолдағы замат сөзі заматта // мезетте баламасы есебінде белгілі, ал ышқы сөзі ышқынып сөзінен қалыптасқан, келе-келе мағынасы солғындаған. Ышқы сөзі бұл арада мазасы кетті деген ұғымда қолданылады дейміз. Мына жыр жолындағы ышқы сөзі жағдай, бедел (условия, положение) деген мағынада жұмсалады: Ышқы барлық қылады ол жігітке, Тақтыны кешке-күндіз бірге отырып; Суырып алмас қылыш қолына алды, Жолбарыс Шеризатқа пәнже салды; Әскерге қарсы шауып нағра тартты; Сөйлеуге мажалы жоқ аузын ашып; Бәзім қып, Гүлшатпенен шарап ішіп; Өзіңіз әскер басы сардар етер; Бұлардың келіп қосына; Парихзатты он жылға, Бадарға зындар қылады; Ынтымақ пен Парысты, Най уәзір қылады; Нысанбайұлы нұсқасы: Болып тұр құрсан көңіл шат; Құрсан қылды жолдасын; Табарсың деді дәрежат; Қарқабат ердің көдегі; Тілладан жабдық тұрғызып; Ақкегілге қамшы ұрды; Ойнап жүр бауда қырық қызша; Қасымда нөкер қырық жігіт; Дүниені тәрк етер, Өзіндей жігіт бір тұрса; Ордаға кірдің сұрамай, Көрмелік айып оны біз; Ордаға бүгін бір жатып, Тарқатсам деймін құмарды; Ертіп жүрді ордаға, Шеркуат сынды баланы; Кесірім менің тиер ме, Біреудің жалғыз көдегі.

Араб-парсы сөздері: Омбы нұсқасы: гадалаты, сияһ, шаһарында, миллатлар, аулатында, тахтында, бирлан, шадлығына, халайықлар, нөкер, зағифа, қафалы, хамла, халас, фанан, мехнат, сепани, илән, дарғаһына, ахырат, дүния, жиһан, тараф, гадалат, қабақат, хайыр, қафтар, фанан, хұдауәнда, тарафтан, жамағат, хұдауәнда, мәшгүл, рузи, һауалы, жиһан, сифатына, бекзас, бустан, әлик, М-Жүсіп нұсқасы: мукәммалым, гаріплерім, мирас;

Орыс тілінен енген сөздер. М-Жүсіп: миллион, порымына, Әсет: панар, музыкасын; Әлімбетов нұсқасы: кәлендар; формасы, порымына; Нысанбайұлы нұсқасы: формасын, порымын, Жолбарыс шері порымды, пара, еркек пормджа;

Шағатайша сөздердің түрленуі: Ғамдәрінің күнлері болды шадлар; миллатлар, гадалатті, күнлері, шадлар, арсылан, жолдаслары, жұртларынан, тыңласаңыз, хамла, гауратлар, Маһ руи, сүнбілі, ширин зибан; Ай жүзлі, сүмбіл шашлы, тілі халуа;

Әлем: *Мұндай бұстан неш әлемде болмағай; Шығады әлемденіп айдалаға;*

Шер көне атауы арыстан деген сөз: *Шер деген сөз арабша арыстан екен; М. Мағауиннің «Шақан шері» романы осы жолбарыс туралы әңіме болады.*

М-Жүсіп нұсқасы: *ғаяр сөзі есімдердің орнына да қолданылады: Сол уақытта Ахтар ғаяр көзі көрді; Болған соң өзі ғаяр аясын ба?; Азгана Ахтар ғаяр хабар қылды; Шақырғанда келеді Ахтар ғаяр; Һәр жерден сөйленеді ғаярын көп; Қарақшы мынау ғаяр Ахтар келді; Бір ғаярынан сөз келеді; Сұрайды және ғаярның бұлар жөнін; Бір қатар таяқ жеді сонда ғаяр; Қысылған соң шығады ғаярдан тер; Көрсет деп ғаярын да алып жүрді; Ағашқа Ахтар ғаяр алып келді;*

Нысанбайұлы нұсқасы: *Мада есім сөздің орнына қолданылады: Қолымдағы мада жолбарыс;*

Бәдім сөзі тәуелденіп қолданылады:

*Гүлім нұры феризат шекерім бәнім,
Сұрама ашуымды шекер бәндім...*

Майдан сөзі де түрлі мағынада жұмсалады: *Нағылып шықмайды деп бұл майданға; Шығады әсемдетіп майдан жерге; Майдан жерде жүргенде; Майданға бісміллә деп қоя берсең; (Будаговты қараңыз) М-Жүсіп: Майданға алып барып бос қой басын; Қалмаңыз сол майданнан көрі-жасың; Әсет: «Шық бері, батыр болсаң майданға!»; Майданда жас батырды байқады енді; Тұлпармен қан майданға шауып кірді; Хан ата, қан майданда батаңды бер; Шеризат барып тұрды майдан жерге; Шеризат атой салып қан майданға; Майданға шықты бала айқай салып;*

Әскер сөзінің ләшкер варианты да қолданылады: *Ниһаятсыз оның ләшкер сепані; Нақақтан әскер қанын төкпейік деп; Жүрмекке ләшкер тартып сайман жасар; М-Жүсіп нұсқасы: Қаниа әскер жабылса да қылмайды кәр; Қасыңа жүз әскерді ертіп алып; Келсе де жүз мың әскер жұмыс емес; Шеризат қырды ләшкердің енді бәрін; Болса да жүз мың әскер жүғын емес; Бұл Шеризат көп әскер қырған екен; Рүмға ауыр әскер келіп қонған; Бет алды қиын іске әскер басы; Екеуі екі мыңдай әскер алып; Қасында қалың әскер атты-жаяу; Жанына сансыз әскер серік алып; Екі жүз тағы артынан әскер ертіп; Кеп тұр деп әскер ертіп хабар берді; Әскерге қарсы шығып нағра тартты; Алмастың әскеріне жан қалмапты; Әскерге аттансын деп хабар берді; Неше мың әскеріне өзім баспын; Әскері падишаның тұр қамалып; Жинайды әскер қамдап; Есепсіз әскер патшадан;*

Нысанбайұлы нұсқасы. Кілем, көрпе: *Жем ілді кілем добамен, Жоңышқа таза салады; Жібек кілем атлас, Шайы көрпелер салады; Қымбатты асыл шайыдан, Шұға көрпе жабады;*

Асыл тастар мен металдар: *лағыл, жауһар, гауһар, алтын, күміс, шойын;*

Сөздердің көп мағыналығы. Омбы нұсқасы: *Йүз сөзі әр түрлі мағынада жұмсалады: ай үзлі, йүзлі қараңғы, йүзі жарық, жарық йүз, йүзі нұрлы, йүзлері толық, йүзі солған, йүзінен өбін, йүзі жылы, йүзі сарғайып, йүзі гүл, йүзі қара; Йүрек сөзі әр түрлі мағынада жұмсалады: йүректері от, йүрегі қорыққан.*

Уайым-қайғы. Әлімбетов нұсқасы: *Уайым-қайғы жемейін; Көңілінен падишаның қайғы шықты; Қайғысы деп баланың, Зар жылап, іші күйді; Қайғысы кетіп көктемнің, Болғай да қабыл тілегі; Уәзірді көргеннен соң қайғы басты; Шумердің нақылы «Знание рождает печаль» араға 40-50 жыл салып Абай «Қайғы шығар ілімнен» -деп қайталады («Мұхтар мұрасы» Жанпейісов Е. «Қайғы шығар ілімнен»-147) деген мақаласы Абайдың осы бір ауыз өлең жолынан басталып үлкен проблемаларды қозғайды. Қарқабат: Жақсылыққа жорыңдар, Арт жағын қайғы қыламын; Көңіліме қайғы етемін, Атамның жалғыз қылғанын;*

Қисса ауыз әдебиетінің дайын трафереттарын пайдаланады:

*Сонда Гүлишат сөйлейді,
Булбұл дауысын күйлейді,
Күйлегенде бүй дейді,
Өлтірме деп атамны,
Зар илеп еңіреді...*

Нысанбайұлы нұсқасы:

*Бірнеше күндей жол жүріп,
Азгана емес жол жүріп,
Үрімге жетіп келеді.*

Синоним. М-Жүсіп нұсқасы: *Жол жүріп, сапар шегіп көп керуен;
Үрікпей, қорықпай жүріпті оңаша;*

Антоним. М-Жүсіп нұсқасы: *Өлі жаннан тірі Жан қорек етті (М-Ж.) Жақсыға жаман адам таласа ма?; Жамандар жақсы болсаң жанаса ма? Әсет нұсқасы:* *Өмір-өлім ежелден құдірет ісі; Ел-жұртым, Қош-аман бол, үлкен-кіші; Әлімбетов нұсқасы:* *Ырза қылып қайырды, алыс пенен жақынды; Дос көркейіп, дұшпан тізе бүкті; Мен доспын қиметтік, әкем дұшпан; Нысанбайұлы нұсқасы:* *Бір ізгері, бір кейін, қылықсып басып қадамы;*

Антонимнің грамматикалық мағынасы. Әлімбетов нұсқасы: *Я, келерсің, келмессің, Енді өзіңіз біліңіз*

Арханзм. Омбы нұсқасы: Шеризат найза, қалқан даярлады; Шеризат бала қолына қылыш алды; Я, алла, деп басына қалқан салды; Болғушы бәрі де жер йүзінде хан болмағай; Бү жиһан ғаламда сендік гаділ сұлтан болмағай; Сонда ақсақал кісесін қолға алды; Жидетке Шеризат өмір қылды дейді; Дарға асып Фарұхзатны өлтірмекке; Зынданға сол күн түнде салды дейді; Тебриз уалаятын билеп тұрған; **М-Жүсіп нұсқасы:** Сықылды қылышпенен бір-ақ тартқан; Таһарат Барыс уәзір тамам алды; Басын кесіп қылышпен бір-ақ тартып; Деп құлдар бір тоғайға алып барды; Даярлап Шеризат бала қалқан алды; Басына дулыға мен сауыт салды; Алмас түр өткір қылыш қайрап алып; Найза, шоқпар қолында, қылыш белінде; Зынданда жап мұны деп бұйырады; Жөндеттер Парықзатты зынданға жапты; Зынданға жасауылдар мұны салды; Патшасы шаһар кезіп жүргенінде; **Әсет нұсқасы:** Жарқыдатып қанды жүз қылыштарын; Жөндеттер шапты қанжар аямастан; Үйренді садақ атып, қылыш шауып; Жауына қас найзасын батырады; Балаға батыр зәңгі қадам басты; Мың батпан күрзісімен ұрайын деп; Шауып келіп күрзімен зәңгі ұрды; Сынауға дулығасы қалды таяп; Ұстады жаудың сауыт жағасынан; Сауғаны үлестірді үйіп-үйіп; Жаудан түскен олжаны алды жиып; Қараса қолына алып, таққан тұмар; Беліне алмас қылыш бекем байлап; Асынған найза, қылыш-қару-жарақ; Қарысты тағы ала сап шоқпар қылды; **Әлімбетов нұсқасы:** Жамбы тігіп аттырып, Күрестірді батырды; Бір күні патша жазған қосылды; Хан уәзірі мен бектерін алды жиып; Балама алтын тақты қайтіп берсін; Уәзір, сардар бәрі де қолын қойып; Атына мініп алып қамшы басты; Қылышпен басын шауып, ішін жарды; Жүреді әр шәһарда сауда қылып; Бәліне тіллә кәмәр буындырды; Білегіне байлаған тұмарды алып; Дарияның жағасынан бағы бұстан; Тіллә жапты, атына ерін салды; Ордаға оны алып келісіпті; Тартылып керней-сырнай құрды бәзім; Күндіз-түні шарап ішер бәзім құрып; Асынды жарақ-сайман, сауыт киіп; Падша екеуіне ақыл салған; Екеуін дарға тартып өлтірейін; Қақ жарып ұрған қылыш бөліп түсті; Балаға найза ұрды көңілі тасып; Найзасын жулып алып өзін шанышып; **Нысанбайұлы нұсқасы:** Сүйінші шаһым беріңіз, Рас па тақсыр, белгіңіз; Тілладан жабдық тұрғызып; болаттан сауыт кигізді; Семдерді берді қолына, Алмас қылыш ілгізіп; Алмас қылыш ілгізіп; Алмас қылыш, семдерді, Шеркуат қолға алады;

Анротопоним. Омбы нұсқасы: Көркін, Гүлиат, Шеризат, Фарухзат, Фарус, Гүлиатхан, Тифур, Фердауси, Алмас, Қоймас, Асад, Маһимәнзар, Мәнзар, Ахтар, **М-Жүсіп нұсқасы:** Сүйіндік, Күлік, Барыс, Парықзат, Көркін, Сағит, Мағбұз, Манзал, Ақтар;

Әсет нұсқасы: Көркемше; Таһмас, Шаһмас, Қабдолла; Әлімбетов нұсқасы: Қарқабат, Пархизат, Парс, Айым, Әсет, Шеризат, Алмас, Әсет, Шеризат, Алмас, Қоймас, Гүлишат, Шеризат; Нысанбайұлы нұсқасы: Дана, Мүшқұлат, Мүшкіл, Майсанга, Қарқабат, Шері, Шерқуат, Зұлмат, Құндызша, Мәпия, Мұхамбет, Қуат, Үрістем, Дастан, Әлі, Салсал, Мәлік, Зеберлес, Қапал, Сапал, Айнар, Жаппар;

Этнотопоним: Омбы нұсқасы: Қытай, Рум, Қиянит;

Топонимика: Омбы нұсқасы: Шын-Машын, Қытай-Хотан, Бағдат, Ирам, Румын, Тебриз, М-Жүсіп нұсқасы: Ирамбағы; Ақсұңқар, Бағдат, Мысыр, Шам; Әлімбетов нұсқасы: Үрім;

Киім атаулары: Атлас лабас киімті хале тонын;

Тұрақты тіркес: Омбы нұсқасы: қаралы екен, дүние шіркін, қабыл болды, той қылып, шашу шапты, түбіне ойдың жете алмайды, тағзым қылды, қабыл көрді, бас ұрып, қырық күн, асын берді, жан тәсілім, тәрік етпей, хан көтерді, дәурен сүрді, бұйрық қылды, һәр тараф, уафық жеме, көзі көрген, жаман састы, тұмар қылып мойнына тақты, жеті жұрт, көңілі тынып, қайырлы сағатында, құлақ салып, төрт көзі сегіз болды, төрт болып екі көзі, оттай жанып, мың түрлі, шыбын жаны, **М-Жүсіп:** ұғып алсын, мейірі қансын, мирас қалсын, дүние жүзі, өнер қайнап, оттай жайнап, дүние жалған, сөзін ұққан, сөзім майда, зәресі ұшты, жман састы, күм болып жігерлері, түбінде адам болуы екі талай, құлағынды сал, күм құйылды сүм көзіме, құданың күдіреті, қайғы салып, тұз жедім, шайтан салған, құдай шебер, іші күйіп, тұз хақысы, ұшып кетті, хан көтеріп, көзі қимақ, көзін салды, аузын ашып, судай тасып, сұмырай заман, құдай ұрып, көңілі толды, аузы батып, заһар шашып, түс жорушы, күм толды, қанды жас, қан арқалып, кең дүние көзіміз тар, арты жақсы, көрден-көрге, өлім кірді көңілімізге, тіл мен жағы, көз тойыпты; көктемнің масқарасы, салды көзін, күйдірді ішті, айдай жүзі, көзге түскен, көңілі тынған, мойнын бұрған, бір ауыз сөз, бір қасық қан, күшып қара жерді, таң атты, сапар шекті, ай мен күндей, қарыным ашып, іші күйіп, ырым еткен, Жан тәтті, мауқын басып, көздің жасы, тілекті құдай берді, жаннан тәтті, күнәсін кешір, тіл тоқтайды, **Әсет нұсқасы:** нұр жауады, іштей қатты қайғыру, терең батып шерге, бұл жалған, опық жеп, қайғы жұтып, күдер үзіп, көңіл көркі, түлен түртіп, ажал айдап, қызыл тіл, азулы жыртқыш, құдай қосқан, қиямет қайым, дүние жалған, қыбыр жоқ, тілі байланып, алай-дүлей, үміті бар, жар салу, нар тәуекел, көзінді сал, құлағынды сал, бағы жанып, нар тәуекел, қара жерге кірсін, құрық кетпей, тірі жанды көзге ілмей, көзін жұмып көреді, жан үзілді, мұң мен зар, шар тарап, өмір шашып, шыбын жан, қайғы жұтып, үні өшіп, тәңірім жаратқан, жеті ықлым,

үрейі ұшып, қан майдан, бата беріп, жаны ашып, кебін киіп, мың батпан, жай тигендей, ат-тонын ала қашты, тіл көзден сақтасын, бата берді, ажал қақты, жұлдызда ойнап, күдік кірді, көзі шалып, белді буын; **Әлімбетов нұсқасы:** құлақ сап, қылды айбап, тұяқсыз тұлпар, іші күйді, басын сүйеп жіберді, қайғысы кетіп, тілегі қабыл болсын, өшкенде жанған шырақ, маңдайынан ұрды, құйрық, жалым қуарып, артымда ізім жоқ, тілегімді бергін, уайым-қайғы жемей, тізе бүкті, кеселге ұшырады, тілімді алыңыз, тұзын көп татқан, ашиды удай тырнағым, шикі өкпе, өзегімді өртеп, отын өшіріп, қол қусырып, көзі жанып, қаны қайнап, жүні жығылып, құлағыңды сал, көзінің ағы мен қарасындай, қол қусырып, құрды ойын, көзі жанып, қанға толған, бетіне күйе жағайын, ішкі күйі, құдай ұрды, хабар шашты, реңі ұшып, ақыл салды, қайғы жеме, қапа боп, іші күйіп, қайғы жеп, түлен түртіп, зәресі ұшты, аузын ашты, көңілі тасып, масқара етті, зар илеп, қырық қадам жер, іштен тынып, шүкір қылып, нұр шашып, қайғы еніп, тілін алды, назар салды, бәзім қып, қойға қасқыр тигендей, қолын тартты, көңілі толды, құлақ салып сөзіме, мор ұрған, естен танған, назар салған, қанын төккен, тілеуін беріп, қуаныш кіріп, шаттық еніп; **Нысанбайұлы нұсқасы:** ішімде кетті арманым, жасын төгеді, көзінің қырын сала жүр, тістеулі кетті бармағым, көз түрткі болып жүрмесін, көңілі бұзылды, қол қойып, мейірі қанады, жүрегі үркіп, ажал айдап, бармағын тістеп, шарт қойды, қолды қусырып, мейірі түсіп, күш кіріп, іші өртеніп, жасын төгіп, ата шері, адасқан қой мен қозыдай, құдар үзіп, ағы менен қарасымын;

Діни лексика. Омбы нұсқасы: *хұдай, құрбандық, иллаһим, алла шаригат, зәнжір, бісміллә, хұдайдан тафиқ;* **М-Жүсіп нұсқасы:** *жаназа, жамағат, юхия ва ямитту қадиму алла, діңсіз көпір;* **Әлімбетов нұсқасы:** *алланың айтып зікірін, толықтырып құдайым, көзі жетіп өтеріне, ант қылады, сұм қара жер ойласақ, уайым-қайғы жегені, қолдан келер қайран жоқ, сөзіме құлақ салыңыз, алланың зікірі, жаназасын шығарып, шаригатқа сеніп, ораза қабыл болсын, айт қабыл болсын;* **Нысанбайұлы нұсқасы:** *көңілі бұзылды, қабырғасы сөгілді, жүні жығылды, қатын күйінді, алдына салып айдады, үнін өшірді, көңіліне алды, шошып түсті, қу тілді, көңіліне қапа, қайғы ішіне толды;*

Кітаби лексика. М-Жүсіп нұсқасы: *Бес жасынан оқиды "әліп", "би"-ді, Жетім қалған баланы тәңірім сүйді; Ау, қызар "Сайқал" оқыңдар; Ғаламда "Қисса Кербаланы"; Әсет нұсқасы: Ұстаздан сабақ оқыр сендей бала; Тағы да біраз ғана келді дастан;*

Этнолингвистикалық сөздер сипаты. М-Жүсіп нұсқасы: *Қылуға жарыс-қазан сойып тайды; Түс көрді ұйықтап жатып сондай жаман, Бата ғып қағыс қыл деп көз бен тілді; Әр жерден нақыш өрнек шеге*

ойыпты; Жыдырда патша балгер мен бақсыларын; Бай, жарлы, жауырынышы, жақсыларын; Ішінде бір жас бала балдама ашып; Жоғары төрге шықты қадам басып; **Әсет нұсқасы:** Ұлы дүбір, торқалы той жасады; Жаудан түскен олжаны алды жиып; Сауганы үлестірді үйіп-үйіп; **Әлімбетов нұсқасы:** Жамбы тігіп аттырып, Күрестірді батырды; Жүкті болды әйелі, Той қылды жұртты шақырды; Билерге ат мінгізіп, шапан жауып; Аң аулап, ит жүгіртіп, құсын салып, Бос жүрді күнделікті көңілі шат; **Нысанбайұлы нұсқасы:** Арқан керді жол тосып, Адамдар шулап баршасы; Тіладан ою бастырған, Шуга көрпе жабайық; Бетіне тұтып пердесін, Бұрала басып толғанып; Ойнаймыз деп "түйебас", үстіне қыздар шығады; **М-Жүсіптің "Мәшкүр" атты қалай алғандығы туралы** өлеңінде: Ойнағаны туралы ақ түйебас, Шындағаны шыңғырған дауысымарыза деген жолда "ақ түйебас" ұлттық ойыны аталып өтеді (117-бет).

Диалекті. М-Жүсіп нұсқасы: Әйнектен өз күйеуін Манзар көріп; Паршалық даражасаға қыз болып шат; Таһмас байқап тұрды терезеден; Ел кезіп, кент кешіп, базар басып; Сол кезде бір керуен қала келген (**Әсет**); Қарады сыртқыжаққатерезе ашып; Қас болып саған әттей туылғанмы; Жиналып атырабынакелді халық; **Әлімбетов нұсқасы:** Шәріне мейман келсе әрбір тұстан; Гүл ашқан, шашма бұлақ біткен шынар; Ия, Гүлшат, бір шыны шарап келтір; **Кесесін ішіп бала қайтіп берді** (кесесін метонимиялық қолданныс); Ішке кіріп бітіріп қақпаларын; **Нысанбайұлы нұсқасы:** Қас болып саған әтей туылғанмын; Палауды жұртқа төгеді; Түрлі ауқат бөліп береді; Аспазы ауқат дайындап, Алдына әкеп қояды; **Дарбазаны ашқын деп, Айқан-сүрен салады;** Құрсаулап темір шегемен (Ыбырай мық дейді);

Кейбір аталымдар. Омбы нұсқасы: гулама, молла, ишан, патша, хан, ханым, уәзір, ақсақал, ата-ана, шах, падиша, жамағат, жұрттым, халық, халайық, төре, сере, мырза, нәруәрдиғар, жаббар, ұрғашы, еркек, кәрі, жас; **М-Жүсіп нұсқасы:** бозбала, буаз, бала, жарлы, төре, қара, патша, хан, алдияр, байгүс, тұтқын, дәруіш, кәпір, мұсылман, мырза, нөкер, күзетші, диуана; **Әлімбетов нұсқасы:** палуан, би-бектерімен, баһадүр, қожас, саудагер; **Нысанбайұлы нұсқасы:** жетім, жесір, міскін, патша, жұрттым, уәзір, жүгірмек, зеңгілер, албасты, дәу;

Киім атаулары. Омбы нұсқасы: Атлас лабас киіпті хале тонын; Кетіпті мініп атын, киіп тонын; Ат үстінде қол салып белбеуіне, Тымақтай жібереді лақтырып;

Мата-бұл атаулары. Нысанбайұлы нұсқасы: Торғын, торқа, шөйі, атлас, қымбат, мақпал;

Жеміс атаулары. Нысанбайұлы нұсқасы: алма, аша, жүзім, өрік, миуа, құрма, мейіз;

Асыл тастар мен металдар. Омбы нұсқасы: лағыл, жауһар, гауһар, алтын, күміс, шойын; Нысанбайұлы нұсқасы: болат, зүбаржан, жауһар, тауһар, яқут, маржан; Нысанбайұлы нұсқасы: алтын, жақут, гауһар;

Аң атаулары. М-Жүсіп нұсқасы: аю, түлкі, қарсақ, бөрі, тышқан, қулан, бұлан, арыстан, айдаһар, марал, киік, қабылан, түлен, мысық; Әлімбетов нұсқасы: қабылан, жолбарыс, шер, айдаһар; Нысанбайұлы нұсқасы: арқар, елік, бөкен, шошқа, төбет, текешік;

Шер көне атауы арыстан деген сөз: Шер деген сөз арапша арыстан екен; М.Мағауиннің "Шақан шері" романы осы жолбарыс туралы әңгіме болады. Барлық дастандардың басты кейіпкерлері Гүлшат пен Шеризат екендігі белгілі. Соның ішіндегі Шеризат (Шеркуат) сөзінің этимологиясы екі сөздің шер (жолбарыс) + и+зат немесе шер+куат бірігуінен жасалған, и парсылық изофет эпентеза. Көңілінде титтей шер қалмас деген жолдағы шер сөзі омонимдік мағынада қолданылады.

Мал атаулары. Әлімбетов нұсқасы: қашыр, қасқыр, қой; Нысанбайұлы нұсқасы: қой, сиыр, тубие, құр ат, түйе, бата;

Мақал-мәтел. М-Жүсіп нұсқасы: Бір зауал әр қамалға; Ит иесін семірсе қабар; Шөп шығар біткен жерге; Тұщы етке ащы таяқ тигеннен соң; Жақсыда кек, жаманда тек бола ма? ; Асыққан-шайтан ісі деген сөз бар; Әйелден алтын басты еркек артық;

Құстар. Әлімбетов нұсқасы: лашын, қаз, аққу, қаршыға; Нысанбайұлы нұсқасы: дуадақ, қаз, үйрек, бүркіт;

Музыкалық аспаптар. Әлімбетов нұсқасы: сыбызғы, сырнай, керней-сырнай, бәзім;

Оксиоморон. Әлімбетов нұсқасы: Бір бүлік елге салмаққа, Парихзат жаман желікті; Нысанбайұлы нұсқасы: Зәңгілер ұрып төбелеп, Көрсетті жаман қиынды; Омбы нұсқасы: Уәзірі сол арада жаман састы, Сөйтті де үйге қарай қадам басты; Омбы нұсқасы: Ойланды Фарус байғұс гаждан мүшкіл;

Сұраулы сөйлемдер афоризм бола алады. М-Жүсіп нұсқасы:

Ашылған гүл солар ма?

Басына бұлбұл қонар ма?

Құдай берген дәулетке, Келіп тұрған наубетке,

Пенденің көңілі толар ма?...

Сіздей бағылан жаралып, Енді анадан туар ма?

Әлімбетов нұсқасы: Өзін кессе ағаштың, Орнына шыбық шығады; Перзенті жоқтың өзі өлсе, Өшкені жанған шырағы; Қуаныш түбі тарықты, Қараңғы түбі жарықты;

Нысанбайұлы нұсқасы:

Тұлғасы келіспесе ұл бола ма,

*Ерлерді түсінбейтіндер бола ма?
Езбелер ердің ісін істей алмас,
Төбешік асқар таумен тең болар ма?*

*Ішіне жайын балық жүзе алмас,
Тоқатау су шұңқырдағы көл бола ма?
Деуші еді батыр адам ел қорғаны,
Батырсыз еш уақта ел болар ма?*

*Ар да бар, батырларда ұят та бар,
Ойлаудан ондай кісі болар ма?
Қосылсақ асығыспен некелендей,
Есіткен елге, батыр, жөн болар ма?*

Жағымсыз кейіпкер: шайтан, құл, **М-Жүсіп**; жеті басты жалмауыз.

Сөздердің ауыспалы мағыналары.

Метафора. Омбы нұсқасы: Сөйтті жан тәсілім қылды патша;
Байлауда ойын үйренген мен бір аю; Сөз айтты бір ақсақал бұған келіп;
Алтын үй салдырмаққа шебер жиды; **М-Жүсіп нұсқасы:** Көре алмай бір жас иіс әлі күнге;
Түсімде бір аждаһа келді бізге; Бір батыр шығар біздің кезімізде;
Төс майын жамандардың жеп көргенмін; Не былшылдап келесің қара қарғам;
Айналайын қарағым, сенбісің деп; Жан жолдасым, шырағым, бұл сөзімді;
Әсет нұсқасы: Бала-бауыр, бұл бір қызық,
Жаны барда орнына хан салмайық; Ақыретке барғанда қиын болар;
Ержетер жеткіншегім бағы жанса; Жиылған өңшең жақсы кемеңгерге;
Жетіп менен жесірге көзіңді сал, Таңдайын тамсанады шөпідетіп;
Әлімбетов нұсқасы: Қарағым, жаным перзент, күнім, нұрым;

Эпитет. Омбы нұсқасы: қара бас, туган айдай йүзі көркем, үлкен үй, жақсы күй, алтын үй, жарық йүзін, тал шыбықтай, алтын йүзін, толық ай, ширин сөз, алтын қақана, алтын кесе, үшбу сөз, аш бөрі, жаман киім, құбан жон, **М-Жүсіп нұсқасы:** қызыл жүн, ақ қағаз, мол салтанат, сары май, дінсіз көпір, сұмырай заман, сорлы ханым, жас бала, көңілі қатты, сұм дүние, қара көз, нұрлы жүз, аппақ бөз, қытша бел, тұзу ағаш, татқан сымдай, шыны айнадай, аққу құстай, ер қару, өткір қылыш, қалың қар, алтын кесе, екі қабат, гауһар таз, алтын тақ, қара нәркес, сүбіл шаш, сұлу қыз, қалам қас, самұқ қабақ, гүнша ерін, пісте мұрын, тауһар тамақ, алтын үй, алтын сарай, ай жүзді, алма мойын, рұм аяқ, туган айдай, **Әсет нұсқасы:** сәнді сарай, алтын тақ, ер мінез, толғақ ана, қанды жүз, қолаң шаш, қаратас, дүлей арыстан, ат басындай алтын, торқаоы той, жас бөбек, қызыл гүл, екі

көзі шоқтай, қара тас, қара тұман, зәңгі батыр, қас найза, жас батыр, тоқлышақ мінгені, жазық маңдай, назгул бір қолаң шаш, құрыш қақпа, райхан гүл, алма бет, оқ жылан, **Әлімбетов нұсқасы:** алтын, күміс, жібек тон, сүм қарс, дана уәзір, алтын тақты, қара шұбар, ақ жұмыс, алтын тақ, жеті тұзақ, жібек тұлым, жарық ай, нуры тамшылап, бөлекше үр мысалы, гашығы ішке түсіп, күйіп жанды, жандырып гашық оты жатқызбады, ішін өртеп, қасірет шекті, көңілінің кірі ашылған, Дарига, ажалыңа болдым серік; Ер Шеризат, бір туысқан; Қожжа Әсет пен ер Парыс; Түксиген жүні жығылып, Оймақ ауыз, күлім көз, нәзік бел, шырын сөз, жазық маңдай, ақ қабақ; **Нысанбайұлы нұсқасы:** нәзік бел, қигаи қас, қара көз, кірпігі сүрмелі, салалы мойын, метуерттей тістері, оймақ ауыз, күлім көз, шырын сөз, ақ төс, шырт ұйқы, жас иіс;

Әсірелеу. Әлімбетов нұсқасы:

Асыл тастардан тұрғызып,
Күмістің суын жүргізіп,
Қазық қағып алтыннан,
Гауһардан шырақ ілгізіп,
Кеніштен илеп балишығын,
Мүшкіз ағыпранмен сылады,
Жақындаса қасына,
Иісі аңқып ұрады.
Шеризаттан айтайын,
Айтарымыз кейін бұларды.

Ол қызда адамда жоқ біткен көрік; Іштегі жатқан нәресте,
Патшаның жалғыз көзі еді;

Нысанбайұлы нұсқасы:

Сусы басым болсын деп,
Айдаһар өтін беріпті.
Жүректі, күшті болсын деп,
Аузына шашты көбікті.

Ұлғайту. Омбы нұсқасы: Кол қылып көздің жасын бұламаңыз;
Кеудесінің шешесінің өрмелеген; Бір бөзге біткен малдың бәрін сатып;
Құлдарды бір арсылан жеген сонда; Он күн ойын, қырық күндей қылды тойын;
Қоймастың тау денесі қақ жарылды; Алмасты қақ басынан екі бөлді;
Соларды бір шыбындай көрмей қырды; **М-Жүсіп нұсқасы:**
Қанды жасқа көздері толып шықты; Емшектен сүт шығады судай тасып;
Бір жаса бала ханымнан туа сала, Емшекке өрмелеп бара жатқан;
Емшектен сүт шығады судай тасып; Бұлақтай қайнап жатыр емшек сүті;
Өрмелеп емшекке ауыз салған бала; Кол болып

ақты қаны терең сайға; Қоймасты тау денесі қақ бөлініп; Жүз жігіттің басына төкті зәрін; Көл болып ақты қаны терең сайға; Жүз қазан ақшасы бар бөлек басқа; Екі жүз түйеге жүк артады; Әсет нұсқасы: Қайғымен көзден жасы жосылады; Аямас қатыл Шаһмас қанын ішер; Тұрғанда желіні сыздап, тағат таппай; Алғандай ат басындай алтын тауық; Көтерді үйдей үлкен қара тасты; Тұлпармен қан майданға шауып кірді, Аспанда сырқыраған оқтай болып; Тұспары астындағы жерге кірді, Қалқаны басындағы күйреп сынды; Денесін ол зәңгінің лақтырды, Алмадай басын үзіп қолмен бұрап; Қолтығына беріш боп бітіп кеткен; Құрыш қақпа құлыбын жұлып алды; Көрінер тамағынан жұтқан асы; Гүлишат татөкті көзден қанды жасты; Ысқырып оқ жыландай көкке атылып, Қырық ермен қалың жауға бір-ақ кірді; Қаздарға құлаш ұрған лашындай, Жауларын қарсы шапқан әбден қырды; Орнатты жауларына ақыр заман, Жауларының өлді көбі, қылмады аман; Бір шайқасты-ақ жайратты сан мың қолды; Ағызып көрі көзден көп моншақты;

Қаһарман жолбарысқа қарсы шапты,
Жарқылдап алмас қылыш жайдай ақты;

Зылзала күн күркіреп, жер сілкініп,
Шаң борап, қара дауыл қуындатты...

Әлімбетов нұсқасы: Көзінен жасы тамшылап, Екі бетін жуады; Тауларды бұзып үкімі; Шашынан сүйреп біреуі, Қынаптан қылыш суырды, Құлағының астынан, Қылышпен дәлдеп бір ұрды, Омыртқасын омырып, Өтеді кесіп жулынды; Осап қып он жігітті жеп кетіпті; Емшек ісіп, сүт кернеп, азап көріп, Құтылмай жүрушіәді қалың сордан;

Суырып алып қылыш қолына алды,
Жолбарыс Шеризатқа пенже салды,
Шеризат қарсы келіп шапқанында,
Қылышы ортасынан екі жарды;

Жігіттің обалына қалдым гоһ деп,
Көзінен жасын төгіп зар еңіретті;

Мен болмасам бұл жерге келмес ең деп;

Балаға Қоймас келіп қылыш салды,
Шеризат ашуланып ұстай алды,
Қылышын жулып алып көзіне ұрып,

Қоймасты ортасынан екі жарды;

*Ұстап ап айналдырып аспанға атты,
Ашуы Шеризаттың келді қатты.
Сүйегі төрт жүз қырық боп уатылып,
Қырық қадам жерге түсіп, қаза тапты;*

*Түбіме осы бала жете ме деп,
Бармағым падиша да қалды шайнап.*

*Қылышын жулып алып өзіне ұрып,
Қауындай ортасынан екі жарды;*

*Бірін ұрып қылышпен найза шанышп,
Бұл жүзді бір сағатта қырып салды;*

*Көптік қанша қайрат қылғанмен,
Мойнына үш жүз тұмақ шырмалады;*

*Домалап үш жүз адам құлап қалды,
Быт-шыт боп үш жүз арқан үзіледі;*

*Қойға қасқыр тигендей дал-дал қылып,
Әскердің қарсы келген бәрін қырды;*

*Шеризат жалғыз өзі қырғын салып,
Бояды қызыл қанға қара жерді;*

*Жүз жігіт қасындағы бәрі палуан,
Өліктер төбе-төбе болып қапты;
Осылай деп Гүлшат қыз қан жылады,
Көзінен жасы шұбырды.*

Нысанбайұлы нұсқасы:

*Көзінің жасы сорғалап,
Етегіне шұбырды.*

*Қабырғасы сөгіліп,
Омыртқасы бүгілді.*

Зарын айтып жалынып,
Қойнына жасы қуылды.

Туягына тас тисе,
Артына оқтай атады,
Екнінінен тулпардың,
Ұша алмай құстар жатады.

Келе жатыр тулпары,
Аяқтары тарсылдап
Туягынан шыққан от
Шақлақ тастай жарқылдап
Піл сияқты терісі,
Үңгірге ұқсас қабағы.

Қомды түйе сыйгандай,
Тамагының кеңдігі.

Омыртқа талды ойысып,
Қабырғасы қайысып,
Тізеге тізе соғысты,
Бақайшагы майысып.

Төсенсем төсек болады,
Қауғандай қалың сақалың.
Аузыңа сүйсең сиямын,
Қақпасындай апанның.

Езу қалай келіскен,
Жағасындай ну қопанның.
Мұрныңа сондай құмарын,
Қырындай сүңгі жотаның.

Сақал миұртың келіскен,
Қамындай ну қопаның.
Танауын жақсы таңқиган,
Танауындай ботаның.

Тісің де ірі айқасқан.
Пар келмес тісі арланның.
Ернің де үлкен көрнекті,

Қақпағындай тоспаның.

Литота. Әсет нұсқасы:

*Сейіл -серуен өкініш болды арман,
Ойда жоқта өкінтер дүние жалған,
Байқаса ер Көртемше өзін-өзі,
Кулпарша боп сүйегі , еті қалған,
Көзіне кең дүние көрінді тар.*

Нысанбайдың нұсқасы:

*Осыны айтып патшаның ,
Сіз сықылды Жалғаннан көзі жұмылды ;*

*Сіздің белің жіңішке,
Қапал ,Сапал боқ қарын.*

*Сіз сықылды ер тұрғанда,
Басқамен қайтып жатамын.
Текешік өңкей балаға,
Басымды қалай шатамын.*

Табу мен эфемизм. Омбы нұсқасы: *Атакемді өлтіріп;
Әйнектен күйеуін Мәнзар көріп; Қарыны ашып жүдеген соң кемпірге;
Жол жүріп жүдеп келдім Жан, шешке;*

М-Жүсіп нұсқасы: *Қатыным екі қабат қалып еді; Тағдыр жетіп
шаһи Көркін дүние салды; Қиналып отыр екен толғақ тұтып;
Ойлайды ақылы дана қариялар; Ханымдардың біреуі буаз болды;
Парықзат тілемеуді перзент ұлды; Әсет нұсқасы: Әйелі бақытына
жүкті болған; Қалай да буаз әйел қолдан кетер; Әлімбетов нұсқасы:
Әйелі тумай мұның да; Қайғысы кетіп көкемнің, Болғай да қабыл
тілегі; Жүкті болды әйелі, Қызыма күйеу болған соң; Көтеріп бұ да
бала, болды жүкті; Көздің жасы көрер ме Соңымыздан аталып;
Шырағым, достығым деп саған айтар; Шырағым, сенен басқа
перзентім жоқ; Қатыны өлерінде жүкті қалды;*

Нысанбайұлы нұсқасы: *Тілеуін беріп патшаның, Қатыны жүкті
болып еді; Екі қабат қатынды, Патшаның көзі көреді; Өлтірді деп
өзің айт, Егерде атаң сұраса; Біреуімізді таңдап ал, Күйеу деп атаңа
ұнаса; Балсыздарың байласың, Қызығын ойнап көріңіз; Жабылып
қырық қыз жүлмалап, Жездеге салды топырды; Күшті балдыз
жездесін, Көтеріп жерге ұрады; Жалынса жүкті қатын аймап ең;*

Қарғыз мәнді сөз. М-Жүсіп нұсқасы : *Бейшара сорлы ханым не
болды деп;*

Сөздердің образды қолданылуы. Омбы нұсқасы: *Күркіреп көктей
оган қаһар қылсаң. Әлімбетов нұсқасы: Гүлшаттың жайнап*

жатыр көзі жанып, Қармаққа ілінгендей жайын балық; Айдыннан,
аққу ілген қаршығадай, Жұмырлап жатыр бала бауыр басып;
Нысанбайұлы нұсқасы: Тұлпарға қамшы басады, Сүйегі тұлпар
Ақкекіл, Есініп аузын ашады;

*Буыны босап балдырлап,
Толықсып кетіп барады,
Аймаласып, иіскесіп,
Мейірі таза қанады.*

*Үлбіреген тамағы,
Бұғағы аппақ тамаша.
Екі иығы тақтайдай,
Қып-қызыл беті алмаша.*

Синтаксистің кейбір мәселелер. Әлімбетов нұсқасы мен Нысанбайұлы нұсқасында қара сөз үлгісінде жазылған. Жазылған сөйлемдер ауыз әдебиетінің нұсқалары «Батыр жырларына» ұқсас жазылға. Әлқиссаның сөзімен айтылатын сөйлемдер де кездеседі. **Әлімбетов нұсқасы:** *Енді халықпен хош айтысып, дүниеден көшті; Сонда уәзір патшаның берген он жігітін алып, патшаның әйелін өлтіруге барған кезі; Сонда уәзір әйелдің өлгеніне қиналып, қайғырып жаңа туған баланы бауырына басып, өмір тарихын қағазға жазып, білегіне байлап жатқан жері. Бұл туралы жалғастыру керек;*

9.3. «Гүлшат-Шеризат» дастандарының текстологиясы жайында

М-Жүсіп Көпеевтің таңдамалы (Екі томдық шығармалар жинағы) Алматы-1990 жылғы 202-246 беттер «Гүлшат-Шеризат» дастанымен Б. Әзібаева құрастырған «Гүлшат-Шеризат» 5 нұсқасы берілген Алматы, 2001 жыл. Соның ішіндегі Мәшһүр сөзінен «Гүлшат пен Шеризат» дастаны 29 - 139 беттер салыстырылуға алынды. Екі мәтіннің текстологиясын баспадан шыққан жылмен белгілейміз. Мәшһүрмен басылған үшінші нұсқасында да олқылықтар бар. Бұл нұсқа Б. Әзібаева нұсқасын қайталайды. Жалпы, біздің байқағанымыз үш нұсқасын да арабша хари́птен қазіргі кириллицаға түсіргенде әркім әртүрлі оқуы бойынша аударып жазғаны байқалады.

1990 жылғы нұсқасы:

202 - бет
*Ғашық - машық
Бозбала, енді тыңда қисса сөзі.
Дүниеге кім келмеген, кім кетпеген.*

2001 жылғы нұсқасы.

88 - бет
*Ғашық-машық
Бозбала, қалай тыңда қисса сөзі
Дүнияға кім келмеген, кім кетпеген*

Қалайық тірлікте күліп ойнап,
Ертеде бір патша өткен аты Көркін
Өзіне берген құдай дүние мүлкін
203-бет.

Турақтап кімге тұрар дүние, шіркін
Уақытында ондай болған патша жоқты
Сол патша перзент үшін болған дертті

Кедейдің ол күндегі тіледі оң зой
Қатыны патшаның болды буаз
Аямас шаһи Көркін дүние малын
«Әр қамалға бір зауал» деген сөз бар
Жас едім қариялардың сөзін ұққан
Әруағы жақсылардың маған жүкқан
Ішіне қалың орман барып кірсе
Айбатты бір арыстан болды пайда
204-бет.

Ақ алмас қылышымен шауып еді
Арыстан өліп, патша аман қалды
Арыстан өліп қалды қылыш өтіп,
Патшаны теңге салып алып кетті
Жылайды мұны көріп халқы налып
Патшадан әділетті айрылды деп
Шуласып, зар жыласып барша халық
Сөйлейді сөз болсын деп жамағатқа
Болдық деп біз болмақшы ақыратқа
Мал-мүлкім иесіз қалған ел жұртымды
Тапсырдым аманат қып Парахзатқа
Парахзат, ал қолыңа мал-мүлкімді
Таза қыл адамдықтан іш-құлқыңды
205-бет.

Ренжітпей халқыма тыныштық қыл
Билеп тұр аздырмастан ел-жұртымды
Билерсің мен өлген соң мұқамалім
Ренжітпей жетім қалған гаріптарым
Ей, халқым, риза бол бәрің маған
Парахзат бір сөзім бар айтар саған
Толмайтын құм құйылды сұм көзіме
Дүниеден жиренбестен құрыдым ба?
Түсімді жамандыққа жорыдым ба?
Парахзат, бұл сөзімді қабыл тұтып
Өзімнің патша болсаң орыным
Ұл туса хан көтерсең орыным
Аруағым риза болар менің дейді

Қалайық осындайда күліп-ойнап
Ертеде бір патша өткен Көркін атты
Құп жігіт дәулеті мол салтанатты
Жасатып заманында көп дәулетті
Жалғанда ондай болған патша жоқты
89 - бет

Сол патша перзент үшін болған күпті
Көре алмай бір жас иіс әлі күнге
Жоқ болып еш мұқтажы мұнан өнге
Құдайдың берер ұлы былай тұрсын
Қыз түгіл зәру болды қызыл жүнге

Тлегі қабыл болып пақырлардың
Қатыны падишаның болды буаз
Аямас шаһи Көркін енді малын
Бір зауал әр қамалға деген мақал
Жас едім қариялардың сөзін ұққан
Аруағы жақсылардың маған жүкқан
90 - бет.

Ішінде қалың орман келсе патша
Айбатты бір арыстан болды пайда
Ақ алмас қылышпенен шапқан екен
Арыстан өліп, патша жараланды
Ажалды өліп қалды қылыш тиіп
Патшаны теңге салып алып қайтты
Жылайды мұны көріп жұрты налып
Болуы түбінде адам екіталай
Ажалдан тұрсадағы бүгін қалып
91 - бет.

Болдық деп біз бармақшы ақыретке
Мал-мүлкім, иесіз қалған көп жұртымды
Тапсырдым аманат қып Парықзатқа
Парықзат, ал қолыңа мал-мүлкімді
Билеп тұр аздырмастан ел-жұртымды

Ренжітпей қалың елді тыныштық қыл
Таза қыл арамдықтан іш-құлқыңды
Билерсің мен өлген соң мұқамалым
Ренжітпей жетім қалған гаріптерім
Ау, халқым риза болшы бәрің маған
Парықзат бір сөзім бар айтар саған
Тоймайтын құм құйылды сұм көзіме
92 - бет.

Дүниеден жер несібем құрыды ма?
Түсімді жамандыққа жорыдыма
Парықзат бұл өсиет сөзім тұтып
Өзімнің болсаң патша орыным
Ұл туса хан көтерсең өз орным

Халайық ризамын бәріңізге
Тағдыр іс келді осылай енді бізге
Ел жұрты құп тыңдады пәлі десін
«Үл туса хан» сайлаймыз оны десін
Өлімнің тағдыр жазған суын ішіп,
Парахзат патша болып орнын алды
206-бет.

Жаламаған жақсы-жасаман, патша, ханды
Парахзат қалған елді билейді енді
«Иесін ит құтырса қабар» деген
Парахзат патша болып орнын алған
Аздырған қызыл желдей дүние жасалған
Көңіліне көп күпірлік шайтан салған
Үл туса Парахзатты қоймас болды
Ханымды ебін тауып өлтірейін
Бар екен Барыс атты жақсы нөкер
Шақырған Парахзат қу Барыс ерді
Шақырса хан тез кел деп кешіге ме
Барыс ер сәлем беріп, кіріп келді
Ақылға болған дана данышпаным

207 - бет.

Айтамын құпия сыр саған Барыс
Екеуіміз тұрамыз ғой көп жұртты ұстап
Үл туса кетер деме бізді қақпай
Неміз кетіп барады, Барыс жаным
Екеуіміз өмір сүрсек алтын тақта-ай.
Барыс ақыл ойлайды есін жиып
Аруақпен түз жібермес мұны өлтірсе
Өлтірмесем Парахзат кек көреді.
Оныменен қояма жек көреді
Жайға мені қояма бұл қалыппен
Олай - бұлай ойланып қарасада
Өлтірмекші ханымды болып шықты
Жігіттер, бүгін бір іс қалыңдар
Бәріңізге, міне сый ақша дейді
Ақшаны ей жігіттер алыңыз деп
Барыңыз, азат болып бәріңіз деп

208 - бет.

Бузылып бәріңізде өңі-түсі
Сау етіп он қара құл кіріп барды.
Ынтық боп бір жұтсам деп сарымайды
Жанымда жұмсайтуғын жоқ боп кісім
Қуанды өз-өзінен ханым сонда
Білді деп еш хабарсыз бұлар қайдан
Ханым айтты отыр ем ауырып ішім

Қабірде болар риза жаным дейді
Жамағат ризамын енді сізге
Жіберді қандай ажал құдай бізге
Тамам жұрт шулап тұрды пәлі десін
Үл туса сайлаймыз хан оны десін
Өлімнің шарапатты суын ішіп
Парықзат патша болып орнан алды
Бай, жарлы жұтқан және уәзір, ханды
Парықзат қалған елді билейді енді
«Ит иесін семірсе қабар» деген
Парықзат патша болып орнын алған
Аздырмақ қызыл желдей дүние жасалған
Көңіліне көп уасуаса шайтан салған
93 - бет.

Орнына Парықзатты қоймас болды
Ханымды ебін тауып тез өлтірейін
Бар екен Барыс атты бір жақсы нөкері
Шақырған хан Парықзат Барыс ерді
Болған соң хан жарлығы кешігерме
Ол Барыс сәлем беріп кіріп келді
Ақылға дана болған данышпаным
Айтамын бір аманат енді саған
94 - бет.

Екеуіміз тұрарлықтай көп жұртты ұстап
Үл туса кетер деймін бізге жақпай
Нең кетіп барады Барыс жаным
Өмір сүрейік екеуіміз алтын тақта-ай
Барыс енді ойлайды ақыл жиып
Түз қақысы қалады ғой мойнымда
Өлтірсем Парықзат жек көреді
Қоймайды жек көргенмен кек көреді
Қояма оныменен тағы мені
Қанды жасқа көздері толып шықты

Олай-бұлай ойланып қарап еді
Ең ақыры өлтірмек болып шықты
Жігітім бүгін бір жасырын іс қылығыз деп
Бәріңізде қолына ақша салды
Ақшаны, ей құлдарым алыңыз деп
Кетіңіз азат болып бәріңіз деп
95 - бет.

Бузылып бір түрлі боп ажар түсі
Сау етіп оннан бірі кіріп барды
Қиналып отыр екен толғақ тұтып
Жалақтап кіріп барды бұлар жетіп
Жүрегі жарылуга жақын жетті
Орнынан ұшып кетті ол селк етіп
Үзбейді ханым үміт бір құдайдан

Жанымда жумсайтуугын жоқ боп кісім
Қиналып өз-өзімнен отыр едім
Аяқты бір басуға келмей күшім.
Ерітіп қазан-қазан сарымайды.
Қылуға жарысқазан сойып тайды
Жүріңіз жайлы орынды біз табайық
Толғақсыз табатуғын жақсы жайды
Ақшаны құлдар алған жарайды деп
Сарайынан ханымды алып шықты
Құлдарың бір тоғайға алып барды
209 - бет.

Дәретін Барыс батыр тамам алды
Көреді қылышпенен бір-ақ тартқан
Басын кесіп бауыздаудан қаны аққан
Бұған рақым етпеске мұсылмандар
Нәсіпсіз жан құдайым жаратқан ба
Қудіретке шек келтірер қандай насық
Парахзат өлтіртті гоі қара басып
Қалтаға гауһар салды Барыс Мұңлық
Баланың жайы-күйі атын жазып Қалтаға он гауһар, алтын салды Барыс мұңлық

Он гаһар мен қарызсыз бердім депті
Барыс қайтып келеді үйге таман
Кімдерді жоқ қылмаған сұмырай заман
Он жігіттің өлтірген бәрін тамам
Арыстан өз бетіне жүре берді
210 - бет.
Өзінің патша болып тұрған күнде
Түс көрді ұйықтап жатып сонда жаман

Саласың қандай күйге түрлі заман
Оянып түрегелді таңда атып
Айта алмас көрген түсін өзі батып

Барма екен түс жорушы шақырың деп
Жоруым сол түсінің күш көріпті
Түсінер тыңдаған жан сөздің салтын
Түсімде бір айдаһар келді бізге
Күйдірді шашып зәһәр жүзімізге
Сол жерде көрінді өлім көзімізге
Айдаһар бір ақырып ұмтылды гоі
Шәһәр халқым ойладым жұтама деп
Дүниеден көрген күнім сол болды гоі
211-бет.

Алдына айдаһардың аяңдады
Айдаһар мұны көріп есі кеткен
Жориды сонда түсті жариялар
Жаса үлкен ақылы дана қариялар

Ынтығы бір жұтсам деп сарымайды
Ойлайды кереметтей бір іс қой деп
Білді деп толғатқаным бұлар қайдан
Бұл жерде бір шумақ артық

Жүріңіз жайлы орынды бір табайық
Толғақсыз табатуғын тыныш жайда
Ақшаны құлдар алды жарайды деп
Сарайынан ұрлап ханымды алып шықты
96 - бет

Деп құлдар бір тоғайға алып барды
Таһарат Барыс уәзір тамам алды
Сықылды қылышпенен бір-ақ тартқан
Басын кесіп бауыздаудан қандар аққан
Бұған рақым келмеске мұсылмандар
Құдай нәсіп бермей жан жаратқанба
Қудіретке шек келтірер қандай насық
Парықзат өлтіртті гоі пейілі азды
Баланың жайы-күйі бәрін жазып
Он гауһар халал қылып бердім депті
97 - бет.

Юхия ва ямитту қадиму алла
Он жігітті өлтірген бәрін тамам
Арыстан өз бетімен жүре берді
Ақып әрлі-берлі қарап тұрып
Өзінің патша болып тұрған шақта
Түс көрді ұйықтап жатып сондай жаман
Саласың қандай күйге сұмырай заман
Оянып түрегелді сол таң атып
Айта алмас көрген түсін аузы батып
98 - бет.

Барма екен түс жорушы шақыр деп
Жоруым бұл түсінің күш көріпті
Сөйлейді түсте көрген сөздің салтын
Түсімде бір аждаһа келді бізге
Күйдірді заһар шашып жүзімізге
Сол жерде өлім кірді көңілімізге
Аждаһа бір ақырып ұмтылды гоі
Шаһар халқын ойладым жұтама деп
Дүниеде көрген күнім сол болды гоі
Алдына аждаһаның аяңдады
Аждаһа мұны көріп есі кеткен
99-бет.

Жориды сонда түсті қариялар
Жасы үлкен ақылы асқан дариялар

Көрінген айдаһар боп ер екен сол
Тігілер басына оның алтын шатыр
Патшалықты қолымыздан тартып алар

Кең дүние енді бізге болады тар
Ұмтылса айдаһар боп біздің елге
Бір батыр келер деймін осы жерге
212-бет.

Өлтірем деп ойлайды әуел сізді
Қоймайды тығылса да көрден-көрге
Көруіне жоруы ұнап кетті
Көңіліне Парахзаттың қорқу түсті
Жалықпай тыңдасаңыз арты нетті
Тағдырдың жақсылығы бұған қара
Қыз артық, жаман болса надан ұлдан
Ақылды парасатпен ес білетін
Бір сарай салдыр бізге жақсы жайдан
213-бет.

Қараса тамашасын көз тойыпты
Өзі аяп қылған рақым хақтағала
Өлтіріп өңшең жауыз тастап кетті
Далбаса әрнәрсеге көңіл қойып
214-бет.

Жемей бала лақтырып тастаған соң
Көрген соң жемегенін қайтып алды
Өзі дана, ақылы һәм данышпан
Аю, барыс, бөрі мен түлкі тышқан
Бұйырған түз-нәсібін көрген екен
Олар алмаса, алармын өзім тағы

215-бет.

Баласы жоқ екен «мен аламын» деп
Баланы керуендер тауып алған
Молдаға оқытуға мұны беріп
Әр түрлі өнерлерден өрнек алып

Бағдат Шәһәрін жүрді сейіл етіп
Көп керуенмен саудаға жүріп кетті
216-бет.

Тағы да сауда қағаз сұрап алды
Керуендер елдеріне айтсын деп
Кіріп ішін тамаша қыларма еді
217-бет.

Тал бойында бір мін жоқ
218-бет.

Көрген соң толықсыған айдай жүзін
Қушақтап сүйсе қысып ару жүзін
Адамға гашық деген бәле екен

Көрінген аждаһа боп ер екен сол
Құрылар басына оның алтын шатыр

Патшалықты басымыздан тартып алар
Кең дүние көзімізге болады тар
Ұмтылса аждаһа боп біздің елге
Бір батыр келер деймін үшбу жерге
Өлтірем деп ұстайды әуел сізді
Қоймайды тығылсаң да көрден-көрге
100-бет.

Көруіне жоруы жарап кетті
Үйінде Парықзат патша қала берді
Жамағат байқап тұрсаң енді нетті
Қалған соң оны нәсіп қақ тағала
Қыз артық жаман ұлдан болса дана
Құлық, сумдық жұмысты білетін боп
Бір сарай салдыр бізге айдаладан
101-бет.

Қараумен қайта-қайта көз тойыпты
Оны аяп қылған рақым хақ тағала
Өлтіріп өңшең залым тастап кетті
Далбаса әрнәрсеге көңіл ұрып
102-бет.

Шайнап бала аузынан тастаған соң
Білген соң жемегенін қайтып алды
Өзі тақуа ақылды һәм данышпан
Аю, түлкі, қарсақ пен бөрі тышқан
Құдайдан не жазғанын көрген екен
Бір шумақ жоқ.

Жақтырмаса өзіме келер қайтып
103-бет.

Баласы жоқ болған соң асырайын деп
Баланы қолжа Сағит тауып алған
Молдаға жас баланы оқыттырып
104-бет.

Әр түрлі өнерлерден хабар алып
Бағдат шаһарын жүреді сейіл етіп
Көп керуенмен саудаға көшіп кетті
Және де сауда болса сұрағалы
Керуендер ел-жұртына айта кетсін деп
105-бет.

Ішіп көріп тамаша қыларма еді

Түзу таза бір мін жоқ
106-бет.

Көріп қалды сол уақытта айдай жүзін
Кімде-кім көріп жүрсе оның жүзін
Адамға гашық деген жақын екен

Аллаға жасынымсыз мәлім екен
Кім екен мен жолығып көрейін деп
219-бет.
Шеризат сәлем берді жақындасып
Махбұздың қандай аты сіз құллысыз
220-бет.
Қорғаны өрт келмекке сап алтыннан
221-бет.
Зубәржат терезесі гауһар тегіс
«Бүгін біздерге қонып кет» деп
222-бет.
Жәрдем бер қадір сұхбат тіл-жағыма
Гүлишатқа ода ойында гашық екен
Шығарты Алмас, Қоймас жарлық алып
Оны мен ақыретке жіберейін
223-бет.
Тумақ, өлмек екеуі тағдыр ісі
Мен қорқып отырмаймын жарқынымай
Қыз Гүлишат сусын-шарап оған берді
Жақсыға жаман адам жанасарма
Жамандар жақсы болсаң таласама
224-бет.
Қоймаста тыста тұрып дайындалған
Судай боп ақты қаны жатқан жайға
225-бет.
Өрттей қауға кірген жандырады
Ешбір дүние галамда
Бұрынғы соңғы заманда
Ей Шеризат Нұр жігіт
226-бет.
Шеризат Гүлишат сөзіндегі
Бойың балқып иінін
Қалғаны сіздерге де анық еді-ау
227-бет.
Екі кісі әскерден елге барды
Деп патша ашуын өзі басқан
Қарыс барып біліп кел өзің жөнін
Жөйі-күйін сұрап біл және де өзін
Қайрылған гаріптерге Барыс ермен
228-бет.
Қайғының арты шаттық болады екен
Мейлің сат, мейлің ат енді өзің біл
Өзің біл, не қылсаңда өз еркінде
229-бет.
Шешемді өлтiртiң сен не себептен
Қайғысы сол анамның іште жатыр

Аллаға жасырын іс аян екен
107-бет.
Кім екен оны көзбен көрейін деп
Шеризат сәлем берді аузым ашып
Махбұздың қандай атлы сіз құллысыз
108-бет.
Қорғаны көз тұрмайтын сап алтыннан
109-бет.
Зубәржат терезесі жауһар тегіс
Бүгін мейман біздерге болып кет деп
110-бет.
Жәрдем бер қадір жаппар тіл-жағыма
Гүлишатқа ода сыртынан гашық екен
Келінті Алмас, Қоймас жарлық алып
Оны мен ақыретке тез жіберейін
111-бет.
Анадан бір туган соң өлмек барды
Мен қылмаймын қорқыным жарқыным-ай
112-бет.
Қыз Гүлишат алтын кесемен сусын берді
Жақсыға жаман адам таласама
Жамандар жақсы болсаң жанасама
114-бет.
Шын бұ дүние галамда
Жаңа шыққан заманда
Ей Шайзада нұр жігіт
115-бет.
Гүлишат сөзіндегі жазылған
Баурың жазылып иінін
Өтірік ә дегенде халып еді-ау
Екі кісі әскерден үйге барды
116-бет.
Деп ашуын ашуланған сонда басқан
Барыс барып біліп кел оның жөнін
Жөйлі-күйін сұрап біл және де елін
Қайрылған гаріп-ғасірге Барыс ермен
117-бет.
Адамзат қуанғаннан жылайды екен
Мейлің сат, мейлің айда енді өзің біл
Үйдегі қатын-қалаш қыз-қырқынды
118-бет.
Өлтiртiң жазығы жоқ не себептен
Күйігі сол анамның іште жатыр
Қалса да анаң өліп өлмегенің
119-бет.
Тоғыз күн айламенен тоқтатыпты
Шаригат хукімі бірлән жоқпа обалы

Өлсе де анаң өліп өлмегенің
230-бет.
Тоғыз күн хайламенен тоқтатыпты
Шарығат үкімімен жоқпа обалы
Сізге бір мен айтайын әңгімені
Дүниеге келіп жан болған соң
Дүниеге келіп жүрген соң
231-бет.
Жолдасыңды тастамаған
Жақсы сөзбен тоқтатпасаң
Білсең атаң өлгенін
232-бет.
Неғып жүрген және деп
233-бет.
Мың мен санға бағалап
Он алты, он бес жасымыда
Сізді өлтіріп қарлықпен
Оларға қосып жолдасты
234-бет.
Асықпасаң көресің
Әңгіме айтсаң, жақсы құп көрейін
235-бет.
Әкеңді босаттырып жіберейін
Жаһанда ондай абзал жан болмаған
Аты екен сол ауылдың Маһиманзал
Соларда бұл жалғаннан өтті арманда
236-бет.
Азгана Ақтараяр сабыр етті
Жарандар, естіңіз мынау кепті
Үлгі айтып, шәһәріне үкім еткен
Ұлының Маһрасар қойған атын
Патшаға хал-ахуалын баян еткен
237-бет.
Түскен соң демін алып есін жиып
238-бет.
Манзал шошып қарады мынау кім деп
Әр жерде бенделерін құдай сақтар
Ақ орда, алтын жапдық үйге лайық

Айтайын бір қызық сізге хикаяны
Жаралып жан болған соң
Дүниеде бәрі жүрген соң
120-бет.

Жолдасыңды тастамағыз
Жақсы сөзін тұлпасаң
Білсең анаң өлгенін
121-бет.

Жүрген бұл неғып және деп
122-бет.

Мың алтыға бағалап
Он төрт пенен он алты
Сізді өлтіріп қаһармен
Бұларға қосып жолдасты
Байқап тұрсаң көресің
123-бет.

Азгана Ақтараяр сабыр етті
Жамағат енді қызық есті кепті
Табрыз шаһарына үкіметкен
Баланың Маһиасар қойған атын
Патшаға хал-ахуалын мағлұм еткен
127-бет.

Қуданың құдіретімен есін жиып
128-бет.

Манзар шошып қарайды мұның кім деп
Әр жерде бейшараны құдай сақтар
Күміске алтын жапқан үйге лайық

М-Жүсіп «Қыз Жібек» жырын жастайынан жаттап өскені белгілі. Сондықтан да Қыз Жібектің сипатына ұқсастырып, Гүлшатты бейнелейді:

Қыз Жібек пен Гүлшаттың бейнесі

Қыз Жібектің құрметі,
Жиһаннан асқан сәулетті,

Гүлшат сынды қара көз,
Қалам қасты нұрлы жүз,

Ләйлі-Мәжкүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті,
Үш қызы бар қасында-ай,
Өзі он төрт жасында-ай,
Кебісінің өкішесі
Бұхардың гауһар тасындай,
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында-ай...
Қыз Жібектің дидары-
Қоғалы көлдің құрағы,
Көз сипатын қарасаң,
Нур қызының шырағы,
Дур жауһар сырғасын
Көтере алмай тұр құлағы,
Бой нұсқасын қарасаң,
Бектер мінген пырағы (69-бет).

Ақ бетіне пар келмес,
Сарт тоқыған аппақ бөз,
Ұзын бойлы, қыпша бел,
Тал бойында бір мін жоқ,
Шыны айнаның көзіндей,
Түзу ағаш құрған тез,
Тысқа шықты буралып,
Тал жібектей оралып,
Айдай балқып нұрланып,
Жұрт көзінен ұрланып,
Әбжыландай толғанып,
Ақ орамал қолға алып,
Бар сәулетін құрынып,
Жын соққандай ұрынып,
Қус болып көкке ұшқандай,
Аяғымен басарға,
Қара жерді ерініп (217-бет).

9. 4. М-Жүсіп шығармаларынан түзілген фразеологиялық сөздік

А. Алтын жерде кір болмайды; Ақылдама құлап жарға; Ауыз салып; Айтқан назы; Аяқты баспа қадам; Аяқ басар; Абрахмет нұрын шашар; Арыз айтып; Алтын азып жез болады; Ақ-қараны көріп тұрған; Абыройын өзі шашты; Ақ шаригат; Айдауына көніп едік; Алас ұрып әуренелер; Аузының дәмін алып; Арам көңіл; Ас ішпей; Ақ қараны айырып тексеретін; Алты алаш; Аит беріп; Ата қоныс; Алаш боп басты қосақ қор болмаспыз; Айтақтап әркім қосқан бір қу тазы; Ас берген; Айтқаным құр далаға желсіз болды; Аяқты қыбырлатса тиын сұрап; Айдалаға қаңғытып; Аш атасын танымас; Ауыз салған; Ауыз жарыр; Аң қуып; Аға сұлтан; Ауыр батпан; Алабың арылмайды; Ауыз бірлік; Ашып көңіл көзін; Ашуга тұнып жатқан; Алдында алтын жатса алмайтуғын; Асырап күнін көрген; Алты ауызды ынтымақсыз; Адамға пәле тілден; Аспанға ұшып көзге түсті; Алтынды тотт баспайды; Арын сатып; Айт пен тойдай; Ай мен күндей галамға бірдей; Аспанда күн қоректеп, ай айырлап;

Б. Байғыздай тас жастанып; Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным; Басымды тікенеке байлауменен; Бойымда алтынымды сақтай алмай; Бас ерік; Бұл құдай іс ақырын оңдай көр; Бауыр басты; Бас қамы; Босагадан тимейді; Бас қылып; Біткен сөз; Бата оқыр; Бас қосып; Бата қылып; Бір құдай; Бұзық іс; Бас тартып; Баптап ат қосып тұр; Бойып тартып; Бауыр болып; Бір құдайға; Бір іс көрдім;

Бір жасап; Бой бағып; Бір адыр қол; Балдай татыр; Бір қу сүйек; Бір ит құрлы; Бір күн базар, бір күн мазар; Бір сапар жол; Бармағымды тістеумен жедім опық; Баса-көктеп; Бата алмаған; Бір дәурен тиді; Болғанда алты ауызды ынтымақсыз; Бір ауызды болып жатыр; Байланып қорыққандықтан жүрді тілім; Басы қатып; Болмаса туганым жоқ оқып іштен; Бас қосқан мұсылманның білімдісі; Бір тілім құны; Болысар анық аққа бір құдай; Бір асып, тасқаның; Билер сорып; Бір қадам аяғыңды теріс баспа;

Д. Дәрмен жоқ, тұрмын қажып; Ділін ашқан; Дүние жақсы, жаман сөз болады; Дін мұсылман; Дыбыс жоқ; Дымым құрып; Дәнеме жоқ құры қалғанды; Дін мұсылман ұрандасып; Дауасыз ауру;

